

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Жер ресурстарын басқару комитеті**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
2021 ЖЫЛҒЫ ЖЕР ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ**

**ЖИЫНТЫҚ ТАЛДАМАЛЫ ЕСЕБІ**

*Құрастырушылар:*

*Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі*

*Жер ресурстарын басқару комитетінен:*

*М.Б. Темиржанов, Г.А. Бимендина, А.Ж. Алпамышов, М.Б. Узбаев, А.Р.*

*Абдрахманов, М.А. Каженов, С.М. Дуйсенов, М.М. Мукашева, Н.Ш.*

*Каракожаев, Ш.М. Абишева, М.Б. Сагиева.*

*от Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан*

*Комитета геодезии и картографии Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан*

*Бекмукашев К.А., Сатыбалдина Л.С., Ашимов М.К., Әбдіғали М.Е., Айдосов М.Ж.*

*Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен*

*«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ:*

*А.Г. Кожихов, С.Л. Жумабеков, Р.Б. Дауталинов,*

*Д.Т. Жарылкасымов, Б.Т. Жылкыбеков,*

*Н.И. Васильченко, Т.Е. Жанабаев, Г.С. Шаханова, Ж.К. Игенбаев,*

*Р.Ж. Тулеубаева, А.Б. Жупарбеков, М.Н. Стамбекова*

## МАЗМҰНЫ

<b>1. Қазақстан Республикасының жер қоры</b>	<b>7</b>
1.1. Әкімшілік-аумақтық құрылысы және жер қорын облыстар бойынша бөлу	7
1.2. Жер қорын жер санаттары бойынша бөлу	13
1.3. Жер қорының алқаптар бойынша құрамы	52
1.4. Суармалы жерлер және оларды пайдалану	72
1.5. Жер қорын табиғи аймақтар бойынша бөлу	83
<b>2. Жердің сапалық жағдайы</b>	<b>86</b>
2.1. Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық сипаттамасы	86
2.1.1. Топырақ сипаттамасы	86
2.1.2. Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жағдайы	100
2.2. Шабындық мен жайылымның дақылдық-техникалық жағдайы	110
2.3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту	133
2.4. Жердің тозуы	139
2.4.1. Эрозиялық процестер	139
2.4.2. Жердің ластануы	144
2.4.3. Бүлінген жерлер	153
<b>3. Жер қатынастары</b>	<b>156</b>
3.1. Жерді меншік нысандары бойынша бөлу	156
3.2. Шаруашылық жүргізу нысандары бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бөлу	165
3.3. Жер нарығын дамыту және жер үшін төлемдер	172
<b>4. Жер ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету</b>	<b>178</b>
4.1. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу	178
4.2. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі	179
4.3. Жерге орналастыру	190
4.4. Жер мониторингін жүргізу	195
4.5. Топырақ зерттеулері және топырақты бонитеттеу	232

4.5.1. Топырақ зерттеулері	232
4.5.2. Топырақты бонитеттеу	236
4.6. Геоботаникалық зерттеулер	237
<b>5. Геодезия и картография</b>	241
5.1. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар	241
5.2. Ауыл шаруашылық картографиялау	247
5.3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын демаркациялау	255
<b>6. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау</b>	255
<b>7. Жергілікті атқарушы органдардың қабылданған шешімдерін бақылау</b>	257
<b>8. Халықаралық ынтымақтастық</b>	260
<b>9. Жер қатынастарын реттеу және жер ресурстарын бақылауды құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру</b>	261
<b>10. Жер ресурстарын басқаруды жетілдірудің проблемалары мен негізгі бағыттары</b>	332

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы осы жыл сайынғы жиынтық талдамалы есепті (бұдан әрі - Есеп) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қазақстан Республикасының жер кодексіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №160 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қағидаларына, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті әзірлеген жер балансы бойынша ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 10 наурыздағы №25 бұйрығына сәйкес дайындады.

Есепке қажетті бастапқы ақпарат ретінде, жерді мемлекеттік есепке алу мәліметтері, Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар ұсынған облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жер баланстары, жер кадастры мен жер мониторингінің деректері, жерді пайдалану мен қорғауды, жер заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау нәтижелері, жерді пайдалануға байланысты әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың ақпараты алынды.

Есепте елдің жер қоры, жер санаттары, онын алқаптар мен меншік нысандары бойынша бөлінуі, жер алқаптарының сандық және сапалық жай-күйінің өзгеруі туралы негізгі мәліметтер қамтылған.

Жер ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету, мемлекеттік жер кадастрын және онын автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу, жер мониторингі және жерге орналастыру, зерттеу, топографиялық-геодезиялық, картографиялық, жер-бағалау және басқа да жұмыстарды орындау бойынша жүргізілген іс-шаралар баяндалған.

Геодезия және картография қызметінің жұмысы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын демаркациялау бойынша жүргізіліп отырған іс-шаралар туралы мәліметтер келтіріледі.

Жер ресурстарын басқаруды құқықтық қамтамасыз ету және жер катынастарын реттеу, жерге орналастыру, жер кадастры, геодезия және картография саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері қаралды.

Республиканың жер қорын пайдалану мен қорғау тиімділігін арттыру, жер ресурстарын басқаруды жетілдіру бойынша негізгі бағыттар белгіленді.

Осы есептің материалдары мен мәліметтерін мемлекеттік органдар, республикалық және өңірлік ведомстволар мемлекеттік жер саясаты, жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді шешу кезінде пайдалана алады. Есеп Жергілікті атқарушы органдарға, мүдделі заңды және жеке тұлғаларға алқаптарды жақсарту, топырақ құнарлылығын арттыру, ландшафт тұрақтылығын ұстап тұру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеуде ақпараттық көмек көрсете алады.

## **1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚОРЫ**

### **1.1. Әкімшілік-аумақтық құрылыс және жер қорын облыстар бойынша бөлу**

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының ортасында екі континенттің түйіскен жерінде орналасқан, оның аумағы 272,5 млн. га құрайды. Республика аумағының бір бөлігі Еуропада, негізгі бөлігі – Азияда орналасқан. Жер көлемі бойынша Қазақстан әлемдегі ең ірі он мемлекеттің қатарына кіреді, ал жермен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша жан басына шаққанда әлемде, Австралия мен Канададан кейін, үшінші орында тұр.

Қазақстан Республикасының шектес мемлекеттермен құрлықтағы мемлекеттік шекарасының ұзындығы 13 383 км құрайды, соның ішінде Ресей Федерациясымен – 7 548 км, Өзбекстан Республикасымен – 2 351 км, Қытай Халық Республикасымен – 1 783 км, Қырғыз Республикасымен – 1 242 км, Түрікменстан Республикасымен – 459 км.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

Қазақстан Республикасы аумағының республикалық және жергілікті мүдделерін қолайлы ұштастыру негізінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру негізгі екі категорияға - аймақтарға және елді мекендерге бөлінеді.

Аймақ – республиканың бірнеше елді мекендері енгізілетін, оның мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын республика аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ аймақтар болып табылады.

Елді мекен – республика аумағының халқы жинақы орналасқан, кемінде 50 адамы бар, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде

қалыптасқан, заңда белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі.

Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және ауылдық елді мекендерге бөлінеді.

Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы кенттер; ауылдарға – олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан қалған барлық елді мекендер жатады.

Елді мекендердің құрамдас бөліктері болады.

Шағын аудандар, алаңдар, даңғылдар, бульварлар, көшелер, тұйық көшелер, саябақтар, скверлер, көпірлер және басқа да бөліктер елді мекендердің құрамдас бөліктері болып табылады.

Халқының саны 400 мың адамнан асатын облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады.

Қалалар мен басқа да елді мекендер мыналарға бөлінеді:

1) республикалық маңызы бар қалалар, оларға ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекендер жатады;

2) облыстық маңызы бар қалалар, оларға ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер жатады;

3) аудандық маңызы бар қалалар, оларға аумағында өнеркәсіп орындары, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-ағарту, емдеу мен сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын, халқының жалпы санының үштен екісінен астамын жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері құрайтын елді мекендер жатады;



4) кенттер оларға өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, темір жол стансаларының және басқа да экономикалық тұрғыдан маңызды объектілердің жанындағы, халқының саны кемінде 3 мың адам болатын, олардың кемінде үштен екісін жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері құрайтын елді мекендер жатады;

кемінде 2 мың халқы бар, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі; оларға қала тұрғындарының жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады;

5) ауыл – халқының саны кемінде 50 адам болатын, олардың кемінде жартысын ауыл, орман және аңшылық шаруашылығымен, бал ара шаруашылығымен, балық аулау мен балық өсіру шаруашылығымен айналысатын қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері және денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары құрайтын елді мекен.

Жер қорының облыстар бойынша бөлінуі және олардағы әкімшілік-аумақтық құрылыстар 1 - кестеде берілді.

**2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша жер көлемі, әкімшілік аудандар мен елді мекендер саны**

Облыстар атауы	Жер көлемі мың га	Әкімшілік-аумақтық бірліктер саны			
		аудандар (қалалардағы аудандарсыз)	қалалар мен кенттер	ауылдық елді мекендер	ауылдық (селолық) округтер
Ақмола	14 613.2	17	26	579	226
Ақтөбе	30 062.9	12	8	315	134
Алматы	22 354.9	17	11	730	246
Атырау	11 863.1	7	6	150	64
Шығыс Қазақстан	28 322.6	15	30	689	239
Жамбыл	14 427.5	10	4	371	152
Батыс Қазақстан	15 133.9	12	5	415	147
Қарағанды	42 798.2	9	47	384	191
Қызылорда	22 601.9	7	4	230	144
Қостанай	19 600.1	16	13	516	190
Маңғыстау	16 564.2	5	3	58	45
Павлодар	12 475.5	10	7	352	123
Солтүстік Қазақстан	9 799.3	13	5	634	186
Түркістан	11 609.4	13	15	828	174
Шымкент қ.	116.3	-	1	-	-
Алматы қ.	68.3	-	1	-	-
Нұр-сұлтан қ.	79.7	-	1	-	-
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>272 491.0</b>	<b>164</b>	<b>187</b>	<b>6251</b>	<b>2261</b>

**Ескерту:** ауылдық (селолық) округтердің саны Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша 2020 жылғы 1 шілдеге берілді.

Өздеріне бекітілген жер көлемі бойынша ең ірілері Қарағанды (42,8 млн. га), Ақтөбе (30,1 млн. га), Шығыс Қазақстан (28,3 млн. га), облыстары болып табылады, оларда республика аумағының 37,1%-ы шоғырланған. Ал бекітілген жер көлемі аз өңірлер – Солтүстік Қазақстан (9,8 млн. га), Түркістан (11,6 млн. га), және Атырау (11,9 млн. га) облыстары.

Есептік кезеңде облыстарға бекітілген жер алқаптарында өзгерістер жоқ.

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының мәліметтері бойынша республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесіне 14 облыс, республикалық маңызы бар 3 қала, 164 әкімшілік аудан, 187 облыстық, аудандық маңызы бар қалалар мен кенттер, 6 251 ауылдық елді мекендер мен 2261 ауылдық (селолық) округтар кіреді.

Аудандық және облыстық жер баланстарын жасау кезінде елді мекендердің саны нақтыланды. 2020 жылмен салыстырғанда қалалар мен кенттердің саны 5-ке азайды. Ауылдық елді мекендер саны 14-ке азайды.

2020 жылғы 1 қарашадан бастап 2021 жылғы 1 қарашаға дейінгі кезеңде облыстардың әкімшілік-аумақтық құрылысында келесідей өзгерістер болды.

«Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы» Мемлекет басшысының 2021 жылғы 26 шілдедегі №629 қаулысымен Ақмола облысы Целиноград ауданы Қосшы ауылы аудандық маңызы бар қалаға жатқызылды. Қазіргі уақытта Қосшы қаласының шекарасын белгілеу жұмыстары жүргізілуде.

2021 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық деректерге сәйкес Ақтөбе облысында 323 елді мекен бар, оның ішінде 1 облыстық маңызы бар қала (Ақтөбе қ.), 7 аудандық маңызы бар қалалар (Алға қ., Қандыағаш қ., Ембі қ., Жем қ., Темір Қ., Хромтау қ., Шалқар қ.) және 315 ауыл.

Қазіргі уақытта Атырау облысы елді мекендерінің әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесіне 8 әкімшілік аудан, 64 ауылдық округ бар, оның ішінде облыстық маңызы бар қала (Атырау қаласы), аудандық маңызы бар қала (Құлсары қаласы), 4 кент және 150 ауылдық елді мекен кіреді.

Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесіне 12 әкімшілік аудан, 147 ауылдық округ, 420 елді мекен бар, оның ішінде облыстық маңызы бар қала (Орал қаласы), аудандық маңызы бар қала (Ақсай қаласы), 3 кент және 415 ауылдық елді мекен кіреді.

Қызылорда облысының әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесіне 7 әкімшілік аудан, 144 ауылдық округ, 234 елді мекен бар, оның ішінде: 2 облыстық маңызы

бар қала (Қызылорда, Байқоңыр қалалары), 2 аудандық маңызы бар қала (Арал, Қазалы қалалары).

Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылыс жүйесіне 529 елді мекен кіреді. Барлық әкімшілік бірліктер – 203, оның ішінде 4 облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараты (Қостанай қ., Рудный қ., Лисаков қ., Аркалық қ.), 2 аудандық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараты (Жітіқара қ., Тобыл қ.), 197 ауылдық округтер, ауылдар, кенттер әкімдерінің аппараттары, оның ішінде:

7 елді мекен, оның ішінде қалалық бағыныстағы 3 елді мекен (Қашар ауылы - Рудный қаласы, Горняцкий ауылы - Рудный қаласы, Октябрь ауылы - Лисаковск қаласы) және ауылдық бағыныстағы 4 ауыл (Құсмұрын ауылы, Қарабалық ауылы, Сарыкөл, Тобыл ауылы).

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 17 мамырдағы №326 қаулысы негізінде Сарыағаш ауданының және жалпы облыстың алаңы өзгерді. Сарыағаш ауданының жеріне екі елді мекен: Бағыс және Хиебон елді мекендері қосылды (**ауданы 795,62 га.**)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 наурыздағы №534 қаулысы негізінде Кентау қаласынан Шаға, Жаңа Иқан, Ескі Иқан, Үшқайық, Иассы, Оранғай, Қарашық, Жүйнек, Бабайқорған, Шорнақ, Жібек жолы және Майдантал ауылдық округтерін бөлу жолымен Шорнақ ауылында әкімшілік орталығы бар тағы бір Сауран ауданы ұйымдастырылды. Оған 12 ауылдық округ және 36 елді мекен кіреді. Ағымдағы жылы бірқатар аудандарда жер-шаруашылық орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда: Келес ауданында – 12 елді мекен; Мақтаарал ауданында – 17 елді мекен; Жетісай ауданында – 12 елді мекен; Созақ ауданында – 10 елді мекен.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы 1-суретте көрсетілген.

## Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы



- |                    |                    |                         |
|--------------------|--------------------|-------------------------|
| 1. Ақмола          | 7. Батыс-Қазақстан | 13. Солтүстік-Қазақстан |
| 2. Ақтөбе          | 8. Қарағанды       | 14. Түркістан           |
| 3. Алматы          | 9. Қызылорда       | 15. Шымкент қ.          |
| 4. Атырау          | 10. Қостанай       | 16. Алматы қ.           |
| 5. Шығыс-Қазақстан | 11. Маңғыстау      | 17. Нұр-Сұлтан қ.       |
| 6. Жамбыл          | 12. Павлодар       |                         |

## 1.2. Жер қорын жер санаттары бойынша бөлу

Жер балансының деректеріне сәйкес, 2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының жалпы аумағы 272,5 млн. гектарды құрады, оның ішінде 9561,1 мың гектарды — Ресей Федерациясы Байқоңыр ғарыш айлағы мен әскери полигондар үшін пайдаланады. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Өзбекстан Республикасының аумағында 0,9 мың га жерді «Шымған» шипажайы үшін пайдаланады. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы пайдаланатын жер қоры 262930,8 мың га құрайды. Есепті жылы басқа мемлекеттердің жер пайдаланушылары пайдаланатын жер көлемі Қызылорда облысында жалға алынған

жердің бір бөлігін Ресей Федерациясының қайтаруы есебінен 12,4 мың гектарға азайды. Тыс жер пайдаланулар көлемі өзгермеді.

Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай 7 санатқа бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- 3) Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- 5) орман қорының жері;
- 6) су қорының жері;
- 7) босалқы жер.

Жыл сайын республикада жер құқықтық қатынастар нәтижесінде жер қорының құрамын қайта бөлу тұрақты түрде жүріп отырады. Есептік жылы жер санаттарын жер, орман және су заңнамаларына сәйкестендіру бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Жер есебі деректерін талдау жер көлемін санаттар бойынша бөлуде жыл сайын әртүрлі өзгерістер болатындығын көрсетеді, мұны, 2-кесте мен 2-суретте берілген есептік 2021 жылғы және өткен 2020-шы жылғы жер қорының құрылымы туралы ақпараттан көруге болады.

Жер қорын облыстарға қатысты жер санаттары бойынша бөлу 3-кестеде келтірілді.

**1991-2021 жылдардағы жер қорының жер санаттары бойынша динамикасы**


мың га

Жер санаттарының атауы	1991 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
				2021 ж. 1991 ж. салыстырғ анда	2021 ж. 2020 ж. салысты рғанда
1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	218 375.8	108 562.7	113 961.4	-104414.4	+5398.7
2. Елді мекендер жері соның ішінде:	3 747.2	24 192.2	24 288.7	+20 541.5	+96.5
қалалар мен кенттердің	2 053.5	2 809.6	2813.4	+759.9	+3.8
ауылдық елді мекендердің	1 693.7	21 382.6	21 475.3	+19781.6	+92.7
3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	18 796.8	2 209.0	2239.1	-16557.7	+30.1
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	775.1	7 705.7	7 810.7	+7035.6	+105.0
5. Орман қорының жері	10 179.2	22 398.3	22 435.3	+12256.1	+37.0
6. Су қорының жері	819.9	4 208.4	4 206.5	+3386.6	-1.9
7. Босалқы жер	18 952.3	93 642.1	87 989.1	+69036.8	-5653.0
<b>Барлық жер</b>	<b>271 646.3</b>	<b>262 918.4</b>	<b>262930.8</b>	<b>-8715.5</b>	<b>+12.4</b>
соның ішінде басқа мемлекет аумағында пайдаланылатын жерлер	149.8	0,9	0,9	-148.9	-
Басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер	993.7	9 572.7	9 561.1	+8 567.4	-11.6
<b>Республика аумағы</b>	<b>272 490.2</b>	<b>272 490.2</b>	<b>272 491.0</b>	<b>+0.8</b>	<b>+0.8</b>

## Жер қоры құрылымының жер санаттары бойынша динамикасы, %


Жер санаттары	Иллюминавка
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	41,3
Елді мекендер жері	9,2
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,9
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	2,9
Орман қорының жері	8,5
Су қорының жері	1,6
Босалқы жер	36,6

2020 ж. 1 қарашаға



Жер санаттары	Иллюминавка
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	43,3
Елді мекендер жері	9,2
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,9
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	3,0
Орман қорының жері	8,5
Су қорының жері	1,6
Босалқы жер	33,5

2021 ж. 1 қарашаға





## 2021 жылғы 1 қарашадағы жерлерді облыстар бөлігінде жер санаттары бойынша бөлу

мың га

Облыстар атауы	Жер санаттары							Барлық жер
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	елді мекендер жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығын а арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жер	
Ақмола	10914.0	1371.5	109.0	519.0	514.8	200.8	982.9	14612.0
Ақтөбе	12552.6	4024.7	196.5	1177.5	221.0	13.1	11399.7	29585.1
Алматы	8623.8	723.0	251.8	1642.7	3750.6	192.1	7173.2	22357.2
Атырау	3057.2	677.2	230.7	156.5	56.0	20.5	7540.0	11738.1
Ш.Қазақстан	12256.5	2947.1	138.3	1688.2	2153.9	571.1	8591.5	28346.6
Жамбыл	4693.0	672.2	175.0	11.6	4429.1	356.1	1601.2	11938.2
Б. Қазақстан	7755.8	2288.3	47.3	12.4	217.0	81.5	3267.9	13670.2
Қарағанды	18037.0	4121.4	181.2	550.3	190.2	50.0	13127.4	36257.5
Қызылорда	2922.3	838.3	265.5	163.5	6510.5	2285.9	11124.8	24110.8
Қостанай	10838.0	1626.7	108.6	742.3	456.7	67.9	5759.9	19600.1
Маңғыстау	3422.6	1085.6	239.4	223.4	254.2	11.8	11327.2	16564.2
Павлодар	7124.4	1832.6	121.0	357.9	126.0	78.9	2829.7	12470.5
С. Қазақстан	7287.5	1016.4	66.2	134.9	545.2	142.4	611.7	9804.3
Түркістан	4475.7	799.4	108.6	430.5	3009.7	134.4	2652.0	11610.3
Шымкент қ.	-	116.3	-	-	-	-	-	116.3
Алматы қ.	-	68.3	-	-	-	-	-	68.3
Нұр-Сұлтан қ.	0.8	79.7	-	-	0.4	-	-	80.9
<b>Барлығы</b>	<b>113961.4</b>	<b>24 288.7</b>	<b>2239.1</b>	<b>7810.7</b>	<b>22 435.3</b>	<b>4206.5</b>	<b>87989.0</b>	<b>262930.7</b>

Ескерту. «Барлығы» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланылатын жер көрсетілмеген.

Республиканың тарихи қалыптасқан әкімшілік-аумақтық құрылымы мен біртекті емес табиғи-климаттық жағдайларына байланысты, ел өңірлеріндегі жер қорының үйлесімі мен құрылымы да жер санаттары бойынша әртүрлі деңгейде болады.

Жер санаттарының көлемінде болған өзгерістерді, жерді түгендеу мен нақтылау жұмыстары нәтижесінде олардың көлемдерін нақтылауға және жер телімдерін әртүрлі мақсаттар үшін беруге байланысты жерді бір санаттан екінші санатқа ауыстыру себебімен түсіндіруге болады, бұл жөнінде жер санаттарын жеке сипаттау кезінде толық баяндалады.


### Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ерекше құқықтық режимге ие және қорғауға жатады, ол мұндай жерлерді алып қоюды шектеуге, құнарлылығын сақтауға және арттыруға бағытталады. Бұл санаттағы жердің жер қоры құрылымындағы көлемі 114,0 млн.га немесе пайдаланылатын жердің 43,3%-ын құрайды.

Облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің динамикасы 4-кестеде, ал жалпы республика бойынша 3-суретте келтірілген.

3-сурет

### Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің динамикасы



Облыстар жер қорындағы бұл жерлердің үлес салмағы 74-75%-дан (Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары) 11-25%-ға дейін (Қызылорда, Атырау облыстары) ауытқиды. Бұл, негізінен, табиғи-климаттық жағдайлардағы айырмашылықтарға және шөл және шөлейт жайылымдық алқаптардың ауқымды көлемдеріне байланысты болады.

4-кесте

**1991-2021 жылдардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің облыстар бойынша динамикасы**

мың га

Облыстар атауы	1991 ж.	2005 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 жылға қарағанда	2021 ж. 2020 жылға қарағанда
Ақмола	13.6	9.1	10.8	10.9	-2.7	+0.1
Ақтөбе	23.0	7.1	11.4	12.6	-10.4	+1.2
Алматы	15.9	6.8	8.3	8.6	-7.3	+0.3
Атырау	8.9	2.4	2.9	3.1	-5.8	+0.2
Ш. Қазақстан	22.2	6.0	12.0	12.3	-9.9	+0.3
Жамбыл	11.5	4.6	4.7	4.7	-6.8	-
Б. Қазақстан	12.9	3.6	7.3	7.8	-5.1	+0.5
Қарағанды	28.4	9.5	16.3	18.0	-10.4	+1.7
Қызылорда	18.9	3.1	2.8	2.9	-16.0	+0.1
Қостанай	18.1	8.2	10.5	10.8	-7.3	+0.3
Маңғыстау	13.9	8.4	3.4	3.4	-10.5	+0
Павлодар	10.6	3.2	6.6	7.1	-3.5	+0.5
С. Қазақстан	9.0	5.8	7.3	7.3	-1.7	-
Түркістан	11.5	4.4	4.3	4.5	-7.0	+0.2
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>218.4</b>	<b>82.2</b>	<b>108.6</b>	<b>114.0</b>	<b>-104.4</b>	<b>+5.4</b>

1991-2005 жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау кезеңінде республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің көлемі 136,2 млн. га қысқарды, бірақ кейіннен осы санаттағы жерлердің көлемі жыл сайын өсіп, оның жалпы ұлғаюы 2005 жылдан 2021 жыл аралығында 31,8 млн. га құрды.

Есепті жылы санатта келесі өзгерістер болды:

+6708,3 мың га ұлғайды (ауыл шаруашылығы мақсатындағы босалқы жерлерді беру есебінен +6706,8 мың га, жер-шаруашылық орналастыру жүйесінің материалдары негізінде Павлодар облысындағы елді мекендердің шекарасын нақтылау кезінде +1,5 мың га),

-1309,6 мың га-ға азайды (-0,9 мың га жерді өнеркәсіптік мақсаттарға шығару есебінен (Алматы облысында -0,7 мың га, Түркістан облысында -0,2 мың га), жер-шаруашылық орналастыру жобалары бойынша елді мекендердің шекараларын нақтылау (-12,3 мың га), Қостанай облысында жанама орман пайдалануға берілген шаруа қожалықтарының жер телімдерін орман қоры жерлеріне қайтару (-32,1 мың га), пайдалану мерзімінің аяқталуына және өз еркімен бас тартуына байланысты босалқы жерге қайтару есебінен -1264,3 мың га).

Жалпы, соңғы жылдары барлық өңірлердегі ауыл шаруашылығы жерлері босалқы жерлерді игеру есебінен ұлғайып жатса, биыл олардың жалпы көлемі республика бойынша жалпы көлемі 5,4 миллион гектарға ұлғайды. Барлық облыстарда өсім байқалды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында республиканың ауыл шаруашылығына қатысты неғұрлым құнды жерлері бар: 97,9% егістік, оның ішінде 91,2% - суармалы жер, 41% - көп жылдық екпелер, 51,7% - тыңайған жерлер, 44,9% - шабындықтар, оның 36,6% - жақсартылған және 45,0% - жайылма суару (5-кесте).

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің  
республика ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымындағы  
үлес салмағы**

мың га

Алқаптар атауы	Көлемі, барлығы *	Соның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде	%
<b>Ауыл шаруашылығы алқаптары</b>	<b>214 191.9</b>	<b>110 971.8</b>	<b>51.8</b>
оның ішінде:			
Егістік, барлығы	26 660.6	26 120.5	<b>97.9</b>
соның ішінде: суармалы	1 736.0	1 584.2	<b>91.2</b>
Көп жылдық екпелер	148.0	61.8	<b>41.7</b>
Тыңайған жер	3 681.7	1 902.8	<b>51.7</b>
Шабындық, барлығы	5 104.6	2 292.1	<b>44.9</b>
соның ішінде:			
жақсартылғаны	41.2	15.1	<b>36.6</b>
жайылма суарылатыны	711.2	320.4	<b>45.0</b>
Жайылым, барлығы	183 994.2	80 594.6	<b>43.8</b>
соның ішінде:			
жақсартылғаны	5 698.9	4 012.1	<b>70.4</b>
суландырылған жайылым	103 443.7	48.494.2	<b>46.9</b>
<b>Ауыл шаруашылығы емес алқаптар</b>	<b>52 902.0</b>	<b>2 989.6</b>	<b>5.6</b>
<b>Барлығы</b>	<b>262 930.8</b>	<b>113 961.4</b>	<b>43.3</b>

**Ескерту.** \* «Барлығы» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер қосылмаған.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрылымында ауыл шаруашылығы алқаптары 97,2% құрайды, оның ішінде: егістік жерлер – 22,9%, көпжылдық екпелер – 0,05%, тыңайған жерлер – 1,7%, шабындықтар – 2,01%, жайылымдар – 70,7%.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің алқап түрлері бойынша облыстарға қатысты бөлунуі 6-кестеде көрсетілген.

**2021 жылғы 1 қарашадағы облыстарға қатысты ауыл шаруашылығы  
мақсатындағы жердің алқап түрлері бойынша құрамы**

мың.га

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	А/ш алқаптары, барлығы	Егістік	Көп жылдық екпелер	Тыңайған жер	Шабындық	Жайылым
Ақмола	10 914.0	10 887.9	6 041.7	1.7	250.5	152.6	4 441.4
Ақтөбе	12 552.6	12 395.9	704.8	-	268.1	126.1	11 296.9
Алматы	8 623.8	8 508.5	986.7	21.1	98.1	189.7	7 212.9
Атырау	3 057.2	2 928.8	6.8	0.3	6.7	50.4	2 864.6
Ш. Қазақстан	12 256.5	11 994.9	1 489.9	0.7	83.5	501.2	9 919.6
Жамбыл	4 693.0	4 557.9	781.5	3.7	-	119.7	3 653.0
Б. Қазақстан	7 755.8	7 699.8	564.3	1.9	536.1	500.5	6 097.0
Қарағанды	18 037.0	17 585.9	1 328.7	0.3	213.2	233.0	15 810.7
Қызылорда	2 922.3	2 369.1	181.1	0.6	38.3	36.6	2 112.5
Қостанай	10 838.0	10 689.4	6 222.1	1.4	81.0	136.7	4 248.2
Маңғыстау	3 422.6	2 909.6	0.6	-	0.1	-	2 908.9
Павлодар	7 124.4	7 032.8	1 985.2	0.9	172.4	159.2	4 715.1
С. Қазақстан	7 287.5	7 051.9	4 956.2	0.8	57.3	17.0	2 020.6
Түркістан	4 475.7	4 358.6	870.7	28.2	97.5	69.4	3 292.8
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	0.8	0.8	0.2	0.2	-	-	0.4
<b>Барлығы</b>	<b>113 961.4</b>	<b>110 971.8</b>	<b>26 120.5</b>	<b>61.8</b>	<b>1 902.8</b>	<b>2 292.1</b>	<b>80 594.6</b>

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамындағы егістіктің негізгі көлемі Қостанай (6,2 млн. га), Ақмола (6,0 млн. га) және Солтүстік Қазақстан (4,9 млн. га) облыстарында есептеледі. Шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан өңірлерде, атап айтқанда Қарағанды (15,8 млн.га), Ақтөбе (11,3 млн. га), Шығыс Қазақстан (9,9 млн. га), Алматы (7,2 млн. га) және Батыс Қазақстан (6,1 млн. га) облыстарында. жайылымдық жерлердің неғұрлым ірі алқаптары шоғырланған. Есептік деректер бойынша тыңайған жерлердің ең үлкен көлемі Батыс Қазақстан (536,1 мың га), Ақмола (250,5 мың га), Ақтөбе (268,1 мың га), Қарағанды (213,2 мың га) және Павлодар (172,4 мың га) облыстарында саналады.


Шабындықтардың 50%-дан астамы республиканың үш облысында тіркелген: Шығыс Қазақстан – 501,2 мың га, Батыс Қазақстан – 500,5 мың га және Қарағанды – 233,0 мың га.

Республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің үлес салмағы 44,9% құрайды және Ақмола облысында – 74,7 % бен Солтүстік Қазақстан облысында – 74,3%, Қызылорда облысында – 12,1% және Атырау облысында 26,0%-ға дейін облыстар бойынша өзгеріп отырады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің облыстар жер қорындағы үлес салмағы 4-суретте берілген.

4-сурет

### Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің облыстар жер қорындағы үлес салмағы, %



### Елді мекендер жері

2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикадағы елді мекендердің жер көлемі 24,3 млн. га құрады, оның ішінде қалалар мен кенттер 4,2 млн. га және ауылдық елді мекендер - 20,1 млн. га.

Елді мекендердің түрлері бойынша жер алқаптарының мөлшері және олардың есепті жылдағы облыстар бойынша өзгерістері 7-кестеде берілді.

**2020 және 2021 жылдардағы елді мекендер жерінің облыстар бойынша көлемі**

мың га

Облыстар атауы	Елді мекендер, барлығы			Қалалар мен кенттер			Ауылдық елді мекендер		
	2020 ж.	2021 ж.	өзгеріс- тер (+, -)	2020 ж.	2021 ж.	өзгеріс тер (+,-)	2020 ж.	2021 ж.	өзгер істер (+, -)
Ақмола	1 359.2	1371.5	+12.3	136.8	136.8	-	1222.4	1234.7	+12.3
Ақтөбе	3 844.6	4 024.7	+180.1	235.5	235.5	-	3609.1	3789.2	+180.1
Алматы	722.6	723.0	-	64.5	64.7	+0.2	658.1	658.3	+0.2
Атырау	962.5	677.2	-285.3	74.4	62,0	-12.4	888.1	615.2	-272.9
Ш. Қазақстан	2 947.1	2947.1	-	949.4	1301.6	+352.2	1997.7	1645.50	-352.2
Жамбыл	52.6	672.2	+207.3	48.4	281.2	+232.8	4.2	391.0	+386.8
Б. Қазақстан	2 323.3	2288.3	-35.0	19.7	19.7	-	2303.6	2268.6	-35.0
Қарағанды	4 123.2	4121.4	-1.8	1 325.5	1326.4	+0.9	2797.7	2795.0	-2.7
Қызылорда	838.3	838.3	-	28.8	28.8	-	809.5	14.2	-795.3
Қостанай	1 626.1	1626.7	+0.6	82.6	83.8	+1.2	1543.5	1542.9	-0.6
Маңғыстау	1 085.5	1085.6	+0.1	81.4	99.5	+18.1	1004.1	986.1	-18.0
Павлодар	1 834.9	1832.6	-2.4	200.0	116.0	-84.0	1634.9	1716.6	+81,7
С. Қазақстан	1 004.1	1016.4	+12.3	37.2	37.2	-	966.9	979.2	+12.3
Түркістан	789.7	799.4	+7.8	107.0	133.4	+26.4	682.7	666.0	-16.7
Шымкент қ.	116.3	116.3	-	116.3	116.3	-	-	-	-
Алматы қ.	68.3	68.3	-	68.3	68.3	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	79.7	79.7	-	79.7	79.7	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>23777,95</b>	<b>24288.7</b>	<b>+96.5</b>	<b>3655.45</b>	<b>4190.9</b>	<b>+535.45</b>	<b>20122.5</b>	<b>20097.8</b>	<b>-24.7</b>

Өңірлер бойынша, бар елді мекендер жерін талдау, оның ең үлкен көлемі Ақтөбе (4 024,7 мың га), Қарағанды (4 121,4 мың га) және Шығыс Қазақстан (2 947,1 мың га) облыстарында орналасқандығын көрсетеді.

Жалпы республика бойынша ағымдағы жылы 2020 жылға қарағанда елді мекендер жерінің ауданы жалпы алғанда 96,5 мың га ұлғайды, бұл ретте қалалар мен кенттер жерінің ауданы 535,45 мың га өсті, ал ауылдық елді мекендер жерінің ауданы 24,7 мың га азайды.



Есепті жылы жер-шаруашылық орналастыру материалдары бойынша елді мекендердің шекараларын нақтылау және шекараларын кеңейту кезінде санатта мынадай өзгерістер болды:

+476,6 мың га ұлғайды (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер есебінен+12,3 мың га, Алматы облысындағы өнеркәсіп жерлері +0,2, Ақтөбе облысындағы сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы жерлер +1,0 мың га, Түркістан облысындағы Республика шекарасының өзгеруі есебінен +0,7 мың га, босалқы жерлер есебінен +462,4 мың га),

-380,1 мың га азайды (Павлодар облысындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге -2,4 мың га, босалқы жерлерге -378,6 мың га бөлуге байланысты).

Ақмола облысында елді мекендердің жер көлемі Ақкөл, Жарқайың және Еремей аудандарының елді мекендері шекараларының (шектерінің) өзгеруі, сондай-ақ Атбасар ауданындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы санаттан елді мекендер санатына жер телімдерін қайтару есебінен өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,3 мың гектарға ұлғайды.

Ақтөбе облысында елді мекендердің жер көлемінің ұлғаюы 180,1 мың гектарды құрады, оның ішінде бұрын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатына енгізілген бау-бақша ұжымдарының жерлерін нақтылау есебінен 2,7 мың гектарға, Ақтөбе қаласында елді мекендер шекарасында орналасқан сауықтыру мақсатындағы жерлер (лагерьлер мен демалыс аймақтары) объектілері бойынша 1,0 мың га, сонымен қатар Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Ойыл аудандарының елді мекендерінің аумақтарын кеңейту мақсатында босалқы жер есебінен 176,4 мың га ұлғайды.

Атырау облысында, есептік кезеңде, Индер ауданында Көктоғай елді мекендерінің, 4 елді мекеннің (Алға, Ақжайық, Сарайшық, Ортақшыл) бас жоспарына сәйкес елді мекендердің шекараларын белгілеу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, елді мекендер жерінің көлемі 285,3 мың га азайды.

Шығыс Қазақстан облысында, есептік кезеңде, елді мекендердің жер көлемі өзгерген жоқ..

Жамбыл облысында есептік кезеңде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер (0,2 мың га) және халықтың жайылымдық алқаптарға мұқтаждығын қанағаттандыру үшін ауылдық елді мекендердің шекаралары кеңейтілген кезде босалқы жерлер (207,1 мың га) есебінен елді мекендер жерлерінің жалпы ауданы 207,3 мың га ұлғайды.

Қарағанды облысында елді мекендер жерінің көлемі 1,8 мың га құрады. Шет, Абай аудандарының елді мекендерінде өзгерістер болды.

Қостанай облысында, есептік кезеңде, елді мекендер жерінің көлемі Денисов ауданының (Антоновка, Покровка ауылдары) 2 ауылының шекарасын өзгерту есебінен 0,6 мың га ұлғайды.

Павлодар облысында, есептік кезеңде, осы санаттағы жерлердің азаюы Ақсу қаласындағы өзгерістер есебінен 2,4 мың га құрады.

Солтүстік Қазақстан облысында елді мекендер жерінің көлемі 12,3 мың га, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер есебінен 0,9 мың га, босалқы жер есебінен 11,4 мың га ұлғайды.

Түркістан облысында есептік кезеңде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 17 мамырдағы №326 қаулысының негізінде Бағыс және Хиебон елді мекендерінің қосылған аумағы есебінен Сарыағаш ауданының аумағына +0,7 мың га және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді Сарыағаш ауданының елді мекендерінің орналасқан жері бойынша қайта есептеу нәтижесінде елді мекендердің жерлері 7,8 мың гектарға, жер-шаруашылық құрылымы материалдарын нақтылау нәтижесі негізінде +2,0 мың га ұлғайтылды. Қалалар мен кенттердің жер көлемі 535.45 мың гектарға ұлғайды, ал ауылдық елді мекендердің жер көлемі 24.7 мың гектарға азайды.

Республикалық маңызы бар Шымкент, Алматы қалаларымен елорда Нұрсұлтан қаласы жерлерінің көлемдері ағымдағы жылы өзгерген жоқ.

ҚР ЖК 107-бабының 3-тармағына сәйкес елді мекендердің жерлері келесі функционалдық аймақтарға бөлінеді:

- 1) тұрғын үй;

- 2) әлеуметтік;
- 3) коммерциялық;
- 4) өзге де функционалдық аймақтарға бөлінеді.

**Тұрғын үй аймағына** құрылыстар алып жатқан әрі көп пәтерлі және көп қабатты тұрғын үйлер, үй маңындағы жер телімдері бар жеке тұрғын үйлер салуға арналған тұрғын үй құрылысы жерлері кіреді.

**Әлеуметтік аймаққа** мемлекеттік және коммерциялық емес объектілер алып жатқан және оларды орналастыруға арналған қоғамдық іскерлік құрылыс салынатын жерлер кіреді.

**Коммерциялық аймаққа** арнайы экономикалық аймақтардың, өндірістік объектілердің, сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету объектілерінің, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің, сондай-ақ осы объектілердің және кәсіпкерлік қызметпен байланысты өзге де объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеуге арналған жерлер кіреді.

**Өзге аймақтарға:**

- 1) теміржол, автомобиль, өзен, теңіз, әуе және құбыр көлігі, инженерлік инфрақұрылым және байланыс магистральдары орналасқан және соларды салуға арналған көлік, байланыс, инженерлік коммуникациялар жері;
- 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- 3) орман қорының жері;
- 4) өзендер, табиғи және жасанды су айдындары мен акваториялар, су қорғау аймақтары, гидротехникалық және басқа да су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан су айдындары мен акваториялар жері;
- 5) ауыл шаруашылығына пайдаланатын жер;
- 6) алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, гүлзарлар, орман саябақтары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар,

зираттар және тұрғындардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылыту құбырлары, тазарту құрылыстары және ортақ пайдаланылатын басқа да инженерлік жүйелер, сондай-ақ жылу желілері мен ортақ пайдаланылатын инженерлік жүйелердің күзет аймақтары) алып жатқан және оларды орналастыруға арналған ортақ пайдаланатын жер;

7) қала құрылысы қызметіне тартылмаған, елді мекенді аумақтық дамытуға және жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған резервтегі және, өзге де жерлер;

8) крематорийлерді, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), тұрмыстық қалдықтар тастау орындарын және арнайы нормативтер мен қағидалар белгіленбей пайдалану мүмкін болмайтын өзге де объектілерді орналастыру үшін бөлінетін арнайы мақсаттағы жер;

9) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтары үшін берілген, сондай-ақ өзге де пайдалану режиміндегі жер кіреді.

Елді мекендер жерінің құрамындағы 97,5% негізгі көлемді өзге аймақ алады, тұрғын үй аймағы 1,2% немесе 303,3 мың га, әлеуметтік аймақ 0,3% немесе 65,9 мың га, комерциялық аймақтың жерлері 1,0% немесе 245,7 мың га құрайды.

Өзге аймақтың жері 23673,7 мың га немесе осы санаттағы жердің барлық ауданының 97,5%-ын құрайды. Оның құрамындағы, қала құрылысы қызметіне тартылмаған, елді мекенді аумақтық тұрғыдан дамытуға арналған резервтегі және өзге де жер үлесіне аумақтың жартысына дерлік бөлігі, яғни 65,6% немесе 15937,16 мың гектары, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын аумақтың 20,0% немесе 4 864,6 мың га келеді.

Елді мекендер жерінің облыстар бойынша құрылымы 8-кестеде берілді.

**2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша елді мекендер жерінің  
облыстар бойынша құрылымы, мың га**

Облыстар атауы	Барлық жер	Оның ішінде, пайдалану түрлері бойынша (функционалдық аймақ):						
		тұрғын үй аймағы	әлеуметтік аймақ	коммерциялық аймақ	өзге аймақ	соның ішінде:		
1	2	3	4	5	6	7	9	10
Ақмола	1371.5	28.4	6.4	22.7	1314.0	615.0	598.5	0.1
Ақтөбе	4024.7	25.9	5.0	10.4	3983.4	32.6	3945.9	1.2
Алматы	723.0	56.6	4.5	9.2	652.7	645.3	-	-
Атырау	677.2	9.7	1.8	2.3	663.4	5.9	653.6	-
Ш. Қазақстан	2947.1	33.5	3.9	21.1	2888.5	192.2	2672.8	0.3
Жамбыл	672.2	48.4	4.2	6.2	613.4	4.5	4.2	0.1
Б. Қазақстан	2288.3	9.2	1.0	3.9	2274.2	2208.3	34.0	-
Қарағанды	4121.4	13.0	5.0	60.0	4043.4	563.4	2850.9	0.1
Қызылорда	838.3	7.6	4.8	6.6	819.3	11.5	787.56	-
Қостанай	1626.7	2.7	10.1	26.8	1587.1	51.5	1528.7	-
Маңғыстау	1085.6	6.6	0.7	18.3	1060.0	107.1	943.2	0.4
Павлодар	1832.6	6.0	4.3	5.2	1817.1	63.8	1740.1	-
С. Қазақстан	1016.4	1.2	2.1	12.1	1001.0	65.6	115.8	-
Түркістан	799.4	27.1	5.5	10.8	756.0	204.4	48.9	0.3
Шымкент қ.	116.3	10.7	1.5	17.8	86.3	69.2	4.9	0.2
Алматы қ.	68.3	10.8	2.1	7.4	48.0	13.5	-	21.6
Нұр-Сұлтан қ.	79.7	5.9	3.0	4.9	65.9	10.8	8.1	0.5
<b>Барлығы</b>	<b>24288.7</b>	<b>303.3</b>	<b>65.9</b>	<b>245.7</b>	<b>23673.7</b>	<b>4864.6</b>	<b>15937.16</b>	<b>24.8</b>

Тұрғын үй аймағының жері %-бен көрсеткенде, облыстар бойынша осы санаттағы жерлердің барлығының 0,1-1,1%-ын Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар және Қызылорда облыстарында, 2,1%-ын Ақмола облысында, 3,4%-ын Түркістан облысында, 7,4%-ын Нұр-Сұлтан қаласында, 7,8%-ын Алматы қаласында, 9,2%-ын Шымкент қаласында, 7,2%-ын Жамбыл облысында және 15,8%-ын Алматы қаласында құрайды.

Есептік кезеңде Республикалық маңызы бар Шымкент, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының жер көлемдері өзгерген жоқ. Жерлерді функционалдық аймақтар бойынша бөлуде өзгерістер болды.

Шымкент қаласының жер көлемінде болған ағымдағы өзгерістер: тұрғын үй аймағының жері 82 га-ға, әлеуметтік аймақ 25 га, коммерциялық аймақ 257 га-ға ұлғайды, ал өзге аймақ 364 га азайды. Жерді қала ормандарына беру, сондай-ақ коммерциялық қызмет үшін және жеке тұрғын үй құрылысы үшін нысаналы мақсатын өзгерту есебінен, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер көлемі 827 га-ға азайды.

Есептік кезеңде Алматы қаласының жер көлеміндегі өзгерістер: Тұрғын үй аймағының жерлері 17 гектарға, әлеуметтік аймақ жері 272 гектарға ұлғайды, ал өзге аймақ жері 290 гектарға азайды. Өзгерістер ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерді – әлеуметтік құрылысқа беру, нысаналы мақсатын әлеуметтік аймақ пен бау-бақша объектілеріне өзгерту есебінен болды.

Есептік кезеңде Нұр-Сұлтан қаласының жер көлемінде мынадай өзгерістер болды: тұрғын үй аймағының жерлері 97 га азайды, әлеуметтік аймақ 256 га ұлғайды, коммерциялық аймақ 273 га азайды, ал өзге аймақ 114 га ұлғайды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің көлемі мынадай себептерге: мемлекет мұқтажы үшін жер телімдеріне алуға, азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жер телімдеріне құқықтардың ауысуына, нысаналы мақсатының өзгеруіне байланысты 312 гектарға азайды.

Елді мекендер жерінің санатына жатқызылған жер құрамына ауыл шаруашылығы алқаптары да, ауыл шаруашылығы емес алқаптар да кіреді.

Ауылдық елді мекендердің де, қалалар мен кенттердің де, жалпы елді мекендер жерінің құрылымындағы негізгі алқап түрі ауыл шаруашылығы жері болып табылады және ол орта есеппен осы санаттағы жердің 89,5%-ын құрайды (қалалар мен кенттерде – 74,6%, ауылдық елді мекендерде - 91,7 %). Алқаптар бойынша елді мекендер жерінің облыстарға қатысты құрамы 9-кестеде берілді.

Қазіргі уақытта ауылдық елді мекендердің барлығы дерлік жайылымдармен және басқа да ауыл шаруашылығы алқаптарымен тең дәрежеде қамтылмағанын

атап өту қажет. Егер орталық және солтүстік өңірлер негізінен ауыл шаруашылығы жерлерімен қамтылған болса, республиканың оңтүстігінде, ауыл халқының тығыздығының жоғары болуына байланысты, жайылымдық алқаптар өте тапшы болып отыр.

Көптеген ауылдық елді мекендерді дамытудағы елеулі проблема, оларда малдың шамадан тыс жүктемесі, яғни мал басының көптігі болып табылады, бұған ауыл тұрғындарының жеке қорасындағы малы ғана емес, жақын орналасқан шаруа қожалықтарының малы да кіреді. Мұның барлығы елді мекендер маңындағы жайылымдық алқаптардың тозуына, экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеледі. Осы аталған проблемаларды, экологиялық-демографиялық зерттеулермен бірге, ауылдық аумақтарды ұйымдастыру және жоспарлау схемаларын әзірлеу, осы аумақтардың жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеу кезінде толық шешілу қажет.

2021 жылы бірқатар облыстарда жер-шаруашылық орналастыру жұмыстары жүргізілді.

**2021 жылғы 1 қарашадағы  
облыстар бойынша елді мекендер жер алқаптарының құрамы**

мың га

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	Соның ішінде											
		егістік	көп жылдық екпелер	тыңайған жер	шабындық	жайылым	а/ш жерінің барлығы	орман алаңдары мен ағаш-бұталы екпелер	батпақ	су алып жатқан жерлер	алаңдар, көшедер мен саябақтар алып жатқан жерлер	құрылыс алып жатқан жерлер	арықтар және бүлінген жерлермен бірге, өзге жерлер
Ақмола	1371.5	38.5	1.7	2.0	9.4	1096.2	1147.8	12.0	4.5	38.4	43.1	89.7	36.0
Ақтөбе	4024.7	4.0	0.6	15.9	16.9	3805.7	3843.1	9.2	2.4	22.3	20.9	26.4	100.4
Алматы	723.0	52.4	6.7	-	15.4	542.7	617.2	3.2	0.4	2.8	21.0	42.3	36.1
Атырау	677.2	2.3	0.1	0.7	1.4	606.6	611.1	1.6	2.2	1.8	2.6	18.5	39.4
Шығыс Қазақстан	2947.1	11.0	0.9	49.6	59.8	2636.6	2757.9	23.5	1.2	8.2	35.3	46.1	74.9
Жамбыл	672.2	20.4	3.0	-	2.9	570.7	597.0	2.1	0.5	2.4	23.3	29.3	17.6
Батыс Қазақстан	2288.3	2.8	0.4	12.3	57.4	2128.6	2201.5	0.7	2.6	4.2	19.9	15.2	44.2
Қарағанды	4121.4	40.2	1.9	8.4	17.7	3662.2	3730.4	20.9	4.4	22.5	30.9	55.2	257,1
Қызылорда	838.3	10.5	0.7	1.4	2.6	617.0	632.3	13.9	0.2	1.5	16.4	15.7	158.4
Қостанай	1626.7	12.4	8.4	18.9	20.0	1308.9	1368.6	6.7	17.2	54.5	31.6	93.0	55.1
Маңғыстау	1085.6	0.2	0.5	0.2	-	942.4	943.3	0.1	-	3.9	6.4	8.6	123.3
Павлодар	1832.6	44.7	1.6	32.3	10.4	1570.4	1659.4	7.8	5.9	32.9	40.4	40.9	45.3
Солтүстік Қазақстан	1016.4	29.7	3.2	3.0	2.4	791.7	830.0	12.0	20.4	49.3	14.2	65.3	25.2
Түркістан	799.4	53.8	8.9	6.6	-	618.5	687.8	0.6	-	0.8	16.1	70.9	23.2
Шымкент қ.	116.3	3.0	22.9	-	0.3	1.6	80.9	3.5	-	1.6	14.0	13.8	2.5
Алматы қ.	68.3	3.7	0.6	0.3	-	7.8	27.5	-	-	0.6	7.9	23.1	9.2
Нұр-Сұлтан қ.	79.7	46.5	6.1	4.2	1.3	23.8	13.7	11.2	0.3	7.5	7.9	7.1	32.0
<b>Барлығы</b>	<b>24288.7</b>	<b>376.1</b>	<b>68.2</b>	<b>155.8</b>	<b>217.9</b>	<b>20931.4</b>	<b>21749.4</b>	<b>129.0</b>	<b>62.2</b>	<b>255.2</b>	<b>351.9</b>	<b>661.1</b>	<b>1079.9</b>



**Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік  
мұқтажына арналған жер және  
ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер**

Өнеркәсіп жеріне өңдеу, мұнай-газ, тау-кен қазба өнеркәсібінің объектілерін орналастыру мен пайдалану үшін берілген жер жатады.

Автомобиль, теңіз, ішкі су, темір жол, әуе, құбыржол және өзге де көлік түрі объектілерінің қызметін қамтамасыз ету және оларды пайдалану үшін берілген жер көлік жері болып танылады.

Байланыс, радио хабарларын тарату, теледидар, ақпарат, инфрақұрылым объектілерін, байланыстың кабель, радиореле және әуе желілері үшін бөлініп берілген жер жатады.

Энергетика жеріне электр станцияларын, электр тарату желілерін, кіші станцияларды, тарату құрылғыларын және энергетиканың басқа да құрылыстары мен объектілерін орналастыру үшін бөлініп берілген жер телімдері жатады.

Жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін орналастыру және пайдалану үшін бөлінген жер, сондай-ақ олардың күзет аймақтары ғарыш қызметі мұқтажына арналған жерге жатады.

Әскери бөлімдерді, әскери полигондарды, әскери оқу орындарын, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының арнаулы (әскери) оқу орындарын, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы міндеттерді атқаратын объектілері мен құрылыс жайларын орналастыру және олардың тұрақты қызметі үшін берілген жер телімдері қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер деп танылады.

Карастырылып отырған санаттағы жердің 2021 жылғы 1 қарашадағы жалпы көлемі 2 239,1 мың гектарды құрады. Оның құрылымында өнеркәсіп жері 1 294,3 мың га (57,8 %), автомобиль көлігінің жері – 310,9 мың га (13,9 %), темір жол көлігінің жері – 187,3 мың га (8,4 %), байланыс жері – 19,4 мың га (0,9 %), басқа ауыл шаруашылығы емес кәсіпорындар жері – 472,2 мың гектарды (21,1 %) алады.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жердің нысаналы пайдалану бойынша құрылымы 5-суретте, ал бұл жер көлемінің өзгеру динамикасы 10-кестеде көрсетілді.

**1991-2021 жылдардағы өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі,  
қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл  
шаруашылығына арналмаған өзге де жері көлемінің өзгеру динамикасы**

мың га

Жер құрамы	1991 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
				20201 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Өнеркәсіп жері	475.6	1403.4	1294.3	+818.7	-109.1
Темір жол көлігінің жері	285.5	190.8	187.3	-98.2	-3.5
Автомобиль көлігінің жері	278.3	304.5	310.9	+32.6	+6.4
Байланыс жері	-	16.9	19.4	+19.4	+2.5
Басқа ауыл шаруашылық емес кәсіпорындар жері	17757.4	293.4	427.2	-17330.2	+133.8
<b>Барлығы</b>	<b>18796.8</b>	<b>2209.0</b>	<b>2239.1</b>	<b>-16557.7</b>	<b>+30.1</b>

Соңғы жылдары жердің осы санаты бойынша деректерді талдау 2018 жылды қоспағанда, олардың тұрақты өсу үрдісін көрсетті. Бірақ ағымдағы жылы осы санаттағы жер көлемі жалпы республика бойынша 30,1 мың гектарға ұлғайды.

Есепті жылы санатта келесі өзгерістер болды:

50,8 мың га ұлғайды (оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нысаналы мақсатын өзгерту есебінен 0,9 мың га (Алматы облысында 0,7 мың га, Түркістан облысында 0,2 мың га), өнеркәсіптік мақсаттарға босалқы жерлерді беру есебінен 49,8 мың га);

20,7 мың гектарға азайды (оның ішінде кәсіпорындарды тарату және жерді пайдалану мерзімінің аяқталуы нәтижесінде 20,5 мың га, Алматы облысының Текелі қаласына Орталық Азия университетінің қосылуы нәтижесінде 0,2 мың га).

Пайдалану түрлері бойынша өнеркәсіп жері 109,1 мың га, темір жол жері 3,5 мың га азайды, ал автомобиль көлігі жерлері 6,4 мың га, байланыс жері 2,5 мың га, басқа да ауыл шаруашылығы емес кәсіпорындар жері 113,8 мың га ұлғайды. Жер көлемдерінің өзгеруі осы санаттағы жерлерді беру, жерді санат ішінде қайта бөлу, сондай-ақ жер балансының деректерін нақтылау нәтижесінде болды.

Өңірлік тұрғыдан мұндай жерлердің ең үлкен көлемі Алматы – 251,8 мың га (11,2 %), Қызылорда – 265,5 мың га (11,8 %), Маңғыстау – 239,4 мың га (10,7 %),

Атырау – 230,7 мың га (10,3 %) және Ақтөбе облыстарына – 196,5 мың га (8,8%) келеді.

Пайдалы қазбалардың болуы және оларды өндіру өнеркәсіп жерінің облыстар бойынша арақатынасына ықпал етеді. Өнеркәсіп жерінің негізгі көлемі Атырау – 211,4 мың га (16,3 %), Ақтөбе – 161,1 мың га (12,4 %), Қызылорда – 191,0 мың га (14,7 %) және Маңғыстау облыстарына – 204,4 мың га (15,8 %) келеді.

5-сурет

**2021 жылғы 1 қарашадағы өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер құрылымы, %**



Теміржол көлігінің, автомобиль көлігінің, байланыс жері және басқа ауыл шаруашылық емес кәсіпорындар жері Республиканың барлық облысында бар.

Теміржол көлігі жерінің ең үлкен көлемі Ақмола 26,7 мың га, Қарағанды 24,2 мың га, Ақтөбе 15,6 мың га және Алматы облыстарына 19,9 мың га, ал ең аз көлемі

Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарына, сәйкесінше 4,2 мың га және 4,6 мың гектардан келеді.

Автомобиль көлігінің жер көлемі Ақмола облысында 33,0 мың га-дан Маңғыстау облысында 9,1 мың га-ға дейін ауытқиды.

Байланыс жерінің көлемі өңірлерде ондай үлкен емес – 0,1 – 1,7 мың га, екі облыстан басқа: Қарағанды облысында – 3,8 мың га және Шығыс Қазақстан облысында – 3,0 мың га (11-кесте).

Басқа ауыл шаруашылық емес кәсіпорындар жері осы жер санатының барлық көлемінің 19,1%-ын құрайды. Облыстар бөлінісінде, оның ең үлкен көлемі Жамбыл облысына тиесілі – 94,8 мың га. Ең аз жер көлемі – Атырау 2,2 мың га, Қостанай 4,1 мың га облыстарында, ал Ақтөбе облысында – жоқ.

11-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жердің облыстар бойынша көлемі**

мың га

Облыстар атауы	Барлық жер	Өнеркәсіп жері	Темір жол көлігінің жері	Автомобиль көлігінің жері	Байланыс жері	Басқа ауыл шаруашылық емес кәсіпорындар жері
Ақмола	109.0	31.8	26.7	33.0	1.1	16.4
Ақтөбе	196.5	161.1	15.6	19.4	0.4	-
Алматы	251.8	52.6	19.9	27.5	2.3	149.5
Атырау	230.7	211.4	4.6	12.0	0.5	2.2
Шығыс Қазақстан	138.3	55.3	14.4	30.5	3.0	35.1
Жамбыл	175.0	45.3	13.4	19.8	1.7	94.8
Батыс Қазақстан	47.3	12.5	4.2	19.7	0.6	10.3
Қарағанды	181.2	107.7	24.2	30.5	3.8	15.0
Қызылорда	265.5	191.0	15.1	29.9	1.2	28.3
Қостанай	108.6	68.8	17.1	18.2	0.4	4.1
Маңғыстау	239.4	204.4	4.6	9.1	2.3	19.0
Павлодар	121.0	71.1	12.1	19.2	0.6	18.0
Солтүстік Қазақстан	66.2	15.3	9.8	25.9	1.0	14.2
Түркістан	108.6	66.0	5.6	16.2	0.5	20.3
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>2239.1</b>	<b>1294.3</b>	<b>187.3</b>	<b>310.9</b>	<b>19.4</b>	<b>427.2</b>

Қарастырылып отырған санаттағы жерлер, олардың мақсатына байланысты, жер құрамы бойынша айырмашылықтарға ие. Мәселен, өнеркәсіп жерінің құрылымында ауыл шаруашылығы алқаптары – 44,4% жер көлемін алады, ал теміржол және автомобиль көлігі жерлерінің құрамында ауыл шаруашылығы алқаптары басым емес, олар – 90,0% құрайды. Байланыс жерлерінде және басқа да ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпорындардың жерлерінде ауыл шаруашылығы алқаптары сәйкесінше 27,3% және 25,5% - ды құрайды (12-кесте).

12-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер алқаптарының құрамы**

мың га

Жер құрамы	Жердің жалпы көлемі	соның ішінде						
		а/ш алқаптары	ағаштар мен бұта ағаштар	су және батпақ алып жатқан жер	құрылыс алып жатқан жер	жолдар алып жатқан жер	бүлінген жерлер	өзге жер
Өнеркәсіп жері	1294.3	574.8	2.2	61.5	87.8	27.0	104.1	436.9
Теміржол көлігінің жері	187.3	25.0	35.1	0.4	6.5	78.6	0.6	41.1
Автомобиль көлігінің жері	310.9	27.8	21.9	0.1	2.7	227.7	2.7	27.9
Байланыс жері	19.4	5.3	0.1	0.3	3.3	0.2	-	10.2
Басқа ауыл шаруашылық емес кәсіпорындар жері	427.2	108.9	1.1	20.8	34.8	5.7	4.6	251.4
<b>Барлығы</b>	<b>2239.1</b>	<b>741.8</b>	<b>60.4</b>	<b>83.1</b>	<b>135.1</b>	<b>339.2</b>	<b>112.0</b>	<b>767.5</b>

Ауыл шаруашылығына арналмаған жерлердің жалпы көлемінің 90,7 мың гектары (4,1%) азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке меншігінде, мемлекеттік емес кәсіпорындардың жер пайдалануында – 1480,1 мың гектары (66,1%), мемлекеттік заңды тұлғалардың жер пайдалануында – 746,9 мың га (33,3%) бар.

Өнеркәсіп, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге объектілер көбіне жер жағдайына кері ықпалдарын тигізеді, жерді ластап, елдегі экологиялық ахуалды нашарлатады. Осыған байланысты, өнеркәсіп кәсіпорындары, әскери полигондар, мұнай және газ құбырлары жері мен оларды

қоршаған аумақтар жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу, бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын уақытында орындау қажет.

### **Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріне мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің, мемлекеттік зоологиялық парктердің, мемлекеттік ботаникалық бақтардың, мемлекеттік дендрологиялық парктер мен мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің жері жатады.

Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың жер телімдері, жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алынбай, басқа санаттардағы жерлер құрамында бөлінеді және ескеріледі.

Сауықтыру мақсатындағы жерге табиғи шипалы факторлары бар курорттар, сондай-ақ аурудың алдын алу мен емдеуді ұйымдастыру үшін қолайлы жер телімдері жатады.

Халықтың ұйымдасқан түрдегі жаппай демалысы мен туризміне арналған және сол үшін пайдаланылатын жер рекреациялық мақсаттағы жер құрамында ескеріледі.

Тарихи-мәдени мұра объектілері, оның ішінде тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан жер телімдері тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер деп танылады.

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша бұл санаттағы жердің жалпы көлемі 7 961,1 мың га құрады, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері – 7 810,7 мың га, сауықтыру мақсатындағы жерлер – 2,1 мың га, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер – 148,3 мың га. Бұған қоса, басқа санаттар құрамында, жалпы көлемі 1 269,3 мың га қаумалдар мен қорық аймақтарының жерлері және табиғи кешендер мен объектілер бар жерлер ескеріледі (13-кесте).

Есепті жыл ішінде бұл санаттағы жердің жалпы көлемі 105,0 мың га ұлғайды.

Негізгі өзгерістер Шығыс Қазақстан облысында болды. Мұнда аталған санаттағы жер көлемі Үржар ауданында 136,4 мың гектарға ұлғайып, «Тарбағатай»

мемлекеттік мекемесінің жерін беру есебінен 7,2 мың гектар жер аталған қорыққа «Семей Орманы» МТР жерінен берілді.

Қызылорда облысында «Барсакелмес мемлекеттік қорығына» республикалық мемлекеттік мекемесіне қосымша жер телімдерін беру есебінен көлем 2,3 мың га (су қорының 2,2 мың га жері, орман қорының 0,1 мың га жері) ұлғайды.

Ақтөбе облысында осы санаттағы жер көлемі 33,8 мың гектарға, оның ішінде баланстық деректерді нақтылау және осы санаттағы есепке алуға жатпайтын жергілікті маңызы бар «Эбита» қаумалы бойынша мәліметтердің қайталануын болдырмау есебінен 32,7 мың гектарға азайды, себебі мемлекеттік табиғи қаумалдар жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан оларды алып қоймай, сондай-ақ Ақтөбе қаласында орналасқан рекреациялық мақсаттағы объектілердің (лагерьлердің, демалыс үйлерінің) 1,0 мың гектарын қайта есепке алу нәтижесінде жердің басқа санаттарының құрамында бөлінеді.

13-кесте

**1991-2021 жылдардағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері,  
сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер көлемінің  
динамикасы**

мың га

Жер құрамы	1991 ж.	2020 ж.	2021ж.	Өзгерістер (+, -)	
				2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	770.5	7521.6	7810.7	+7040.2	+289.1
Сауықтыру мақсатындағы жер	2.5	35.6	2.1	-0.4	-33.5
Рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	2.1	148.4	148.3	+16.2	-0.1
<b>Барлық жер</b>	<b>775.1</b>	<b>7705.7</b>	<b>7961.1</b>	<b>+7186.0</b>	<b>+255.4</b>
Бұған қоса, басқа санаттарда ескерілген, қаумалдардың, табиғат ескерткіштерінің жері және табиғи кешендер мен объектілер бар жерлер	-	1269.3	1269.3	+1269.3	-

Жер балансының деректері бойынша берілген санаттағы жерлер республиканың бүкіл облысында белгіленген. Барлық түрдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ең үлкен жер көлемі Алматы облысында – 1 642,2 мың га (республика бойынша олардың көлемінің 21,0%-ы), Шығыс Қазақстан облысында – 1688,2 мың га (21,6%-ы) және Ақтөбе облысында – 1 177,5 мың га (15,1%). Ал ең аз көлемі Батыс Қазақстан облысы – 12,4 мың га мен Жамбыл облысында – 11,6 мың га.

14-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің бөлінуі**

мың га

Облыстар атауы	Барлық жер	соның ішінде:			Бұған қоса, басқа санаттарда ескерілген, қаумалдардың, табиғат ескерткіштерінің жері және табиғи кешендер мен объектілер бар жерлер
		ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	сауықтыру мақсатындағы жер	рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	
Ақмола	519.0	518.7	0.2	0.1	
Ақтөбе	1177.5	1176.6	-	-	
Алматы	1642.7	1642.2	-	0.5	120.2
Атырау	156.5	156.5	-	-	156.5
Шығыс Қазақстан	1688.2	1680.5	0.2	0.8	0.1
Жамбыл	11.6	11.6	-	-	-
Батыс Қазақстан	12.4	12.2	0.2	-	19.0
Қарағанды	550.3	549.7	0.5	0.1	-
Қызылорда	163.5	163.1	0.4	-	-
Қостанай	742.3	742.2	-	0.1	76.8
Маңғыстау	223.4	223.3	0.1	-	-
Павлодар	357.9	357.9	-	-	422.5
Солтүстік Қазақстан	134.9	134.5	0.4	-	429.9
Түркістан	430.5	291.3	0.1	139.1	44.3
Шымкент қ.	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-
<b>Барлығы:</b>	<b>7810.7</b>	<b>7660.3</b>	<b>2.1</b>	<b>140.7</b>	<b>1269.3</b>




Жер балансында, басқа санаттарда ескерілген, қамалдар мен табиғат ескерткіштері жері және табиғи кешендер мен объектілер бар жерлер белгіленген. Олардың жалпы көлемі, 2020 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 1 269,3 мың гектарды құрайды. Мұндай аумақтардың басым көлемі: Солтүстік Қазақстан облысында 429,9 мың га, Павлодар 422,5 мың га, Атырау 156,5 мың га және Алматы облыстарында 120,2 мың га есепке алынған.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, басқа жер санаттарында ескерілген қорғалатын аумақтарды қосқандағы, жалпы көлемі 8 975,1 мың гектарды немесе республика жер қорының 3,3%-ын құрайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың облыстар жер қорындағы үлестік салмағы 6-суретте көрсетілген.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің неғұрлым толық сипаттамасы  
2.3. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту» бөлімінде берілді.

6-сурет

### 2021 жылғы 1 қарашадағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың облыстар жер қорындағы үлестік салмағы, %



### Орман қорының жері

Орманды, сондай-ақ ағаш өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне берілген жер телімдері орман қорының жері деп танылады.

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша орман қоры жерінің жалпы көлемі 22,4 млн. га немесе республиканың пайдаланатын жер қорының 8,5%-ын құрады.

Жер реформасы жылдары ішінде орман қоры жерінің көлемі екі еседен көп өсті, бұл негізінен, оның құрамына бұрын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының уақытша жер пайдалануында болған жерлерді беру есебінен жүрді. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің уақытша пайдалануында, барлығы 1 862,2 мың га орман шаруашылығы кәсіпорындарының жері бар. 1991 жылы мұндай жерлер 13,5 млн. га болған.

Есептік кезеңде республиканың орман қоры 37,0 мың гектарға ұлғайды, алайда облыстар бойынша, бұл санаттағы жер көлемінде азаю да, ұлғаю да байқалады (15-кесте).

**1991-2021 жылдардағы орман қорының жер көлемі динамикасы**

мың га

Жер құрамы	1991 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
				2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ақмола	508.0	514.8	514.8	+6.8	-
Ақтөбе	198.5	215.8	221.0	+22.5	+5.2
Алматы	2 281.2	3 752.2	3750.6	+1469.4	-1.6
Атырау	49.1	56.0	56.0	+6.9	-
Шығыс Қазақстан	3 161.0	2 153.9	2153.9	-1007.1	-
Жамбыл	312.1	4 429.1	4429.1	+4117.0	-
Батыс Қазақстан	209.4	217.0	217.0	+7.6	-
Қарағанды	211.5	190.2	190.2	-21.3	-
Қызылорда	1 412.8	6 510.3	6510.5	+5097.7	-
Қостанай	422.6	423.5	456.7	+34.1	+33.2
Маңғыстау	242.4	254.2	254.2	+11.8	-
Павлодар	451.0	126.0	126.0	-325.0	-
Солтүстік Қазақстан	640.4	545.2	545.2	-95.2-	-
Түркістан	79.0	3 009.7	3009.7	+2930,.	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-
Алматы қ.	0.2	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	0.4	0.4	+0,4	-
<b>Барлығы</b>	<b>10 179.2</b>	<b>22 398.3</b>	<b>22435.3</b>	<b>+12256.1</b>	<b>+37.0</b>

Орман пайдалануға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қайтару нәтижесінде, ұлғаю жағына қарай ең көп өзгерістер Қостанай облысында болды (33,2 мың га).

Орман қоры жерінің негізгі көлемі Қызылорда (6 510,5 мың га), Жамбыл (4429,1 мың га), Алматы (3 7501,6 мың га), Түркістан (3 009,7 мың га) және Шығыс Қазақстан (2 153,9 мың га) облыстарында, ал орман қоры құрамында саналатын ағаш және ағаш-бұталы екпелер көлемі – Қызылорда (5 441,6 мың га), Алматы (2

177,7 мың га), Жамбыл (2 239,3 мың га) және Шығыс Қазақстан облыстарында (1 449,7 мың га) есептеледі.

Орман қоры жерінің облыстар бөлігінде алқап түрлері бойынша бөлінуі 16-кестеде келтірілді.

Орман қоры жерінің құрылымында орманды алаңдар мен ағаш-бұталы екпелер 60,3%-ды (13,5 млн. га) алады.

Ең ормандылығы жоғары болып Солтүстік Қазақстан (88,7%) және Павлодар (86,6 %) облыстары саналады, ал неғұрлым аз – Түркістан облысы (16,6 %). Есептік деректерде ормандылығы жоғары (83,6%) Қызылорда облысының орман қоры сексеуілді ормандардың өте сиректілігімен сипатталады.

16-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы орман қоры жер алқаптарының  
облыстар бойынша құрылымы**

Облыстар атауы	Барлық жер, мың га	соның ішінде					
		ауыл шаруашылығы алқаптары		орманды алаңдар мен ағаш-бұталы екпелер		өзге жер	
		мың га	%	мың га	%	мың га	%
Ақмола	514.8	160.8	31.2	326.6	63.4	27.4	5.3
Ақтөбе	221.0	52.8	23.9	85.8	38.8	82.4	37.3
Алматы	3750.6	1225.7	32.7	2177.7	58.1	347.2	9.2
Атырау	56.0	13.9	24.8	25.9	46.2	16.2	28.9
Шығыс Қазақстан	2153.9	336.3	15.6	1449.7	67.3	367.9	17.1
Жамбыл	4429.1	1700.2	38.4	2239.3	50.5	489.6	11.0
Батыс Қазақстан	217.0	36.3	16.7	158.0	72.8	22.7	10.5
Қарағанды	190.2	63.4	33.3	89.3	46.9	37.5	19.7
Қызылорда	6510.5	467.3	7.2	5441.6	83.6	601.6	9.2
Қостанай	456.7	139.1	30.5	295.0	64.6	22.6	4.9
Маңғыстау	254.2	93.8	36.9	143.8	56.6	16.6	6.5
Павлодар	126.0	13.9	11.0	109.1	86.6	3.0	2.4
Солтүстік Қазақстан	545.2	54.1	9.9	483.7	88.7	7.4	1.3
Түркістан	3009.7	2441.6	81.1	501.4	16.6	66.7	2.22
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	0.4	-	-	0.4	100.0	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>22435.3</b>	<b>6799.2</b>	<b>30.3</b>	<b>13527.3</b>	<b>60.3</b>	<b>2108.8</b>	<b>9.4</b>

## Су қорының жері

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес су айдындары (өзендер және олармен теңдестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар мен басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, су көздерінде орналасқан, ағысты реттейтін су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жер, сондай-ақ көрсетілген су объектілерінің су күзет белдеулеріне және ауыз сумен қамтамасыз етудің бас саға жүйелерін санитарлық күзет аймақтарына бөлінген жер су қорының жері деп танылады.

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша су қоры жерінің көлемі 4 206,5 мың га немесе республика жер қорының 1,5%-ын құрайды.

Жалпы республика бойынша су қорының жер көлемі динамикасы 17-кестеде берілді.

17-кесте

### 1991-2021 жылдардағы су қоры жер көлемінің динамикасы

мың га

Алқап түрлері	1991ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
				2021 ж. 1991ж. қарағанда	2021 ж. 2020ж. қарағанда
<b>Барлық жер</b>	<b>819.9</b>	<b>4 208.4</b>	<b>4206.5</b>	<b>+3386.6</b>	<b>-1.9</b>
соның ішінде:					
ауыл шаруашылығы жері	59.7	144.1	141.9	+82.2	-2.2
су алып жатқаны, барлығы	725.9	3 883.7	3884.1	+3158.2	+0.4
оның ішінде:					
өзендер мен жыралар алып жатқаны	129.9	281.1	281.1	+151.2	-
көлдер алып жатқаны	140.7	2 963.9	2963.9	+2823.2	-
жасанды су айдыны алып жатқаны	455.3	638.7	639.1	+183.8	+0.4
өзге жер	34.3	180.6	180.5	+146.2	-0.1

Есептік кезеңде Жітіқара ауданында (Желқуар су қоймасы) тексеру нәтижесінде субъектіні нақтылау және енгізу есебінен Қостанай облысында су қоры санаты 0,4 мың га ұлғайды, «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы»

республикалық мемлекеттік мекемесіне берілуіне байланысты Қызылорда облысында су қоры санаты 2,3 мың га азайды.

Жалпы республика бойынша есептік кезеңде су қоры жерлерінің ауданы 1,9 мың га азайды.

Су қоры жерінің құрылымында су алып жатқан жер 3 884,1 мың га (92,3 %) құрайды, соның ішінде көлдер – 2 963,9 мың га (70,4 %), өзендер мен жылғалар – 281,1 мың га (6,7 %), жасанды су айдындары – 639,1 мың га (15,2%) алып жатыр.

Облыстар бойынша су қоры жерін орналастыру және оның құрамы 18-кестеде келтірілді.

18-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы су қоры  
жер алқаптарының облыстар бойынша құрамы**

мың га

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	соның ішінде					өзге жер
		ауыл шаруашылығы алқаптары	су алып жатқан жер			жасанды су айдындары алып жатқаны	
			барлығы	көлдер мен жылғалар алып жатқаны	көлдер алып жатқаны		
Ақмола	200.8	3.6	159.5	23.9	110.8	24.8	37.7
Ақтөбе	13.1	5.3	6.7	-	-	6.7	1.1
Алматы	192.1	22.8	155.0	4.1	-	150.9	14.3
Атырау	20.5	-	18.0	6.3	11.7	-	2.5
Шығыс Қазақстан	571.1	20.3	548.8	105.4	139.5	303.9	2.0
Жамбыл	356.1	16.0	308.4	1.7	293.7	13.0	31.7
Батыс Қазақстан	81.5	8.1	62.3	53.2	9.0	0.1	11.1
Қарағанды	50.0	15.7	25.9	15.1	0.9	9.9	8.4
Қызылорда	2285.9	28.6	2210.4	20.3	2190.1	-	46.9
Қостанай	67.9	1.7	65.5	0.2	46.1	19.2	0.7
Маңғыстау	11.8	1.8	-	-	-	-	10.0
Павлодар	78.9	15.2	54.6	23.4	30.7	0.5	9.1
Солтүстік Қазақстан	142.4	1.5	140.0	2.1	128.0	9.9	0.9
Түркістан	134.4	1.3	129.0	25.4	3.4	100.2	4.1
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>4206.5</b>	<b>141.9</b>	<b>3884.1</b>	<b>281.1</b>	<b>2963.9</b>	<b>639.1</b>	<b>180.5</b>

Көлдер мен бұлақтар алып жатқан жердің негізгі көлемі: Шығыс Қазақстан облысында (Ертіс өзені) – 105,4 мың га (37,4 %), көлдер алып жатқаны – Қызылорда облысында (Арал теңізі) – 2 190,1 мың га (73,9 %), жасанды су айдыны алып жатқаны – Шығыс Қазақстан облысында – 303,9 мың га (47,1 %) және Алматы облысында – 150,9 мың га (23,6 %).

Су объектілерін есепке алуды жетілдіру мақсатында республиканың аумағы шартты түрде сегіз есептік су шаруашылығы бассейндеріне бөлінеді, олардың әрқайсысы аумақтың сумен қамтамасыз етілуінің әртүрлі деңгейімен және су ресурстарын пайдалану жағдайларымен сипатталады (7-сурет).

Еліміздің су қорын бассейндік басқару, ең алдымен, су объектілерін мемлекеттік есепке алу және мониторинг жүргізуге, бар су ресурстарына және олардың табиғи сипаттамасына сүйене отырып, әр бассейн бойынша перспективалық жоспарлар мен дамыту бағдарламалары негізінде тиімді, экологиялық тұрғыдан тұрақты су пайдалануды ұйымдастыруға бағытталады.

7-сурет

### Су шаруашылығы бассейндерін орналастыру схемасы



Қазақстан, су көздерінің, соның ішінде әсіресе тұщы су көздерінің шектеулі санымен сипатталады. Осыған орай, республикада барлық су объектілерін

кадастрлық есепке алудың маңызы зор, соның ішінде су күзет аймақтары мен белдеулерін пайдалану режимін нақтылау және сақтау, оларды су және жер заңнамасына сәйкестендіру жағынан маңызды.

### **Босалқы жер**

Меншікке немесе жер пайдалануға берілмеген, аудандық атқарушы органдардың қарамағындағы барлық жер босалқы жер болып табылады.

2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада жер балансының деректері бойынша босалқы жер санатының көлемі 87,9 млн. гектарды немесе республика жер қорының 33,5 % -ын (басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлерсіз) құрайды.

Босалқы жер республиканың барлық облысында бар, алайда ең үлкен көлемі мына облыстарда шоғырланған: Қарағанды – 13,1 млн. га немесе республика бойынша осы жер санатының 14,9%-ы, Ақтөбе – 11,4 млн. га (12,9 %), Қызылорда – 11,1 млн. га (12,6 %), Шығыс Қазақстан – 8,5 млн. га (9,8 %), Маңғыстау – 11,3 млн. га (12,9 %), Алматы – 7,1 млн. га (8,1 %), Атырау – 7,5 млн. га (8,6 %), Қостанай – 5,7 млн. га (6,5 %), Батыс Қазақстан – 3,3 млн. га (3,7 %) және Павлодар облыстары – 2,8 млн. га (3,2 %).

Босалқы жердің негізгі көлемі, жер реформасы барысында, ірі мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалауға байланысты құрылды. Осы кезеңде 1991 жылғы 19,0 млн.га-дан 2005 жылы 125,6 млн. га-ға дейін өсіп, өзінің ең үлкен шегіне жетті. Бұл ретте босалқы жерге шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан, өнімділігі төмен жайылымдар ғана емес, сондай-ақ республиканың игерілген егін шаруашылығы аудандарындағы неғұрлым құнарлы жерлер де ауыстырылды.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығына және басқа да мақсаттарда пайдалану үшін босалқы жерді игерудің оң нәтижелі үрдісі (тенденциясы) байқалады. 2005-2021 жылдар ішінде босалқы жердің көлемі 37,6 млн. гектарға азайды, соның ішінде Қарағанды облысында – 9,2 млн. га, Ақтөбе облысында – 7,7 млн. га, Шығыс Қазақстан облысында – 6,5 млн. га, Батыс Қазақстан облысында – 4,9 млн. га, Павлодар облысында – 4,0 млн. га, Қостанай облысында – 3,2 млн. гектарға азайды.

Босалқы жер көлемінің облыстар бойынша динамикасы 19-кестеде, жалпы республика бойынша – 8-суретте берілді.



Есепті жылы босалқы жердің көлемі 5,7 млн. гектарға азайды. Алайда, босалқы жердің азаюымен (игерілуімен) қатар, Республиканың 3 облысында оң көрсеткішті баланс белгіленді. Босалқы жер көлемінің ең үлкен ұлғаюы: Түркістан облысында 2 368,6 мың га, Атырау облысында 104,3 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында 41,6 мың гектарға үлкейгендігі байқалды, есептік кезеңде бұл облыстарда босалқы жерлер игерілді, алайда оң баланс, негізінен жүргізілген ревизия нәтижелері бойынша, пайдаланылмайтын жерлерді мемлекеттік меншікке қайтару есебінен құрылды.

8-сурет



Есепті жылдағы босалқы жер көлемінің басқа облыстар бойынша өзгеруін талдау көрсеткендей, бұл жерлердің едәуір көлемі пайдалануға тартылған, соның ішінде Қарағанды облысында – 1 697,9 мың га, Батыс Қазақстан облысында – 452,8 мың га, Ақтөбе облысында – 1 291,2 мың га, Павлодар облысында – 540,7 мың га, Алматы облысында – 386,5 мың га, Шығыс Қазақстан облысында – 438,4 мың га және Қостанай облысында – 432,3 мың га.

Босалқы жердің негізгі көлемі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатына және өнеркәсіп, көлік және басқа ауыл шаруашылық емес мақсаттағы жер санатына ауыстырылды.


## Босалқы жер көлемінің облыстар бойынша динамикасы

мың га

Облыстар атауы	1991ж.	2005 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ақмола	89.5	3 029.9	1 061.4	982.9	+893.4	-78.5
Ақтөбе	1 683.3	19 110.0	12 690.9	11399.7	+9716.4	-1291.2
Алматы	3 305.4	9 354.8	7 458.0	7173.2	+3867.8	-284.8
Атырау	1 132.1	6 762.0	7 435.7	7540.0	+6407.9	+104.3
Шығыс Қазақстан	1 936.5	15 057.7	9 029.9	8591.5	+6655.0	-438.4
Жамбыл	978.6	2 489.3	1 796.5	1601.2	+622.6	-195.3
Батыс Қазақстан	100.6	8 136.4	3 720.7	3267.9	+3167.3	-452.8
Қарағанды	3 752.6	22 311.1	14 825.3	13127.4	+9374.8	-1697.9
Қызылорда	3 255.4	11 370.4	11 258.5	11124.8	+7869.4	-133.7
Қостанай	125.4	8 928.7	6 192.2	5759.9	+5634.5	-432.3
Маңғыстау	2 049.0	6 667.9	11 400.1	11327.2	+9278.2	-72.9
Павлодар	334.2	6 840.6	3 370.4	2829.7	+2495.5	-540.7
Солтүстік Қазақстан	160.3	2 203.8	570.1	611.7	+451.4	+41.6
Түркістан	49.4	3 292.9	2 83.4	2652.0	2602.6	+2368.6
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	0.8	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>18 952.3</b>	<b>125 556.3</b>	<b>93 642.1</b>	<b>87989.1</b>	<b>+69036.8</b>	<b>-5653.0</b>

Жалпы республиканың жер қорындағы босалқы жердің үлестік салмағы 32,3%-ды құрайды. Облыстардың жер қоры құрылымында ол Солтүстік Қазақстан облысында 6,2%-дан Маңғыстау облысында 68,4 %-ға дейін ауытқиды.

**2021 жылғы 1 қарашадағы босалқы жерді облыстар  
жер қорындағы үлестік салмағы, %**



Босалқы жер құрылымында ауыл шаруашылығы алқаптары басым келеді – 70,2 млн. га (79,8 %), оның ішінде егістік – 40,1 мың га, тыңайған жер – 1 608,6 мың га, шабындық – 1 983,7 мың га және жайылым 66 608,6 мың га.

Егістік жерлердің (егістік және тыңайған жер), босалқы жердегі жалпы көлемінің ішіндегі ең үлкен үлестік салмағы, республиканың солтүстік облыстарында байқалады, атап айтқанда Батыс Қазақстан облысында – 28,9 % (464,8 мың га), Павлодар облысында – 20,5 % (329,2 мың га), Ақтөбе облысында – 13,3% (213,4 мың га), Қарағанды облысында – 9,9 % (159,5 мың га), Қостанай облысында – 7,6% (123,1 мың га), Ақмола облысында – 6,8% (108,6 мың га), Шығыс Қазақстан облысында – 6,0 % (96,7 мың га).

Облыстар бойынша босалқы жердің ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамы 20-кестеде келтірілді.

**2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша босалқы жердің ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамы**

мың га

Облыстар атауы	Барлық жер	соның ішінде					
		а/ш алқаптары	оның ішінде				
			егістік	көпжылдық екпелер	тыңайған жер	шабындық	жайылым
Ақмола	982.9	803.5	-	3.2	108.6	31.1	660.6
Ақтөбе	11399.7	9159.0	-	0.8	213.4	313.5	8631.3
Алматы	7173.2	4395.7	-	2.3	46.2	224.5	4122.7
Атырау	7540.0	6009.5	-	0.4	4.1	80.1	5924.9
Шығыс Қазақстан	8591.5	7006.3	-	4.1	96.7	404.2	6501.3
Жамбыл	1601.2	1186.3	31.4	0.4	-	86.2	1068.3
Батыс Қазақстан	3267.9	2802.4	-	0.4	464.8	435.1	1902.1
Қарағанды	13127.4	11521.8	-	0.1	159.5	123.3	11238.9
Қызылорда	11124.8	8588.9	-	0.7	17.9	66.8	8503.5
Қостанай	5759.9	5258.7	-	1.4	123.1	94.3	5039.9
Маңғыстау	11327.2	8436.5	-	-	-	0.3	8436.2
Павлодар	2829.7	2352.8	-	0.6	329.2	99.8	1923.2
Солтүстік Қазақстан	611.7	427.7	8.7	1.4	29.1	9.6	378.9
Түркістан	2652.0	2307.9	-	0.2	16.0	14.9	2276.8
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	3.2	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>87989.1</b>	<b>70257.0</b>	<b>40.1</b>	<b>16.0</b>	<b>1608.6</b>	<b>1983.7</b>	<b>66608.6</b>

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, тыңайған жер – бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және пар айдауға әзірленбеген жер телімі. Соған байланысты, босалқы жерде есептелетін, егістік бойынша, жердің пайдаланылмау мерзімі аяқталған жоқ.

### 1.3. Жер қорының алқаптар бойынша құрамы

Республика жер қорының жалпы көлемінде (272,5 млн. га аумақ) ауыл шаруашылығы алқаптары 219,6 млн. гектарды (80,6 %) және ауыл шаруашылық емес жерлер - 52,9 млн. га (19,4 %) алады, оның ішінде орманды алаңдар мен ағаш-


бұталы екпелер – 16,9 млн. га (6,2 %), су мен батпақты жерлер – 8,8 млн. га (3,2 %) және өзге ауыл шаруашылық емес жерлер 27,2 млн. га (10,0 %).

Республика жер қорының алқаптар бойынша құрылымы 10-суретте берілді.

10-сурет

**2021 жылғы 1 қарашадағы  
жер қорының алқаптар бойынша құрылымы, %**

Алқап түрлері	Иллюминировка
Ауыл шаруашылығы алқаптары	<b>80,6</b>
Орманды алаңдар мен ағаш-бұталы екпелер	<b>6,2</b>
Су және батпақ алып жатқаны	<b>3,2</b>
Басқа ауыл ашуарылығы емес алқаптар	<b>10,0</b>



Жер қорының алқаптар бойынша бөлінуі және олардың 2016-2021 жылдардағы динамикасы 21-кестеде келтірілді.

### 2017-2021 жылдардағы алқаптар бойынша жер қорының динамикасы

Алқап түрлері	2017 ж.	2020 ж.	2021 ж.	
	көлемі, мың га	көлемі, мың га	көлемі, мың га	%
1	2	3	4	5
<b>Жердің жалпы көлемі (аумақ)</b>	<b>272 490,2</b>	<b>272 490.2</b>	<b>272 491.0</b>	<b>100.0</b>
соның ішінде:				
ауыл шаруашылығы алқаптары	221 570.6	219 755.8	219 589.0	80.6
оның ішінде:				
егістік	25 242,5	26 324.5	26 660.5	9.8
көп жылдық екпелер	151,1	147.7	148.0	0.1
тыңайған жер	4 546,6	3 848.0	3 681.7	1.4
шабындық	5 137,7	5 117.4	5 104.6	1.9
жайылым	186 424,7	184 318.2	183994.2	67.5
мелиорациялық құрылыс кезеңіндегі жерлер	6,2	6.3	6.3	
орманды алаңдар	13 693,1	15 340.8	15 714.6	5.8
ағаш-бұталы екпелер	1 298,7	1 213.7	1 216.7	0.4
батпақ	1 135,8	1 137.0	1 165.4	0.4
су алып жатқаны	7 711,1	7 654.7	7 609.4	2.8
канал, коллекторлар алып жатқаны	138,5	145.6	145.8	0.1
алаңдар, жолдар, көшелер алып жатқаны	1 442,2	1 397.1	1 410.7	0.5
саябақтар, гүл бақтары мен желек жолдар алып жатқаны	19,8	21.1	20.4	0.0
құрылыс алып жатқаны	780,8	888.9	893.8	0.3
бүлінген жерлер	245,4	242.7	245.3	0.1
өзге жер	24 448,0	24 686.5	24 473.6	9.0

#### Ауыл шаруашылығы алқаптары

Ауыл шаруашылығы алқаптары жер санаттарының барлығында бар, алайда олар мына санаттарда басым келеді: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде – 97,5 %, елді мекендер жерінде – 89,4 % және босалқы жерде – 81,1 %.

Неғұрлым құнды ауыл шаруашылығы алқаптары (егістік, соның ішінде, суармалы егістік, көп жылдық екпелер), негізінен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында басым болады (22-кесте).

22-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқаптарының  
жер санаттары бойынша бөлінуі**

мың га

Жер санаттары	Барлық ауыл шаруашылығы алқаптары	соның ішінде					
		егістік		көп жылдық екпелер	тыңайған жер	шабындық	жайылым
		барлығы	с.і. суармалы				
1	2	3	4	5	6	7	8
1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	110 971.8	26 120.5	1 584.2	61.8	1 902.8	2292.1	80 594.6
2. Елді мекендер жері	21749.4	376.1	135.4	68.2	155.8	217.9	20 931.4
3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл аруашылығына арналмаған өзге де жер	741.8	16.0	0.2	0.3	6.9	1.7	716.9
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	3 530.8	2.6	0.3	0.7	1.4	127.5	3 398.6
5. Орман қорының жері	6 799.2	105.3	3.0	0.9	6.0	231.5	6 455.5
6. Су қорының жері	141.9	-	-	0.1	0.2	30.6	111.0
7. Босалқы жер	70 257.0	40.1	12.8	16.0	1 608.6	1983.7	66 608.6
<b>Барлық жер</b>	<b>214 191.9</b>	<b>26 660.6</b>	<b>1735.9</b>	<b>148.0</b>	<b>3 681.7</b>	<b>4885.0</b>	<b>178 816.6</b>
соның ішінде республика шегінен тыс	0.7	0.1	-	-	-	0.4	0.2
пайдаланылатын жерлер							
Басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер	5 397.8	-	-	-	-	220.0	5 177.8
<b>Республика аумағы</b>	<b>219 589.0</b>	<b>26 660.5</b>	<b>1735.9</b>	<b>148.0</b>	<b>3 681.7</b>	<b>5 104.6</b>	<b>183 994.2</b>

Ауыл шаруашылығы алқаптарының, көбіне жайылымдардың, едәуір көлемі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында және босалқы жерде есептеледі, олар ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы көлемінің, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде 34,4%-ын, босалқы жер құрамында – 34,6%-ын, елді мекендерде – 9,8%, орман қорында – 3,1%-ын құрайды. Бұған қоса, ауыл шаруашылығы жерінің 5,4 млн. гектары басқа мемлекеттердің пайдалануында.

Ауыл шаруашылығы жерінің неғұрлым ірі алабы Қарағанды облысында – 37,4 млн. га, Ақтөбе облысында – 26,9 млн. га, Шығыс Қазақстан облысында – 22,6 млн.

га, Қостанай облысында – 18,0 млн. га, Алматы облысында – 15,3 млн. га, Батыс Қазақстан облысында – 13,9 млн. га, Ақмола облысында – 13,1 млн. га және Маңғыстау облысында – 12,6 млн. га есептеледі.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының облыстар бойынша бөлінуі 23-кестеде берілді.

23-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқаптарының облыстар бойынша бөлінуі**

мың га

Облыстар атауы	Барлық а/ш алқап-тары	соның ішінде					
		егістік		көп жылдық екпелер	тыңайған жер	шабындық	Жайылым
		барлығы	оның ішінде суармалы				
1	2	3	4	5	6	7	8
Ақмола	13 121.5	6 125.4	17.2	6.8	361.3	243.4	6 384.6
Ақтөбе	26 970.2	708.9	12.3	1.6	501.2	464.6	25 293.9
Алматы	15 298.9	1 040.1	478.0	30.3	145.8	458.5	13 624.2
Атырау	9 767.2	9.1	9.1	0.8	11.5	132.9	9 612.9
Шығыс Қазақстан	22 629.1	1 502.3	132.6	5.8	230.9	1 057.0	19 833.1
Жамбыл	9 235.4	834.2	205.0	7.1	0.0	251.9	8 142.2
Батыс Қазақстан	13 890.4	567.3	17.8	2.7	1 013.2	1 238.2	11 069.0
Қарағанды	37 395.7	1 370.6	63.6	2.3	382.6	389.5	35 250.7
Қызылорда	10 893.8	192.2	192.2	2.4	59.4	109.1	10 530.7
Қостанай	18 013.1	6 293.5	6.3	11.2	223.0	326.8	11 158.6
Маңғыстау	12 641.3	0.8	1.0	0.5	0.3	0.3	12 639.4
Павлодар	11 172.6	2 032.5	111.4	3.1	537.3	302.3	8 297.4
Солтүстік Қазақстан	8 394.3	5 004.0	11.7	5.5	90.6	33.6	3 260.6
Түркістан қ.	10 043.4	926.4	456.9	38.3	120.2	94.9	8 863.6
Шымкент қ.	80.9	46.5	19.6	6.1	4.2	0.3	23.8
Алматы қ.	27.3	3.0	1.6	22.9	0.0	0.0	1.6
Нұр-Сұлтан қ.	13.7	3.7	0.1	0.6	0.2	1.3	7.9
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>219 589.0</b>	<b>26 660.5</b>	<b>1 736.4</b>	<b>148.0</b>	<b>3 681.7</b>	<b>5 104.6</b>	<b>183 994.2</b>

Республика бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымы 11-суретте көрсетілді.


Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемі аздап қана өзгерді. Мұнда алқаптардың құрамы ғана, оларды өзгертуге және бір санаттан бір санатқа ауыстыруға байланысты, өзгеріп отыр. Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымында егістік 26 660,5 мың га (12,1%) құрайды, соның ішінде суармалы



егістік – 1 736,4 мың га (0,8%), көпжылдық екпелер – 148,0 мың га (0,1 %), тыңайған жер – 3 681,7 мың га (1,7 %), шабындық – 5 104,6 мың га (2,3 %). Мұнда табиғи жайылымдар басым келеді – 184 994,2 мың га (83,8 %) және олар, негізінен, шөл және шөлейт түрдегі жайылымдар болып келеді.

11-сурет

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымы, %**



**Егістік**

Егістік ауыл шаруашылығы алқаптарының неғұрлым құнды түрі болып табылады. Ауыл шаруашылығы алқабының жалпы көлемінде егістік 26,6 млн. гектарды немесе 12,1 %-ды құрайды. Егістіктің неғұрлым ірі алаптары Қостанай (6,3 млн. га), Ақмола (6,1 млн. га) және Солтүстік Қазақстан (5,0 млн. га) облыстарында шоғырланған, бұл республика егістігінің 65,41%-ын құрайды. Қазіргі уақытта, бұрын тынаюға қалдырылған, топырағының сапасы жақсы жерлерді егістікке игерудің тұрақты үрдісі байқалады. 2000 жылдан 2021 жылдар аралығында егістіктің көлемі 5,3 млн гектарға артты.

Егістік көлемінің облыстар бойынша бөлінуі және оның динамикасы 24-кестеде берілді.

1991 жылдан 2021 жылдар аралығындағы егістік пен тыңайған жер көлемінің өзара байланысының салыстырмалы динамикасы 12-суретте көрсетілген.


**1991-2021 жылдардағы егістік көлемінің облыстар бойынша динамикасы**

мың га

Облыстар атауы	1991ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. Қарағанд а
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола	6 383.2	4 531.9	6 040.4	6 125.4	-257.8	+85.0
Ақтөбе	2 126.8	662.8	704.8	708.9	-1 417.9	+4.1
Алматы	1 708.3	1 100.5	1 039.5	1 040.1	-668.2	+0.6
Атырау	31.2	2.1	9.2	9.1	-22.1	-0.1
Шығыс Қазақстан	2 686.6	860.9	1 495.6	1 502.3	-1 184.3	+6.7
Жамбыл	1 022.8	851.7	834.2	834.2	-188.6	0.0
Батыс Қазақстан	2 021.6	407.0	579.5	567.3	-1 454.3	-12.2
Қарағанды	2 291.9	1 062.2	1 301.3	1 370.6	-921.3	+69.3
Қызылорда	258.0	124.0	188.0	192.2	-65.8	+4.2
Қостанай	6 719.1	5 605.0	6 232.1	6 293.5	-425.6	+61.4
Маңғыстау	0.7	0.7	0.8	0.8	+0.1	0.0
Павлодар	3 510.7	1 302.2	1 944.8	2 032.5	-1 478.2	+87.7
Солтүстік Қазақстан	5 459.8	4 060.7	4 982.9	5 004.0	-455.8	+21.1
Түркістан	1 189.9	786.3	916.4	926.4	-263.5	+10.0
Шымкент қ.	-	-	48.4	46.5	+46.5	-1.9
Алматы қ.	2.3	2.0	3.0	3.0	+0.7	0.0
Нұр-Сұлтан қ.	-	9.8	3.6	3.7	-	+0.1
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>35 412.9</b>	<b>21 369.8</b>	<b>26 324.5</b>	<b>26 660.5</b>	<b>-8 756.1</b>	<b>+336.0</b>

Егістік пен тыңайған жер көлемінің өзгеру динамикасы көрсеткендей, егістік көлемі азайған кезде тыңайған жердің мөлшері ұлғайып (1991-2000 жылдар кезеңі) және керісінше, егістік көлемі артқан сайын тыңайған жер көлемі төмендеді (2000-2021 жылдар).

### 1991-2021 жылдардағы егістік пен тыңайған жер көлемінің динамикасы



Облыстар бойынша егістік көлемінің динамикасын талдау, егістік көлемінің ұлғаюы, негізінен, республиканың астық егетін облыстарында жалғасып отырғандығын көрсетеді. Мысалы, есепті жылы егістікке Павлодар облысында – 87,7 мың га, Ақмола облысында – 85,0 мың га, Қарағанды облысында – 69,3 мың га, Қостанай облысында – 61,4 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында – 21,1 мың га, Түркістан облысында – 10,0 мың га, Шығыс Қазақстан облысында – 6,7 мың га, Қызылорда облысында – 4,2 мың га, Ақтөбе облысында – 4,1 мың га, Алматы облысында – 0,6 мың га қосымша кіргізілді. Алайда, мұнымен қатар, 2021 жылы шаруашылық жүргізуші субъектілер 12,3 мың га егістікті тыңайған жерге қалдырып, оны жайылым мен басқа алқап түрлеріне өзгертті, оның 0,1 мың гектары – Атырау облысында және 12,2 мың гектары – Батыс Қазақстан облысында.

#### Көп жылдық екпелер

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша республикада 148,0 мың га көп жылдық екпелер есепке алынған, соның ішінде бау-бақша – 99,5 мың га, жүзімдіктер – 15,8 мың га және басқа екпелер – 32,7 мың га.

Есепті жылы көп жылдық екпелердің көлемі, жалпы республика бойынша, 0,3 мың гектарға артты (25-кесте).

25-кесте

**1991-2021 ж.ж. көп жылдық екпелердің  
екпе түрлері бойынша динамикасы**

мың га

Екпе түрлері	1991ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-).	
					2020 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Бау-бақшалар	123.1	105.2	99.6	99.5	-23.6	-0.1
Жүзімдіктер	23.5	18.4	15.9	15.8	-7.7	-0.1
Басқа екпелер	16.6	12.2	32.1	32.7	+16.1	+0.5
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>163.2</b>	<b>135.8</b>	<b>147.7</b>	<b>148.0</b>	<b>-15.2</b>	<b>+0.3</b>

Есепті жылы алқаптарды өзгерту немесе олардың көлемін нақтылау нәтижесінде көп жылдық екпелер көлемі Алматы облысында 0,5 мың гектарға, Солтүстік Қазақстан облысында 0,5 мың га және Түркістан облысында 0,3 мың га, Шымкент қаласында 0,1 мың га, Нұр-Сұлтан қаласында 0,3 мың гектарға көбейіп; Жамбыл облысында 0,2 мың гектарға және азайды. Облыстар бойынша көп жылдық екпелер ауданының динамикасы 26-кестеде көрсетілді.

26-кесте

**1991-2021 ж.ж. облыстар бойынша көп жылдық екпелер ауданының  
динамикасы**

мың га

Облыстар атауы	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-)	
				2021 ж. 2000 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ақмола	5.4	6.8	6.8	+1.4	-
Ақтөбе	1.7	1.6	1.6	-0.1	-
Алматы	34.9	30.3	30.3	-4.6	+0.5
Атырау	0.7	0.8	0.8	+0.1	-
Шығыс Қазақстан	5.8	5.8	5.8	-	-
Жамбыл	9.2	7.1	7.1	-2.1	-0.2
Батыс Қазақстан	2.8	2.7	2.7	-0.1	-
Қарағанды	5.5	2.3	2.3	-3.2	-
Қызылорда	2.9	2.4	2.4	-0.5	-
Қостанай	11.4	11.2	11.2	-0.2	-
Маңғыстау	0.6	0.5	0.5	-0.1	-
Павлодар	3.1	3.1	3.1	-	-
Солтүстік Қазақстан	6.4	5.5	5.5	-0.9	+0.5
Түркістан	39.6	38.4	38.3	-1.3	+0.3
Шымкент қ.	4.8	22.8	22.9	+18	+0.1
Алматы қ.	1.0	0.6	0.6	-0.4	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	5.8	6.1	+5.8	+0.3
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>135.8</b>	<b>147.7</b>	<b>148.0</b>	<b>+12.2</b>	<b>+0.3</b>

Көп жылдық екпелердің негізгі көлемі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатында – 61,8 мың га, елді мекендер жерінде – 68,2 мың га және босалқы жерде – 16,0 мың га (27-кесте) .

27-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы көп жылдық екпелер алатын жер көлемін жер санаттары бойынша бөлу**

Жер санаттары	Көп жылдық екпелер, барлығы		соның ішінде					
			бақшалар		жүзімдіктер		басқа екпелер	
	көлемі, мың га	үлестік салмағы, %	көлемі, мың га	үлестік салмағы, %	көлемі, мың га	үлестік салмағы, %	көлемі, мың га	үлестік салмағы, %
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	61.8	41.8	43.6	43.8	13.5	85.4	4.7	14.4
Елді мекендер жері	68.2	46.1	40.3	40.5	1.7	10.8	26.2	80.1
Өнеркәсіп, көлік және басқа ауыл шаруашылығына арналмаған жер	0.3	0.2	0.3	0.3	-	-	-	-
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	0.7	0.5	0.6	0.6	-	-	0.1	0.3
Орман қорының жері	0.9	0.6	0.9	0.9	-	-	-	-
Су қорының жері	0.1	0.1	0.1	0.1	-	-	-	-
Босалқы жер	16,0	10.8	13.7	13.8	0.6	3.8	1.7	5.2
<b>Барлық жер</b>	<b>148.0</b>	<b>100.0</b>	<b>99.5</b>	<b>100.0</b>	<b>15.8</b>	<b>100.0</b>	<b>32.7</b>	<b>100.0</b>

Республикада жүзімдіктер мен бау-бақшаларды қалпына келтіру бағдарламасын жүзеге асыру жалғасып отырғандығына және көп жылдық екпелер алатын жерлерді қалпына келтіру мен жаңаларын салуға жұмсалатын қаражаттың бір бөлігін мемлекет қаражаттандыратындығына (субсидиялап) қарамастан, өңірлерде бақ шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы дамымай отыр десе де болады.

**Тыңайған жер**

Тыңайған жер көлемі 2021 жылғы 1 қарашада 3 681,7 мың га құрды. Есепті жылы өңірлерде тыңайған жер көлемдерінде түрлі өзгерістер жүрді. Біреулерінде тыңайған жерлер әрі қарай игеріліп, олардың көлемі азайып отырса, басқаларында – керісінше егістіктің бір бөлігі тыңайған жерге аустырылғандығы және оның көлемінің ұлғайғандығы байқалды.

Тыңайған жерлер негізінен Павлодар (95,0 мың га), Ақмола (49,3 мың га), Қарағанды (19,9 мың га) Қостанай (14,3 мың га), Солтүстік Қазақстан (9,1 мың га),

Түркістан (4,5 мың га), Ақтөбе (3,9 мың га) және Қызылорда облыстарында (2,1 мың га) жақсы игерілді.

Алайда ағымдағы жылы, кейбір облыстарда тыңайған жерлер көлемі ұлғайды, оның едәуір бөлігі Шығыс Қазақстан облысында 17,1 мың га, Батыс Қазақстан облысында 12,9 мың га, Алматы облысында 1,0 мың га, Атырау облысында 0,1 мың га және Шымкент қаласында 0,6 мың га, Нұр-Сұлтан қаласында 0, мың гектарды құрады. Жалпы республика бойынша тыңайған жер көлемі 166,3 мың гектарға азайды.

Облыстар бойынша тыңайған жер көлемінің динамикасы 28-кестеде көрсетілді.

28-кесте

**1991-2021 ж.ж. облыстар бойынша тыңайған жер көлемінің динамикасы**

мың га

Облыстар атауы	1991ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991ж. салыстырғ анда	2021 ж. 2020 ж. салыстырғ анда
Ақмола	-	1 571.2	410.5	361.2	+361.2	-49.3
Ақтөбе	63.7	319.3	505.1	501.2	+437.5	-3.9
Алматы	10.5	337.1	144.8	145.8	+135.3	+1.0
Атырау	9.6	38.1	11.4	11.5	+1.9	+0.1
Шығыс Қазақстан	58.0	1 572.5	213.8	230.9	+172.9	+17.1
Жамбыл	5.1	-	-	-	-5.1	-
Батыс Қазақстан	9.6	1 185.2	1 000.3	1 013.2	+1 003.6	+12.9
Қарағанды	20.5	1 061.7	402.5	382.6	+362.1	-19.9
Қызылорда	48.3	124.9	61.5	59.4	+11.1	-2.1
Қостанай	-	76.4	237.3	223.0	+223.0	-14.3
Маңғыстау	0.2	0.2	0.3	0.3	+0.1	-
Павлодар	6.3	1 477.1	628.9	533.9	+527.6	-95.0
Солтүстік Қазақстан	0.1	758.1	103.1	94.0	+93.9	-9.1
Түркістан	45.9	237.6	124.7	120.2	+74.2	-4.5
Шымкент қ.	-	-	3.6	4.2	+4.2	+0.6
Алматы қ.	0.1	-	-	-	-0.1	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	0.2	0.3	+0.3	+0.1
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>277.9</b>	<b>8 759.4</b>	<b>3 848.0</b>	<b>3 681.7</b>	<b>+3 403.8</b>	<b>-166.3</b>

Тынайған жер, су қорынан басқа, жер санаттарының барлығында бар. Алайда, оның негізгі көлемі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер – 1 902,8 мың га (51,7%) мен босалқы жер санаттарында – 1 608,6 мың га (43,7 %).

### Шабындық

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша республикада шабындықтар көлемі 4 885,0 мың гектарды, оның ішінде жақсартылған шабындық – 41,2 мың гектарды, жайылма суармалы шабындық – 711,2 мың гектарды алады. 2020 жылмен салыстырғанда аз ғана өзгерістер болған және олар басқа алқаптарға игеру және олардың көлемін нақтылау есебінен жүрген (29-кесте).

29-кесте

### 1991-2021 ж.ж. шабындықтар көлемінің динамикасы

Көрсеткіштер	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж.	2021 ж.
					1991 ж.	2021 ж.
					карағанд	карағанд
					а	а
<b>Жалпы көлем (аумақ)</b>	<b>5 106.3</b>	<b>5 015.5</b>	<b>5 117.4</b>	<b>4885.0</b>	<b>-221.3</b>	<b>-232.4</b>
оның ішінде:						
жақсартылғаны	164.3	63.2	41.6	41.2	-123.1	-0.4
жайылмалы	821.4	797.9	731.8	711.2	-110.2	-20.6

Өзендер мен көлдер суын көп мөлшерде пайдалану Қазақстанның көптеген жайылмалы жерлерінің су режимін өзгертіп, олардың шөлейттенуіне ықпалын тигізді. Сырдария мен Шу өзендерінің жағаларындағы жайылма жерлерде қамысты батпақ пен шабындықтардың үлкен бөлігі жойылып бара жатыр. Орал өзенінің аңғары күрт шөлейттеніп кетті. Оның ортаңғы және төменгі ағыстарында шабындықтар жойылып кетті десе де болады. Ертіс өзенінің алқабында да шабындықтардың далалануы байқалады, олардың өнімділігі күрт төмендеп кеткен.

Шабындықтардың жалпы көлемінің 1%-дан азы ғана жақсартылған, оның өзінде де оларда 15-20 жыл бұрынғы көп жылдық шөптер басым.

Жер санаттары бойынша шабындықтар: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында 2 292,1 мың га (46,9 %), босалқы жерде – 1 983,7 мың га (40,6 %), орман қоры жері мен басқа жер санаттарында – 609,2 мың га (12,5 %) алады.

Есепті жылдағы шабындықтар көлемін бөлу және оларды сипаттау 30-кестеде берілді.

Шабындықтардың негізгі көлемі Батыс Қазақстан (1 023,5 мың га) және Шығыс Қазақстан (1 057,6 мың га) облыстарында орналасқан. Жайылма суармалы шабындықтар көлемінің 29,0%-дан көбі Батыс Қазақстан облысында шоғырланған және 207,3 мың га құрайды.

30-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша шабындықтар көлемі**

мың га

Облыстар атауы	Барлығы	оның ішінде	
		жақсартылғаны	жайылмалы
Ақмола	243.4	6.0	72.5
Ақтөбе	464.6	-	101.5
Алматы	458.2	4.0	-
Атырау	132.9	-	51.5
Шығыс Қазақстан	1 057.6	0.4	71.7
Жамбыл	251.9	4.8	15.0
Батыс Қазақстан	1 023.5	0.3	207.3
Қарағанды	384.9	0.8	78.3
Қызылорда	107.8	0.0	-
Қостанай	326.8	14.7	44.0
Маңғыстау	0.3	-	-
Павлодар	302.3	-	69.0
Солтүстік Қазақстан	33.6	10.1	0.4
Түркістан	95.2	0.1	-
Шымкент қ.	0.3	-	-
Алматы қ.	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	1.3	-	-
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>4 885.0</b>	<b>41.2</b>	<b>711.2</b>

**Жайылым**

Жайылымдық алқаптар Қазақстан Республикасында басым кездесетін алқап түрі болып саналады және 183,9 млн. га (ауыл шаруашылығы жерінің 43,8%) алады, соның ішінде жақсартылғаны – 5,8 млн. га және суландырылғаны – 103,4 млн. га.

Жер санаттары бойынша жайылымдар: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде – 80,6 млн. га, елді мекендер жерінде – 20,9 млн. га, өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа ауыл шаруашылық емес мақсаттағы жер санатында – 0,7 млн. га, ерекше қорғалатын аумақтар жерінде – 3,4 млн. га, орман қоры жерінде – 6,4 млн. га, су қоры жерінде – 0,1 млн. га, босалқы жерде – 66,6 млн. га алады. Басқа мемлекеттердің жер пайдаланушылары пайдаланатын аумақтарда – 5,2 млн. га



жайылым алқаптары бар. Соңғы жылдары жайылым алқаптарының көлемі азайып келеді. Есепті жылы оның көлемі 145,8 мың гектарға азайды. Мұның себебі: жайылымдардың бір бөлігі ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес объектілер құрылысына бөлініп берілсе, енді бір бөлігі басқа алқаптарға, соның ішінде егістікке игеріліп отыр.

Жер санаттары бойынша жайылым алқаптары көлемінің динамикасы 31-кестеде көрсетілді.

31-кесте

**1991-2021 ж.ж. жер санаттары бойынша жайылымдар көлемінің динамикасы**

мың га

Жер санаттары	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	155 235.7	61 280.4	75599.1	80594.6	-74 641.1	+4 995.5
Елді мекендер жері	2 700.1	17 535.7	20825.6	20931.4	+18 231.3	+105.8
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	11 674.0	5 315.7	696.4	716.9	-10 957.1	+20.5
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	266.9	539.2	3 384.30	3 398.6	+3 131.7	+14.3
Орман қорының жері	1 141.5	6 869.7	6 530.90	6 455.5	+5 314.0	-75.4
Су қорының жері	48.3	73.8	113.2	111.0	+62.7	-2.2
Босалқы жер	10 344.0	93 484.3	71 982.2	66 608.6	+56 264.6	-5 373.6
<b>Барлық жер</b>	<b>181 410.5</b>	<b>185 098.4</b>	<b>179 131.7</b>	<b>178 816.6</b>	<b>-2 593.9</b>	<b>-315.1</b>
с.і. басқа мемлекеттер аумағында пайдаланылатыны	73.7	0.2	0.2	0.2	-73.5	-
Басқа мемлекеттер пайдаланатын жер	789.3	1 983.6	5 186.7	5 177.8	+4 388.5	-8.9
<b>Республика аумағы</b>	<b>182 126.1</b>	<b>187 081.8</b>	<b>184 318.0</b>	<b>183 994.2</b>	<b>+1 868.1</b>	<b>-324.0</b>

Өңірлер бойынша жайылымдардың едәуір көлемі Қарағанды - 35,2 млн. га, Ақтөбе - 25,3 млн. га, Шығыс Қазақстан - 19,8 млн. га, Алматы - 13,6 млн. га,

Маңғыстау - 12,6 млн. га, Қостанай - 11,1 млн. га және Батыс Қазақстан облыстарында – 11,0 млн. га есептеледі (32-кесте).

32-кесте

### 2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша жайылымдар көлемі

мың га

Облыстар атауы	Жайылымдар көлемі, барлығы	соның ішінде		оның ішінде а/ш мақсатындағы жерде	соның ішінде	
		жақсартылғаны	суландырылғаны		жақсартылғаны	суландырылғаны
Ақмола	6 384.6	1 195.4	2 368.0	4 441.4	969.5	1 331.7
Ақтөбе	25 293.9	0.0	9 488.8	11 296.9	0.0	4 806.4
Алматы	13 624.2	74.4	9 989.3	7 212.9	30.0	5 839.4
Атырау	9 612.9	0.0	4 306.3	2 864.6	0.0	1 254.3
Шығыс Қазақстан	19 833.1	46.9	12 787.3	9 919.6	2.6	6 563.7
Жамбыл	8 142.2	168.2	5 750.5	3 653.0	114.2	2 973.3
Батыс Қазақстан	11 069.0	52.0	8 196.4	6 097.0	30.3	5 005.7
Қарағанды	35 250.7	1 111.5	19 803.4	15 810.7	999.4	10 083.8
Қызылорда	10 530.7	0.1	5 867.1	2 112.5	0.1	1 505.8
Қостанай	11 158.6	1 450.5	4 288.6	4 248.2	945.0	1 058.1
Маңғыстау	12 639.4	0.0	6 581.7	2 908.9	0.0	2 541.6
Павлодар	8 297.4	914.9	5 617.3	4 715.1	465.2	2 577.7
Солтүстік Қазақстан	3 260.6	596.7	1 569.5	2 020.6	388.2	706.8
Түркістан	8 863.6	86.9	6 805.3	3 292.8	67.4	2 245.9
Шымкент қ.	23.8	0.0	23.8	0.0	0.0	0.0
Алматы қ.	7.9	1.4	0.0	0.4	0.2	0.0
Нұр-Сұлтан қ.	24.3	0.0	24.3	0.0	0.0	0.0
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>183 994.2</b>	<b>5 698.9</b>	<b>103 444.3</b>	<b>80 594.6</b>	<b>4 012.1</b>	<b>48 494.2</b>

### Ауыл шаруашылық емес алқаптар

Ауыл шаруашылық емес алқаптарға орман алаңдары мен ағаш-бұталы екпелер, су және батпақ, құрылыстар, көшелер мен алаңдар алып жатқан жерлер мен өзге жерлер жатады. Ауыл шаруашылық емес алқаптар 52,7 млн. га немесе республика жер қорының 19,4%-ын алады. Ауыл шаруашылық емес алқаптардың ең үлкен көлемі босалқы жерде – 17,7 млн. га және орман қоры жерінде – 15,6 млн.

га есептеледі. Ауыл шаруашылық емес алқаптар құрамы мен оларды жер санаттары бойынша бөлу 33-кестеде келтірілді.

33-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылық емес алқаптарды  
жер санаттары бойынша бөлу**

МЫҢ ГА

Жер санаттары	А/ш емес алқаптардың барлығы	соның ішінде					
		орман алаңдары және ағаш-бұталы екпелер	батпак	су алып жатқаны	кұрылыс алып жатқаны	жолдар, көшелер, алаңдар алып жатқаны	басқа ауыл шаруашылық емес алқаптар
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	2989.6	221.2	126.6	195.9	20.3	231.3	2194.3
Елді мекендер жері	2539.3	129.0	62.2	255.2	661.1	351.9	1079.9
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл аруашылығына арналмаған өзге де жер	1497.3	60.4	4.1	79.0	135.1	339.2	879.5
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	4279.9	2127.2	220.6	422.6	2.6	24.7	1482.2
Орман қорының жері	15636.1	13527.3	32.3	50.4	4.8	45.8	1975.5
Су қорының жері	4064.6	2.3	38.4	3884.1	1.6	2.2	136.0
Босалқы жер	17732.1	862.0	681.2	2722.2	68.0	409.6	12989.1
<b>Барлық жер</b>	<b>48738.9</b>	<b>16929.4</b>	<b>1165.4</b>	<b>7609.4</b>	<b>893.5</b>	<b>1404.7</b>	<b>20736.5</b>
с.і. басқа мемлекеттер аумағында пайдаланылатыны	0.2	-	-	-	0.1	-	0.1
Басқа мемлекеттер пайдаланатын жер	4408.8	2.3	-	-	0.4	3.9	4402.2
<b>Республика аумағы</b>	<b>52147.5</b>	<b>16931.7</b>	<b>1165.4</b>	<b>7609.4</b>	<b>893.8</b>	<b>1408.6</b>	<b>25138.6</b>

**Орман алаңдары және ағаш-бұталы екпелер**

Республика аумағында, табиғи жағдайлардың әртүрлілігіне байланысты, орман түрлері де әртүрлі болып кездеседі. Олардың ішінде ең көп тарағаны:

шоқ қайыңды орман;

шоқ қарағайлы ормандар мен жалқарағайлар;

тау ормандары;

жайылмадағы және тоғайлы ормандар;

сексеуілді орман.

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша орман алаңдары республикада 15 714,6 мың га алады, соның ішінде орман өскен жер – 11 614,4 мың га, орман өспеген жер – 3 957,2 мың га, питомниктер мен жанаспаған ағаш екпелері – 143,0 мың га. Ағаш-бұталы екпелер 1 216,7 мың га алады, оның ішінде қорғаныш мақсатындағы екпелер – 194,2 мың га.

Есепті жыл ішінде орман алаңдары 373,8 мың гектарға артты, соның ішінде орман өскен жер – 539,0 мың гектарға ұлғайса, орман өспеген жер 164,8 мың гектарға азайды. Ағаш-бұталы екпелер көлемі 3,0 мың гектарға ұлғайды (34-кесте). Қалыптасқан динамикаға Қостанай, Алматы, Павлодар, Қарағанды және Түркістан облыстары үлкен ықпал етті.

34-кесте

### 1991-2021 ж.ж. орман алаңдары мен ағаш-бұталы екпелер динамикасы

Көрсеткіштер	1991г.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-)	
					2021 ж.	2021 ж.
					1991ж.	2020 ж.
					қарағанда	қарағанда
<b>Орман алаңдары (аумағы)</b>	<b>12 791.5</b>	<b>12 955.5</b>	<b>15 340.8</b>	<b>15 714.6</b>	<b>+2923.1</b>	<b>+373.8</b>
оның ішінде:						
орман өскен жер	8 453.3	8 607.4	11 075.0	11 614.0	<b>+3160.7</b>	<b>+539.0</b>
орман өспеген жер	4 008.0	4 208.7	4 122.0	3 957.2	<b>-50.8</b>	<b>-164.8</b>
питомниктер мен жинақталмаған ағаш екпелері	330.2	139.4	143.8	143.0	<b>-187.2</b>	<b>-0.8</b>
<b>Ағаш-бұталы екпелер (аумағы)</b>	<b>1 498.8</b>	<b>1 370.5</b>	<b>1 213.7</b>	<b>1216.7</b>	<b>-282.1</b>	<b>+3.0</b>
оның ішінде қорғаныш екпелері	295.5	211.3	191.6	194.2	<b>-101.3</b>	<b>+2.6</b>

Республикада қорғаныштық орман өсірудің мол тәжірибесі жинақталған. Алайда, қазіргі уақытта, қорғаныштық орман жолақтары олардың мәртебесі туралы ереженің болмауы салдарынан дағдарыс жағдайында қалып отыр. Егіс қорғаныштық орман екпелерінің едәуір көлемі кесілген және қураған болып шықты. Жана қорғаныштық орман екпелерін отырғызу жұмыстары тоқтатылған. Орман алаңдары аумақтың экологиялық қорғалуының маңызды факторы болып

табылады, сол себепті, жалпы Қазақстан аумағында орманды жерлер өте аз екендігі ескеріле отырып, республикадағы барлық ормандар негізінен су қорғау, қорғаныштық, санитарлық-гигиеналық және сауықтыру функцияларын атқаратын I-топтағы ормандарға жатқызылған. Соңғы жылдары жаңа ағаш екпелері отырғызылатын жалғыз өңір республиканың астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы болып табылады. Оның айналасында санитарлық-қорғаныштық мақсаттағы жасыл аймақ құрылуда.

Өңірлер бойынша негізгі орман алаңы Қызылорда – 34,5 % (сексеуіл), Алматы – 16,9% және Шығыс Қазақстан – 15,2% және Жамбыл – 14,3% облыстарында, ағаш-бұталы екпелер – Шығыс Қазақстан – 31,0% және Алматы – 20,0% және Қарағанды – 9,3% облыстарында есептеледі (35-кесте).

35-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы орман алаңдары мен ағаш-бұталы екпелерді облыстар бойынша бөлу**

Облыстар атауы	Орман алаңдары, барлығы	оның ішінде			Ағаш-бұталы екпелер	оның ішінде қорғаныштық екпелер
		орман өскен	орман өспеген	питомниктер мен жинақталмаған ағаш екпелері		
Ақмола	478.9	379/2	46.4	54.3	60.4	22.6
Ақтөбе	84.8	46.8	33.2	4.8	48.0	21.2
Алматы	2 664.2	1 820.8	838.1	5.3	243.0	35.0
Атырау	26.2	17.0	8.8	0.4	29.9	0.3
Шығыс Қазақстан	2 393.3	1 957.7	406.2	29.4	377.2	7.8
Жамбыл	2 242.2	1 930.3	310.3	1.6	29.5	9.3
Батыс Қазақстан	160.8	89.9	68.0	2.9	25.6	18.1
Қарағанды	165.5	137.6	26.5	1.4	113.1	22.6
Қызылорда	5 452.8	3 508.0	1 934.8	10.0	87.5	1.5
Қостанай	333.9	261.9	64.5	7.5	44.4	18.1
Маңғыстау	143.8	125.4	18.4	0.0	18.2	0.1
Павлодар	369.9	267.3	83.0	19.6	42.3	12.6
Солтүстік Қазақстан	597.2	534.6	57.5	5.1	81.7	13.7
Түркістан	589.8	526.7	62.5	0.6	12.5	8.9
Шымкент қ.	0.4	0.3	-	0.1	3.1	2.1
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	10.9	10.9	-	-	0.3	0.3
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>15 714.6</b>	<b>11 614.4</b>	<b>3 957.2</b>	<b>143.0</b>	<b>1 216.7</b>	<b>194.2</b>

**Су алып жатқан жер** 7,6 млн. га немесе республика аумағының 2,8%-ын құрайды, соның ішінде көлдер – 5,9 млн. га (2,2 %), жасанды су айдындары – 801,2мың га (0,3 %), өзендер мен бұлақтар – 923,2 мың га (0,3 %) алады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) аясында дайындалған, «Қазақстанның жаңа мыңжылдықтағы су ресурстары» Шолуының деректеріне сәйкес, Қазақстанда, республика аумағында 39 мыңға жуық өзендер мен уақытша ағын сулар бар, оның 7 мыңнан астамының ұзындығы 10 км асады. Көлдер өте көп, олардың саны 48 мыңнан аса және жалпы су бетінің көлемі 45 мың км<sup>2</sup> құрайды. Негізгі су қоймалары (көктемгі су ағысын тоқтатуға есептелген шағын бөгендер мен тоғандарды есептемегенде) 200 бірліктен, ал сыйымдылығы 95,5 км<sup>3</sup> асады.

Есептік кезең ішінде өзендер мен бұлақтар алып жатқан жер көлемі 1,3 мың гектарға, жасанды су қоймалары алып жатқан жер 0,4 мың гектарға ұлғайды, ал көлдер алып жатқан жер көлемі 47,0 мың гектарға азайды (36-кесте).

36-кесте

#### 1991-2021 жылдардағы су алып жатқан жер көлемінің динамикасы

Көрсеткіштер	1991 ж.	2001 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер(+, -)	
					2021 ж.	2021 ж.
					1991 ж. қарағанда	2020 ж. қарағанда
<b>Барлық жер</b>	<b>7 845.8</b>	<b>7 716.2</b>	<b>7 654.7</b>	<b>7 609.4</b>	<b>-236.4</b>	<b>-45.3</b>
соның ішінде:						
өзендер мен бұлақтар	731.1	836.7	920.7	922.9	<b>+191.8</b>	<b>+1.3</b>
көлдер	6 328.7	6 062.9	5933.0	5 885.3	<b>-443.4</b>	<b>-47.0</b>
жасанды су айдындары	786.0	816.6	800.9	801.2	<b>+15.2</b>	<b>+0.4</b>

Су алып жатқан жердің негізгі көлемі Қызылорда облысында, Арал теңізі айдынымен қоса – 2,4 млн. га (31,1 %), Алматы облысында, Алакөл, Балқаш көлдерімен қоса – 1,4 млн. га (18,0 %) және Шығыс Қазақстан облысында (Бұқтырма су қоймасы) – 0,9 млн. га немесе 11,3 % құрайды (37-кесте).

Көлдердің жалпы көлемінің ішінде тұщы сулы көлдер бар болғаны 450,6 мың га (7,6 %) алады. Қалған көлдердің суы тұзды және олардың тұздану дәрежесі әртүрлі.

**2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша  
су алып жатқан жер көлемі**

мың га

Облыстар атауы	Су алып жатқан жер, барлығы	соның ішінде			
		өзендер, бұлақтар алып жатқаны	көлдер алып жатқаны	оның ішінде тұщы сулы көлдер	жасанды су айдындары
Ақмола	382.4	43.4	307.3	76.4	31.7
Ақтөбе	273.8	95.8	160.7	20.5	17.3
Алматы	1 371.6	165.2	1 044.4	17.2	162.1
Атырау	95.4	77.4	16.0	1.5	2.0
Шығыс Қазақстан	858.1	176.5	367.2	60.6	314.4
Жамбыл	352.0	18.5	316.9	9.2	16.6
Батыс Қазақстан	147.0	100.4	29.5	1.2	17.1
Қарағанды	532.5	89.1	405.5	13.8	37.9
Қызылорда	2 365.7	22.6	2 342.8	13.4	0.3
Қостанай	398.3	34.0	304.2	81.7	60.1
Маңғыстау	3.9	0.0	0.0	0.0	3.9
Павлодар	297.7	30.9	248.2	58.4	18.6
Солтүстік Қазақстан	363.8	14.1	332.8	96.7	16.9
Түркістан	157.5	50.2	5.5	-	101.8
Шымкент қ.	1.6	1,1	-	-	0,5
Алматы қ.	0.6	0.3	0.3	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	7.5	3.4	4.1	-	-
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>7 609.4</b>	<b>923.2</b>	<b>5 885.3</b>	<b>450.6</b>	<b>801.2</b>

Қазақстан Республикасының Жер және Су кодекстеріне сәйкес, су объектілерінің жағалауынан, ерекше пайдалану шарттарымен, су қорғау аймақтары мен белдеулері үшін жер телімдері бөлініп берілуі тиіс. Алайда, осы уақытқа дейін, көптеген су көздері бойынша, олар белгіленбеген және су қорғау аймақтары мен белдеулеріне арналған жерді, су және жер заңнамаларын бұза отырып пайдалану жағдайлары орын алып жатады. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілей отырып, барлық су көздеріне түгендеу жүргізудің шұғыл қажеттілігі пісіп жетілді.

**Басқа алқаптар.** Каналдар, коллекторлар, батпақтар, алаңдар, жолдар, көшелер, гүл бақтары алып жатқан жерлер мен бүлінген және басқа жерлерді талдау, өткен жылмен салыстырғанда, есептік кезеңде олардың көлемдерінде ұлғаю жағынан да, азаю жағынан да өзгерістер болғандығын көрсетті. Арықтар, коллекторлар алатын жер көлемі 0,3 мың гектарға, құрылыс алып жатқан жер 4,9 мың гектарға, бүлінген жерлер 2,6 мың гектарға, батпақты жерлер 28,4 мың гектарға, алаңдар, жолдар, көшелер алатын жер 13,7 мың гектарға үлкейсе, саябақтар, скверлер 0,7 мың га, өзге жерлер 464,4 мың га азайды. Бұл өзгерістер

облыстар бойынша жер балансын дайындау кезінде жер көлемдерін нақтылау нәтижесінде айқындалды. Бұған қоса, басқа алқаптар өнеркәсіп мақсаттары үшін жер беру есебінен де ұлғайды (38-кесте).

38-кесте

### 2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша басқа алқаптар көлемі

мың га

Облыстар атауы	Каналдар, коллекторлар алып жатқаны	Батпақтар алып жатқан жер	Алаңдар, жолдар, көшелер алып жатқаны	Саябақтар, скверлер алып жатқаны	Құрылыс алып жатқаны	Бүлінген жерлер	Басқа жерлер
Ақмола	2.9	68.7	136.0	1.6	112.5	20.7	227.6
Ақтөбе	0.6	19.2	94.3	0.2	31.6	13.5	2 526.7
Алматы	21.9	183.9	99.2	3.2	87.5	6.9	2 374.6
Атырау	28.3	407.6	38.1	-	70.0	2.2	1 398.2
Шығыс Қазақстан	3.1	87.9	147.8	2.9	65.8	12.8	1 744.6
Жамбыл	11.4	29.9	138.1	0.3	39.4	6.2	2 341.9
Батыс Қазақстан	8.1	34.6	85.0	0.4	19.5	4.4	756.9
Қарағанды	3.9	20.6	149.7	4.0	65.7	46.1	4 301.4
Қызылорда	38.3	12.6	52.9	0.1	17.5	3.0	3 677.7
Қостанай	1.0	163.8	128.0	1.8	106.9	40.1	368.8
Маңғыстау	-	-	46.0	-	13.1	70.5	3 627.4
Павлодар	7.2	43.2	123.2	0.1	54.0	12.1	349.4
Солтүстік Қазақстан	0.4	91.4	83.7	2.7	78.6	4.0	101.4
Түркістан	18.6	1.7	58.9	1.3	87.7	2.3	635.7
Шымкент қ.	0.2	-	14.0	0.1	13.8	0.3	2.0
Алматы қ.	-	-	7.9	1.3	23.1	-	7.9
Нұр-Сұлтан қ.	-	0.3	7.9	0.4	7.1	0.2	31.4
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>145.9</b>	<b>1 165.4</b>	<b>1 410.7</b>	<b>20.4</b>	<b>893.8</b>	<b>245.3</b>	<b>24 473.6</b>

#### 1.4. Суармалы жерлер және оларды пайдалану

Қазақстанның аумағы ылғалдануы жеткіліксіз аймаққа жатады, ал орталық және оңтүстік аудандары, тау етегі мен таулы аудандардан басқасы, қуаң аймаққа жатады. Соған байланысты, ауыл шаруашылығы мелиорациясының негізгі көлемін суармалы жерлер алады және бұл оларды дұрыс пайдаланғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарынан, табиғи жағдайларға қарамастан, тұрақты өнім алып отыруға көмектеседі.

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша республикада 2,2 млн. га суармалы жер бар, оның 1,8 млн. гектары (80,4%) ауыл шаруашылығы



мақсатындағы жер құрамында, 229,3 мың га (10,1 %) – босалқы жерде, 205,1 мың га (9,0 %) – елді мекендер жерінде.

Суармалы жер көлемінің динамикасы санаттар бойынша 39-кестеде берілді.

39-кесте

**1991-2021 жылдардағы санаттар бойынша суармалы жер көлемінің динамикасы**

Жер санаттары	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж.	2021 ж.
					1991 ж. қарағанда	2020 ж. қарағанда
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	2 308.4	1 640.2	1 809.9	1 826.0	-482.4	+16.1
Елді мекендер жері	53.9	141.8	200.7	205.1	+151.2	+4.4
Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл аруашылығына арналмаған өзге де жер	7.2	3.8	2.5	2.6	-4.6	+0.1
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	0.2	1.2	0.6	0.6	+0.4	0.0
Орман қорының жері	8.4	8.9	7.7	7.7	-0.7	0.0
Су қорының жері	1.0	0.4	0.5	0.6	-0.4	+0.1
Босалқы жер	0.4	431.3	229.2	229.3	+228.9	+0.1
<b>Барлық жер</b>	<b>2 379.5</b>	<b>2 227.6</b>	<b>2 251.1</b>	<b>2 271.9</b>	<b>-107.6</b>	<b>+20.8</b>

Есепті жылы мелиорациялық шараларды жүзеге асыру және суарылмайтын алқаптарды суармалы жерлерге ауыстыру есебінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлердің көлемі– 16,1 мың гектарға, елді мекендердің жері – 4,4 мың гектарға, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер- 0,1 мың гектарға, су қоры жерлері – 0,1 мың гектарға, босалқы жерлер – 0,1 мың гектарға ұлғайды.


Ауыл шаруашылығы мақсатындағы және елді мекендердің суармалы жері, негізінен, республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстары: Алматы,

Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында шоғырланған.

Суармалы жерлердің республикадағы жалпы көлемінен облыстар бойынша үлесі 13-суретте көрсетілді.

13-сурет

**Суармалы жерлерді облыстар бойынша бөлу, %**



Суармалы жерлерді облыстарға қатысты санаттар бойынша бөлу 40-кестеде келтірілді.

## 2021 жылғы 1 қарашадағы суармалы жерлерді облыстарға қатысты санаттар бойынша бөлу

Облыстар атауы	Жер санаттары							Барлық жер
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	елді мекендер жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс және басқа а/ш арналмаған жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жер	
Ақмола	22.6	0.8	-	0.1	2.1	-	6.3	31.9
Ақтөбе	15.5	3.1	-	-	0.4	-	11.3	30.3
Алматы	495.3	47.4	-	0.1	1.5	-	40.3	584.6
Атырау	14.3	3.1	-	-	0.1	-	4.3	21.8
Шығыс Қазақстан	150.1	13.4	-	-	-	-	33.2	196.7
Жамбыл	186.4	26.0	1.3	-	0.5	-	16.7	230.9
Батыс Қазақстан	31.2	0.2	-	-	0.1	-	25.7	57.2
Қарағанды	70.8	2.9	-	0.1	-	-	22.7	96.5
Қызылорда	220.1	12.6	0.5	-	2.2	0.1	18.6	254.1
Қостанай	11.5	6.7	-	-	-	-	14.1	32.3
Маңғыстау	1.0	1.0	-	-	-	0.3	-	2.3
Павлодар	110.2	8.1	-	-	0.1	-	18.7	137.1
Солтүстік Қазақстан	14.9	0.3	-	-	0.1	-	1.9	17.2
Түркістан	482.1	51.0	0.8	0.3	0.6	0.2	15.5	550.5
Шымкент қ.	-	25.3	-	-	-	-	-	25.3
Алматы қ.	-	2.9	-	-	-	-	-	2.9
Нұр-Сұлтан қ.	-	0.3	-	-	-	-	-	0.3
<b>Барлығы</b>	<b>1 826.0</b>	<b>205.1</b>	<b>2.6</b>	<b>0.6</b>	<b>7.7</b>	<b>0.6</b>	<b>229.3</b>	<b>2 271.9</b>

Әкімшілік облыстар шекарасындағы суармалы жерлердің көлем мөлшері бойынша біршама ерекшеленеді. Бұл жерлердің неғұрлым ірі көлемдері Алматы – 584,6 мың га, Түркістан – 550,5 мың га, Қызылорда – 254,1 мың га, Жамбыл – 230,9 мың га, Шығыс Қазақстан – 196,7, мың га және Павлодар облыстарында – 137,1 мың га шоғырланған.

Есепті жылдағы суармалы жерлерді облыстарға қатысты алқаптар бойынша бөлу 41-кестеде берілді.

41-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы суармалы жерлерді облыстарға қатысты алқаптар бойынша бөлу**

Облыстар атауы	Барлық жер	Соның ішінде					барлық ауыл шаруашылығы алқаптары, бау-бақшамен бірге
		егістік	тыңайған жер	көп жылдық екпелер	шабындық	жайылым	
Ақмола	31.9	17.2	4.2	0.7	0.0	9.8	31.9
Ақтөбе	30.3	12.3	10.3	1.5	0.9	5.3	30.3
Алматы	584.3	478.0	37.0	23.5	8.3	27.0	573.8
Атырау	21.8	9.1	11.3	0.8	0.0	0.6	21.8
Шығыс Қазақстан	196.7	132.6	58.2	1.2	0.9	3.4	196.3
Жамбыл	230.9	205.0	0.0	6.3	0.5	3.7	215.5
Батыс Қазақстан	57.2	17.8	28.5	0.7	0.7	9.5	57.2
Қарағанды	96.5	63.6	21.5	0.5	0.2	9.6	95.4
Қызылорда	254.1	192.2	59.4	2.4	0.0	0.1	254.1
Қостанай	32.3	6.3	3.0	8.4	2.9	11.7	32.3
Маңғыстау	2.3	1.0	0.3	0.5	0.4	0.2	2.2
Павлодар	137.1	111.4	20.6	1.8	0.0	1.6	135.4
Солтүстік Қазақстан	17.2	11.7	0.7	0.0	0.7	4.1	17.2
Түркістан	550.5	456.9	51.2	36.3	2.2	3.9	550.5
Шымкент қ.	25.3	19.6	0.1	5.6	0.0	0.0	25.3
Алматы қ.	2.9	1.6	0.0	1.3	0.0	0.0	2.9
Нұр-Сұлтан қ.	0.3	0.1	0.0	0.2	0.0	0.0	0.3
<b>Барлығы (аумақ)</b>	<b>2 271.9</b>	<b>1 736.4</b>	<b>306.3</b>	<b>91.7</b>	<b>17.7</b>	<b>90.5</b>	<b>2 242.4</b>

Суару жүйесі бар жыртылған жерлердің (егістік және тыңайған жерлер) ең үлкен көлемі Алматы – 515,0 мың га, Түркістан – 508,1 мың га, Қызылорда – 251,6 мың га, Жамбыл – 205,0 мың га және Шығыс Қазақстан – 190,8 мың га, Павлодар облыстарында – 132,0 мың га орналасқан.

1991-2021 жылдардағы суармалы жерлер көлемінің динамикасын қарай отырып (42-кесте), олардың Алматы, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Атырау, Жамбыл, Ақтөбе, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында ең көп дәрежеде азайғандығын байқауға болады. Мұнымен бір мезгілде, Павлодар және Түркістан облыстарында суармалы жерлердің жыл сайынғы өсімі байқалады.

42-кесте

**1991-2021 жылдардағы суармалы жерлер көлемінің облыстар бойынша динамикасы**

Облыстар атауы	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-)	
					2021 ж.	2021 ж.
					1991 ж.	2020 ж.
					қарағанда	қарағанда
Ақмола	45.2	44.5	31.6	31.9	-13.3	+0.3
Ақтөбе	44.9	29.3	30.3	30.3	-14.6	-
Алматы	661.0	594.9	584.3	584.3	-76.4	+0.3
Атырау	44.3	44.0	21.8	21.8	-22.5	-
Шығыс Қазақстан	223.5	219.1	195.9	196.7	-26.8	+0.8
Жамбыл	249.3	237.5	230.9	230.9	-18.4	-
Батыс Қазақстан	66.7	55.8	55.8	57.2	-9.5	+1.4
Қарағанды	96.6	89.6	93.1	96.5	-0.1	+3.4
Қызылорда	286.0	277.7	252.0	254.1	-31.9	+2.1
Қостанай	39.8	41.6	32.3	32.3	-7.5	-
Маңғыстау	1.7	2.0	2.3	2.3	+0.6	-
Павлодар	81.6	59.5	126.8	137.1	+55.5	+10.3
Солтүстік Қазақстан	35.4	22.8	17.0	17.2	-18.2	+0.2
Түркістан	495.8	500.4	548.5	550.5	+54.7	+2.0
Шымкент қ.	-	-	25.3	25.3	+25.3	-
Алматы қ.	7.7	4.9	2.9	2.9	-4.8	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	4.7	0.3	0.3	+0.3	-
<b>Барлығы</b>	<b>2 379.5</b>	<b>2 228.3</b>	<b>2 251.1</b>	<b>2 271.9</b>	<b>-107.6</b>	<b>+20.8</b>

Ағымдағы жылы суармалы жерлердің жалпы ұлғаюы тәлімі жерлерді игеру есебінен 20,8 мың гектарды құрады, атап айтқанда Павлодар облысында – 10,3 мың га, Қарағанды облысында – 3,4 мың га, Қызылорда облысында – 2,1 мың га, Түркістан облысында – 2,0 мың га, Батыс Қазақстан облысында – 1,4 мың га, Шығыс Қазақстан облысында – 0,8 мың га, Ақмола облысында 0,3 мың га, Алматы облысында – 0,3 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында – 0,2 мың гектарға тең болды.

Алқап түрлері бойынша, тәлімі жерлерді өзгерту және басқа алқап түрлерін игеру нәтижесінде, суармалы егістік 21,2 мың гектарға, көпжылдық екпелер 1,2 мың гектарға, шабындықтар 0,5 мың гектарға ұлғайса, тыңайған жерлер 1,8 мың гектарға және жайылымдар 0,6 мың гектарға азайды.

Алқап түрлері бойынша суармалы жер көлемінің динамикасы 43-кестеде берілді.

43-кесте

**1991-2021 ж.ж. алқап түрлері бойынша суармалы жер көлемінің динамикасы**  
мың га

Алқап түрлері	1991 ж.	2000 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+,-)	
					2021 ж. 1991 ж. қарағанда	2021 ж. 2020 ж. қарағанда
Егістік	1 969.7	1 371.3	1 715.0	1 736.2	-233.5	+21.2
Көп жылдық екпелер	112.7	93.1	90.5	91.7	-21.0	+1.2
Тыңайған жер	52.2	566.5	308.1	306.3	+254.1	-1.8
Шабындық	22.9	17.8	17.2	17.7	-5.2	+0.5
Жайылым	123.5	109.3	91.1	90.5	-33.0	-0.6
<b>Ауыл шаруашылығы жерінің барлығы</b>	<b>2 281.0</b>	<b>2 158.0</b>	<b>2 221.9</b>	<b>2 242.4</b>	<b>-38.6</b>	<b>+20.5</b>
Басқа алқаптар	98.5	70.3	29.2	29.5	-53.5	+0.3
<b>Суармалы жердің барлығы</b>	<b>2 379.5</b>	<b>2 228.3</b>	<b>2 251.1</b>	<b>2 271.9</b>	<b>-92.1</b>	<b>+20.8</b>

Суару каналдарында реттеуші тарату құрылғылары мен су есептегіш құралдардың жоқтығы да суармалы егіншіліктегі маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Осының нәтижесінде, суармалы телімдердің магистралды каналға қарай орналасуына, яғни алыс не жақын орналасқандығына қарай, оларда суды пайдалану біркелкі болмайды. Егістік танабы магистральды каналға тікелей жақын орналасқан фермерлер суды молынан алады, ал жер телімдері алыстаған сайын су проблемасы туындап, суару қиындай бастайды. Сонымен қатар, су пайдалану үшін төлем, көп жағдайда, суару үшін пайдаланылған су көлемі бойынша емес, 1 га суармалы жерге есептелген тариф бойынша алынады.

Мұның бәрі судың үнемсіз жұмсалыуына және оның пайдасыз төгілуіне әкеледі, сондай-ақ сенімді коллекторлық-кәріздік жүйе болмаса, жер асты суы көтеріліп, топырақтың тұздануы мен батпақтануына ықпал етеді. Берілген судың 30-дан 60%-ға дейінгі мөлшері, жер асты суын толықтыра отырып, қайтарымсыз ысырап болады. Аталған себептер су ресурсын ұтымды пайдалануға кері әсер етеді және суармалы жерді тиімді пайдалануға кедергі келтіреді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің сұратуы бойынша, Су ресурстары комитеті мен жергілікті атқарушы органдар дайындаған «Суармалы жерлерді пайдалану және олардың мелиорациялық жай-күйі, коллекторлық-кәріздік жүйенің техникалық жай-күйі және 2020-2021 ж. суармалы жерлерді жақсарту бойынша жүргізілетін іс-шаралар туралы ақпаратқа» сүйенсек, суармалы жерлердің жалпы 2 222,6 мың га көлемінің 566,8 мың гектары немесе 25,5%-ы пайдаланылмаған (44-кесте). Суармалы жерлердің толық пайдаланылмауының негізгі себебі – жердің мелиоративтік жай-күйінің нашарлауына алып келетін, суару және кәріз жүйелерінің біршама тозуы мен істен шығуы. Бұл көптеген шаруа, фермерлік және басқа да шаруашылықтар арасында бөлінген суару алқаптарында көптеген шаруашылықаралық және шаруашылықішілік суару және кәріз жүйелерін күтіп-ұстаудың дұрыс ұйымдастырылмағандығына, яғни күтімсіз қалғандығына байланысты болып отыр. Сондай-ақ, бұл – суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің және алқап құрамы құрылымының нашарлауының басты себептерінің бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта пайдаланылмайтын суармалы жерлердің негізгі алқаптары Алматы (108,0 мың га) 19,1%, Шығыс Қазақстан (155,1 мың га) 27,4%, Қарағанды (51,8 мың га) 9,1%, Қызылорда (57,0 мың га) 10,1%, Павлодар (48,9 мың га) 8,6%, Қостанай облыстарында (27,8 мың га) 4,9% және Түркістан (58,8 мың га) 10,4%, облыстарында саналады.

44-кестеде келтірілген деректерді талдай отырып, Атырау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында суармалы жерлер толығымен (65-90%) пайдаланылмайды деп айтуға болады.

Ауыл шаруашылығының тиімділігі жерді мелиорациялау бойынша жүргізілетін іс-шараларға тікелей байланысты. Осыған орай, суармалы жерлердің сапалық жай-күйін қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат басқа ауыл шаруашылығы іс-шараларымен кешенді түрде және тығыз өзара әрекеттесе отырып, әзірленуі және жүргізілуі тиіс.

## 2021 жылдағы бар суармалы жерлер және оларды пайдалану

мың га

Облыстар атауы	Бар суармалы жерлер	Пайдаланылған суармалы жерлер	Пайдаланылмаған суармалы жерлер	соның ішінде, келесі себептер бойынша			
				тұздану, су басу, батпақтану	сумен қамтамасыз етілмеу	суару және дренаж жүйесінің ақаулығы	өзге себептер
Ақмола	31.9	29.6	2.3	-	-	2.0	0.3
Ақтөбе	30.3	30.3	-	-	-	-	-
Алматы	584.6	500.8	83.8	21.3	-	21.7	40.8
Атырау	21.8	9.4	12.4	-	2.0	-	10.4
Шығыс Қазақстан	196.7	49.7	147.0	-	80.4	65.5	1.1
Жамбыл	230.9	128.3	102.6	2.6	-	8.3	91.7
Батыс Қазақстан	57.2	6.6	50.6	-	20.5	-	30.1
Қарағанды	96.5	22.9	73.6	0.8	-	-	51.6
Қызылорда	254.1	196.9	57.2	4.5	-	4.2	48.5
Қостанай	32.3	9.2	23.1	-	-	-	23.1
Маңғыстау	2.3	-	2.3	-	-	-	2.3
Павлодар	137.1	57.9	79.2	4.8	2.1	21.0	51.3
Солтүстік Қазақстан	17.2	1.8	15.4	-	0.001	1.708	13.691
Түркістан	550.5	514.2	36.3	9.0	14.9	-	12.4
<b>Барлығы</b>	<b>2 243.4</b>	<b>1 557.6</b>	<b>685.8</b>	<b>43.0</b>	<b>119.901</b>	<b>145.608</b>	<b>377.291</b>

Ескерту: деректерді жергілікті атқарушы органдар ұсынған;



## Жайылма суару

Жер балансының деректері бойынша республикада жайылма (көлдетіп) суарылатын жер көлемінде соңғы 30 жыл ішінде елеулі өзгерістер болған жоқ және 1989 жылдағы 899 мың гектардан 2021 жылы 864,2 мың гектарға дейін ауытқиды.

Жайылма суару жерінің негізгі көлемі Орал, Ертіс, Сарысу, Нұра, Торғай, Есіл және Талас өзендерінің бассейндерінде шоғырланған.

Есепті жылға арналған жайылма суарылатын жерлерді облыстар бойынша бөлу 45-кестеде келтірілген.

45-кесте

### 2021 жылғы 1 қарашадағы жайылма суарылатын жерлерді облыстар бөлінісінде алқаптар бойынша бөлу

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	Соның ішінде				
		егістік	тыңайған жер	шабындық	жайылым	а/ш алқабы, барлығы
Ақмола	84.0	0.3	-	72.5	11.2	84.0
Ақтөбе	103.9	-	-	101.5	2.4	103.9
Алматы	-	-	-	-	-	-
Атырау	60.6	-	-	51.5	9.1	60.6
Шығыс Қазақстан	80.6	-	-	71.7	8.9	80.6
Жамбыл	17.8	-	-	15.0	2.8	17.8
Батыс Қазақстан	256.0	-	1.1	207.3	47.6	256.0
Қарағанды	83.3	1.4	1.1	78.3	2.5	83.3
Қызылорда	-	-	-	-	-	-
Қостанай	104.3	-	-	44.0	60.3	104.3
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-
Павлодар	73.3	-	-	69.0	4.3	73.3
Солтүстік Қазақстан	0.4	-	-	0.4	-	-
Түркістан	-	-	-	-	-	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>864.2</b>	<b>1.7</b>	<b>2.2</b>	<b>711.2</b>	<b>149.1</b>	<b>863.8</b>

Жайылма суару, негізінен, Жайық, Торғай, Тобыл және басқа өзендердің көктемгі ағысы арқасында, Қазақстанның батысы мен солтүстігінде жақсы дамыған.

Жайылма суарылатын жердің өнімділігі соңғы жылдары өте төмен және мұны, ең алдымен, жайылма суарудың инженерлік және жартылай инженерлік жүйелерінің бұзылуына байланысты бұл жерлерді су басу мүмкіндігі болмай отырғандығымен түсіндіруге болады. Қазіргі колда бар жүйелерде су реттегіш және қашыртқы құрылғылар жоқ, тек қарапайым бөгет-тоғандар ғана, соның

салдарынан су тасқыны кезінде оларды су жиі бұзып кетеді. Жайылманы пайдалану, су тасқынының өту мерзімдеріне сәйкес келетін, ерте көктемде мүмкін болады, бұл кезеңде алқаптарды бір ретке су басады және су басу ұзақтығы осы режимге тәуелді болады.

Жайылма суару жері, негізінен, шабындық алқаптары (82,3%) ретінде пайдаланылады, егістік 1,7 мың га, тыңайған жерлер – 2,2 мың га, жайылымдар – 149,1 мың га болады.

Экономиканың әртүрлі салаларының су ресурстарын ұтымды пайдалануы мәселелерін шешу үшін, «Қазгипросушаруашылығы» ӨК Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырмасына сәйкес мемлекеттік тапсырыс шеңберінде барлық республикаішілік су шаруашылығы бассейндерінің: Арал - Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Орал, Тобыл, Торғай, Нұра, Сарысу, Шу және т. б. су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын (бұдан әрі – Схемалар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас схемасын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 200 қаулысымен бекітілген) әзірледі.

Бұл схемалардың негізгі міндеті 2021 жылға дейінгі кезеңге суармалы жерлердің жағдайын қалпына келтіру және жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу болып табылады. Суармалы жерлердің мелиоративтік сипаттамасына және өзендердің әрбір бассейнінің ирригациялық желісінің техникалық жай-күйіне байланысты, схемаларда суармалы жерлердің қолда бар қорын пайдалану тиімділігін арттыруға және олардың ықтимал өсуіне бағытталған негізгі іс-шаралар белгіленген. Көзделген іс-шараларды жүзеге асыру үшін, қажетті күрделі қаржы жұмсалымдары анықталды.

Схемаларда суармалы егіншілікті оңалту үшін белгіленген негізгі іс-шаралар келесіге негізделеді:

су жинағыштар мен шаруашылық су бөлгіштерді инженерлік құрылыстармен және автоматтандырылған басқару және су есептеу құралдарымен жабдықтау арқылы, суару жүйелерін басты қоректендіруді қайта орнату;

істен шыққан тиімділігі аз суару жүйелеріне кешенді қайта жаңарту жүргізу;

суару желісінде, тоғандар мен су қоймаларында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

суармалы жерлердің инфрақұрылымын (жолдар, байланыс, басқару және пайдалану қызметі) қалпына келтіру;

су үнемдеуші технологияларды қолдана отырып, суару әдістері мен техникасын жетілдіру;

суару жүйелерін техникалық қайта жарақтандыру, ескірген техниканы, су бөлу құралдарын жана озық құралдарға ауыстыру;

суармалы жерлердің бір бөлігін жер асты, қайтарымды, дренаждық және тазартылған ағынды суларды пайдалануға ауыстыру.

Схемаларда жайылма суаруды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында тұрақты бөгеттерді, топырақ үймелерін, реттегіш шлюздерді және су ағызғыштарды қалпына келтіре және орната отырып, оларды қайта жаңарту көзделген.

Суару жүйелерін қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру бойынша белгіленген іс-шараларды орындау, республикада суармалы егіншілікті қажетті техникалық және экономикалық деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

### **1.5. Жер қорын табиғи аймақтар бойынша бөлу**

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, еліміздің аумағында табиғи жағдайлары бойынша мынадай 10 аймақ ерекшеленеді:

- 1) орманды дала;
- 2) дала;
- 3) қуаң дала;
- 4) шөлейтті;
- 5) шөлді;
- 6) тау етегі-шөлді-далалық;
- 7) субтропикалық шөлді;
- 8) субтропикалық-тау етегі-шөлді;
- 9) орта азиялық таулы;
- 10) оңтүстік-сібір таулы аймақтар.


Аймақтардың табиғи жағдайлары бойынша республика аумағында орналасуы 14-суретте көрсетілді.

Орманды дала аймағы Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік бөлігін алады. Аймақтың көлемі 0,8 млн. га құрайды, оның 0,5 млн. гектары – ауыл шаруашылығы алқаптары.

Далалы аймаққа Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстарының солтүстік бөлігі, Солтүстік Қазақстан облысының негізгі аумағы кіреді, жалпы көлемі 26,5 млн. га, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары – 23,5 млн. га.

14-сурет

### Республика аумағын табиғи жағдайлары бойынша аймақтарға бөлу



Түсі және индексі	Табиғи аймақтар	Ауданы, млн.га	%	Оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары, млн.га	%
I	орман дала	0,8	0,3	0,5	0,2
II	далалық	26,5	9,7	23,5	10,7
III	құрғақ дала	62,4	22,9	54,7	24,9
IV	жартылай шөлейт	37,2	13,7	33,9	15,4
V	шөлді	112,1	41,1	81,4	37,2
VI	тау етегі-шөлді-дала	12,3	4,5	10,2	4,7
VII	субтропикалық шөл	4,4	1,6	3,8	1,7
VIII	субтропикалық тау етегі-шөл	3,5	1,3	3,1	1,4
IX	ортаазиялық тау	10,1	3,7	7,1	3,2
X	оңтүстік сібір тауы	3,2	1,2	1,4	0,6
Республика бойынша барлығы		<b>272,5</b>	<b>100</b>	<b>219,6</b>	<b>100</b>

Қуаң дала аймағы Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының солтүстік бөлігін, Қостанай облысының орталық аумағын, Павлодар облысының негізгі бөлігін, Ақмола облысының – оңтүстік бөлігін және Шығыс Қазақстан облысының – солтүстік бөлігі (Семей өңірі) мен тау етегі аумағын қамтиды. Аймақ көлемі – 62,4 млн. га, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары – 54,7 млн. га. Дала және қуаң дала аймақтарында егістіктің негізгі көлемі орналасқан. Мұнда негізгі астық өндірісі шоғырланған.

Шөлейтті аймақ Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды облыстарының орталық бөлігін, Семей өңірінің негізгі бөлігін, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан көліне іргелес орналасқан жазық аумағын алады. Аймақ көлемі – 37,2 млн. га, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары – 33,9 млн. га.

Аумақ көлемі бойынша шөлді аймақ ең ірі аймақ болып табылады және Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының оңтүстік бөлігін, Шығыс Қазақстан облысының – оңтүстік-батыс бөлігін, Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарының – солтүстік бөлігін, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстарының негізгі аумағын қамтиды. Оның көлемі 112,1 млн. га (республика аумағының 41,1%-ын) құрайды. Мұнда ауыл шаруашылығы алқаптарының 37,6%-ы шоғырланған (83,4 млн.га).

Тау етегі-шөлді-далалық аймақ Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарының тау бөктерін, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарының аздаған аумақтарын қамтиды. Оның көлемі 12,3 млн. га, оның ішінде 10,2 млн. га – ауыл шаруашылығы алқаптары.

Субтропикалық шөлді аймақ Түркістан облысының оңтүстік-батыс бөлігін және Маңғыстау облысының шеткі оңтүстігінде аздаған аумақты алады, жалпы көлемі 4,4 млн. га, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары – 3,8 млн. га.

Субтропикалық-тау етегі-шөлді аймақ Түркістан облысының батыс Тянь-Шань таулы аумағында 3,5 млн.га жерде белгіленген. Онда 3,1 млн. га ауыл шаруашылығы алқаптары бар.

Орта азиялық таулы аймақ Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік бөлігіндегі және Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарының шегіндегі Тянь-Шань және Жоңғар Алатауының таулы жоталары аумағын қамтиды. Оның көлемі 10,1 млн. га құрайды, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары – 7,1 млн. га.

Оңтүстік-Сібір таулы аймақ Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-шығыс бөлігінде Алтай тауын қамтиды, көлемі 3,2 млн. га, оның 1,4 млн. гектары – ауыл шаруашылығы алқаптары.

Жерді ұтымды пайдалану, ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен болжамдарды және елдің әр өңірінің жерін пайдалану мен қорғау бойынша басқа да салалық және өңірлік бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыру кезінде табиғи аймақтарға бөлудің маңызы зор.

Табиғи-климаттық жағдайлар топырақтың құнарлы қабатының қалыптасуына, демек, жер алқаптарының сапасы мен жерді пайдалану сипатына да айтарлықтай әсер етеді. Олар жер пайдаланудың нысаналы мақсаты мен режимін белгілеуге тікелей ықпал етеді.

Аймақтарға бөлу табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыру, экономика салаларын дамыту және орналастыру, аграрлық секторда өндірісті мамандандыру, жер-бағалау жұмыстарын орындау, жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу бойынша маңызды мәселелерді шешу, сондай-ақ жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу кезінде қажетті негіз болып табылады.

## **2. ЖЕРДІҢ САПАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ**

### **2.1. Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық сипаттамасы**

#### **2.1.1. Топырақтың сипаттамасы**

Қазақстанның әртүрлі климаттық және геологиялық жағдайлармен шартталған топырақ жамылғысының алуан түрлі болуы, ауыл шаруашылығы өндірісі бағыттарының кең спектрлі түрде дамуын алдын ала айқындады. Ауыл шаруашылығында топырақ ресурстарын тиімді пайдалану генезисті, еліміздің топырақ жамылғысының географиясын зерттеу негізінде топырақ табиғаты, топырақтың түзілу процесі туралы сапалы білімді қажет етеді.

Республика аумағындағы топырақтың бөлінуі көлденең және тік топырақ белдемдігі (зоналылығы) заңдарына бағынады.

Қазақстан Республикасының жазықтық аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай төрт топырақ аймағынан: сұр орман топырағы, сілтісізденген қара топырақты және шалғынды қара топырақты орташа-ылғалды орманды дала аймағы; нақты және

оңтүстіктің қара топырақты орташа-қуаң дала аймағы; күрең топырақты қуаң дала және шөлейтті дала аймағы мен құба және сұрғылт-құба топырақты шөлді аймағынан тұрады (15-сурет).

Табиғи аймақтардың географиялық шекаралары сұр орман топырағының, қара топырақтың, күрең және құба шөл топырағының белдемелік типтерінің ареалына сәйкес келеді. Биоклиматтық жағдайлардың айқын біліну дәрежесі, негізгі және жүктеме топырақ түзілу процестерінің пайда болуы бойынша, табиғи және топырақ аймақтары оларға сәйкес топырақтың белдемелік топырақ түр тармақтарына сәйкес келетін тармақшаларға бөлінеді.

**Сұр орман топырақты, сілтісізденген қара топырақты және шалғынды қара топырақты орташа-ылғалды орманды дала аймағы** оңтүстік шетімен Қазақстан шегіне кіреді, салыстырмалы түрде шағын аумақты, Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік бөлігіндегі 800 мың гектарға жуық жерді алады.

Топырақ жамылғысы біркелкі емес және бедердің кәрізделу жағдайларына байланысты болады. Белдемдік топырақтар біртектес ірі алаптар түрінде сирек орналасады, керісінше топырақ комбинацияларының күрделі мозаикасын – сортаңдау шалғынды қара топырақпен, кебірлермен, кермекті топырақпен және шалғын топырағымен үйлесімдер, кешендер мен теңбілді құрылымдар құрайды.


Сілтісізденген қара топырақ өзен маңындағы жерлерде – жалдарда, ал жал аралықтарындағы алқаптарда гидроморфты және жартылай гидроморфты топырақ кең таралған. Теректі-қайыңды тоғайлары бар микрооймауытты жерлерде орманның сұр кермектелген қопа топырағы кездеседі.

Сұр орман топырағы 15,7 мың гектарды алады, оның 9,5 мың гектары – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында (46, 47-кестелер).

Сілтісізденген қара топырақ 484,8 мың га, соның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында 381,2 мың га есептеледі.

Сұр орман топырақты және сілтісізденген қара топырақты орманды дала аймағы жыртылған ауыл шаруашылығы алқаптарының 48,6%-ды құрайтын жоғары пайызымен сиптталады, республика бойынша орташа көрсеткіш – 12,4 %.

## Топырақ



## Шартты белгілер

	қара топырақ-кәдімгі және оңтүстік		сұр топырақтар
	қара топырақ-кәдімгі және оңтүстік сортаң		тау-тау бөктеріндегі қара топырақты және қараңғылықты топырақ
	қара қоңыр және қоңыр топырақ		биік таулы альпілік және субальпіялық топырақ
	қара қоңыр және қоңыр топырақ сортаң		жайылма-шалғынды топырақ
	ашық қоңыр топырақ		сортаңдар, сортаңдар және олар басым кешендер
	қоңыр, сұр-қоңыр және тақыр түрлі топырақ		құмдар

Осы аймақтың қалыптасқан биоклиматтық және топырақ жағдайларындағы ауыл шаруашылығының негізгі бағыты – жаздық дәнді дақылдарды өсіруге арналған суарылмайтын егін шаруашылығы.

**Нақты және оңтүстік қара топырақты орташа-қуаң дала аймағы** батыста – Орал үстіртінен шығыста – Ертіс маңы жазығына дейін Қазақстанның барлық аумағы арқылы 2,2 мың шақырымда созылып жатыр. Дала аймағының жалпы көлемі 26,5 млн. га немесе республика аумағының 9,7%-ын құрайды.

Солтүстік Қазақстанның қара топырақты аймағына Батыс Сібір ойпатының оңтүстік бөлігі, Қазақ ұсақ шоқыларының солтүстік бөлігі, негізінен Көкшетаудың қыратты ауданы және Торғай үстіртінің едәуір бөлігі жатады.



**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқаптарының  
топырақтың негізгі түрлері мен түр тармақтары бойынша құрамы**

Топырақ түрлері мен түр тармақтарының атауы	Барлық жер		А/ш мақсатындағы жер	
	көлемі, мың га	жалпы көлемнің %-ы	көлемі, мың га	жалпы көлемнің %-ы
Орманды дала аймағының сұр орман топырағы	15,7	-	9,5	-
Орманды дала аймағының сілтісізденген қара топырағы	484,8	0,2	381,2	0,3
Дала аймағының нақты қара топырағы	9 226,3	4,3	8061,1	7,3
Дала аймағының оңтүстік қара топырағы	11 412,3	5,3	10000,0	9,0
Қуаң дала аймағының күңгірт күрең топырағы	33 621,0	15,7	29260,0	26,4
Қуаң дала аймағының күрең топырағы	20 594,0	9,6	16350,0	14,7
Шөлейтті аймақтың ашық күрең топырағы	31 196,1	14,6	13300,0	12,0
Шөлді аймақтың құба топырағы	31849,9	14,9	7150,0	6,4
Шөлді аймақтың сұрғылт-құба топырағы	28571,0	13,3	5 650,0	5,1
Шөлді дала аймағының солтүстік және оңтүстік сұр топырағы	11 448,5	5,4	7970,3	7,2
Тау етегі күрең топырағы	6 976,2	3,3	5000,0	4,5
Тау етегі қара топырағы	1 498,6	0,7	1300,0	1,2
Альпі және субальпі тау топырағы	1 449,0	0,7	324,0	0,3
Таулы орман топырағы	1 050,5	0,5	505,8	0,5
Таудың қара топырағы	2 432,7	1,1	1 300,0	1,2
Таудың күрең топырағы	4 047,3	1,9	2 147,0	1,9
Таудың сұр топырағы	267,9	0,1	111,0	0,1
Таудың құба және сұрғылт-құба топырағы	228,3	0,1	62,7	0,1
Құмдар	17 867,8	8,3	2 089,2	1,9
<b>Барлығы</b>	<b>214191,9</b>	<b>100,0</b>	<b>110971,8</b>	<b>100,0</b>

**Ескерту:** «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланылатын жерлер көрсетілмеген.

Топырақ түзуші жыныстар қызметін, көбінесе, салыстырмалы жұқа қабат болып жататын және үлкен емес тереңдікте үштік тұзды саздармен төселетін сары-

қоңыр саз және саздақ атқарады. Ертіс өңірінде және Есіл мен Тобыл өзендерінің жоғарғы террасалары бойынша топырақ түзілуі жеңіл механикалық құрамдағы ежелгі аллювий қабатында жүреді.

47-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы егістіктің негізгі топырақ түрлері мен түр тармақтары бойынша құрамы**

мың га

Топырақ түрлері мен түр тармақтарының атауы	Барлығы		А/ш мақсатындағы жер	
	егістік	с.і. суармалы	егістік	с.і. суармалы
Орманды дала аймағының сұр орман топырағы	6,5	-	6,3	-
Орманды дала аймағының сілтсізденген қара топырағы	236,7	-	227,1	-
Дала аймағының нақты қара топырағы	6070,9	12,6	6020,0	12,1
Дала аймағының оңтүстік қара топырағы	5430,0	27,0	5383,4	21,4
Қуаң дала аймағының күңгірт күрең топырағы	8494,3	143,7	8430,5	121
Қуаң дала аймағының күрең топырағы	2265,3	68,6	2125,0	61,8
Шөлейтті аймақтың ашық күрең топырағы	49,0	11,5	35,2	11
Шөлді аймақтың құба топырағы	16,4	15,0	14,9	14,9
Шөлді аймақтың сұрғылт-құба топырағы	234,7	227,8	218,7	205,3
Шөлді дала аймағының солтүстік және оңтүстік сұр топырағы	1838,4	912,0	1700,4	849,6
Тау етегі күрең топырағы	1 031,6	267,1	997,1	240,8
Тау етегі қара топырағы	585,0	18,3	577,9	15,7
Альпі және субальпі тау топырағы	-	-	-	-
Таулы орман топырағы	13,6	-	12,9	-
Таудың қара топырағы	189,0	4,3	185,1	4,2
Таудың күрең топырағы	171,2	24,1	161,3	22,3
Таудың сұр топырағы	25,9	2,4	22,7	2,3
Таудың құба және сұрғылт-құба топырағы	1,9	1,8	1,9	1,8
Құмдар	0,2	-	0,1	-
<b>Барлығы</b>	<b>26660,6</b>	<b>1736,2</b>	<b>26120,5</b>	<b>1584,2</b>

**Ескерту:** «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланылатын жерлер көрсетілмеген.

Қара топырақты дала аймағы кәдімгі қара топырақты (орташа қара шірінділі) орташа қуаң далалы және оңтүстік қара топырақты (қара шіріндісі аз) қуаң далалы белдем тармақтарына бөлінеді.

*Кәдімгі қара топырақты (орташа қара шірінділі) орташа қуаң далалы белдем тармағы* Батыс Сібір ойпатының оңтүстігінде, Қазақ ұсақ шоқысының және Орал үстіртінің солтүстік шетінде, ені 100-ден 140 шақырымға дейін жететін аумақты алады.

Бұл белдем тармағының топырақ жамылғысында кәдімгі қара топырақ (кәдімгі, карбонатты және сортаңды топырақ текті) кең таралған және көлемі 60%-дан асады. Бұлармен қатар, бедер ойпаңдарында, өзендер мен көлдердің террасаларында, оймауыт жерлерде шалғынның қара топырағы, сортаңдар мен сор жерлер, сондай-ақ шалғынды, шалғынды-батпақты, батпақты топырақтар мен кермек жерлер құрылады.

Орташа қара шірінділі қара топырақтың белдем тармағының ішінде қара шіріндісі көп (мол) топырақ та жекелеген теңбіл түрінде кездеседі.

Кәдімгі қара топырақ көлемі 9,2 млн. га құрайды. Солтүстік Қазақстан (5,2 млн. га), Қостанай (2,9 млн. га) және Ақмола (1,1 млн. га) облыстарында шщоғырланған.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында кәдімгі қара топырақ 8,1 млн. га алады.

Кәдімгі қара топырақты орташа қуаң дала белдем тармағында неғұрлым құнарлы, егістікке жарамды топырақ таралған және астық шаруашылығында толығымен игерілген. Егістіктің көлемі 6,1 млн. га немесе оның көлемінің 23,1%-ын құрайды. Бұл белдем тармағы тұрақты суарылмайтын егіншілікке өте қолайлы. Ауыл шаруашылығында тауарлық астық өндірісі мен ет-сүт мал шаруашылығы дамыған.

*Оңтүстік қара топырақты қуаң далалы белдем тармағы*, бедер жағдайларына қарай, ені 50-ден 125 шақырымға дейінгі аумақты алады. Оңтүстікке қарай ол кәдімгі қара топырақты ауыстырады.

Оңтүстік қара топырағы көбіне сортаңды немесе карбонатты, кейде бір мезгілде әртүрлі дәрежедегі сортаңдану мен карбонаттылықтың бірлескен түрінде кездеседі. Ойпатты жазықтарда, өзендер мен көлдердің террасаларында, оймауытты жерлерде шалғынды қара топырақ пен шалғынды топырақ, көбіне

сортандармен бір кешенде, сондай-ақ шалғынды-батпақты және батпақты топырақтар, сортандар мен кермек жерлер кең таралған.

Мұнда, алдыңғы белдем тармағына қарағанда, сортаңды және тұзданған топырақтар, сортандары бар топырақ белдем кешендері жиі кездеседі.

Қазақ ұсақ шоқысы, Оралдан әрі және Оралдың түбіндегі үстіртті жерлерінде толық дамымаған және аз дамыған оңтүстік қара топырағы таралған.

Оңтүстік қара топырағының көлемі 11,4 млн. га құрайды. Негізінен, олар, Ақмола облысында – 3,7 млн. га, Қостанай облысында – 3,2 млн. га, Солтүстік Қазақстан облысында – 2,5 млн. га, Павлодар облысында – 1,4 млн. га және Ақтөбе облысында – 0,7 млн. га жерде орналасқан.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында оңтүстік қара топырағы 10,0 млн. га құрайды.

Қазіргі уақытта тың даланың үлкен бөлігі жыртылған. Егістіктің көлемі 5,4 млн. га алады. Негізінен жаздық дәнді дақылдарды өсіру үшін пайдаланылады.

**Күңгірт-күрең және күрең топырақты қуаң дала аймағы** – Қазақстанның барлық егін шаруашылығы аймақтарының ішіндегі көлемі жағынан неғұрым кеңбайтақ аймақ. Ол батыстан шығысқа қарай 2 400 шақырымға созылады, ені 150-200 шақырымды құрайды, Қазақ ұсақ шоқысы маңында күрт кеңейіп, 600 шақырымға дейін жетеді. Қуаң дала аймағының жалпы көлемі 62,4 млн. га немесе республика аумағының 22,9%-ын құрайды.

Қуаң дала аймағына Еділ мен Орал өзендері аралығындағы сыртқы бөлігі, Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі, Орал түбіндегі үстірт, Торғай үстіртінің оңтүстік бөлігі, Қазақ ұсақ шоқысының үлкен бөлігі және Ертіс шығанағы деп аталатын Батыс-Сібір ойпатының шеткі оңтүстік-шығыс бөлігі жатады.

Нашар кәрізделгендігіне және жеткіліксіз ылғалдануына байланысты, топырақ жамылғысының кешенділігі кең дамыған – сортаңдылау топырақ сортандармен бір кешенде әртүрлі дәрежеде басым келеді. Ұсақ шоқы маңында топырақ қатты қиыршық тастанған және аз дамыған.

Қуаң дала аймағы табиғи жағдайлар кешені бойынша екі белдем тармағына: күңгірт-күрең топырақты орташа қуаң далалы белдем тармағы мен күрең топырақты қуаң далалы белдем тармағына бөлінеді.

*Күңгірт-күрең топырақты орташа қуаң далалы белдем тармағы* батыста Каспий маңы ойпатынан шығыста – Ертіс маңы жазығына дейін кең жолақты алап түрінде созылады.

Топырағының механикалық құрамы әртүрлі. Көбіне ауыр механикалық құрамдағы түрлер басым келгенімен, кей жерлерде, әсіресе Павлодар шегіндегі Ертіс маңында және ішінара Шығыс Қазақстан облысында жеңіл механикалық құрамдағы жеңіл сазды және құмды – күңгірт-күрең топырақтар таралған.

Қазақстанның күңгірт-күрең топырағы ішінде сортаңды, карбонатты және карбонатты-сортаңдылар басым келеді.

Күңгірт-күрең топырақты жер көлемі 33,6 млн. га құрайды. Олар Солтүстік және Орталық Қазақстанның барлық облысында кездеседі: Қарағанды облысында – 8,8 млн. га, Ақмола облысында – 6,7 млн. га, Павлодар облысында – 4,7 млн. га, Ақтөбе облысында – 4,3 млн. га, Қостанай облысында – 4,0 млн. га, Батыс Қазақстан облысында – 3,5 млн. га, Шығыс Қазақстан облысында – 1,6 млн. га.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында күңгірт-күрең топырақ – 29,3 млн. га құрайды.

Күңгірт-күрең топырақты орташа қуаң далалы белдем тармағындағы ауыл шаруашылығының бағыты егін және мал шаруашылығы болып саналады. Белдем тармағында егістік 8,5 млн. га жерді алады.

*Күрең топырақты қуаң далалы белдем тармағы*, ені бедер жағдайларына қарай, батысында – 40-100 шақырымнан шығысында 150-225 шақырымға дейін жолақты алап түрінде созылып жатыр. Ол Каспий маңы ойпаты, Орал түбі үстірті, Мұғалжар аласа таулары, Торғай үстірті, Қазақ ұсақ шоқысы және Ертіс маңы жазығы аумақтарының бөліктерін қамтиды.

Күрең (орташа күрең) топырақ күңгірт-құба топырақтан қатты ерекшеленбейді, тек құрамындағы қара шірінді мөлшері ғана азырақ болады.

Белдемдік типтік күрең топырақ аймақ көлемінің 50%-дан төменін алады. Сортаңдылау, карбонатты және аз дамыған күрең топырақтар кең таралған, олар көбіне 40%-ға дейінгі көлемді алатын, сортаңдармен кешен құрады. Бедердің ағынсыз тоқыраулары мен топырақ түзуші тұзданған жыныстарда шалғынды-күрең, тұзданған шалғын топырағы және сортаңдар мен сор жерлер таралған. Соңғылары Каспий маңы ойпаты, Торғай және Теңіз тоқыраулары маңында үлкен көлемде кездеседі.

Қуаң дала белдем тармағының күрең топырағының көлемі күңгірт-күрең топырақ көлемінен 1,6 есеге аз және 20,6 млн. га құрады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатында – 16,4 млн. га алады.

Күрең топырақты белдем тармағына Павлодар – 4,3 млн. га, Ақтөбе – 3,9 млн. га, Қарағанды – 3,7 млн. га, Қостанай – 3,7 млн. га, Батыс Қазақстан – 2,7 млн. га, Ақмола облыстарының – 1,8 млн. га, бір бөлігі және Шығыс Қазақстан облысының шағын – 0,6 млн. га солтүстік-батыс бөлігі кіреді.

Ауыл шаруашылығының бағыты – егін және мал шаруашылығы. Алайда, республиканың басқа егін шаруашылығы аймақтарына қарағанда, мұнда егістік біршама аз, 2,3 млн. га көлемді алады. Бұл суарылмайтын егін шаруашылығының тәуекелді аймағы.

**Ашық күрең топырақты шөлді-далалы аймақ** батыста – Каспий маңы ойпатынан шығыста – Алтай және Тарбағатай тау етегіне дейінгі жерді, құба топырақты солтүстік шөліне өтетін, күрең топырақты аймақтың ең оңтүстік бөлігін алады.

Бұл аймаққа топырақ жамылғысының кешенділігі – белдемдік ашық күрең топырақтың сортаңдармен жиі кезектесуі тән келеді. Оның себептерінің бірі – микробедердің болуы – үлкен емес төбелі жерлердің дөңгелектенген ұсақ ойпаңдармен кезектесуі. Ұсақ төбелі жерлерде белдемдік ашық күрең топырақтар құрылады, ал сортаңдар ұсақ ойпанды жерлерде шоғырланады. Топырақ жамылғысының кешенділігі ауыр механикалық құрамдағы ашық күрең топырақтар бар жерлерде айқын байқалады.

Шөлейтті аймақтың топырағының жалпы көлемі 31,2 млн. га құрайды. Бұл аймаққа солтүстіктегі екі (Ақмола және Солтүстік Қазақстан), оңтүстік-батыстағы екі (Маңғыстау және Қызылорда) және оңтүстіктегі үш (Алматы, Жамбыл және Түркістан) облыстардан басқа, көптеген облыстар аумағының бір бөліктері кіреді. ашық күрең топырақ көлемінің өлшемі облыстар бойынша 7,1 - 8,9 млн. гектардан (Ақтөбе және Қарағанды облыстары) 0,7 – 0,8 млн. гектарға дейін (Атырау және Павлодар облыстары) біршама ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында ашық күрең топырақ 13,3 млн. га (аймақтың 42,6%-ы) көлемді алады.

Ашық күрең топырақты шөлейтті аймақтың ауыл шаруашылығы негізінен, қосалқы егін шаруашылығымен (жемшөптік дақылдар өндірісіне арналған) бірге,

мал шаруашылығы бағытында болады. Егістік бар болғаны 49,0 мың га жерді алады, оның 11,5 мың га – суармалы.

**Құба және сұрғылт-құба топырақты шөлді аймақ** Қазақстанның ендік биоклиматтық аймақтарының оңтүстік сатысы болып табылады. Ол батыстан шығысқа қарай 2800 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай – 850 шақырымға кең жолақ түрінде созылып жатыр. Бұл 112,1 млн. га немесе республика аумағының 41,1%-ын алатын, көлемі жағынан ең үлкен табиғи аймақ.

Ландшафтық-географиялық жағынан шөлді аймақ Каспий маңы ойпаты мен Ембі үстіртінің оңтүстік бөлігін, аласатаулы және жазық Маңғышлақты, Үстірт және Бетпақ дала үстірттерін, Торғай ойпатының жазығы мен Қазақ ұсақ шоқысының оңтүстік баурайын қамтиды. Аймақ аумағында екі ірі су қоймасы – Арал теңізі мен Балқаш көлі бар.

Аймақ климаттың аса құрғақтығымен және күрт континенттілігімен, жер үсті тұщы суына айрықша кедейлігімен сипатталады.

Басқа табиғи аймақтардан ерекшелігі, республиканың шөлді аймағында құмды алқаптар, сортаңдар және тақыр тәрізді жазықтар өте үлкен алқаптарды алып жатыр.

Шөлді аймақ құба топырақты солтүстік шөлді және сұрғылт-құба топырақты орташа шөлді белдем тармақтарына бөлінеді.

*Шөлді аймақ құба топырақты солтүстік шөлді белдем тармағы* оңтүстікке қарай ашық күрең топырақты белдем тармағына ауысады.

Құба топырақтың қара шіріндісі аз, құрғақ, суарылмаса өсімдік өсуіне қолайсыз келеді.

Құба топырақты белдем тармағы топырақ жамылғысы кешенділігінің аз айқындалатындығымен сипатталады. Алайда, өзіне тән бурый топырақпен бірге, құндылығы одан да төмен, топырақ жамылғысы дамымаған тақырлар, сортаңдар, құмдар ірі алқап түрінде таралған.

Құба топырақтың көлемі 31,8 млн. га алады және Ақтөбе (8,5 млн. га), Қарағанды (7,2 млн. га), Атырау (5,5 млн. га), Қызылорда (2,9 млн. га), Маңғыстау (2,7 млн. га), Шығыс Қазақстан (2,2 млн. га) облыстарының аумағында таралған. Құба топырақтың салыстырмалы шағын көлемі Батыс Қазақстан (0,9 млн. га) және Қостанай (1,4 млн. га) облыстарында кездеседі.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санаты құрамында құба топырақ 7,2 млн. га жерді алады.

Құба топырақты солтүстік шөлді белдем тармағы республикадағы ең ірі мал азығы алқаптарының бірі болып табылады.

*Орта шөлді белдем тармағының сұрғылт-құба топырағы*, солтүстік шөл құба топырағына қарағанда, А қабатының одан бетер қалың еместігімен және қара шірінді құрамының өте азыдығымен ерекшеленеді.

Сұрғылт-құба топырақ көлемі 28,6 млн. га құрайды. Бұл белдем тармағы Маңғыстау (9,4 млн. га), Қызылорда (6,6 млн. га) облыстарының үлкен аумағын, Ақтөбе (0,8 млн. га), Қарағанды (4,0 млн. га) облыстарының оңтүстік бөлігін, сондай-ақ Алматы (2,5 млн. га), Жамбыл (2,8 млн. га) және Түркістан (2,5 млн. га) облыстарының солтүстік бөлігін қамтиды.

Құба топырақты белдем тармағындағыдай, бұнда да егін шаруашылығымен суармалау жағдайында ғана айналысуға болады. Ауыл шаруашылығының бағыты – мал шаруашылығы және сумен қамтамасыздандырылған өңірлерде егін шаруашылығы алқаптары кездеседі.

Сырдария өзенінің аңғарында аллювиалды қатардың ішкі аймақтық (интрабелдемдік) – жайылма шалғын және шалғынды-батпақты топырақ дамыған. Ежелгі аллювиалды жазықта (террасада) тақыр тәрізді ашық сұр топырақтар үлкен көлемді алады. Механикалық құрамы бойынша орташа және ауыр балшықты топырақ түрлері ажыратылады.

Суармалау кезінде, мұнда, алдын ала мелиорациялаусыз, күріш өсіруге болады. Мақта өсімдігі мен басқа да дақылдарды өсіру үшін екінші қайтара тұздануды болдырмайтын, мелиорациялық іс-шаралар жүргізу қажет болады.

Қазақстанның **тау етегіндегі аумағы** жазықтан таулы аудандарға өтетін аумақ болып табылады. Республиканың ауыл шаруашылығы алқабының 6,2%-ын алады және екі: тау етегі-шөлді-далалық және субтропикалық-тау етегі-шөлді аймақтарға бөлінеді.

**Солтүстік сұр топырақты тау етегі-шөлді-далалық аймақ** Алматы, Түркістан және Жамбыл облыстарының тау етегіндегі кеңістерін қамтиды. Сондай-ақ олар шағын алаңдар түрінде Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында да кездеседі.

Солтүстік сұр топырағы нақты, ашық және күңгірт болып жіктеледі.



Наққты сұр топырақ тау етегі сарғыш топырақты жерлерді алады және қара шірінді құрамы - 2%-ды құрайды.

Ашық сұр топырақ таулардан біршама алыс, кейде құмдар жиегінде орналасады. Олардың механикалық құрамы жеңіл және қара шірінді құрамы біршама аз болады (1%-дан аспайды).

Күңгірт сұр топырақтар, керісінше, тау етегінің неғұрлым жоғарғы телімдерінде жатады. Олардағы қара шірінді құрамы 2%-дан көп болуы мүмкін, топырақ кесіндісінің жоғарғы бөлігі неғұрлым күңгірттеу болып келеді.

**Оңтүстік сұр топырақты субтропикалық-тау етегі-шөлді аймақ.** Онша енді емес жолақ түріндегі аймақ батыс Тянь-Шанның таулы құрылымын жиектейді, Оңтүстік Қазақстан облысының шегінде 3,5 млн. га жерді алады, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары – 3,1 млн. га.

Белдемдік топырақтарға оңтүстік сұр топырақтар мен сарғыш топырақта және ішінара сарғыш топырақ тәрізді пролювиалды шөгінділерде дамыған нағыз күрең-сұр топырақтар жатады. Сондай-ақ, шалғынды, шалғынды-сұр топырақты, сортаңдармен бір кешендегі сортаңдылау сұр топырақтар да едәуір көлемді алады.

Ашық-күрең, құба және сұрғылт-құба топырақтармен салыстырғанда, сұр топырақтар суарылатын егін шаруашылығы үшін неғұрлым қолайлы. Негізгі себебі, сұр топырақтар тұзданбаған және сортаңданбаған. Сұр топырақта сор жерлер сирек кездеседі және сортаңдар жоқ десе де болады, соған байланысты топырақ жамығысы да біркелкі.

Солтүстік және оңтүстік сұр топырақтардан басқа, тау етегі аумақтарында, республиканың ауыл шаруашылығы алқабының 4%-ға жуығын құрайтын, тау етегі қара топырағы мен тау етегі күрең топырақтары да белдемдік топырақ болып саналады.

Қазақстанның **таулы аумағы** республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс шетімен 2,5 мың шақырымға жуық жерде созылып жатыр. Бұған қоса, орталық және батыс Қазақстанда аралдық аласа таулар – Қарқаралы, Ұлытау, Мұғажар және т.б. орналасқан.

Таулы аумақ топырағы географиясының негізгі және неғұрлым ортақ заңдылығы, өзіне тән климат, бедер жағдайлары мен өсімдік жамығысы бар, тік белдемділіктің анық айқындалатындығы болып табылады. Тік топырақ аймақтары кей жағдайларда ендік аймақ топырағын қайталайды, мысалы қара топырақ, күрең,

құба топырақтар. Алайда, бұл ұқсастық әрқашан толық бола бермейді, себебі таулы бедердің, климаттың, топырақ түзуші жыныстардың ерекшелігі тау топырағының географиялық-генетикалық түрлілігі мен өзгешелігіне біршама ықпал етеді. Таулы-шалғынды, альпі және субальпі, таулы-орманды, күрең түсті және т.б. сияқты топырақтар жазық жерлерде кездеспейді.

Республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының таулы жүйелерінде белдемдік альпі және субальпі тау топырағы (1,5 млн. га), орманды тау топырағы (1,1 млн. га), таудың қара топырағы (2,4 млн. га), күрең тау топырағы (4,0 млн. га), сұр тау топырағы (0,3 млн. га), құба және сұрғылт-құба тау топырағы (0,2 млн. га) қалыптасқан.

**Ішкі аймақтық (интрабелдемдік) топырақ.** Солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытта біртіндеп ауысып отыратын, жазық және таулы белдемдік топырақтардан басқа, Қазақстанда ішкі аймақтық (интрабелдемдік) топырақтар: шалғын топырағы, кермекті, сор және сортаңды топырақтар да кездеседі. Олардың барлығы дерлік (кермек топырақтан басқасы) кез-келген топырақ аймағында кездесуі мүмкін, алайда, олар біркелкі таралмаған. Сортаңдар көбіне шөлді аймақ шегіндегі сұрғылт-құба топырақта, ал сор жерлер көбіне ашық күрең топырақты белдем тармағында таралған. Кермек жерлер, негізінен, қара топырақты аймақтың орманды-далалы бөлігінде шоғырланған.

Шалғынды түрдегі топырақ, ең алдымен, өзен аңғарларына, аңғардан тыс кеңістіктегі ойпаңдар мен әртүрлі тоқырауларда кездеседі.

Топырақтың жүйелік қатарында құмдар ерекше орын алады. Олар жер балансында ауыл шаруашылығы алқаптарының (құмды жайылымдар) құрамында да, жекелеген алқап түрінде, басқа жерлер құрамында да есептеледі.

Қазақстанның неғұрлым ірі алқаптары – Каспий маңы құмдары, Қызылқұм, Үлкен және Кіші борсықтар, Мойынқұм, Сарышікөтырау. Онша үлкен емес, шағын телімдер түрінде Ақтөбе облысының ортадық бөлігінде, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының шекарасында (жалқарағай өскен жерлерде), Қостанай облысының шекарасында және республиканың басқа кейбір жерлерінде кездеседі.

**Жүргізілген топырақтың белдемдік сипаттамасын талдау,** республиканың табиғи аймақтары бойынша топырақ жамылғысының елеулі

айырмашылықтары бар екенін көрсетеді және соған байланысты ол жер алқаптарының құрамы мен пайдаланылуына өз ықпалын тигізеді.

Ауылшаруашылығы алқаптарының негізгі көлемі, яғни 85,4 млн. га немесе 39,9%-ы күрең топырақты қуаң далалы және шөлейтті аймақтарда кездеседі, соның ішінде күңгірт-күрең – 33,6 млн. га, күрең – 20,6 млн. га және ашық күрең топырақтар – 31,2 млн. га болады (46-кесте).

Барлық түр тармақтарының қара топырағының жалпы көлемі 21,1 млн. га немес ауыл шаруашылығы алқабының 9,8%-ын құрайды, оның ішінде сілтісізденгені – 0,5 млн. га, нақты қара топырақ – 9,2 млн. га, оңтүстіктің қара топырағы – 11,4 млн. га.

Құба және сұрғылт-құба топырақ 60,4 млн. га немесе ауыл шаруашылығы алқабының 28,2%-ын алады.

Тау етегі және таулы аумақтардың негізі топырақ ортасын сұр топырақтар - 11,4 млн. га, тау етегі және таудың күрең топырақтары - 11,0 млн. га, тау етегі және таудың қара топырақтары - 3,9 млн. га құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатында, ауыл шаруашылығы жағынан неғұрлым құнды болып табылатын, барлық қара топырақтың 87,3%-ы, күңгірт-күрең топырақтың 87,0%-ы және күрең топырақтың 79,4%-ы бар.

Республиканың егістік жерінің 83,9%-дан көбі орманды-далалы, далалы және қуаң далалы аймақтарда орналасқан. Шөлді және шөлейтті аймақтардағы жерлерде егістік бір пайыздан аспайды, мұнда, негізінен, жайылымдар басым келеді. Табиғи аймақтар бойынша шабындық пен басқа да алқап көлемдерінде де елеулі айырмашылықтар бар. Бұл жағдай жердің сапасы мен бағасына, ауыл шаруашылығы салаларының орналасуына және жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастырудың басқа да мәселелеріне айтарлықтай әсер етеді.

Топырақ жамылғысының біркелкі еместігі және климаттың құрғақтығына, жер бедері мен топырақ түзуші жыныстарға байланысты үлкен кешенділігі, оның маңызды ерекшелігі болып табылады және бұл республиканың бүкіл аумағында жаппай байқалады. Топырақ жамылғысының біркелкі болмауы ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігін біраз төмендетеді.

### 2.1.2. Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жағдайы

Республиканың едәуір көлемінде топырақтың сапалық жағдайы, оның құнарлығына кері ықпал ететін белгілердің болуымен күрделеніп отыр. Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасын есепке алу үшін, мелиорациялық іс-шаралар бағыты мен сипаты ортақ келесідей **мелиорациялық топтар** қабылданған:

I – кері белгілермен күрделіленбеген; II – қиыршық тастанған;

III- тұзданған; IV – кебірленген; V – шайылған; VI – дефляцияланған;

VII – су және жел эрозиясына қатар шалдыққан;

VIII – өте ылғалданған; IX – батпақтанған; X – басқасы.

«Кері әсерлермен күрделіленбеген» және «су және жел эрозиясына қатар шалдыққандарды» қоспағанда, жоғарыда аталған мелиорациялық топтың әрқайсысы, процесс айқындылығының дәрежесі бойынша үш градацияға: шамалы, орташа, қатты болып бөлінеді; «қиыршық тастанған топырақ» тобына – өте қатты градациясы қосылады. «Өте ылғалданған» топ жайылма және жайылмадан тыс болып бөлінеді.


Аталған белгілер бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының, суғарылатын және суғарылмайтын егістік сипаттамасы, бұл алқаптардың құрылымы мен көлемінде кейінгі жылдарда болған өзгерістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы жерінің сапалық жағдайы туралы есеп (2010 ж.) деректері бойынша жасалынды және 16-сурет пен 48, 49, 50, 51-кестелерде келтірілді.

#### **I-топ – кері белгілермен күрделіленбеген.**

Оған топырақ кесіндісі қандайда бір қолайсыз белгілермен (кебірлену, шайылу және т.с.с.) күрделенбеген топырақтар жатады және соған байланысты олар арнайы агротехника мен мелиорацияны қажет етпейді, олардың өнімділігі жоғары.

Жоғарыда аталған бұл топырақ тобы Қазақстанда 41,5 млн. гектарды немесе бүкіл ауыл шаруашылығы алқабы көлемінің 19,4%-ын алады. Егістік құрамында бұл топ 17,2 млн. га немесе бүкіл егістік көлемінің (26,7 млн. га) 64,4%-ын құрайды.

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқабының сапалық сипаттамасы, млн. га**



**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР**



48-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқаптарын мелиорациялық топтар бойынша бөлу**

Мелиорациялық топтар	Көлемі, мың га	Үлестік салмағы, %
<b>Ауыл шаруашылығы алқабының барлығы</b>	<b>214191,9</b>	<b>100</b>
Оның ішінде:		
Кері белгілермен күрделіленбегені	41 516,9	19,4
соның ішінде егін шаруашылығына сөзсіз жарамды жерлер	23 556,5	-
Қиыршық тастанған және тастанған	42201,8	19,7
Тұзданған	35 817,4	16,7
Кебірленген	58 164,9	27,1
Шайылған	4 950,3	2,3
Дефляцияланған	24 168,1	11,3
Су және жел эрозиясына қатар шалдыққан	201,7	0,1
Өте ылғалданған	2 947,6	1,4
Батпақты	1 083,4	0,5
Басқа жерлер	3 139,8	1,5

**Ескерту:** «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

Анық жарамды жердің жалпы көлемінің 17,0 млн. га немесе 72,0%-ы егістік құрамында саналады. Топырақ құнарлығына әсер ететін кері белгілері жоқ жердің едәуір көлемі (17,96 млн. га), атмосфералық ылғалданудың жеткілісіздігінен, суғаруға қажетті судың жоқтығынан және бедер жағдайларына байланысты пайдаланыла алмайды.

Егін шаруашылығы үшін анық жарамды топырақ 23,6 млн. га немесе бүкіл ауыл шаруашылығы алқабының 11,0%-ын алады. Кәдімгі аймақтық агротехниканы талап ететін немесе егістік құрамында пайдаланылатын күрделі емес мелиорациялық іс-шараларды жүргізуге мұқтаж, сапасы бойынша сөзсіз жарамды топырақтың ең үлкен көлемі Қостанай – 5,4 млн.га, Ақмола – 5,0 млн. га, Солтүстік Қазақстан – 4,2 млн. га облыстарында анықталды. Атырау (0,4 мың га) және Маңғыстау облыстарын қоспағанда, қалған облыстарда әрқайсысында мұндай жерлер 200-ден 900 мың га дейін болады.

**II-топ – қиыршық тастанған.** Оған аз дамыған және толық дамымаған топырағы, байырғы жыныс шығымдары және т.б. бар телімдер жатқызылды. Жалпы көлемі 42,2 млн. га немесе ауыл шаруашылығы алқабының 19,7%-ын құрайды. Бұл топ шоқылы және шоқылар арасындағы кеңістікті аумақтарда, көбіне Шығыс Қазақстан – 12,1 млн. га, Жамбыл – 2,8 млн. га, Алматы – 2,7 млн. га облыстарының тау етегі және таулы аудандарында, сондай-ақ Қарағанды – 13,5 млн. га, Павлодар – 2,8 млн. га, Ақмола – 2,4 млн. га және Ақтөбе – 2,1 млн. га облыстарының шоқылы және шоқылар арасындағы кеңістікті аумақтарында кеңінен таралған.

Бұл мелиорациялық топта өте қатты және қатты қиыршық тастанған топырақ үлкен көлемді алады – 25,2 млн. га, орташа және шамалы қиыршық тастанған топырақ сәйкесінше 8,3 млн. га және 8,7 млн. га құрайды.

Егістік құрамында қиыршық тастанған топырақ 1,6 млн. га алады.

Егістікке тартылған, қиыршық тасталған топырақ көлемі, облыстар бойынша біркелкі бөлінбеген. Мысалы, Жамбыл облысында облыстың егістік көлемінің 28,3%-ын, Қарағанды облысында – 22,5 %, Алматы облысында – 14,5 %, в Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында – 2,2-ден 5,5%-ға дейінгі мөлшерді құрайды. Қалған облыстарда бұл жерлердің егістіктегі көлемі үлкен емес.

Аздаған қиыршық тастанудың болуы (1,3 млн. га), оны егістік құрамында пайдалануға кедергі келтірмейді. Орташа, қатты және өте қатты қиыршық тастанған (0,3 млн. га), сондай-ақ аз дамыған топырақты жайылым ретінде пайдаланған дұрыс.

**III-топ – тұзданған.** Республикада 35,8 млн. га тұзданған топырақ есептеледі немесе бұл ауыл шаруашылығы алқабының жалпы көлемінің 16,7%-ы.

Тлопырақтың тұздану дәрежесіне қарай және кешен құрамында сортаңдардың болуына байланысты, топты үш градацияға бөледі:

шамалы тұзданған, оған барлық сортаңды топырақтар мен олардың 10%-ға дейін сортаңы бар кешендері кіреді, 11,5 млн. га көлемді алады;

орташа тұзданған, оған 10-нан 30%-ға дейін сортаңдармен бір кешендегі барлық сортаңды топырақ жатады, көлемі 7,3 млн. га;

қатты тұзданған, ол 30-дан 50%-ға дейін сортаңдармен бір кешендегі барлық қатты сортаңданған топырақтардан тұрады, көлемі 14,2 млн. га;

сортаңдар жеке топпен белгіленген және көлемі 2,8 млн. га құрайды.

Тұзданған топырақ барлық белдемдік топырақ түрінде кездеседі, оның 58%-дан көбі құба және сұрғылт-құба топырақ құрамында, соның ішінде олардың жалпы мөлшерінен 64% орташа және қатты дәрежеде есептеледі. Құба және сұрғылт-құба топырақты аймақта барлық сортаңдардың 50%-дан аса көлемі болады. Тұзданған топырақ қара топырақты аймақта 1,6 млн. га жерде, күнгірт күрең және күрең топырақты аймақта – 6,2 млн. га, ашық күрең топырақты аймақта – 2,7 млн. га жерде айқындалған.

Егістікте тұзданған жер 2,5 млн. га құрайды, соның ішінде Ақмола облысында – 0,66 млн. га, Қостанай – 0,64 млн. га, Солтүстік Қазақстан – 0,28 млн. га, Жамбыл – 0,18 млн. га, Қызылорда – 0,18 млн. га, Түркістан облыстарында – 0,13 млн. га, ал қалған облыстарда тұзданған егістік көлемі үлкен емес.

Суғарылмайтын егістік құрамында, негізінен, шамалы тұзданған топырақтар мен олардың кешендері пайдаланылады (1,8 млн. га). Суармалы егін шаруашылығындағы егістік құрамында шамалы тұзданған топырақтар мен тұзданбаған және 30%-ға дейін сортаңдары бар шамалы тұзданған топырақ кешендері пайдаланылады (190,1 тыс. га). Бұл жерлер коллекторлық-кәріздік жүйе аясында топырақты тұзсыздандыру және шаю бойынша күрделі емес іс-шараларды

қажет етеді. Суарылмайтын жағдайларда шайылу ішінара атмосфералық жауын-шашын мен қар жиналу есебінен жүзеге асырылады.

30%-ға дейін сортаңдары бар орташа және қатты тұзданған топырақтар мен жалпы көлемі 510,2 мың га сортаңдар күрделі мелиорациялық іс-шараларды жүргізуді қажет етеді, соған байланысты оларды егістік құрамынан шығарып, жайылымға ауыстырған мақсатқа сай келеді.

**IV-топ – кебірленген топырақ.** Республикадағы көлемі бойынша неғұрлым ірі мелиорациялық топтың бірі болып табылады, 58,2 млн. га немесе ауыл шаруашылығы алқабының 27,1%-ын алады. Кебірлі топырақтар үш градацияға бөлінеді:

шамалы кебірленген жерлер, оған біртекті контурлы шамалы кебірленген топырақтар немесе майда, 10-ден 30%-ға дейін орташа және 50% дейін терең қабыршақты кебірлері бар кебірленбеген топырақтар жатады. Олардың жалпы көлемі 18,2 млн. га (31,3%) құрайды;

орташа кебірленген жерлер, оларға майда, 30-дан 50%-ға дейін орташа және терең кебірлері бар кебірленген және кебірленбеген топырақтардың орташа кебірленген кешендері жатады. Жалпы көлемі 10,9 млн. га (18,7%) құрайды;

қатты кебірленген жерлерге, қатты кебірленген топырақтар, кебірлер және кебірлер (тереңінен басқа) басым кешендер жатады. Жалпы көлемі 29,1 млн. га (50,0 %) құрайды.

Кебірленген топырақтар мен олардың кешендері құба және сұрғылт-құба топырақты шөлді аймақта – 16,8 млн. га, ашық күрең топырақты шөлейтті аймақта – 15,2 млн. га және күңгірт күрең және күрең топырақты қуаң далалы аймақта – 19,1 млн. га кең таралға.

Өңірлер бойынша кебірленген жердің негізгі көлемі Ақтөбе (11,5 млн. га), Қарағанды (11,4 млн. га), Батыс Қазақстан (7,1 млн. га) облыстарында орналасқан. Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында мұндай жерлер 3-тен 4 млн. га дейін есептеледі. Республиканың оңтүстік облыстарында кебірленген жерлер әрқайсысында млн. гектардан аз көлемді алады.

Кебірленген топырақтар егістікте 3,3 млн. га құрайды. Олардың ең үлкен көлемі Солтүстік Қазақстан – 815,5 мың га, Қостанай – 714,0 мың га, Ақмола – 794,2 млн. га, Павлодар – 397,7 мың га және Қарағанды облыстарында – 352,1 мың



га пайдаланылады. Негізінен егістікте кебірлер 30%-ға дейін болатын шамалы кебірленген кешендер пайдаланылады.

**V-топ – су эрозиясына шалдыққан (шайылған).** Ауыл шаруашылығы алқаптары құрамында 4,9 млн. га жерді алады, оның 1,2 млн. гектары егістікке келеді. Егістік құрамындағы шайылған топырақтың ең үлкен көлемі Ақмола, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында анықталды.

**VI-топ – жел эрозиясына шалдыққан (дефляцияланған).** Мұндай топырақ 24,2 млн. гектарды, соның ішінде егістікте 0,5 млн. га құрайды, 74%-ы Павлодар облысына келеді.

**VII-топ – су және жел эрозиясына қатар шалдыққан.** 201,7 мың га жерде анықталды. Топырақ эрозиясының неғұрлым толық сипаттамасы осы Есептің 2.4.1-бөлімінде берілді.

**VIII-топ – өте ылғалданған.** Республикада 2,9 млн. га алады, оның 224,9 мың гектары егістікте. Бұл топ, негізінен, гидроморфты және жартылай гидроморфты топырақ түрін береді. Жайылма жері 1,1 млн. га, жайылмадан тыс жерлер – 1,8 млн. га құрайды.

Бұл топ топырағының біршама үлкен көлемі Қарағанды облысында – 0,6 млн. га. Қостанай, Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Алматы облыстарында өте ылғалданған жер 0,2-0,3 млн. га болады.

Бұл топтағы жерлерде, негізінен, өзендердің жайылмалары мен жайылма үсті террасаларын, сондай-ақ жайылмадан тыс ойпаңдар мен оймауытты жерлерді, соның ішінде табиғи және жасанды көлтабандарды алатын топырақтар кездеседі. Еріген судың молшылығы мен су басу ұзақтығы егін егу мерзіміне, ауыл шаруашылығы дақылдарының пісуі мен өнім беруіне кері ықпал етеді. Осыларға байланысты, бұл топтың топырағын шабындық алқаптары ретінде пайдаланған дұрыс.

**IX-топ – батпақты жерлер.** 1,1 млн. га жерде, оның ішінде егістікте – 23,9 мың га таралған, оның – 15,3 мың гектары суармалы егістікте. Бұл жерлер өте көп ылғалдану нәтижесінде пайда болған және, негізінен, батпақты, шалғынды-батпақты топырақ түрінде кездеседі. Маңғыстау облысынан басқа, барлық облыстар аумағында, шағын телімдермен таралған. Бұл жерлерді егістік құрамында

пайдалану мақсатқа сай келмейді, себебі олар құрғату бойынша жүргізілетін күрделі мелиорациялық іс-шараларды қажет етеді.

**Х-топ – басқа жерлер.** 3,1 млн. га жерді алады. Бұл топта сапасы бойынша жоғарыда аталған мелиорациялық топтардың біріне де жатқызуға болмайтын топырақтар ескерілген. Бұл – тұтасқан топырақтар, кермекті топырақтар, тақырлар, қалдық-карбонатты топырақтар, сондай-ақ теріс кері белгілері жоқ құмды, автоморфты, жартылай гидроморфты топырақтар, тасты ұсақ тау жыныстары, қиыршық тасты шөгінділер, жыралы-сайлы кешендер, сор сортандар және т.б. Барлық топырақ аймақтарында, шағын телімдер түрінде таралған, соның ішінде күңгірт-күрең және күрең топырақты қуаң далалы аймақта 2,0 млн. га, ашық күрең топырақты шөлейтті аймақта – 0,3 млн. га, құба және сұрғғылт-құба топырақты шөлді аймақта – 0,5 млн. га құрайды. Өңірлер бойынша топтың негізгі басым көлемі Ақтөбе (0,7 млн. га), Қарағанды (0,6 млн. га), Павлодар (0,5 млн. га) облыстарында есептеледі. Егістік құрамында олар 67,0 мың га алады, соның ішінде Павлодар облысында – 22,8 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында – 18,1 мың га, Қостанай облысында – 13,1 мың га.

**Жалпы, ауыл шаруашылығы алқаптарының мелиорациялық топтар бойынша бөлінуіне талдау жасай келе,** ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатына мелиорациялық жағынан неғұрлым құнды жерлер кірген деп тұжырымдауға болады. Мысалы, бұл санаттағы ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамында, сөзсіз егін шаруашылығына жарамды жермен бірге, кері белгілермен күрделіленбеген мелиорациялық топ 28%-ды алады. Аздаған дәрежеде кері белгілері бар басқа мелиорациялық топтың үлестік салмағы 24%-ға жуық. Орташа және күшті дәрежедегі кері белгілер бар ауыл шаруашылығы алқаптарына, олардың жалпы көлемінің 48%-ы келеді. Салыстыру үшін, жалпы республика бойынша кері белгілермен күрделіленбеген мелиорациялық топ 19,4%-ды, шамалы дәрежеде кері белгілері бар – 20,1 %, орташа және күшті дәрежедегі – 60%-дан жоғары мөлшерді құрайды.

Жерді сапалы бағалаудың соңғы айналымымен (2010 жыл) салыстырғанда, егістік көлемі 24,2 млн. гектардан 26,6 млн. гектарға дейін, соның ішінде суармалы егістік 1440,9 мың гектардан 1736,2 мың гектарға дейін ұлғайған. Өсім сәйкесінше 2,4 млн. га және 295,3 мың га құрады.

**2021 жылғы 1 қарашадағы ауыл шаруашылығы алқаптарының,  
олардың құнарлығына әсер ететін белгілер бойынша сипаттамасы**

мың га

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	I. Кері белгілермен күрделіленбегендер		II. Қиыршық тастанғаны	III. Тұзданғаны	IV. Көбірленгені	V. Шайылғаны	VI. Дефляцияланғаны	VII. Су және жел эрозиясына қатар шалдыққаны	VIII. Өте ылғалданған	IX. Батпақтанған	X. Басқа жерлер
		барлығы	с.і. сөзсіз жарамдылары									
Ақмола	13120,7	4 995,5	4 995,5	2 412,1	1 601,9	3 169,5	562,0	9,6	-	164,5	111,6	94,0
Ақтөбе	26545,6	7 872,9	1 447,0	2137,3	1 483,8	11 453,6	473,1	2 101,1	8,3	269,0	25,9	720,6
Алматы	15298,9	2 958,6	781,1	2692,9	2 907,4	573,8	815,5	4 952,4	-	199,7	187,6	11,0
Атырау	9659,5	537,9	0,4	136,9	2282,6	3 396,0	-	3 133,9	-	45,7	3,1	123,4
Шығыс Қазақстан	22655,6	3 230,1	1 424,6	12121,3	1 587,2	3 744,3	426,6	864,5	1,5	437,7	111,7	130,7
Жамбыл	8096,3	669,7	333,8	2800,1	1 358,1	406,3	222,7	2 414,0	-	124,0	87,0	14,4
Батыс Қазақстан	12760,3	1 528,2	1 073,2	301,9	1 343,2	7 109,5	274,5	1 409,5	191,9	326,4	72,5	202,7
Қарағанды	33420,9	3 654,3	1 174,2	13510,7	2 604,6	11 443,7	200,4	759,7	-	574,6	61,8	611,1
Қызылорда	12245,8	1 127,2	4,3	263,8	7 066,5	641,6	2,9	2 846,7	-	94,5	79,1	123,5
Қостанай	18013,1	5 898,0	5 403,4	590,4	3 133,1	6 846,5	158,7	611,2	-	294,5	183,6	297,1
Маңғыстау	12641,3	1 600,9	0,2	932,5	6 870,0	1 635,4	800,0	656,3	-	-	-	146,2
Павлодар	11167,6	1 606,5	1 596,5	2 824,4	775,6	3 943,8	0,9	1 296,3	-	157,9	34,8	527,4
Солтүстік Қазақстан	8399,3	4 180,2	4 180,2	410,2	573,2	2 790,4	56,0	-	-	144,5	115,6	129,2
Түркістан	10044,1	1584,7	1093,5	1 061,2	2215,6	1 007,5	933,7	3 112,9	-	112,3	7,7	8,5
Алматы қ.	80,9	45,0	45,0	2,7	10,0	-	23,2	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	27,5	24,2	0,6	2,9	-	-	0,1	-	-	0,3	-	-
Шымкент қ.	14,5	3,0	3,0	0,5	4,6	3,0	-	-	-	2,0	1,4	-
<b>Барлығы</b>	<b>214191,9</b>	<b>41 516,9</b>	<b>23 556,5</b>	<b>42201,8</b>	<b>35 817,4</b>	<b>58164,9</b>	<b>4 950,3</b>	<b>24168,1</b>	<b>201,7</b>	<b>2 947,6</b>	<b>1 083,4</b>	<b>3139,8</b>

Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

**2021 жылғы 1 қарашадағы егістіктің,  
оның құнарлығына әсер ететін белгілер бойынша сипаттамасы**

мың га

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	I. Кері белгілермен күрделіленбегендер		II. Қиыршық тастаңғаны	III. Тұзланғаны	IV. Көбірленгені	V. Шайылғаны	VI. Дефляцияланғаны	VII. Су және жел эрозиясына қатар шалдыққаны	VIII. Өте ылғалданған	IX. Батпақтанған	X. Басқа жерлер
		барлығы	с.і. сөзсіз жарамдылары									
Ақмола	6125,2	3967,7	3967,7	333,1	656,7	794,2	351,3	0,9	-	12,7	1,3	7,3
Ақтөбе	708,9	595,1	595,1	13,9	19,7	36,4	34,2	-	-	9,2	-	0,4
Алматы	1040,1	581,4	534,4	146,4	134,0	25,5	58,2	40,0	-	51,5	3,1	-
Атырау	9,1	0,8	0,4	-	7,9	0,1	-	-	-	0,3	-	-
Шығыс Қазақстан	1502,30	956,2	955,7	144,1	35,1	105,9	235,1	12,2	0,6	12,8	-	0,3
Жамбыл	834,2	333,3	176,6	236,0	178,9	3,4	52,7	1,6	-	23,8	2,5	2,0
Батыс Қазақстан	567,3	293,7	293,7	15,1	23,0	58,1	72,6	4,4	95,6	3,9	0,5	0,4
Қарағанды	1370,6	515,0	515,0	292,8	84,2	352,1	83,2	28,1	-	12,0	0,6	2,6
Қызылорда	192,2	6,7	4,0	-	175,6	-	-	-	-	-	9,9	-
Қостанай	6293,5	4652,9	4652,9	133,1	641,0	714,0	63,4	30,1	-	42,6	3,3	13,1
Маңғыстау	0,8	0,5	0,2	-	0,2	0,1	-	-	-	-	-	-
Павлодар	2032,5	1052,4	1052,4	49,7	175,0	397,7	-	334,3	-	0,6	-	22,8
Солтүстік Қазақстан	5004	3650,3	3650,3	188,8	280,4	815,5	28,0	-	-	20,2	2,7	18,1
Түркістан	926,5	509,8	507,1	14,6	128,3	6,5	232,3	0,2	-	34,7	-	-
Алматы қ.	46,5	37,2	37,2	-	-	-	9,0	-	-	0,3	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	3,0	2,7	2,7	-	-	-	-	-	-	0,3	-	-
Шымкент қ.	3,9	2,6	2,6	-	0,6	0,7	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>26660,6</b>	<b>17158,4</b>	<b>16948,1</b>	<b>1567,6</b>	<b>2540,6</b>	<b>3310,2</b>	<b>1220,0</b>	<b>451,8</b>	<b>96,2</b>	<b>224,9</b>	<b>23,9</b>	<b>67,0</b>

Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

**2021 жылғы 1 қарашадағы суармалы егістіктің,  
оның құнарлығына әсер ететін белгілер бойынша сипаттамасы**

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	I. Кері белгілермен күрделіленбегендер		II. Қиыршық тастаңғаны	III. Тұзданғаны	IV. Кебірленгені	V. Шайылғаны	VI. Дефляцияланған ы	VII. Су және жел эрозиясына қатар шалдыққаны	VIII. Өте ылғалданған	IX. Батпақтанған	X. Басқа жерлер	МЫҢ Га	
		барлығы	с.і. сөзсіз жарамды-лары											
Ақмола	17,2	14,4	14,4	0,3	0,5	0,5	0,2	-	-	1,3	-	-	-	-
Ақтөбе	12,3	9,1	9,1	-	0,5	-	0,3	-	-	2,4	-	-	-	-
Алматы	478	269,4	269,4	82,8	50,5	19,1	8,2	2,9	-	42,0	3,1	-	-	-
Атырау	9,1	0,8	0,4	-	7,9	0,1	-	-	-	0,3	-	-	-	-
Шығыс Қазақстан	132,6	110,6	110,6	9,1	2,3	2,3	3,9	1,8	-	2,6	-	-	-	-
Жамбыл	205	84,3	79,8	39,4	57,2	1,0	3,2	0,1	-	17,5	2,3	-	-	-
Батыс Қазақстан	17,8	12,4	12,4	-	-	-	4,6	0,2	-	0,6	-	-	-	-
Қарағанды	63,6	33,6	29,6	8,8	4,5	8,7	0,1	-	-	1,9	-	-	-	-
Қызылорда	192,2	6,7	4,0	-	175,6	-	-	-	-	-	9,9	-	-	-
Қостанай	6,3	5,4	5,4	0,2	-	0,6	0,1	-	-	-	-	-	-	-
Маңғыстау	0,8	0,5	0,2	-	0,2	0,1	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	111,4	96,1	96,1	0,5	1,3	3,6	-	9,5	-	-	-	-	0,4	-
Солтүстік Қазақстан	11,7	9,1	9,1	0,6	0,4	1,3	-	-	-	0,3	-	-	-	-
Түркістан	456,9	237,6	237,6	6,5	149,9	6,5	22,1	-	-	34,3	-	-	-	-
Алматы қ.	19,6	10,6	10,6	-	-	-	9,0	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	1,6	2,3	2,3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Шымкент қ.	0,1	0,1	0,1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>1736,2</b>	<b>908,3</b>	<b>896,4</b>	<b>148,2</b>	<b>450,8</b>	<b>43,8</b>	<b>51,7</b>	<b>14,5</b>	<b>-</b>	<b>103,2</b>	<b>15,3</b>	<b>0,4</b>	<b>0,4</b>	<b>0,4</b>

Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

Өңірлер бойынша егістік, 2011 жылмен салыстырғанда, негізінен Ақмола (740,7 мың га), Павлодар (555,1 мың га), Қостанай (268,9 мың га), Шығыс Қазақстан (191,5 мың га), облыстарында ұлғайған.

Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру нәтижесінде, егістік құрамының сапалық өзгеруі жүреді, негізінен, бұл оның өнімділігі төмен бөлігін ашық күрең топырақты шөлейтті аймақтан шығару және кара топырақты далалы аймақ пен күрең топырақты қуаң далалы аймақта, сондай-ақ республиканың неғұрлым өнімді жерлер орналасқан тау етегіндегі өңірлерінде егістіктің жаңа телімдерін игеру есебінен болады.

## **2.2. Шабындықтар мен жайылымдардың дақылдық-техникалық жағдайы**

Қазақстан Еуразия құрлығының ортасындағы географиялық жағдайына және даланың, шөл даланың, таулардың және келіп құятын өзендері мен кең атырауы бар ірі құрлықішілік су қоймаларының табиғи кешендерінің бірегей үйлесімділігі арқасында, экожүйелердің сан алуан түрімен және соларға сәйкес келетін өсімдіктер түрлілігімен сипатталады. Қазақстанда Орталық Азияға тән даланың, шөлейттің, шөл дала мен тау белдеулерінің аймақтық нұсқаларының бар спектрі толық берілген.

Республиканың қазіргі флорасында ағаш тұқымдыларының 68 түрі, бұта ағаштардың, шала бұталар мен жартылай бұташықтардың 699 түрі, көп жылдық шөптердің 5 598 түрі мен бір жылдық шөптердің 849 түрі есептеледі.

Мал азығы алқаптары орманды далалы және далалы табиғи аймақтарда 19%-ды, шөлейтті аймақтарда – 10%-ды, шөлді аймақтарда – 37%-ды, ұсақ шоқыларда – 18%-ды, тау етегіндегі жазықтарда – 10%-ды, тауларда – 6%-ды құрайды.

Жазықтарда өсімдіктер жамылығысын бөлу ендік аймақтық заңына бағынады, бұл экожүйенің үш: орманды далалы, далалы және шөлді аймақтық түрлерге біртіндеп ауысуын шарттайды.

Табиғи мал азығы алқаптары өсімдіктерінің таралуы 17-суретте көрсетілді.

**Орманды далалы және далалы аймақ**, республиканың солтүстігінде орналасқан, егін шаруашылығының жоғары дәрежеде игерілгендігімен сипатталады. Табиғи жайылымдар, қағида бойынша, егін шаруашылығына жарамсыз жерлерде орналасқан. Жайылымдар көлемі 32,4 млн. га, шабындықтар 1,6 млн. га құрайды. Орманды далалы аймақтың өсімдіктер жамылғысы ормандар

мен өте бай алуан шөпті-бетегелі өзгерген дала түрінде болып келеді. Тек Қазақстанның солтүстігінде ғана болатын орманды далалы экожүйелер үшін, солтүстік бөлігін сілтісізденген қара топырақтағы дәнді-алуан шөпті және алуан шөпті-дәнді шалғынды далалар алып жатқан, ормансыз телімдері бар, сұр орман топырағындағы қайың ормандары мен теректі-қайыңды ормандардың кезектесуі тән келеді. Оңтүстік бөлігінде тоғалы орманды дала басым келеді. Ойпандардағы кермек жерлерде кездесетін теректі-қайыңды ормандар (*Populustremula*, *Betulapendula*) қызыл бетегелі-бай алуан шөпті және қызыл бетегелі-сәбізшөпті (*Stipazalesskyi*, *Peucedanummorisonii*) далалармен кезектесіп отырады. Орманды даланың шалғынды және далалы телімдері 60-90%-ға жыртылған.

Қазақстанда далалар республиканың солтүстік жартысын қамтитын кең аумақты алып жатыр. Дала экожүйелері өсімдіктің тіршілік формасы – шым дәнді дақылдардың өсімдіктер қауымдастығындағы үстемдігін ерекшелейді. Солтүстіктен оңтүстікке қарай, гидротермиялық режимнің өзгеруіне байланысты экожүйенің топырақ-өсімдік жамылғысында біртіндеп өзгерістер жүреді. Бұл өзгерістер экологиялық топтардың құрғақшылыққа шамалы төзімді түрлерден құрғақшылыққа төзімді түрлерге ауысуы ретінде көрінеді. Мұның бәрі дала экожүйелерінің келесі аймақтық типтерге аймақтық жіктелуін айқындайды:

- **Қуаң дала экожүйесі** (бетегелі-бай алуан шөпті орташа қуаң далалық; бетегелі-алуан шөпті қуаң далалық);

- **Құрғақ далалық экожүйе** (шым дәнді дақылды орташа құрғақ далалық; шым дәнді дақылды-ксерофитті алуан шөпті құрғақ далалық);

- **Шөлді-далалық экожүйе** (шөлденген шымды дәнді дақылды-жусанды).

Қазіргі уақытта қарқынды шаруашылық қызметінің салдарынан Қазақстан жазықтарындағы қуаң және құрғақ дала толығымен жыртылған.

**Қуаң дала экожүйесі** Жалпы Сырт сілемдерінде, Орал түбінде, Оралда, Батыс Сібір ойпатының жазықтарында, еліміздің Торғай төрткіл бедерінің солтүстік шетінде және Орталық Қазақстан ұсақ шоқылары арасында таралған.

Өсімдіктері қызыл бетегелі-бай алуан шөпті, қызыл бетегелі-сәбізшөпті қауымдастықтар түрінде болады. Олар бай флоралық құрамымен, биік проекциялық жамылғысымен ерекшеленеді. Шымқабат дәнді өсімдіктері қызыл бетеге (*Stipa zalesskyi*), тіпшақ (*Festuca valesica*), сұлыбас (*Helictotrichon desertorum*) басым келеді, сирегірек Лессинг бозы (*Stipallessingiana*) кездеседі,

сондай-ақ ылғал сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді алуан шөптердің көп түрлілігі тән келеді.

Тың жерлерді жаппай игеру кезеңінде жазықтардағы қуаң дала толығымен жыртылды.

**Қуаң далалы экожүйе** Жалпы Сыртты (сырт етегіндегі үстірт деп аталатын оңтүстік бөлігін), Каспий маңы ойпатының бір бөлігін, Орал түбі үстіртін, Мұғалжар, Торғай түбіндегі жазықтармен бірге Торғай үстіртін, Орталық Қазақстанның ұсақ шоқыларын және Батыс Сібір ойпатының оңтүстік шетін (Ертіс маңы жазықтары) қамтиды.

Қуаң далалы экожүйенің табиғи қауымдастықтары бетегелі-тіпшақты далалар мен бозды-ксерофитті алуан шөпті далалар болып келеді, мұндағы құмбалшықты көбіне карбонатты топырақта шымқабат дәнді дақылдары (Лессинг бетегесі немесе Лессинг бозы (*Stipa lessingiana*), тіпшақ (*Festuca valesiaca*), механикалық құрамы жеңіл топырақта (жеңіл құмбалшықты және құмдауытты) қылқан селеу (*Stipa capillata*), ал тасты аз дамыған топырақта – қырғыз бетегесі (*Stipa kirghisorum*), сұлыбас (*Helictotrichon desertorum*) басым келеді. Алуан шөптер қауымдастықтар құрылуында бағыныңқы роль атқарады және оның үлесі 10-15%-дан аспайды. Шөпотында өсімдіктердің тек құрғақшылыққа төзімді ксерофитті далалық түрлері басым келеді. Қуаң далалық экожүйеде алуаншөптер далалық ксерофиттердің экологиялық тобы түрінде ғана болады және олардың ішінде татар төскейі (*Galatella tatarica*) мен кестежусан (*Tanacetum achilleafolium*) молынан кездеседі.

**Шөлді-далалық экожүйелер (шөлденген дала экожүйелері)** Қазақстанның батыс шекарасынан Алтай, Саура және Тарбағатай тауларының етегіне дейін 2500 шақырымнан асатын жерде таралған, Орал түбі және Торғай үстірті мен Каспий маңы ойпатының жазықтарын, сондай-ақ Орталық Қазақстан ұсақ шоқыларының оңтүстігіндегі біршама бөлікті қамтиды.


Өсімдіктер қауымдастығынан бетегелі-жусанды дала басым келеді. Шымқабат дәнді өсімдіктерінен Лессинг бозы (Лессинг жусаны, *Stipa lessingiana*), тырса (*Stipa sareptana*) және тіпшақ (*Festuca valesiaca*) басым болады. Міндетті содоминанттар жусандардың жартылай бұташықты шөлді-далалы және шөлді түрлері: Лессинг жусаны (*Artemisia lessingiana*), батысында – Лерх жусаны (*Artemisia lercheana*), жіңішке жусан (*Artemisia gracilescens*), шығысында – жартылай Лессинг тәрізді жусан (*Artemisia sublessingiana*), тұзданған топырақта



жаппай – кара жусан (*Artemisia pauciflora*) болып табылады. Алуан шөптер көп емес және тек ксерофиттер ғана кездеседі.

17-сурет

### Табиғи мал азығы алқаптары



Жайылымдардың өнімділігі орташа құрғақ массаның 3-5 ц/га құрайды. Орманды далаларда ойпанды жерлердегі жазықтарда түрлерге бай дәнді-алуан шөпті жайылымдар сақталған, олардың өнімділігі – құрғақ массаның 7-10 ц/га.

Өзендердің аңғарларында, жайылмаларда, көлдер маңындағы ойпаң жерлерде шалғынды топырақтағы дәнді-алуан шөпті шалғындар, өнімділігі құрғақ массаның 12-15 ц/га құрайтын шабындықтар ретінде пайдаланылады.

**Шөлейт және шөлді аймақтар** Қазақстан жазығының оңтүстік жарты бөлігін – республика аумағының 50%-ға жуығын алады, оның 70%-дан көбі шөлді аймаққа келеді. Каспий маңы ойпаты, Маңғыстау түбегі, Үстірт, Торғай төрткіл бедерінің оңтүстік бөлігі және Қазақстанның ұсақ шоқылары (шығыс Бетпақ дала және Балқаш маңы), Тұран ойпаты (Арал маңы), Қызылқұм, Мойынқұм, Алакөл ойпаты мен Іле қазаншұңқыры өңірлерін қамтып, оңтүстікте Солтүстік Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы мен Тарбағатай тауларының етегіне дейін жетеді. Бұл аймақтарда жайылым 85,1 млн. га немесе жалпы көлемнің 52,3%-ын алады.

Өсімдіктері жартылай бұташықтар мен бұталар түрінде болады, түрлердің аздығымен, шағын проекциялық жамылғысымен және ксерофиттер мен гиперксерофиттердің құрғақшылыққа төзімді түрлерінің абсолютті басымдығымен ерекшеленеді.

Қазақстанда жазықтарда шөлді экожүйенің климаттық тұрғыдан шартталған келесідей 3 аймақтық түрі кездеседі, олар: солтүстік, орта және оңтүстік түрлер, сондай-ақ тау етегіндегі шөлдердің ерекше климатипі бар.

**Солтүстік (далалық шөлдер)** шөлдің құба топырағында кездеседі. Оларға жартылай бұташықты қауымдастықтар, көбіне жусанды, сирегірек көп жылдық сораңды қауымдастықтар тән келеді. Өсімдіктер қауымдастығының ерекшелігі тарабоз тырсық (*Stipasareptana*), қырғыз бетегесі (*Stipakirgisorum*), Рихтер бетегесі (*Stiparichteriana*) және құмдарда еркекшөптің (*Agropyronfragile*) кездесетіндігі болып табылады. Жайылым өнімділігі құрғақ массаның 3-4 ц/га құрайды.

Шөлдің сұрғылт-құба, тоңданған топырағындағы **орта шөлдер**. Көп жылдық сораңдар – бұйырғын (*Anabasisalsala*), қара баялыш (*Salsolaarbusculiformus*), тасбұйырғын (*Nanophytonerinaceum*), шығыс сораңы (*Salsolaorientalis*), ал жусандардан – тамыр жусан (*Artemisiaterrae–albae*) және туран жусан (*Artemisiaturanica*) сияқты түрлері басым келеді. Бозжусанды жайылымның өнімділігі құрғақ массаның 2-ден 6 ц/га дейін құрайды. Құмдарда ақ сексеуіл

(*Haloxylonpersicicum*) мен қара сексуіл (*H.aphyllum*) кең тараған, өнімділігі 2-ден 4 ц/га дейінгі құрғақ масса, сондай-ақ псаммофильді бұталар мен жартылай бұташықтар (жүзгіндер түрі (*Calligonum*), қылшалар (*Ephedra*), құм қарағаны (*Ammodendron*) тән келеді.

**Оңтүстік шөлдері** эктастармен, мергелдермен қалыптасқан аридті-денудациялық Үстірттің оңтүстік бөлігі мен Қызылқұм алқабын алады. Климаттық көрсеткіштер гидротермиялық режимнің жылу мен құрғақшылыққа қарай күрт өзгеретіндігін көрсетеді. Топырағы – қысқа мерзімге тоңданатын немесе тоңданбайтын сұрғылт-кұба топырақ. Оңтүстік шөлдерінде де жартылай бұташықтар мен бұташықтар басым келеді, алайда олардың түр құрамы өзгеріп отырады. Бүртікті соран (немесе тетыр) (*Sa Isolagemascons*) мен кемруд жусаны (*Artemisiakemrudica*) басым келеді. Құмдағы сексеуілдер мен жүзгіндерде эфемерлер мен эфемероидтардың, әсіресе үрмежемісті қиякөлеңнің (*Carexphysodes*) фитоценоздық рөлі артады. Өнімділік 1-3 ц/га құрғақ массаны құрайды.

**Тау етегіндегі шөлдер.** Қазақстанның Тарбағатайдан Қаратауға және Батыс Тянь-Шаньға дейінгі барлық тау жүйесінің етегінде кездеседі. Тау етегіндегі шөлдерің экожүйесіндегі топырақтың негізгі түрі ашық сұртопырақтар (оңтүстік және солтүстік) болып табылады. Тауға жақындаған сайын термиялық конвекцияның күшеюі және атмосфералық фронттардың белсенділігі салдарынан тау бөктеріндегі жауын-шашын мөлшері артады. Тау бөктеріндегі аумақ (жазықтар, ұсақ шоқылар, құмды алқаптар) экожүйесінің құрылуының негізгі факторы, «гумидті–тау бөктеріндегі» аймақты құрайтын тау бөктеріндегі ылғалдану әсерінің салдарынан жауын-шашынның едәуір ұлғаюы болып табылады.

Тау бөктеріндегі аумақтарда, таудың әсерлерінен тыс жазықтарға қарағанда, 2-3 есе көп жауын-шашын түседі. Тау массивтері солтүстік–батыс ауа массалары үшін елеулі бөгеттер болып табылады.

Тау бөктеріндегі шөл өсімдіктері, олардың құрамында жартылай бұташықтар мен бұташықтар қауымдастығының болуымен және баданалы қоңырбас (*Poa bulbosa*) пен қиякөлең (*Carex pachystilis*) құрайтын эфемероидтардың айқын байқалатын қабатымен сипатталады.

**Тауаралық-шұңқырлы шөлді экожүйелер.** Тауаралық шұңқырлар (Іле, Зайсан) үшін, аймақтың шеңберлі инверсиялық құрылымы деп аталатын аймақтық экожүйелер ауысуының ерекше шоғырлас сипаты тән келеді.

Әдетте, шұңқырдың ең төменгі, орталық бөлігін аридтік шөлді экожүйелер, ортаңғы бөлігін шұңқырдың аймақтық орналасуын индикаторлайтын экожүйелер алып жатады. Тауға жақын орналасқан аумақтар, әдетте, тау бөктеріндегі аз қуаңшылықты қауымдастық түрлерін көрсетеді.

Шөлейтті және шөлді аймақтардың шалғындары ірі өзендердің аңғарларына, теңіздер мен көлдер маңындағы ойпаңды жерлерге жақын орналасқан және оларда құрақ, ши, қияқ, әжірек және сирегірек жұмсақ сабақты дәнді өсімдік түрлері кездеседі. Шалғынды жайылымдардың өнімділігі 2-ден 10 ц/га аралығында, шабындықтар – 15-тен 40 ц/га құрғақ масса аралығында ауытқиды. Шабындықтар көлемі 1,3 млн. га құрайды.

**Ұсақ шоқылардағы** жайылым 32,4 млн. га алады. Ұсақ шоқы Қазақстан аумағының орталық және солтүстік-шығыс бөлігінде дала, шөлейт және ішінара шөлді табиғи аймақтарда орналасқан. Өсімдіктер жамылғысы солтүстігінде (далалық аймақ) жайылымның түрлі бетегелі-тіпшақты-алуан шөпті және сұлыбасты түрлерінен, орталық бөлігінде (қуаң және шөлейтті аймақ) түкті бетегелі-жусанды және жусанды-шымды дәнді өсімдікті, көбіне бұталанған түрлерінен, оңтүстігінде (шөлді аймақ) – бозжусанды, баялышты-жусанды түрлерден тұрады. Мұндағы өсімдіктер қауымдастығының өнімділігі 2-ден 6 ц/га құрғақ массаға дейін болады.

Шоқылар арасындағы ойпаңдарда, кіші өзендер мен жылғалар аңғарларында сұлыбасты, бидайықты, шилі шалғындар таралған, олар негізінен шабындық ретінде пайдаланылады, өнімділігі 8-12 ц/га құрғақ масса. Шабындық көлемі – 0,7 млн. га.

**Тау етегіндегі жазықтар** Қазақстанның барлық ірі тау алаптарын жиектейді. Жайылымдар 18,7 млн. га, шабындықтар – 0,8 млн. га жерді алады. Олардың өсімдіктер жамылғысының құрылуы тік белдеулік заңына бағынады.

Тау етегіндегі жазықтар шегінде, биік тауларды қоспағанда, барлық тау жүйесінде кездесетін тік белдеулер байқалады.

Тау бөктері жазығындағы шөл және шөлейтті жайылымдар өте үлкен көлемді алады және жайылымдардың бозжусанды-эфемерлі, бохжусанды-сораңды, арам

шөпті-эфемерлі, эфемерлі түрі кездеседі, сондай-ақ мұндағы шөлейтті аймақ шөпотында шымқабатты дәнді өсімдіктер қатысады. Олардың өнімділігі 1-3 ц/га құрғақ масса аралығында болады.

Тау етегіндегі жазықтардың далалы және шалғынды-далалы жайылымдары төбелі-бөктерлі тау бөктеріне жалғасады. Оларға түрлі бетегелі-тіпшақты-жусанды, шымды дәнді-алуан шөпті, дәнді-алуан шөпті, көбіне бұталанған жайылым түрлері тән келеді, өнімділігі 3-тен 6 ц/га дейінгі құрғақ массаны құрайды.

Батыс Тянь-Шань сілемдері мен Қаратау жотасының тау бөктеріндегі саванналы шөл және шөлейт жайылымдары ерекше орын алады, мұнда ландшафтық түрлерге эфемерлер мен эфемероидтар, алуан түрлі арам шөптер мен жусан жатады. Өнімділігі 1-4 ц/га құрғақ массаны құрайды.

Дала белдеуінің **аласа және орта таулы** жайылымдары түрлі бетегелі-тіпшақты және шымды дәнді өсімдіктермен сипатталады, аласа тауларда біраз мөлшерде жусан және орта тауларда – даланың дәнді өсімдіктері мен алуан шөптер қатысады. Таулардың тік баурайлары мен ойпаттары және жыралары қатты бұталанған.

Барлық тау жүйесіндегі аласа таулы шөлейтті жайылымдарда бозжусанды-шымды дәнді және шымды дәнді-бозжусанды түрлер кездеседі, өнімділігі 2-4 ц/га құрғақ массаға тең.

Аласатаулық жайылымдардың өнімділігі 3-6 ц/га құрғақ массаны құрайды, ортатаулық шалғынды және шалғынды-далалы жайылымдар 5-тен 15 ц/га құрғақ массаға дейін ауытқиды. Тау шалғындарының шөп шабуға қолайлы жерлері шабындық ретінде пайдаланылады. Тау шабындықтарының өнімділігі 6-18 ц/га құрғақ масса шегінде болады.

Аласатаулық және ортатаулық жайылымдар көлемі – 8,9 млн. га, шабындықтар – 0,4 млн. га. **Биік таулардағы** жайылымдардың өсімдіктер қауымдастығы сан алуан түрлі және әртүрлі өсімдіктер түріне жатады. Негізгі түрлер қатарында, Еуразияда кең таралған: тундралық, шалғындық, орман (күңгірт қылқанды, ұсақ жапырақты, жалпақ жапырақты ормандар) өсімдіктері, бұталы, далалық, сондай-ақ сирек кездесетін, ерекше, Орта Азия тауларына тән өсімдіктер, тек Батыс Тянь-Шань тауында ғана кездесетін: аридтік аршалы сирек ормандар, умбеллярлар, саванналы, фриганоидты (тіккен бұталы және таулы-жусанды) өсімдіктер түрлері бар. Жайылымдар көлемі 1,2 млн. га құрайды.

Таулардағы экожүйелердің белдік құрылымы көптеген факторларға негізделген, олардың ішінде ең маңыздысы келесілер болып табылады:

- Осы тау жүйесін қоршайтын жазықтың (тұғырдың) аймақтық жағдайы.
- Тау бедерінің сипаты, жоталардың бағдары, биіктіктің салыстырмалы және абсолюттік амплитудасы.
- Климаттың ерекшеліктері (жоталардың бағдарына қарай ауа массаларының өзгеруі, таулардағы климаттық инверсиялар, жергілікті жердің биіктігімен және батыстан шығысқа қарай жылжуы бойынша климаттық параметрлердің өзгеруі).
- Топырақ-өсімдік жамылғысының өзіне тән өзгешілігі мен ерекшеліктері.

Тек Орталық және Оңтүстік Алтайдың биік тауларында ғана тау тундраларының өсімдіктері: мүк-қыналы, шөптесінді-мүкті және аласа қайың шоғыры мен дриадты тундралар бар.

Қазақстан тауларында мезофитті ылғал сүйгіш дақылдар мен алуан шөптерден құрылған шалғындық қауымдастықтар альпі және субальпі белдеулерінің өсімдіктерін қалыптастырады және ортатауларда кеңінен таралады және мұнда орман алқаптарымен кезектеседі. Шабындық алқаптары – 0,04 млн. га алады.

*Альпі аласа шөптері*, әртүрлі бояулы дәнді-алуан шкпті *шалғындар* ылғалды биік таулар (солтүстік Алтай, Батыс Тянь-Шань) жағдайларында таралған. Криофиттік аласа шөпті альпілік шалғындар кобрезиевниктерінің (көбіне тақыршақ деп аталатын) ерекше түрі құрғақ және суық биік тауларда (Оңтүстік Алтай, Жоңғар Алатауы) кездеседі.

*Субальпілік орташа шөпті шалғындар* альпілік шалғындардан төменірек барлық таулы алқаптарда таралған. Олардың ішінде алуан шөпті-дәнді және теңгежапырақты мен қазтамақты шалғындар бар, олар көбіне аршалы тоғайлармен кезектесіп тұрады. Қазақстанның тау жүйесінде қылқан жапырақты да, жалпақ жапырақты да *ормандар* таралған.

Жасыл мүкті және шөптесінді *күңгірт қылқан жапырақты майқарағайлы және балқарағайлы ормандар* тек солтүстік-батыс Алтайда ғана кездеседі. Шренк шыршасынан тұратын *күңгірт қылқан жапырақты шырша ормандары* Солтүстік Тянь-Шанда орта таулар баурайларында таралған. Орман белдеуінің жоғарғы бөлігінде бұл – жатаған шыршалы, ал орталық бөлігінде шөптесінді және мүкті

жамылғысы бар шырша ормандары. Орман белдеуінің төменгі бөлігінде жапырақты-шыршалы ормандар бар.

Сібір сағызқарағайы басым келетін *ашық қылқан жапырақты сағызқарағайлы ормандар* Орталық және Оңтүстік Алтайдың орташа ылғалды жағдайларында өседі. Оңтүстік Алтай мен Сауыр тауларында саябақтық сағызқарағайлар кездеседі.

*Қарағай тұқымдасты ормандар* (өліжамылғылы, жасыл мүкті, қыналы, шөптесінді, бұталы-шөптесінді) мен селдір тоғайлар, петрофитті-далалық түрлермен бірге, Алтайдағы Калбы тауы мен Орталық Қазақстанның аласа таулы гранитті алаптарында кездеседі. Таулы өңірлерден басқа қарағайлы ормандарды Торғай өңірі мен Ертіс маңында да кездестіруге болады. Ылғалды қарағайлы ормандар флораның солтүстік (бореалдық) элементтерінің қоймасы болып табылады.

*Қайыңды және теректі ормандар* барлық өңірде кездеседі.

Өртүрлі тау жоталарында мезофитті ылғал сүйгіш бұта шіліктерінің алуан түрлілігі өте үлкен. Ең көп таралғаны – раушан көшеттері, тобылғы шіліктері, қарағандар (Алтай мен Тарбағатайдағы бұтақты қарағандардан және Теріскей Алатауындағы көп жапырақты қарағандар). Тарбағатайдың назар аударарлық көрнекі жері Ледебур бадамы мен Ховен калофакасынан құрылған бұталы шіліктер болып табылады.

*Таулы далалар* Алтайдан Қаратауға дейін Қазақстанның барлық тауында кездеседі. Олар келесідей үш түр тармағынан тұрады: биік тауларда криофитті дала, орта таулы жерлерде нағыз шымды дәнді өсімдікті дала, ал Тянь–Шань мен Қаратаудың төменгі тауларында эфемероидты–шымқабат дәнді, саванналы–шымқабат дәнді (арпа, бидайық, сасыр өсімдіктерінің қатысуымен) және таудағы-серофитті–дәнді (көбенқұйрық, кемпіршөп, рафидофитум түрлерінің қатысуымен) өсімдікті дала.

*Арша селдір тоғайлары* тек Батыс Тянь–Шань орта таулары мен Қырғыз жотасының шатқалдарында кездеседі. Зеравшан аршасынан тұратын аршалықтар неғұрлым жылы өсу жағдайларына, сауыр аршасынан тұратын аршалықтар орташа суық тіршілік ортасына бейімделген. Шөп жамылғысы бойынша аршалықтар саванналы, шалғынды және шалғынды-далалық болып бөлінеді.

Орман екпелерінің ерекше түрі *Понтий доланасынан тұратын жылу сүйгіш селдір ормандар* Батыс Тянь-Шань жоталарының шетімен жоғары тау бөктеріндегі құлама етекте және таудың төменгі бөліктерінде таралған. *Понтий доланасынан тұратын селдір ормандар* (тау етегіндегі жартылай саванналар деп аталатын) агродақылдық кезеңге дейін басым болып келді, қазіргі уақытта үлкен аумақта жойылған.

Қаратау тауында өсімдіктердің ерекше өзіндік түрі – *қаратау жусаны* басым келетін *тау жусандары* үстем. Олар Қаратауда өсімдіктердің ерекше белдеуін құрады. Олардың флоралық құрамы бірегей болып келеді және аласа шөпті эфемероидтардан да, саванналы ірі шөптерден де, дәнді дала өсімдіктері мен тау ксерофитті элементтерден (сетен, кемпіршөп түрлері) тұрады.

*Биік шөпті саваноидтар* Батыс Тянь-Шанның жоғарғы тау бөктерінде кең аумақты алады. Оларды биік эфемероидты дәнді өсімдіктер, түкті бидайық, жаман арпа мен ірі шөптердің (сасыр, жалбызтікен, шырыш, әрем) басым қатысуы ерекшелейді. Аласа тау баурайларында әдетте олардың қатарында бұталар (бадам, раушан, шие) болады.

*Аласа шөпті саваноидтар* (баданалы қоңырбас, эфемерлер мен эфемероидтар басым келетін) Батыс Тянь-Шанның аласа тау бөктерлерінде кездеседі.

Өзен аңғарларының, көлдер мен су қоймалары жағалауларының өсімдіктері алуан түрлі болып келеді. Далада өзендер алқабында кең жапырақты терек (қара және ақ терек) ормандары, емен шағын телімдері (Орал өзені) және майда жапырақты көктерек–қайың ормандары мен қалың өскен талдар кездеседі. Шөлде өзен алқаптарында ерекше мезотермды жайылма ормандары – ағаш–бұталы (көбінесе талдар) тоғайлар (терек, түрлі жапырақты және көкшіл жиде) мен бұта шіліктер (шеңгел және жыңғыл түрлерінен) таралған.

Терең каньондарда (Шарын өз.) реликті шаған ормандары кездеседі. Өзен алаптары мен атырауларында, көлдердің жағалауларында шөптесінді батпақтар (құрақтан, қоғадан, қамыстан, түйнекшөптен) және әр түрлі кәдімгі шабындықтар (бидайық, айрауық, діңшелі, түлкіқұйрық), галофитті (әжірек, ақмамық, қияқ, арпа) кеңінен кездеседі. Оңтүстік дала мен шөлдерде шиден құрылған ірі дәнді өсімдікті шалғындар таралған.



Биік таулы жайылымдардың өнімділігі 2-ден 9 ц/га құрғақ массаға дейін ауытқиды, бірақ көбінесе ол 2-4 ц/га құрайды. Субальпілік шалғындардың телімдері шөп шабуға, тасымалдауға ыңғайлы, орылады.

**Шабындықтардың дақылдық-техникалық жағдайының басым белгілері: таза, ағаш өскен, бұта өсіп кеткен, улы өсімдіктер өсіп кеткен, төмпешікті болуы жатады.**

Дақылдық-техникалық жағдайы бойынша таза шабындықтар басым келеді, олардың көлемі 4 471,0 мың га немесе 91,5%-ды құрайды.

**Жақсартылған** шабындықтар – 41,2 мың га немесе 0,8%. Ауыл шаруашылығы алқаптарын түгендеу материалдарына (2012-2014 жылдар) сәйкес, жақсартылған шабындықтар жағдайы, негізінен, қанағаттанарлық және қанағаттанарлықсыз (65%) болып белгіленген, жақсы жағдайдағы шабындықтар, олардың көлемінің 35%-ын құрайды.

**Бұталар өсіп кеткен** шабындықтар 134,2 мың га – 2,7%-ға тең. Бұталардың өсіп кетуіне қарай шабындықтар: шамалы дәрежеде – 100,6 мың га, орташа және күшті дәрежеде – 33,6 мың га болып бөлінеді.

**Ағаш өскен** шабындықтардың көлемі үлкен емес – 12,0 мың га немесе 0,2 %. Негізінен, шабындықтарда ағаш шамалы дәрежеде өскен – 9,4 мың га немесе ағаш өскен шабындықтардың барлық көлемінің 78,3%-ы.

Улы өсімдіктер басқан шабындықтар көлемі 81,7 мың га (1,7 %) құрайды, соның ішінде шамалы дәрежеде – 44,4 мың га, орташа және күшті дәрежеде – 37,3 мың га.

**Төбешікті** шабындықтар – 144,9 мың га (3,0 %), соның ішінде орташа және күшті дәрежедегісі – 41,2 мың га.

Дақылдық-техникалық кері белгілері бар шабындықтардың жалпы көлемі 372,8 мың га (7,6 %) құрайды.


Өңірлер бойынша олардың негізгі көлемі Шығыс Қазақстан облысында – 144,6 мың га немесе 38,8%. Батыс Қазақстан облысында дақылдық-техникалық кері белгілері бар шабындықтар 51,5 мың га (13,8 %), Павлодар облысында – 33,9 мың га (9,1 %), Ақмола облысында - 36,9 мың га (9,9 %) құрайды.

Шабындықтардың табиғи аймақтар мен облыстар бойынша дақылдық-техникалық жағдайы 18-суретте және 52, 53-кестелерде берілді. Таза

шабындықтардың үлестік салмағы барлық табиғи аймақтарда басым келеді және шөлейтті аймақта 93,8%-дан таулы жерлерде 87,0% дейін ауытқиды.

18-сурет

### Шабындықтардың дақылдық-техникалық жағдайы



Бұталар өсіп кеткен шабындықтардың үлкен мөлшері орманды далалы және далалы аймақтар мен тау етегі жазықтарында кездеседі.

Бұта және ағаш өсіп кеткен шабындықтардың едәуір көлемі Ертіс өзенінің жайылма алқабында Шығыс Қазақстан облысы (сәйкесінше 75,3 мың га және 3,1 мың га) мен Павлодар (сәйкесінше 20,6 мың га және 3,3 мың га) облыстарында орналасқан. Республиканың солтүстік және таулы өңірлерінде шабындықтарда тобылғы, итмұрын, шие, қараған, оңтүстік өңірінде – қараған, тобылғы, шеңгел, тұзданған топырақта - жыңғыл өсіп кеткен.

**2021 жылғы 1 қарашадағы табиғи аймақтар бойынша шабындықтардың  
дақылдық-техникалық жағдайы бойынша сипаттамасы**

мың га

Аймақтардың (тау белдеулерінің) индексі, олардың атауы	Шабындықтар көлемі, барлығы	Соның ішінде түбегейлі жақсартылғаны	Табиғи шабындықтардың дақылдық-техникалық жағдайы												
			таза	бұта өсіп кеткен			ағаш өсіп кеткен			улы өсімдіктер басып кеткен			төбешікті		
				барлығы	шамалы	орташа және күшті	барлығы	шамалы	орташа және күшті	барлығы	шамалы	орташа және күшті	барлығы	шамалы	орташа және күшті
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
<b>Жазық</b>															
Д. Орманды															
далалық және далалық	1640,7	22,3	1496,4	40,7	28,2	12,5	7,8	6,3	1,5	32,2	16,6	15,6	41,3	28,9	12,4
Шл. Шөлейтті	658,7	-	618,1	5,7	2,8	2,9	-	-	-	7,2	2	5,2	27,7	17,8	9,9
Ш. Шөл	684,5	0,3	661,9	9	4,4	4,6	-	-	-	6,9	3,7	3,2	6,4	2,6	3,8
Ұ. Ұсақ шоқы	703,4	0,2	650,3	22,1	17,9	4,2	-	-	-	1,9	0,6	1,3	28,9	24,8	4,1
ТБЖ. Тау бөктеріндегі жазық	784,2	15,3	686,3	32,5	29,3	3,2	1,9	0,8	1,1	27,9	19,7	8,2	20,3	16,6	3,7
<b>Таулар</b>															
Т. Аласа және орта таулар															
таулар	408,9	3,1	353,4	24,2	18	6,2	2,3	2,3	-	5,6	1,8	3,8	20,3	13	7,3
Б. Биік таулар	4,6	-	4,6	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>4885,0</b>	<b>41,2</b>	<b>4471</b>	<b>134,2</b>	<b>100,6</b>	<b>33,6</b>	<b>12</b>	<b>9,4</b>	<b>2,6</b>	<b>81,7</b>	<b>44,4</b>	<b>37,3</b>	<b>144,9</b>	<b>103,7</b>	<b>41,2</b>

**Ескерту:** «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

**2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша шабындықтардың  
дақылдық-техникалық жағдайы бойынша сипаттамасы**

мың га

Облыстар атауы	Шабындықтар көлемі, барлығы	Соның ішінде түбегейлі жақсар-тылғаны	Табиғи шабындықтардың дақылдық-техникалық жағдайы												
			таза	бұта өсіп кеткен			ағаш өсіп кеткен			улы өсімдіктер басып кеткен			төбешікті		
				бар-лығы	шамалы	орташа және күшті	бар-лығы	шамалы	орташа және күшті	бар-лығы	шамалы	орташа және күшті	бар-лығы	шамалы	орташа және күшті
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Ақмола	243,4	6,0	200,5	10,2	7,2	3,0	0,8	0,6	0,2	-	-	-	25,9	19,1	6,8
Ақтөбе	464,6	-	452,2	8,7	6,4	2,3	-	-	-	2,1	2,1	-	1,6	1,6	-
Алматы	458,5	4,0	435,0	1,7	1,1	0,6	1,1	-	1,1	14,5	7,1	7,4	2,2	1,1	1,1
Атырау	132,9	-	127,1	0,4	-	0,4	-	-	-	5,4	0,7	4,7	-	-	-
Шығыс Қазақстан	1057,6	0,4	912,6	75,3	60,1	15,2	3,1	3,1	-	8,5	2,4	6,1	57,7	45,2	12,5
Жамбыл	251,9	4,8	246,7	0,1	0,1	-	-	-	-	0,3	0,1	0,2	-	-	-
Батыс Қазақстан	1023,5	0,3	971,7	1,3	0,5	0,8	0,1	0,1	-	32,0	15,7	16,3	18,1	10,6	7,5
Қарағанды	384,9	0,8	370,5	4,1	3,0	1,1	-	-	-	0,4	0,4	-	9,1	7,3	1,8
Қызылорда	107,8	-	99,4	1,6	-	1,6	-	-	-	5,5	2,9	2,6	1,3	-	1,3
Қостанай	326,8	14,7	282,5	6,9	3,7	3,2	3,6	3,6	-	0,4	0,4	-	18,7	12,6	6,1
Маңғыстау	0,3	-	0,3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	302,3	-	268,4	20,6	15,2	5,4	3,3	2,0	1,3	-	-	-	10,0	6,0	4,0
Солтүстік Қазақстан	33,6	10,1	23,5	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Түркістан	95,3	0,1	79,3	3,3	3,3	-	-	-	-	12,6	12,6	-	-	-	-
Алматы қ.	0,3	-	0,3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Шымкент қ.	1,3	-	1,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0,3	0,2	0,1
<b>Барлығы</b>	<b>4885,0</b>	<b>41,2</b>	<b>4471,0</b>	<b>134,2</b>	<b>100,6</b>	<b>33,6</b>	<b>12,0</b>	<b>9,4</b>	<b>2,6</b>	<b>81,7</b>	<b>44,4</b>	<b>37,3</b>	<b>144,9</b>	<b>103,7</b>	<b>41,2</b>

Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

Улы өсімдіктер басып кеткен шабындықтар көбіне Батыс Қазақстан (32,0 мың га), Алматы (14,5 мың га) және Түркістан (12,6 мың га) облыстарында кездеседі. Ең көп тараған ластаушылар: солтүстікте және тауларда – уқорғасын, сүттіген, утамыр; оңтүстікте – есекмия, андыз, текесақал, укекіре.

Төбешікті шабындықтардың үлкен бөлігі Шығыс Қазақстан облысында – 57,7 тыс. га алады.


Түбегейлі жақсартылған шабындықтар, негізінен, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Түркістан облыстарында орналасқан.

**Жайылымдардың дақылдық-техникалық жағдайы шабындықтардағыдай белгілермен сипатталады және жайылымның оталуы, тасты және селеу басып кетуі сияқты белгілермен қосымша айқындалады.**

Жайылымдардың табиғи аймақтар және облыстар бойынша дақылдық-техникалық жағдайы 19-суретте және 54-55-кестелерде көрсетілді.

19-сурет

### Жайылымдардың дақылдық-техникалық жағдайы



Дақылдық-техникалық жағдайы бойынша 109,8 млн. га (61,5%) жайылым таза болып табылады. Жақсартылғаны 5,8 млн. га (3,2%), бұта өсіп кеткені – 19,0 млн.

га (10,6%), төбешікті – 1,6 млн. га (0,9%), ағаш өсіп кеткені – 3,2 млн. га (1,8%), тастылы – 4,7 млн. га (2,6%), тырса өсіп кеткені – 7,7 млн. га (4,2%), оталғаны – 27,1 млн. га (15,1%).

**Бұталар өсіп кеткен жайылымның** ең үлкен көлемі республиканың таулы өңірлері мен құмдарда орналасқан: Шығыс Қазақстан облысында – 4,6 млн. га, Қарағанды облысына – 3,1 млн. га, Қызылорда облысында – 2,2 млн. га, Алматы облысында – 1,9 млн. га, Жамбыл облысында – 1,8 млн. га.

Таулардағы жайылымдарда, негізінен, тобылғы, қараған, бөріжидек, итмұрын, құмдарда – жүзгін, қараған, боз сексеуіл сияқты бұталар өсіп кеткен.

**Ағаш өскен жайылымдар**, негізінен, Қызылорда (902,5 тыс. га), Алматы (695,3 тыс. га), Түркістан (529,6 тыс. га), Жамбыл (348,4 тыс. га), Шығыс Қазақстан (130,1 тыс. га) облыстарында кездеседі. Ағаш өскен жайылымдардың үлкен бөлігі құмдарда орналасқан, бұл санатқа қара сексеуілді жайылымдар жатқызылады, таулар мен жазықтарда бұл жайылымдар аз көлемді алады және мұнда терек, қайың ағаштары өскен.

**Тасты жайылымдар** Шығыс Қазақстан (1,6 млн. га), Ақмола (1,3 млн. га), Қарағанды (0,6 млн. га) облыстарында біршама үлкен аумақты алады.

**Төбешікті жайылымдар көлемі** жалпы республика бойынша үлкен емес, олардың негізгі бөлігі Қарағанды (359,8 мың га) және Қостанай (358,4 мың га) облыстарында орналасқан.

**Селеу басып кеткен жайылымдар санатына** шөпотында бетеге-кылтанселеу бар жайылымдар жатқызылады, бұл өсімдіктер жеміс беруі кезінде қойлар мен ешкілер үшін қауіпті. Селеу басып кеткен жайылымдар үлкен мөлшерде Қарағанды (2,2 млн. га), Ақтөбе (1,4 млн. га), Павлодар (1,1 млн. га) облыстарында кездеседі.

Орташа және үлкен көлемде **оталған жайылымдардың барлығы** республикада 27,1 млн. га құрайды. Оталған жайылымдардың ең үлкен көлемі Атырау (4,1 млн. га), Ақтөбе (3,9 млн. га), Алматы (3,0 млн. га), Батыс Қазақстан (2,5 млн. га), Қызылорда (2,0 млн. га), Ақмола (1,9 млн. га) облыстарында есептеледі.

**2021 жылғы 1 қарашадағы табиғи аймақтар бойынша жайылымдардың  
дақылдық-техникалық жағдайы бойынша сипаттамасы**

МЫҢ ГА

Аймақтардың (тау белдеулерінің) индексі, олардың атауы	Жайылымдар көлемі, барлығы	Соның ішінде түбегейлі жақсар - тылған ы	Жайылымдардың дақылдық-техникалық жағдайы														
			таза	төбешікті			бұта өсіп кеткен			ағаш өсіп кеткен			тасты	селеу басқан	оталған		
				барлығы	шама -лы	орташа және өте көп	барлығы	шама -лы	орташа және күшті	барлығы	шама -лы	орташа және өте көп	орташа және өте көп	орташа және өте көп	барлығы	орташа	өте көп
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
<b>Жазық</b>																	
Д. Орманды далалық және далалық	32379,0	4237,6	18458,3	448,3	259,6	188,7	1473,9	722,1	751,8	56,3	38,0	18,3	1095,6	2197,7	4411,3	2753,1	1658,2
Шл. Шөлейтті	17855,5	45,0	11852,1	243,6	156,0	87,6	1174,2	610,9	563,3	12,6	10,7	1,9	129,5	863,9	3534,6	2573,3	961,3
Ш. Шөл	67302,0	17,0	44330,2	334,3	107,4	226,9	6637,7	1539,2	5098,5	2231,6	300,1	1931,5	366,1	811,8	12573,3	8280,3	4293,0
Ұ. Ұсақ шоқы	32426,1	1067,2	20039,0	318,7	229,9	88,8	4721,0	3144,1	1576,9	168,4	156,2	12,2	1830,0	3030,1	1251,7	835,1	416,6
ТБЖ. Тау бөктеріндегі жазық	18740,4	289,7	10342,5	178,9	111,3	67,6	2158,3	897,0	1261,3	514,0	73,5	440,5	534,1	425,6	4297,3	2233,6	2063,7
<b>Таулар</b>																	
Т. Алласа және орта таулар	8878,3	41,8	4172,3	59,5	16,8	42,7	2557,7	1379,3	1178,4	185,0	111,9	73,1	679,6	336,9	845,5	429,8	415,7
Б. Биік таулар	1235,3	0,6	606,8	9,0	0,4	8,6	297,3	116,8	180,5	6,3	2,4	3,9	103,3	0,1	211,9	103,2	108,7
<b>Барлығы</b>	<b>178816,6</b>	<b>5698,9</b>	<b>109801,2</b>	<b>1592,3</b>	<b>881,4</b>	<b>710,9</b>	<b>19020,1</b>	<b>8409,4</b>	<b>10610,7</b>	<b>3174,2</b>	<b>692,8</b>	<b>2481,4</b>	<b>4738,2</b>	<b>7666,1</b>	<b>27125,6</b>	<b>17208,4</b>	<b>9917,2</b>

**Ескерту:** «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

**2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша жайылымдардың  
дақылдық-техникалық жағдайы бойынша сипаттамасы**

мың га

Облыстар атауы	Жайы- лымдар көлемі, барлығы	Түбегейлі і жақсар- тылғаны -мен бірге, дақылды қ	Жайылымдардың дақылдық-техникалық жағдайы														
			таза	төбешікті			бұта өсіп кеткен			ағаш өсіп кеткен			тасты	селеу басқан	оталған		
				барлығы	шамалы	орташа және өте көп	бар- лығы	шамалы	орташа және өте көп	барлығы	шамалы	орташа және өте көп	орташа және күшті	орташа және өте көп	бар- лығы	орташа	өте көп
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
Ақмола	6384,3	1195,2	955,9	152,0	94,0	58,0	281,0	183,0	98,0	53,2	31,2	22,0	1261,0	555,0	1931,0	1204,0	727,0
Ақтөбе	24869,3	-	18449,5	45,0	15,9	29,1	950,9	220,8	730,1	138,8	1,8	137,0	0,4	1369,9	3914,8	3293,0	621,8
Алматы	13624,2	74,4	6994,6	142,7	47,5	95,2	1901,2	93,3	1807,9	695,3	20,9	674,4	467,1	327,8	3021,1	1234,7	1786,4
Атырау	9505,2	-	5022,5	2,3	0,6	1,7	257,6	0,5	257,1	-	-	-	-	82,5	4140,3	2650,4	1489,9
Шығыс Қазақстан	19859,0	46,9	11951,5	140,9	52,1	88,8	4651,8	3183,9	1467,9	130,1	102,7	27,4	1566,9	912,4	458,5	325,1	133,4
Жамбыл	7003,1	168,2	3042,2	4,3	1,9	2,4	1817,8	919,3	898,5	348,4	220,9	127,5	171,5	72,5	1378,2	712,7	665,5
Батыс Қазақстан	10153,6	52,0	6450,8	40,3	22,5	17,8	361,0	59,4	301,6	2,6	1,8	0,8	-	720,3	2526,6	1848,7	677,9
Қарағанды	31280,5	1111,5	22604,2	359,8	274,7	85,1	3119,9	2146,0	973,9	147,8	146,5	1,3	628,9	2255,1	1053,3	691,7	361,6
Қызылорда	11884	0,1	6668,2	29,9	8,2	21,7	2242,8	131,1	2111,7	902,5	113,9	788,6	-	-	2040,5	1476,9	563,6
Қостанай	11158,6	1450,5	6847,5	358,4	232,9	125,5	773,5	562,9	210,6	1,6	0,9	0,7	35,1	292,8	1399,2	411,1	988,1
Маңғыстау	12639,4	-	9723,2	131,4	2,4	129,0	772,0	81,3	690,7	198,1	-	198,1	76,6	8,3	1729,8	1245,4	484,4
Павлодар	8295,8	914,9	4836,1	83,3	40,4	42,9	420,8	374,6	46,2	1,1	0,4	0,7	246,9	1066,6	726,1	501,4	224,7
Солтүстік Қазақстан	3262,2	596,7	1836,5	39,6	25,9	13,7	63,7	39,5	24,2	25,1	22,0	3,1	235,8	2,9	461,9	335,7	126,2
Түркістан	8863,8	86,9	4401,1	62,4	62,4	-	1406,1	413,8	992,3	529,6	29,8	499,8	48,0	-	2329,7	1263,0	1066,7
Шымкент қ.	23,8	-	13,8	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	10,0	10,0	-
Алматы қ.	1,6	-	1,6	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	8,2	1,6	2,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	4,6	4,6	-
<b>Барлығы</b>	<b>178816,6</b>	<b>5698,9</b>	<b>109801,2</b>	<b>1592,3</b>	<b>881,4</b>	<b>710,9</b>	<b>19020,1</b>	<b>8409,4</b>	<b>10610,7</b>	<b>3174,2</b>	<b>692,8</b>	<b>2481,4</b>	<b>4738,2</b>	<b>7666,1</b>	<b>27125,6</b>	<b>17208,4</b>	<b>9917,2</b>

**Ескерту:** «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.



Аймақтық аспектіде жайылымдық экожүйелердің бүлінуі көбінесе жазық жерлерде байқалады, онда барлық оталған жайылымдардың 95%-дан астамы, оның ішінде шөл және шөлейт аймақтарда - 16,1 млн.га немесе олардың көлемінің 59,4%-ы орналасқан. Жайылымдардың бүлінуіне өзгеріп отырған экологиялық жағдайлар мен адамның тиімсіз шаруашылық қызметі негізгі себеп болып отыр. Соның салдарынан өсімдіктің құнды жемшөптік түрлері шөпотынан шығып қалады да, олардың орнын арамшөптер, желінбейтін және біржылдық өсімдік түрлері басып кетеді.

Өсімдіктердің көп жылдық түрлерінің бір жылдық өсімдік түрлеріне ауысуы жайылымдардың орташа өнімділігін азайтып қана қоймай, оларды пайдаланудың маусымдылығын төмендетеді. Модификациялық өсімдік қауымдастықтары тұрақсыз болып табылады, оларда түр алмастыру процесі жүріп жатады, ал өнімділік метеорологиялық жағдайларға байланысты болады және жылдар мен маусымдар бойынша неғұрлым кең аралықта ауытқып отырады.

Жайылым бүліну сипаты бойынша үш санатқа бөлінеді: 1 - екінші қайтара шыққан өсімдік басқан, 2 - желінбейтін және улы өсімдіктер басқан, 3 – сокпақтар түскен, сабандары көп және малмен тапталған жайылымдар (56, 57-кесте, 20-сур.).


Екінші қайтара шыққан өсімдігі бар жайылымдар (1-санат) – 18,3 млн. га (барлық бүлінген жайылымның 67%-ы). Олардың ең үлкен көлемі – Атырау облысында 3,1 млн. га, Ақтөбе – 3,0 млн. га, Алматы – 2,2 млн. га, Батыс-Қазақстан – 1,8 млн. га және Қызылорда облысында – 1,2 млн. га.

Екінші қайтара шықан өсімдіктері бар жайылымдарға бір жылдық сораң шөптер мен эфемерлік қауымдастықтар басып кеткен дәрежеге дейін бүлінген телімдер жатады. Олар 8,9 млн. га аумақты алып жатыр және негізінен шөл және шөлейт аймақтарда таралған. Бұл жайылымдардың шөпотында көбіне желінетін бір жылдық сораңдар (ебелек, торғайоты және т.б.) немесе эфемерлер мен эфемероидтар (баданалы қоңырбас, жабайы қара бидай және т. б.) кездеседі. Олардың өнімділігі 40-50%-ға төмендеп, пайдалану маусымы шектелген. Бұл жайылымдар көлемі 5,4 млн.га (Ақтөбе облысы – 1,5 млн. га, Қызылорда облысы – 0,7 млн. га, Түркістан облысы – 0,6 млн. га) орташа бүлінген және 3,5 млн. га (Атырау – 0,8 млн. га, Алматы және Түркістан облыстары – әрқайсысында 0,7 млн. гектардан) қатты бүлінген жайылымдарға бөлінеді.

Екінші қайтара шыққан өсімдігі бар жайылымдар санатына желінетін (толықтай немесе ішінара) басқа өсімдік түрлері (тауық тарысы, қылша, құстаран) басым келетін шөпөты бар жайылымдар жатады. Бұл жайылымдар 2,2 млн. га алқапта таралған, оның ішінде орташа бүлінгені – 1,5 млн. га, өте көп мөлшерде бүлінгені – 0,7 млн. га. Жайылымдардың бұл санаты, негізінен, Ақмола облысының аумағында – 0,8 млн. га жерді алады.

20-сурет

### Бүлінген жайылымдар сипаттамасы



#### ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

<p>Тапталған жайылымдар, барлығы</p> <p>■ қайталама өсімдіктермен тапталған (18,3 млн.га - 67 %)</p> <p>■ арам шөп басқан (8,1 млн.га - 30 %)</p> <p>■ жолдар, өсімдігі толығымен тапталған (0,8 млн. га-3 %)</p> <p>Қайталама өсімдіктермен тапталған жайылымдар (1-санат)</p> <p>■ біржылдық сораңдар және эфемер өсімдіктері бар (9,0 млн. га-49 %)</p> <p>■ арам шөпті жүсандар (7,1 млн.га-39 %)</p> <p>■ басқалар 2,2 млн.га - 12 %</p>	<p>Арам шөп басқан жайылымдар (2 – санат)</p> <p>■ арам шөп басқан желінбейтін өсімдіктер (3,4 млн.га – 42 %)</p> <p>■ арам шөп басқан ұлы өсімдіктер (4,7 млн.га – 58 %)</p> <p>Өсімдігі толығымен тапталған (3 – санат)</p> <p>■ жолдар, өсімдігі толығымен тапталған (0,8 млн. га)</p>
---	---

**Ескерту:** «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

**2021 жылғы 1 қарашадағы бүлінген жайылымдардың табиғи аймақтар бойынша  
сипаттамасы**

МЫҢ ГА

Аймақтардың (тау белдеулерінің) индексі, олардың атауы	бүлінген жайылым, барлығы		соның ішінде:										соқпақтар түскен, сабандары көп және мал таптаған	
			екінші қайтара шыққан өсімдігі бар					мына өсімдіктер басып кеткен						
	орташа	қатты	желінбейтін өсімдіктер		желінбейтін өсімдіктер		басқасы		желінбейтін өсімдіктер		улы өсімдіктер			
			орташа	өте көп	орташа	өте көп	орташа	өте көп	орташа	өте көп	орташа	өте көп		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
<b>Жазық</b>														
Д. Орманды далалық және далалық	2736,5	1650,0	230,7	184,6	1442,1	465,5	682,0	417,0	212,8	479,6	168,9	37,1	66,2	
Шл. Шөлейтті	2573,3	956,0	748,3	227,4	1034,0	124,0	96,0	50,7	178,2	377,0	516,8	129,8	47,1	
Ш. Шөл	8280,3	4305,0	3265,4	1863,2	2122,7	505,8	241,7	105,1	589,5	452,6	2061,0	957,0	421,3	
Ұ. Ұсақ шоқы	835,1	416,6	134,6	54,3	434,4	190,5	179,7	84,5	55,4	27,7	31,0	11,9	47,7	
ТБЖ. Тау бөктеріндегі жазық	2239,1	2063,7	914,5	1003,7	461,7	219,1	130,9	66,9	409,8	239,2	322,2	411,2	123,6	
<b>Таулар</b>														
Т. Аласа және орта таулар	429,8	415,7	117,6	105,9	68,1	15,3	56,4	11,6	159,6	155,7	28,1	57,6	69,6	
Б. Биік таулар	114,3	110,2	-	85,2	-	-	111,3	8,3	1,8	3,7	1,2	5,4	7,6	
<b>Барлығы</b>	<b>17 208,4</b>	<b>9917,2</b>	<b>5411,1</b>	<b>3524,3</b>	<b>5563,0</b>	<b>1520,2</b>	<b>1 498,0</b>	<b>744,1</b>	<b>1607,1</b>	<b>1735,5</b>	<b>3129,2</b>	<b>1610,0</b>	<b>783,1</b>	

Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

## 2021 жылғы 1 қарашадағы бүлінген жайылымдардың облыстар бойынша сипаттамасы

МЫҢ ГА

Облыстар атауы	бүлінген жайылым, барлығы		соның ішінде:										сокпақ- тар түскен, сабандары көп және мал таптаған
	орташа	қатты	екінші қайтара шыққан өсімдігі бар						мына өсімдіктер басып кеткен				
			бір жылдық сораң және эфемерлі өсімдіктер		арам шөпті жусан		басқасы		желінбейтін өсімдіктер		улы өсімдіктер		
			орташа	қатты	орташа	қатты	орташа	қатты	орташа	қатты	орташа	қатты	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Ақмола	1 204,0	727,0	128,0	72,0	470,0	323,0	526,0	287,0	66,0	26,0	14,0	1,0	18,0
Ақтөбе	3 293,0	621,8	1 455,3	393,8	1 125,8	18,5	52,6	7,9	21,4	4,5	637,9	162,2	34,9
Алматы	1 234,7	1 786,4	430,3	706,1	365,1	346,6	261,9	74,1	74,7	109,4	102,7	377,8	172,4
Атырау	2 650,4	1 489,9	433,1	797,2	1 471,0	205,6	94,0	84,5	21,8	102,9	630,5	256,5	43,2
Шығыс Қазақстан	325,1	133,4	71,7	28,3	190,4	25,1	28,0	8,6	21,5	24,1	13,5	9,5	37,8
Жамбыл	712,7	665,5	288,9	192,6	27,3	2,1	34,9	6,5	269,2	132,4	92,4	91,9	240,0
Батыс Қазақстан	1 848,7	677,9	446,4	146,7	786,4	202,4	75,5	115,6	190,0	111,4	350,4	98,6	2,9
Қарағанды	691,7	361,6	296,3	118,9	260,4	122,7	31,7	11,7	39,6	38,0	63,7	18,1	52,2
Қызылорда	1 476,9	563,6	676,6	269,2	153,9	5,0	100,7	7,7	319,7	106,3	226,0	152,8	22,6
Қостанай	411,1	988,1	15,1	15,8	149,6	66,7	55,0	19,8	82,9	871,8	108,5	1,0	13,0
Маңғыстау	1 245,4	484,4	507,2	121,6	46,8	2,3	2,9	0,1	18,3	0,0	670,2	273,0	87,4
Павлодар	501,4	224,7	1,2	1,1	326,6	115,0	107,3	76,3	65,6	17,0	0,7	0,0	15,3
Солтүстік Қазақстан	335,7	126,2	21,4	8,2	150,2	48,0	120,2	42,1	32,9	10,9	11,0	0,1	16,9
Түркістан	1 263,0	1 066,7	629,6	652,8	39,5	36,9	2,7	2,2	383,5	180,8	207,7	167,5	26,5
Шымкент қ.	10,0	-	10,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	4,6	-	-	-	-	-	4,6	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>17 208,4</b>	<b>9 917,2</b>	<b>5 411,1</b>	<b>3 524,3</b>	<b>5 563,0</b>	<b>1 520,2</b>	<b>1 498,0</b>	<b>744,1</b>	<b>1 607,1</b>	<b>1 735,5</b>	<b>3 129,2</b>	<b>1 610,0</b>	<b>783,1</b>

Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

Бүлінген жайылымдардың екінші санатына (8,1 млн.га – 30 %) желінбейтін (сарыандыз, жыланқияқ, қара сора кенепшөп және т. б.) және улы (уқорғасын, есекмия, бөренелер, адыраспан және т. б.) өсімдіктер түрі басқан шөпоты жатады. Өз кезегінде, бұл жайылымдар да орташа және өте көп мөлшерде бүлінген болып бөлінеді. Өсімдіктердің желінбейтін түрлері басқан жайылым 3,3 млн.га (орташа – 1,6 млн. га, өте көп – 1,7 млн. га), негізінен Қостанай (1,0 млн. га), Қызылорда (0,4 млн. га) және Жамбыл (0,4 млн. га) облыстарында таралған.

Улы өсімдіктер басқан жайылым 4,7 млн.га (орташа – 3,1 млн. га, өте көп – 1,6 млн. га) құрайды. Олардың ең үлкен көлемі Маңғыстау және Атырау (әрқайсысында 0,9 млн. гектардан), сондай-ақ Ақтөбе (0,8 млн. га) облыстарында орналасқан.

Бүлінген жайылымдардың үшінші санатына өсімдіктер жамылғысы жоқ және мал таптаған (уақытша жайылымға жарамсыз жер) аумақтар жатады. Бұл жайылымдар бүлінуінің соңғы сатысы болып саналады және мұндай жайылымдар 0,8 млн. га жерде анықталған немесе бұл 3%-ды құрайды. Олардың ең үлкен көлемі Жамбыл және Алматы облыстарында (сәйкесінше 240 және 172,4 мың га) белгіленді.

Жайылымдардың тозуы, антропогендік әсер ету факторы олардың өздігінен қалпына келу қабылеті шегінен асып кеткен жағдайда жүреді. Бүлінген экожүйелерді, осы алқаптарды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу арқылы қалпына келтіру қажет (шөп егу немесе көпжылдық шөптер егу, ауыспалы жайылымдар енгізу және т.б. арқылы қайта шалғындандыру).

### **2.3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту**

Қазақстанда табиғи ресурстар мен қоршаған орта жағдайының барлық маңызды экологиялық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай нашарлауы қазіргі жағдайда елеулі проблема болып отыр. Республиканың едәуір аумағында экологиялық тұрақсыздандудың өте үлкен қаупі бар. Шөлейттену проблемасы өзекті мәселе болып тұр. Осыған байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және олардың көлемін кеңейту құнды табиғи кешендердің, биоалуантүрліліктің сақталуын, табиғи орта биопотенциалын қалпына келтіру мен жақсартуды камтамасыз етудің неғұрлым пәрменді тәсілі болып табылады.

Қазіргі уақытта республикада іс жүзінде барлық табиғи аймақтарда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әр түрі белгіленген. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік табиғи ұлттық парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік табиғи қаумалдар, мемлекеттік қорық аймақтары, мемлекеттік ботаникалық бақтар құрылып, жұмыс істейді. Қорық қоры объектілерінің маңыздылығына қарай, олар республикалық немесе жергілікті маңызы бар санаттарға жатқызылады.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі №593 қаулысымен бекітілді. Есептік кезеңде осы Тізбеге «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағын кеңейтудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 шілдедегі № 484 қаулысымен өзгерістер енгізілді. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілері орналасқан жердің жалпы ауданы 24,6 млн. га құрайды. Республика бойынша тұтастай алғанда 2020-2021 жылдардағы олардың түрлері мен көлемдері 58-кестеде көрсетілген.

58-кесте

### **Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар түрі, саны және көлемі**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар түрі	2020 жыл		2021 жыл	
	объектілер саны	көлемі, мың га	объектілер саны	көлемі, мың га
Мемлекеттік табиғи қорықтар	10	1 613,7	10	1 613,7
Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер	14	2 667,4	14	2 726,4
Мемлекеттік табиғи резерваттар	6	3 122,1	6	3 122,1
Мемлекеттік табиғи қаумалдар	50	5 837,3	50	5 837,3
Мемлекеттік қорық аймақтары	5	11 311,9	5	11 311,9
Мемлекеттік табиғат ескерткіштері	25	6,5	25	6,5
Ботаникалық бақтар	7	0,8	7	0,8
<b>Барлығы</b>	<b>117</b>	<b>24 559.7</b>	<b>117</b>	<b>24 559.7</b>

**Ескерту:** Ақпарат ҚР Үкіметінің 26.09.2017 жылғы № 593 қаулысымен бекітілген, 2021 жылғы 1 қарашадағы өзгертулермен бірге, Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің тізбесінің деректері бойынша ұсынылды.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің көлемі өзгерген жоқ.

Республикада, есептік кезеңде, республикалық маңызы бар 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 6 мемлекеттік табиғи резерват,

50 мемлекеттік табиғи қаумалдар, 25 мемлекеттік табиғат ескерткіштері, 7 мемлекеттік ботаникалық бақ (оның ішінде 1 мемлекеттік дендрологиялық парк) жұмыс істейді.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың объектілері орналасқан жердің жалпы көлемінен 6,6% мемлекеттік табиғи қорықтардың, 10,9% – мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, 12,7% – мемлекеттік табиғи резерваттар үлесіне келеді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі алқаптарын мемлекеттік қорық аймақтары – 46,1% және мемлекеттік табиғи қаумалдар – 23,8% алады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 122-бабына сәйкес мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың жер телімдері меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, басқа жер санаттарының құрамында болады.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарамағындағы «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қарамағындағы Алтай және Маңғышлақ эксперименттік ботаникалық бақтарын қоспағанда, табиғи-қорық қорының барлық объектілері, іс жүзінде, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарамағында болады.

Облыстар бойынша ерекше қорғалатын аумақтардың негізгі объектілерін орналастыру 59-кестеде және 21-суретте көрсетілген.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің республика аумағы бойынша орналасуын талдау, мұндай объектілердің республиканың барлық облыстарында бар екендігін көрсетеді. Мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктер негізінен Алматы (7), Ақмола (3), Шығыс Қазақстан (4) және Түркістан (3) облыстарында шоғырланған. Мемлекеттік табиғи резерваттар Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында бөлінген.

Мемлекеттік табиғи қаумалдардың ең көп саны Қарағанды (9), Алматы (7), Түркістан (5), Шығыс Қазақстан (5), Солтүстік Қазақстан (4), Ақмола (3), Жамбыл (3), Батыс Қазақстан (3) және Қостанай (3) облыстарында орналасқан.

Мемлекеттік табиғи қорық аймақтары Атырау (Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі акватория – ауданы 662,6 мың га), Жамбыл (Жусандала – 2 757,5 мың

га), Маңғыстау (Кендірлі - Қаясан – 1 230,3 мың га) және Түркістан (Арыс және Қарактау – 404,0 мың га, Оңтүстік Қазақстан – 6258,0 мың га) облыстарында бөлінген.


Табиғат ескерткіштері көлемі жағынан біршама шағын аудандарды алып жатыр. Олардың негізгі саны Солтүстік Қазақстан (12), Ақмола (8), Алматы (3) облыстарына келеді.

Ботаникалық бақтар Алматы қаласында Бас ботаникалық бақ (Ботаника және фитоинтродукция институты), Алматы (Іле ботаникалық бағы), Шығыс Қазақстан (Алтай ботаникалық бағы, Риддер қаласы), Қарағанды (Жезқазған ботаникалық бағы, Жезқазған қаласы) және Маңғыстау (Маңғышлақ эксперименттік ботаникалық бағы, Ақтау қаласы) облыстарында және республиканың астанасы Нұр-Сұлтан қаласында (Астана ботаникалық бағы) орналасқан.

Қазіргі уақытта республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің алатын жалпы көлемі, республиканың бүкіл аумағының 9,0%-ын құрайды. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың объектілерінен басқа, облыстарда жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың объектілері құрылған, оларды дамыту республика өңірлерінің табиғатын қорғаудағы өзекті міндеттердің бірі болып табылады.



Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерін орналастыру



137

**Табиғи қорықтар:**

1. Ақсу-Жабағылы
2. Алматы
3. Марқакөл
4. Батыс Алтай
5. Наурызым
6. Қорғалжын
7. Алакөл
8. Үстірт
9. Барсақелмес
10. Қаратауский

**Ұлттық табиғи парктер:**

1. "Көкшетау"
2. "Алтынемел"
3. Іле Алатауы
4. Қарқаралы
5. Баянауыл
6. Катонқарағай
7. "Бурабай"
8. Шарын
9. Сайрам-Өгем
10. "Көлсай-көлдері"
11. "Жоңғар Алатауы"
12. "Бұйратау"
13. Іле Алатауы, Алматы қ.,
14. "Тарбағатай"

**Табиғи резерваттар:**

1. Ырғыз-Торғай
2. "Ақжайық"
3. "Семей орманы"
4. "Ертіс орманы"
5. "Алтын дала"
6. "Іле-Балқаш"

**Қорық аймақтары:**

1. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі
2. Жусандала
3. Кендірлі-Қаясан
4. Арыс және Қарақтау
5. Оңтүстік Қазақстан

**Ботаникалық бақтар:**

1. Бас ботаникалық бақ Алматы қ.
2. Астана
3. Алтай
4. Жезқазған
5. Маңғыстау эксперименталдық
6. Іле
7. Есік дендрологиялық саябағы

**Шартты белгілер:**

- ▲ Қорықтар
- Ұлттық табиғи парктер
- Табиғи қаумалдар
- ◆ Табиғи резерваттар
- ▲ Қорық аймақтары;
- ↑ Ботаникалық бақтар
- ∧ Табиғат ескерткіштері

**2021 жылғы 1 қарашаға республикалық маңызы бар  
ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі объектілерін облыстар бойынша орналастыру**

Облыстар атауы	Мемлекеттік табиғи қолдықтар		Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер		Мемлекеттік табиғи резерваттар		Мемлекеттік табиғи қорымдар		Мемлекеттік табиғи қорық аймақтары		Табиғат ескерткіштері		Ботаникалық бақтар		Көлемі барлығы, мың га
	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	
Ақмола	1	543,2	2	311,4	-	-	3	222,2	-	-	8	10,0	-	-	1 076,8
Ақтөбе	-	-	-	-	1	1 173,5	1	296,0	-	-	-	-	-	-	1 469,5
Алматы	2	137,4	5	1 138,2	1	415,2	7	2 074,9	-	-	3	6 154,0	2	430,4	3 772,3
Атырау	-	-	-	-	1	111,5	1	45,0	1	662,6	-	-	-	-	819,1
Шығыс Қазақстан	2	189,1	2	787,0	1	654,1	5	486,7	-	-	1	137,0	1	154,0	2 117,2
Жамбыл	-	-	-	-	-	-	3	1 020,6	1	2 757,0	-	-	-	-	3 777,6
Батыс Қазақстан	-	-	-	-	-	-	3	160,0	-	-	-	-	-	-	160,0
Қарағанды	-	-	2	201,1	-	-	9	139,5	-	-	-	-	1	62,0	340,7
Қызылорда	1	191,4	-	-	1	489,8	3	137,8	-	-	-	-	-	-	819,0
Қостанай	1	163,1	-	-	-	-	2	29,1	-	-	-	-	-	-	192,2
Маңғыстау	1	223,3	-	-	-	-	2	307,5	1	1 230,3	-	-	1	39,0	1 761,1
Павлодар	-	-	1	68,5	1	278,0	2	437,0	-	-	1	2,0	-	-	783,5
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	-	-	-	4	429,9	-	-	12	181,1	-	-	430,1
Түркістан	2	166,2	1	149,0	-	-	5	51,1	2	6 662,0	-	-	-	-	7 028,3
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	1	12,2	-	-	-	-	-	-	-	-	1	104,0	12,3
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	46,3	-
<b>Барлығы</b>	<b>10</b>	<b>1 613,7</b>	<b>14</b>	<b>2 667,4</b>	<b>6</b>	<b>3 122,1</b>	<b>49</b>	<b>5 837,3</b>	<b>5</b>	<b>11 311,9</b>	<b>25</b>	<b>6 484,1</b>	<b>7</b>	<b>835,7</b>	<b>24 599,4</b>

**Ескерту:** Ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысымен бекітілген, 2019 жылғы 1 қарашадағы өзгертулермен бірге, Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің тізбесінің деректері бойынша берілді.

## 2.4. Жердің тозуы

### 2.4.1. Эрозиялық процестер

Эрозия топырақтың бүлінуіне, қарашірікті-аккумулятивті қабаттың жоғарғы бетінің шайылуы мен үрленуіне және олардың құнарлылығының жоғалуына әкелетін, жердің тозуының аса қауіпті түрлерінің бірі болып табылады. Көптеген жағдайларда эрозиялық процестер антропогендік әсерлердің нәтижесінен де пайда болып, дамиды.

Республика аумағында топырақ эрозиясы, топырақтың гумификациясымен қатар, топырақ тозуы түрлерінің ішіндегі ең көп тарағаны болып табылады.

Эрозия үлкен экономикалық және экологиялық нұқсан әкеледі, себебі ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі құралы және биосфераның тәуелсіз компоненті ретіндегі топырақтың өзіне қауіп төндіреді.

Топырақ эрозиясы процестерінің дамуы табиғи жағдайлардың жиынтығымен (климат, бедер, топырақтың механикалық құрамы және т.б.), сондай-ақ оларға антропогендік әсерлер дәрежесімен және жер алқаптарын, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану қарқындылығымен байланысты болады. Топырақ бұзылуының басты факторына қарай және оның құнарлылығын жоғалтуына байланысты, су және жел эрозиясы деп бөледі.

Қазақстан Республикасында жердің сапалық сипаттамасының деректері бойынша эрозияланған және эрозиялық-қауіпті 90 млн. гектардан астам жер есепке алынған, оның ішінде іс жүзінде эрозияланғаны – 29,3 млн. га.

Республикада **жел эрозиясына ұшыраған (дефляцияланған)** 24,2 млн. га немесе 11,3% ауыл шаруашылығы алқаптары бар (60-кесте).

Дефляция процесінің пайда болу дәрежесі бойынша жер үш топ тармағына бөлінеді:

аздап дефляцияланған, оларға біртекті контурлармен аздап дефляцияланған топырақтар мен олардың 10-30% орташа және күшті дефляцияланған және 30-50% құмдары бар кешендері жатады. Жалпы көлемі 2,2 млн. га (9,1 %);

орташа дефляцияланған, оларға біртекті контурлармен орташа дефляцияланған топырақ, олардың 30–дан 50%-ға дейін орташа, күшті дефляцияланған және 30-50% құмдары бар кешендері, сондай-ақ жазық аумақтың

ашық күрең, құба және сұрғылт-құба аймақтары мен кіші аймақтарының құмды топырақтары жатады. Жалпы көлемі 4,9 млн. га (20,2%);

қатты дефляцияланған, оларға біртекті контурлармен қатты дефляцияланған топырақтар, осы топырақтар басым келетін олардың кешендері, 30-дан 50%-ға дейін қатты дефляцияланған топырағы бар орташа дефляцияланған топырақ кешендері, сондай-ақ барлық құмдар жатады. Жалпы көлемі 17,1 млн.га (70,7%) құрайды.

Эрозияға ұшыраған алқаптар жердің сапалық жай-күйі мен оның өнімділігіне теріс әсер ететін мелиоративтік топтардың көлемі бойынша ең ірілерінің бірі болып табылады.

Жел эрозиясы құмды және автоморфты топырақты, сортанды және шаңды дауылды дефляция түрінде байқалады. Топырақ дефляциясының дамуында табиғи факторлардан басқа (топырақтың иленгіштігі, жеңіл механикалық құрамы, белсенді жел қызметі және басқалар), антропогендік фактор да елеулі рөл атқарады. Мал жаюдың реттелмеуі ( шамадан тыс жүктеме), бұта ағаштарды кесу, автокөліктердің жолдардан тыс, яғни жол емес жерлермен ретсіз қозғалысы дефляциялық процестердің қарқындауына ықпал етеді, ал бұл процестер топырақтың құрылымдық құрамын, көлемдік массасын және қара шірінді қабатын өзгертетін, топырақ құнарлылығының азаюына және тозуына әкеледі.

Топырақтың жел эрозиясының барынша теріс ықпалы, топырақ ылғалының тапшылығы қатты байқалатын, құрғақшылық жылдары күшейеді.

Эрозиялық процестер әсіресе шөл, шөлейт және дала аймақтарында орналасқан өңірледегі Қызылқұм, Мойынқұм, Үлкен және Кіші борсық, Сарыішікөтырау құмдарының кең алқаптарында, жеңіл механикалық құрамдағы және карбонатты топырақтарда белсенді байқалады.


Жел эрозиясына ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының негізгі көлемі Алматы облысында – 5 млн. га жуық, Атырау және Түркістан облысында – 3,1 млн. гектардан, Қызылорда облысында – 2,8 млн. га, Жамбыл және Ақтөбе облысында – әрқайсысында 2,0 млн. гектардан астам жерді алады.

Эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының ең көп үлесін (олардың жалпы көлемінің 30%-дан астамын) Алматы, Атырау және Түркістан облыстары алады. Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамындағы эрозияға

ұшыраған жерлердің ең аз үлес салмағы (5%-ға дейін) Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында есептеледі (22-сурет).

22-сурет

### Ауыл шаруашылығы алқаптарының эрозиялануы



Эрозияға ұшыраған (шайылған) топырақ 4,9 млн.га жерді немесе ауыл шаруашылығы алқаптарының 2,3%-ын алады.

Топырақтың су эрозиясы республиканың барлық облыстарында байқалады және оның даму қарқындылығына жер бедерінің сипаты (беткейдің тіктігі мен ұзындығы, су жинағыш көлемі мен формасы), жауын-шашынның мөлшері мен қарқындылығы, топырақтың типі мен механикалық құрамы, карбонаттылығы, тұздануы, шымдануы, жер асты суының тереңдігі мен эрозияның базисі, жер алқаптарының су өткізгіштігі мен пайдалану сипаты әсер етеді.

Су эрозиясы ағын су мен топырақтың өзара әрекеттесу процесі болып табылады және ағынның сипатына, оның тасымалдау мүмкіндіктеріне байланысты болады, сондай-ақ ол үстіңгі қабаттың сулылығымен, морфологиялық жағдайларымен және төсеніш жыныстардың қасиеттерімен тығыз байланысады.

Шайылған топырақтың ең үлкен көлемі, ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамында, Түркістан (0,9 млн.га), Алматы және Маңғыстау (әрқайсысында 0,8 млн. гектардан), Ақмола (0,6 млн. га) облыстарында орналасқан.

## 2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемі

мың га

Облыстар атауы	Эрозияланған а/ш алқаптарының барлығы	соның ішінде			Эрозияланған егістіктің барлығы	соның ішінде			Егістіктің эрозиялану дәрежесі	
		шайылған	дефляцияланған	су және жел эрозиясына қатар шалдыққандар		шайылған	дефляцияланған	су және жел эрозиясына қатар шалдыққандар	шамалы	орташа және қатты
Ақмола	571,6	562,0	9,6	-	352,2	351,3	0,9	-	317,9	34,3
Ақтөбе	2 582,5	473,1	2 101,1	8,3	34,2	34,2	-	-	33,4	0,8
Алматы	5 767,9	815,5	4 952,4	-	98,2	58,2	40,0	-	85,8	12,4
Атырау	3 133,9	-	3 133,9	-	-	-	-	-	-	-
Шығыс Қазақстан	1 292,6	426,6	864,5	1,5	247,9	235,1	12,2	0,6	234,0	13,3
Жамбыл	2 636,7	222,7	2 414,0	-	54,3	52,7	1,6	-	52,8	1,5
Батыс Қазақстан	1 875,9	274,5	1 409,5	191,9	172,6	72,6	4,4	95,6	49,7	27,3
Қарағанды	960,1	200,4	759,7	-	111,3	83,2	28,1	-	95,7	15,6
Қызылорда	2 849,6	2,9	2 846,7	-	-	-	-	-	-	-
Қостанай	769,9	158,7	611,2	-	93,5	63,4	30,1	-	77,5	16,0
Маңғыстау	1 456,3	800,0	656,3	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	1 297,2	0,9	1 296,3	-	334,3	-	334,3	-	223,7	110,6
Солтүстік Қазақстан	56,0	56,0	-	-	28,0	28,0	-	-	23,7	4,3
Түркістан	4066,6	933,7	3 112,9	-	232,5	232,3	0,2	-	214,9	17,6
Шымкент қ.	23,2	23,2	-	-	-	9,0	-	-	9,0	-
Алматы қ.	0,1	0,1	-	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>29 320,1</b>	<b>4 950,3</b>	<b>24 168,1</b>	<b>201,7</b>	<b>1 768,0</b>	<b>1 220,0</b>	<b>451,8</b>	<b>96,2</b>	<b>1 418,1</b>	<b>253,7</b>

Ескерту: «Барлық жер» жолқатарында басқа мемлекеттер пайдаланатын жерлер көрсетілмеген.

Шайылу дәрежесі бойынша жер үш топ тармағына бөлінеді:

аздап шайылған, оған біртекті контур түрінде аздап шайылған топырақтар немесе 30%-ға дейін орташа шайылған немесе, 10%-ға дейін қатты шайылған топырағы бар, шамалы шайылған немесе шайылмаған үйлестіктер жатады. Жалпы көлемі 2 848,1 мың га (57,6%) құрайды. Негізінен Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарында таралған;

орташа шайылған, оған: біртекті контурлармен орташа шайылған топырақ, осы топырақ басым келетін кешендер, 10-нан 50%-ға дейін қатты шайылған топырағы бар, шамалы шайылған топырақ кешендері, сондай-ақ ашық күрең, құба және сұрғылт-құба топырақ аймақтарының шайылған топырақтары жатады. Жалпы көлемі 1 893 мың га (38,2%) құрайды. Маңғыстау, Алматы, Ақтөбе облыстарында ең көп таралған;

қатты шайылған, оған: біртекті контурлармен қатты шайылған топырақтар, осы топырақтар басым келетін кешендер жатады. Жалпы көлемі 209,2 мың га (4,2%) құрайды. Олардың негізгі көлемдері Ақмола, Алматы, Жамбыл облыстарында орналасқан.

**Топырақтың жел және су эрозиясы процестерінің қатар жүруі** 201,7 мың га жерде байқалады, оның ішінде 191,9 мың га - Батыс Қазақстан облысында.

Эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы көлемінен 1 768,0 мың га жер егістік құрамында болып отыр, оның 1 220 мың га (69,0 %) – шайылған, 451,8 мың га (25,6 %) – дефляцияланған және 96,2 мың га (5,4 %) – су және жел эрозиясына ұшыраған.

Егістік, эрозиялану дәрежесі бойынша, аздап эрозияланған, көлемі 1 418,1 мың га немесе оның жалпы көлемінің 80%-ы, және орташа және қатты эрозияланған, көлемі 253,7 мың га (20 %), болып бөлінеді.

Аздап эрозияланған егістік, негізінен, Ақмола облысының (317,9 мың га) карбонатты топырақтарында, Павлодар облысының (223,7 мың га) – құмайт топырақтарында және Түркістан (214,9 мың га), Шығыс Қазақстан (234,0 мың га), Қарағанды (95,7 мың га) және Алматы (85,8 мың га) облыстарында – шайылған жерлерде орналасқан. Орташа және қатты эрозияға ұшыраған егістіктің жалпы көлемінің 43,6%-ы Павлодар облысына келеді. Жел және су эрозиясының қатар көрінуі, негізінен, Батыс Қазақстан облысында (99,4%) байқалады.



Эрозиялық процестердің жер алқаптары жағдайына теріс әсерін азайту үшін, эрозияға қарсы кешенді іс-шараларды (ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық, гидротехникалық) қолдану, егіншіліктің бейімдеу-ландшафтық жүйесіне көшу қажет.

Егіншілік және жерге орналастыру жүйелерін жетілдіру үшін, су және жел эрозиясы процестерінің нақты эрозиялық дәрежесі мен диагностикасын айқындай отырып, эрозиялық егжей-тегжейлі толық түсіруді қамтитын аймақтық және ландшафтық-экологиялық тәсілдер принципіндегі топырақты ірі масштабты жаппай кешенді картографиялаудың жаңа әдісі қажет.

#### **2.4.2. Жердің ластануы**

Қазақстан Республикасында топырақтың ластануы өте өзекті мәселе болып отыр және ол республикалық қана емес, халықаралық та маңызы бар мәртебеге ие.

Топырақтың ластануы тізбекті реакцияны тудырады. Ол топырақтың биоалуантүрлілігіне әсер етеді, топырақтың органикалық заттарының қорын және оның сүзу қабілетін төмендетеді. Топырақтың ластануы себебінен топырақ ылғалы мен жер асты сулары ластанады, топырақтағы қоректік заттардың балансы бұзылады. Топырақтың ең көп таралған ластаушы заттарына ауыр металдар, тұрақты органикалық ластағыштар және фармацевтика және жеке гигиена құралдары сияқты жаңа ластағыштар жатады.

Республикада едәуір жерде топырақ-өсімдік жамылғысы өнеркәсіптік кәсіпорындары мен көліктер шығаратын ауыр металдармен, мұнай өнімдерімен және күрделі органикалық заттармен ластануы орын алып отыр.

Негізгі ластану көздері атмосфераға шығарылатын заттар, өнеркәсіп, энергетика, әскери-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының қатты және сұйық қалдықтары, шаруашылық-тұрмыстық қалдықтар, автокөлік болып табылады. Әдетте елеулі ластану аймақтары автожолдар бойында, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен аэродромдар маңында, сондай-ақ ауыр металдар, күкірт және азот оксидтері трансшекаралық тасымалданатын жерлерде шағын көлем алады.

Ең қауіпті түрі радиоактивті ластану болып табылады. Қазақстан Республикасында 6 ірі уранды провинция, көптеген ұсақ кен орындары мен уран кенашылымдары бар, бұлардың барлығы да уранның табиғи радиобеленділігінің

деңгейін жоғарылатады. Аса өзекті экологиялық проблемалар Өскемен қаласында төмен байытылған уран банкі орналасқан аумаққа ғана емес, сондай-ақ еліміздегі радиоактивті материалдардың пайдаланылуына да қатысты болып отыр. Уранды кабатты үлкен көлемде пайдалану Маңғыстау облысында жүргізілді. Радиоактивті ластанудың ең үлкен аумағы – бұл бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағы, мұнда қатерсіздендіру және барлық жерді ауыл шаруашылығы мақсатындағы айналымға келтіру туралы мәселесі осы уақытқа дейін шешілмеген. Уран өндіру саласының қызметі кезеңінде Қазақстан аумағында 200 млн. тоннаға жуық радиоактивті қалдықтар пайда болды. Уытты және радиоактивті қалдықтардың қалдық қоймаларының проблемасы, неғұрлым өткір күйінде қалып отыр.

Әскери полигондар қызметі мен ғарыш техникасын ұшырудан Қазақстанның орасан зор аумағы зардап шекті. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында 4 әскери-сынақ полигоны мен Байқоңыр кешені жұмыс істейді. Зымырандардың құлаған сынықтары, уыттылығы жоғары отынның төгілуі және қоршаған ортаға және халық тікелей жақын қоныстанған жерлерге кері әсерін тигізетін басқа да факторлар нақты экологиялық қауіп-қатер тудырады. Зымыран тасығыштардың бөлінетін бөліктерінің құлау аудандары Қарағанды, Ақмола, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан үлкен аумақты алып жатыр. Осы аудандарға жақын орналасқан трассалық жерлерге де ұшу зымырандарының кері ықпалы тиіп отыр. «Қазмеханобр» МҒӨБ ақпаратына сәйкес, зымыран отынының жану өнімдерімен және зымыран ажырағыш бөліктерімен ластануы мүмкін жердің жалпы көлемі 9,6 млн. га-ды құрайды. Әскери-сынақ полигондарының әсер ету аймағында қоршаған ортаның радионуклидтермен, ауыр металдармен және улы заттармен нормативтен тыс радиациялық ластануы белгіленген. Осы аумақтағы су объектілері іс жүзінде шаруашылық және ауыз сумен жабдықтау үшін жарамсыз.

Топырақтың ауыр металдармен, әсіресе ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары маңында, ластануы Қазақстанның өзекті экологиялық проблемаларының біріне айналды. Республиканың өнеркәсіптік өңірлерінде антропогендік бұзушылықтар мен топырақ жамылғысы ластануының біршама елеулі ошақтары таралған. Қалалар жерінің ластануындағы айтарлықтай үлкен

рөлді, саны жыл сайын біршама артып отырған автокөлік атқарады. Топырақтың өнеркәсіптік кәсіпорындарсалдарынан ластану ошақтары Өскемен, Риддер, Жезқазған, Шымкент, Қарағанды қалаларының маңында қалыптасты. Мұнда топырақтағы қорғасын, мыс, мырыш, кадмий құрамы шекті-рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) біраз асады. Қалаларда тұрмыстық қатты қалдықтар барған сайын қарқынды көбеюде, оларды уақытылы және дұрыс емес шығарған және залалсыздандырған жағдайда, бұл қалдықтар қоршаған ортаны айтарлықтай ластауы мүмкін.

Елімізде 31,6 миллиард тоннаға жуық өндірістік қалдықтар жинақталған. Жыл сайын шамамен 1 миллиард тонна өндіріледі. Бұл Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу бақылау комитетінің 2021 жылға арналған деректеріне сәйкес, негізінен техногендік минералдық түзілімдер (ТМК), оның ішінде үстеме жүк пен күл мен шлак қалдықтары (жалпы көлемнің 70%), өңдеу өнеркәсібінің қалдықтары (жалпы көлемнің 10%) және басқа да қызмет түрлері (20%) құрайды.

Өнеркәсіптік қалдықтарға, оның ішінде техногендік минералдық түзілімдерге (бұдан әрі - ТМТ) қатысты ахуал өте қанағаттанарлықсыз күйде қалып отыр. Қазіргі уақытта республикада 775 ТМТ объектісі есепке алынды, олардың бұл объектілерде жиналған мөлшері 34 млрд. тонна шамасында болады және де олардың жыл сайын өсіп отырғандығы байқалады.

ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Қазақстандағы ең өткір экологиялық проблемаларды атады, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі. «Елімізде екі аса өткір экологиялық проблема бар – бұл қоршаған ортаның сапасы (ауа, су, топырақ) және қатты тұрмыстық қалдықтар», - деді Мағзұм Мырзағалиев Мәжілісте жаңа Экологиялық кодекстің жобасын таныстыра отырып. Министр 2019 жылдың қорытындысы бойынша атмосфераға ластаушы заттардың нақты шығарындылары 2,4 млн.тоннаны құрағанын хабарлады. Негізгі көздер – бұл ірі өнеркәсіптік нысандар, автокөлік және жеке тұрғын үйлер. Электр энергиясына (көмір ЖЭС-лары) шығарындылардың 900 мың тоннасы, тау-кен металлургия секторына – 700 мың тоннасы, мұнай өндіруге – 500 мың тоннасы, көлік пен ауыл шаруашылығына – 300 мың тоннасы келеді. «Шығарындылардың жыл сайынғы өсімі байқалады, егер

ешқандай шара қолданылмаса, болжам бойынша 2030 жылы ластаушы заттардың нақты эмиссиясы 3,6 млн.тоннаны құрайды, яғни олар 10 жылда 1,5 есе өсуі мүмкін», - деп түсіндірді Мағзұм Мырзағалиев.

Қазақстанның экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің басшысы өз баяндамасында ҚТҚ өңдеу үлесі 2016 жылғы 2,6%-дан 2019 жылы 15%-ға дейін, 6 есеге артқанын атап өтті. 2021 жылғы 16 қарашадағы . №28-02-28/6417 хатына сәйкес, қазіргі уақытта полигондарда 125 миллион тонна ҚТҚ жинақталған, жыл сайын елімізде 4,5 миллион тонна ҚТҚ жиналады. Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу бақылау комитеті. Ғарыштық мониторинг шеңберінде 2021 жылғы 25 қазандағы жағдай бойынша 7353 рұқсат етілмеген қалдықтарды орналастыру орны анықталды, оның ішінде 6313 қоқыс үйіндісі жойылды, бұл 87% - ды құрайды.

Өнеркәсіптік және улы қалдықтармен байланысты проблемалардан басқа, республиканың барлық елді мекендерінде, әсіресе Қазақстанның ірі қалаларында, тұрмыстық қалдықтардың барған сайын өсіп келе жатқан көлемін сақтау және қайта өңдеу мәселесі де өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында барлық қалдықтар көмуге арналған қоқыс үйінділеріне жеткізіледі, және бұл ретте Астанадан басқа, ҚТҚ-ның бірде-бір үйіндісі санитарлық нормалар мен көмудің экологиялық стандарттарына сәйкес келмейді. Іс жүзінде барлық полигондар өзінің қолданылу мерзімін аяқтады, экономикалық мақсатқа сай болған жағдайда оларды қайта қалпына келтіру, қоқыс газын жинау, сондай-ақ жаңа өңірлік инженерлік полигондар салу қажет етіледі. Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі массасы компоненттерге бөлінбестен ашық қоқыс үйінділеріне шығарылып, жиналады және олардың 97%-ы табиғат қорғау және санитарлық заңнама талаптарына сәйкес келмейді.

Кен өндіру өнеркәсібінің дамуы жердің уытты заттармен ластану процесін күшейтті. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша 2010 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша 43 миллиард тоннадан астам қалдықтар орналастырылған, соның 600 миллионға жуық тоннасы уытты. Бұл сан жыл сайын 700 миллион тонна өнеркәсіптік қалдықтарға артып келеді, оның ішінде улы заттар – шамамен 250 миллион тонна. Ел аумағында тұрақты органикалық ластағыштар –

хром және қорғасын, кадмий, мырыш сияқты ауыр металдар едәуір көлемде жинақталып қалған. Елдің бір тұрғынына, орта есеппен, шамамен бір жарым мың тонна өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар келеді, бұл еуропалық мемлекеттер қалдықтарының жиналу деңгейінен асып түседі. Ең үлкен үлесті Қарағанды – 29,4%, Шығыс Қазақстан – 25,7%, Қостанай – 17% және Павлодар облыстарының – 14,6%, тау– кен және байыту кешендерінің қалдықтары алады.

Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында орналасқан көмір, кара металл, фосфориттер өндіретін кәсіпорындар тау-кен және қайта өңдеу өндірісі қалдықтарының едәуір үйіндісін жинаған. Көмір кен орындарын игеру орындарындағы топырақтың ластануы теңбілді болып келеді, бұны өсімдіктер үшін қоректік заттар үйлесімділігінің бұзылғандығымен, өндіру кезіндегі антропогендік жүктеме дәрежесімен, қолданылатын агротехнологиялармен, тұрақты мониторингтің жоқтығымен, қалпына келтіру жұмыстарының жүйеленбегендігімен түсіндіруге болады.

Жер балансының деректері бойынша 2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада аршу және тау жыныстарының үйінділері, қалдық қоймалары, күл үйінділері, көмір және тау-кен қазбаларының карьерлері, мұнай алқаптары мен қамбалары орналасқан 244,8 мың га бүлінген жер бар. Бүлінген жерлердің басым бөлігі Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар облыстарында орналасқан.

Барлық өнеркәсіптік өңірлерде экологиялық қауіпті әсер ету аймақтары: террикондар, үйінділер, карьерлер, бұрғылау ұңғымалары, жалпы ауданы 60 мың гектардан астам тау-кен өндірісінің қалдықтары бар, олар топырақты үнемі ластайды.

Түсті металлургия кәсіпорындары қызметінің нәтижесінде ғана 22 млрд. тоннадан астам қалдықтар, оның ішінде 4 млрд. тоннаға жуық тау-кен өндірісінің қалдықтары, 1,1 млрд. тоннадан астам байыту қалдықтары улы қалдықтардан және 105 млн. тоннадан астам металлургиялық қайта өңдеу қалдықтары жинақталған.

Түсті металлургия қалдықтарын жинақтаушылар алып жатқан алаңдар шамамен 15 мың гектарды құрайды, оның ішінде тау жыныстарының үйінділері 8

мың гектарды, байыту фабрикаларының қалдықтары – 6 мың гектарға жуық және металлургия зауыттарының үйінділері – 500 гектардан астам аумақты алып жатыр.

Шығыс Қазақстан облысында жер мыс, мырыш, кадмий, қорғасын, мышьяк қосылыстарымен ластанған. Уытты қалдықтар санитариялық - экологиялық талаптарға жауап бермейтін полигондарда орналастырылған. Қорғасын аномалиялары Шемонаиха, Глубокое және Зырян аудандарының аумағын қамтиды. Өскемен, Риддер, Зырян қалаларының арасындағы үшбұрыштағы аудан неғұрлым қолайсыз болып табылады.

Павлодар облысында ластану көздері машина жасау, көмір өндіру, мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі, Екібастұз МАЭС кәсіпорындары болып табылады. Қалдықтарды жинау және көму орындарының жабдықталмауынан жиналатын қалдықтар көлемінің үнемі ұлғаюы нәтижесінде, мұндағы ластаушы заттардың қоршаған ортаға көшуі орын алады.

Қарағанды облысында жердің бүлінуі тау-кен және металлургия өнеркәсібінің қалдықтарымен байланысты болып отыр. Облыста өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды сақтайтын 350-ден астам полигон бар. Балқаш тау-кен металлургиялық комбинатының нормативтен тыс шығарындылары топырақтың мыспен, мырышпен, кобальтпен, кадмиймен және қорғасынмен ластануына алып келді.

Қызылорда облысында жерді ауыр металдармен және мұнай өнімдерімен бүлдіретін мұнай-газ өндіру кәсіпорындары ластану көзі болып табылады. Мұнай өндіруден басқа, жердің бүлінуіне кері ықпал ететіндерге, өнеркәсіптің негізгі салалары – түсті металл және табиғи радиоактивті кен өндіру орындары да жатады.

Қостанай облысының техногенді бүлінген жерлері қалалардың өнеркәсіптік аймақтарында, пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу аймақтарында таралған. Аймақта Троицк МАЭС күл үйіндісі мен Соколов–Сарыбай тау-кен байыту комбинатының қалдық қоймаларының қоршаған ортаны ластауына қатысты мәселе өте өзекті болып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында алтын және полиметалл кен орындарын игеру жердің мышьякпен және ауыр металдармен ластануына әкеледі.

Қалдықтарды кәдеге жарату, залалсыздандыру, көму, трансшекаралық тасымалдау – елдегі ең өзекті мәселелердің бірі. Улы қалдықтар осы уақытқа дейін

тиісті экологиялық нормалар мен талаптарды сақтамай, әртүрлі жинақтау орындарында жиналып, сақталады. Соның нәтижесінде көптеген өңірлердің топырағы, жер асты және жер үсті сулары қарқынды ластануға ұшыраған.

Өнеркәсіптік ластану көздерінен басқа, агрогенді ластағыштардың да үлесі артып келеді. Топырақтың ластануы қоршаған ортаға өте зиянды және онымен кездесетін барлық тіршілік формаларына теріс әсерін тигізеді. Топырақтағы органикалық заттар қорын азайтатын ауыл шаруашылығын жүргізудің тұрақсыз әдістері, ластаушы заттардың қоректік тізбекке өтіп кетуіне ықпал етуі мүмкін. Мысалы, ластанған топырақтан ластаушы заттар жер асты суларына енуі мүмкін; содан кейін олар өсімдік тіндерінде жиналып, жайылымдағы малға, құстарға және соңында осы өсімдіктер мен жануарларды жейтін адамдарға беріледі. Топырақтағы, жер асты суларындағы және қоректік тізбектегі ластаушы заттар бірқатар ауруларды тудыруы және адамдардың өлім-жітімін жоғарылатуы мүмкін; бұның салдары қысқа мерзімді сипатта да – мысалы, интоксикацияның немесе диареяның әр түрлері, – сондай-ақ созылмалы аурулар, оның ішінде қатерлі ісік, түрінде де болуы ықтимал.

Ластанудың өнеркәсіптік көздерінен басқа, агрогенді ластағыштардың да үлесі өсуде. У.У. Успанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институтының деректері бойынша, Қазақстанның негізгі күріш егетін өңірлерінің топырақтарында қорғасын, никель және мыстың шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) асып түскендігі байқалады. Мысалы, Сырдария өзенінің ежелгі арналардың аллювиальды жазықтарында Шиелі күріш егу алқабында қорғасынның жылжымалы түрінің де, жалпы түрінің де ШРК-дан 2 есе, никельдің жылжымалы түрінің 1,5 есе артуы байқалды. Бұған қоса, соңғы жылдары Сырдария өзенінің минералдануына байланысты жоғары минералданған коллекторлық-дренаждық сулардың үлкен көлемде ағызылуының салдарынан топырақтың тұздану процестері күшейе түсті.

Жердің ластануына Қазақстандағы негізгі өзендер ағысының көп жағдайда шектес мемлекеттердің аумағында қалыптасатындығы да әсер етеді, сол себепті судың сапасы осы мемлекеттерден сумен бірге түсетін ластаушы заттардың әсерінен қалыптасады.

Сонымен қатар, топырақтың ластануы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасының төмендеуіне байланысты жүретін жоғары экономикалық шығындарды туындатады, сондықтан топырақтың ластануын болдырмау елдегі басым міндеттердің бірі болуы қажет.

Қазақстан Республикасының 2015-2018 жылдарға арналған орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы бойынша міндеттемелерін орындау жоспарында Энергетика министрі елдің ауыл шаруашылығында ескірген және пайдалануға жарамсыз пестицидтерді жою, оларды химиялық сәйкестендіру проблемасы өткір тұрғанын атап өтті. Мұндай пестицидтер мен олардың қоспаларының 1500 тоннадан астамы республиканың қоймалары мен сақтау орындарында сақталады, олардың бір бөлігі жабдықталмаған, тозған үй-жайларда сақталуда. Олардың шамамен 10%-ы ООЛ (орнықты органикалық ластағыштар) қасиеттері бар пестицидтерге жатады. ООЛ қасиеттері бар пестицидтерді түгендеу (инвентаризациялау) жұмыстарымен елдің 20%-ы ғана қамтылған. Топырақтың ООЛ-ға жататын пестицидтер қалдықтарымен ластануы өте көп және олар кездейсоқ таралған. 2009 жылдағы жағдай бойынша пайдалануға жарамсыз 100 тонна пестицидтер мен улы химикаттар көмілмеген күйінде қалды. Пестицидтердің өзінен басқа, олар тұрған ыдыстарды (330 мыңнан астам бірлік) жою мәселесі де шешуді қажет етеді. Бұл ыдыстар халық денсаулығына нақты қауіп төндіреді, себебі оларды халық білместікпен тағам өнімдері мен суды сақтау үшін тұрмыстық мақсатта жиі пайдаланады.

2010 жылы ООЛ туралы Стокгольм Конвенциясының Хатшылығына орнықты органикалық ластағыштар бойынша бірінші ұлттық есепке сай, республикада түгендеу жұмыстары нәтижесінде пестицидтер мен гербицидтерден, ПХД-мен (полихлордифенилдермен) ластанған сегіз «өте күрделі нүктелер» анықталды: Өскемен конденсатор зауытының аумағы (ӨКЗ), ӨКЗ жинақтаушы-тоғаны, Өскемен қаласының электр қосалқы станциясы, Павлодар химия зауытының кабель және аяқ киім пластигін өндіру цехы, Державин әскери техниканы жою полигоны, Солтүстік Балқаш маңындағы бұрынғы әскери базалардың аумағы және Қостанай қаласындағы электр қосалқы станциясының аумағы.



Аса күрделі экологиялық проблемалардың бірі Аралмаңы – шөлейттену, тұздану және дефляция аймағы болып табылады. Аралдың кебуі жалғасуда және Топырақтану және агрохимия ҚазҒЗИ-дың соңғы жылдардағы зерттеулері көрсеткендей, Аралмаңы топырағының антропогендік құрғауы (қуандануы) мен өзгеруі де жалғасып отыр. Топырақ-экологиялық ахуалдың одан әрі нашарлауы тек аумақтың қуандануына ғана емес, сонымен қатар адамның шаруашылық қызметіне де байланысты болады. Топырақ-эрозиялық зерттеулер теңіз сағасында да, теңіздің құрғаған түбінде де эрозиялық-дефляциялық процестердің күшейіп отырғандығын: сортаң бетінен тұз тозаңды материалдарды шығауы және таралуы, құмды алаптардың белсенді дефляциялануы, ұшып келген құм жамылғысы бар топырақ көлемінің ұлғаюын көрсетеді. Құм-тұзды аэрозоль шығындысы Арал теңізі өңірінен шығыс бағытта 150-200 шақырымға дейін жетеді, ал батыс бағытта оның етегі Каспий теңізіне қарай 700 шақырымға созылады.

Қазақстан Республикасын «жасыл экономикаға» көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру аясында, қазіргі уақытта ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін ұлғайту бойынша жоба іске асырылуда. Арал теңізінің құрғаған түбіне 5 мың га жерге сексеуіл отырғызу тәсілімен фитомелиорация жүргізілді. Аумағында жалқарағайлы орманы бар «Семей орманы» және «Ертіс орманы» резерваттарында жыл сайынғы орманды молықтыру көлемі 5 мың га жетті. Қоршаған орта министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі Үкіметтік сағатта жасаған баяндамасына сәйкес, келешекте республикадағы ормандарды молықтыру бойынша жұмыстар көлемін 2020 жылға қарай жыл сайын 80,0 мың га дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Табиғи ортаның мұнаймен және оны өңдеу өнімдерімен ластануы Рреспубликада өзекті экологиялық проблема болып табылады. Топырақтың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы топырақ микрофлорасының функционалдық белсенділігінің іс жүзінде толық тоқырауын тудырады. Топырақтың физикалық-химиялық қасиеттері өзгереді, су-ауа режимі нашарлайды, биоценоздардың құрылымы өзгереді. Мұның барлығы экожүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі және экологиялық тізбектің барлық буынына кері әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша мұнай және мұнай өнімдерімен ластану 1,5 млн.гектардан астам жерде байқалады. Топырақ пен қоршаған орта ластануының үлкен үлесі Атырау - 59%, Ақтөбе – 19%, Батыс Қазақстан – 13% және Маңғыстау – 9% облыстарына келеді. Батыс Қазақстанда мұнаймен ластанған жердің жалпы көлемі 194 мың гектарды құрайды, ал төгілген мұнай көлемі – 5 млн. тоннадан асады. Атырау облысында жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, топырақтың мұнай өнімдерімен ластануының ең жоғары деңгейі Мақат кен орнының маңында анықталған. Қатты мазутталған телімдерде мұнай өнімдерінің ең көп құрамы, Қазақстанда мұнайдың шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШРК) 100 мг/кг болғанда, 172480 мг/кг-ға жетеді. Топырақтың мұнай өнімдерімен жоғары деңгейде ластануы Доссор, Комсомол, Таңатар, Тентексор, Ескене кен орындарының жанында белгіленген. Мұнда ШРК 24-тен 138-ге дейінгі аралықта ауытқиды.

Факелдерде ілеспе газды жағу практикасы да елеулі экологиялық және экономикалық зиян келтіреді.

Қазіргі уақытта қолда бар ақпарат Қазақстанның барлық жерінің ластану сипаты мен деңгейі туралы толық әрі сенімді түсінік бермейді. Жердің ластануы бойынша толық және объективті деректер алу, қазіргі орын алып отырған ластануды жою үшін, республиканың бүкіл аумағында егжей-тегжейлі экологиялық-геохимиялық зерттеулер жүргізу және жаңа технологияларды пайдалана отырып, жағымсыз кері әсерлерді жою және тұрақтандыру жөнінде жүйелі негізде ұсынымдар әзірлеу қажет.

### **2.4.3. Бүлінген жерлер**

2021 жылдың қорытындысы бойынша республикада өнеркәсіп объектілерін, желілік құрылыстарды және басқа да кәсіпорындарды салу кезінде, пайдалы қазбалар кен орындарын игеру, оларды өңдеу және геологиялық барлау кезінде бұзылған 245,2 мың га жер бар, оның ішінде 55,8 мың гектары өңделіп, қайта өңдеуге жатады.

Бүлінген жерлер алаңдарының басым бөлігі өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына жатқызылады.

Өңірлік жоспарда бүлінген жерлердің ең көп саны үш облыста, Маңғыстау облысында – 70,5 мың га және 9,4 мың га, Қарағанды облысында – тиісінше 45,9 мың га және 10,7 мың га, Қостанай облысында – тиісінше 40,1 мың га және 13,8 мың га.

Республикада өз аумағында бүлінген жерлері бар 2888 кәсіпорын мен ұйым бар.

Есепті жылы республика бойынша 3,7 мың га алқап бүлінген, 15,9 га бүлінген жерлер өңделді және 61,1 га бүлінген жерлер қалпына келтірілді. Қостанай облысындағы бұзылған жерлердің ең үлкен көлемі 1,9 мың гектарды құрайды.

## 2021 жылғы облыстар бойынша бүлінген жерлерді қалпына келтіру

га

Облыстар атауы	Кәсіпорындар мен ұйымдар саны	2021 жылдың басында болғаны		Есептік кезең ішінде									2021 жылдың аяғында	
				бүлінген жер	бүлінген жердің өңделгені	қалпына келтірілген жер					нақтылау			
		нақты және барлығы	оның ішінде				бүлінгені (+,-)	өңделгені (+,-)						
			егістік			басқа а/ш алқаптары			орман екпе-лері	өзге жерлер	бүлінген жер	бүлінген жердің өңделгені		
Ақмола	488	20374,0	7288,0	387,2	-	-	-	-	-	-	-	-	20761,2	7288,0
Ақтөбе	115	13475,8	660,7	-	-	-	-	-	-	-	-	-	13475,8	660,7
Алматы	413	7436,0	971,0	349,0	-	-	-	-	-	-	-905	-	6880,0	971,0
Атырау	90	2242,0	59,0	-	4	-	-	-	-	-	-	-	2238,0	63,0
Шығыс Қазақстан	183	12821,7	4891,1	46,9	11,9	35,1	-	19	-	11	-0,4	+40,8	12832,4	4908,7
Жамбыл	134	6205,0	1983,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	6205,0	1983,0
Батыс Қазақстан	23	4424,0	392,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	4424,0	392,0
Қарағанды	306	45355,0	10679,0	736,0	-	26	-	-	-	26	-203	-	45862,0	10679,0
Қызылорда	32	2,7	711,0	319,0	-	-	-	-	-	-	-	-	3019,0	711,0
Қостанай	751	38298,6	13848,5	1902,7	-	-	-	-	-	-	-99	-	40102,3	13749,5
Маңғыстау	158	70477,0	9415,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	70477,0	9415,0
Павлодар	195	12146,0	1232,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	12146,0	1232,0
Солтүстік Қазақстан	265	3933,0	3701,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	3933,0	3701,0
Түркістан	73	2378,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	2378,0	-
Нұр-Сұлтан	12	357,0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	357,0	-
Алматы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Шымкент	5	168,5	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	168,5	-
<b>Барлығы</b>	<b>2888</b>	<b>233257,8</b>	<b>52130,3</b>	<b>3740,8</b>	<b>15,9</b>	<b>61,1</b>	<b>-</b>	<b>19,0</b>	<b>-</b>	<b>37,0</b>	<b>1207,4</b>	<b>+40,8</b>	<b>245259,2</b>	<b>55753,9</b>

### **3. ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ**

#### **3.1. Жерді меншік түрлері бойынша бөлу**

Қазақстан Республикасының Конституциясында жер және оның қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болатындығы анықталған. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Жерді жеке меншікке берудің негіздері, шарттары мен шектері Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген. Кодекстің 23-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде шаруа немесе фермер қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер телімдері болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру үшін, үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешендерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салынған жер телімдері болуы мүмкін. Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге арналған жерді қоспағанда, жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін жер телімдері шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін.

Жер телімдері көрсетілген мақсаттар үшін азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерден, елді мекендер жерінен, өнеркәсіп, көлік, байланыс жерінен және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлерден жеке меншікке беріледі.

Жер кодексіне сәйкес орман қорының жері мемлекеттік және жекеше орман қоры жерінен тұрады. Жекеше орман қорының жерлеріне осы Кодекске сәйкес

жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген:

- 1) қолдан өсірілген екпелер;
- 2) табиғи, тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен өскен екпелер;
- 3) жекеше орман питомниктері;
- 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;
- 5) агроорман-мелиорациялық екпелер;
- 6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарын бөлу

жолақтарындағы қорғаныштық екпелер отырғызылған жерлер жатады.

Ауданаралық және аудандық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (суару және кәріз жүйелері) алып жатқан су қоры жерінің құрамындағы жер телімдері, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші бір субъектінің жер теліміне қызмет ететін ирригациялық құрылыстары, аталған құрылыстар мемлекет меншігінен иеліктен шығарылған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің деректері бойынша Ақмола облысының 7 шаруашылық жүргізуші субъектілерінде 695 га алқапта жеке орман қоры бар.

Мемлекеттік меншікте ерекше қорғалатын табиғи аумақтар орналасқан барлық жерлер; қорғаныс және Ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету үшін, кеден мұқтаждары үшін объектілер орналасқан жер телімдері; магистральдық темір жол желілері және ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары орналасқан жерлер, Жер кодексіне сәйкес жеке меншікте бола алмайды.

Мемлекеттік меншікке барлық санаттағы жерлер құрамынан мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген жер телімдері; елді мекендер жерінде ортақ пайдалану; кенттер мен ауылдық елді мекендер жанындағы жайылымдық және шабындық алқаптар; босалқы жер (оның ішінде арнайы жер қоры), сондай-ақ орман және су қорларының жерлері де жатады.

2021 жылғы 1 қарашадағы Жер балансының мәліметтері мен жер есебінің басқа да материалдары бойынша азаматтардың және мемлекеттік емес заңды

тұлғалардың жеке меншігінде 2805,0 мың га жер бар. Жер ресурстарының негізгі көлемі мемлекеттік меншікте шоғырланған. Жер қорын меншік нысандары бойынша жер санаттарына қатысты бөлу 62-кестеде берілген.

62-кесте

**2021 жылғы 1 қарашадағы жер қорын меншік нысандары бойынша  
жер санаттарына қатысты бөлу**

мың га

Жер санаттары	Көлемі, барлығы	оның ішінде	
		жеке меншіктегі	мемлекеттік меншіктегі
1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	113 961.4	1 423.2	112 538.2
2. Елді мекендер жері	24 288.7	1 290.5	22 998.2
3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	2 239.1	90.7	2 148.4
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	7 810.7	0.5	7 810.2
5. Орман қорының жері	22 435.3	0.1	22 435.2
6. Су қорының жері	4 206.5	-	4 206.5
7. Босалқы жер	87 989.1	-	87 989.1
<b>Барлық жер</b>	<b>262 930.8</b>	<b>2 805.0</b>	<b>260 125.8</b>

Жеке меншіктегі жерлердің жалпы көлемінің – 50,7%-ы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, 46,0%-ы елді мекендердің жерлеріне, 3,2%-ы өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлерге, 0,02%-ы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне, сауықтыру, рекреациялық және тарихи – мәдени мақсаттағы жерлерге, 0,004%-ы орман шаруашылығы мақсатындағы жерлерге тиесілі.

2016 жылға дейін жеке жер қорының негізгі өсімі республика азаматтары шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін сатып алатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер есебінен байқалып келді, бірақ «Жер заңнамасының жекелеген нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы №248 Жарлығы қолданысқа енгізілуіне байланысты, мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді сатуы 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатылды.

Қазақстан Республикасының Жер кодексі (2003 жыл) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдеріне жеке меншік құқығын енгізген уақыттан бастапқы кезең ішіндегі жеке жер қоры көлемінің динамикасы 63-кестеде берілді.

Бұл ретте, «өзге мақсаттарға» азаматтардың меншігіне тиесілі елді мекендер санатында Қостанай және Қызылорда облыстарының деректерін нақтылауға байланысты 2019-2021 жылдардағы мәліметтерге түзету жүргізілгенін жою қажет.

Есепті жылы жеке меншіктегі жер көлемі жалпы республика бойынша 2,9 мың гектарға азайды, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер 2,9 мың гектарға төмендесе, елді мекендердің жері 219,0 мың гектарға ұлғайды, ал өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жер көлемі өзгеріссіз қалды.

Мемлекеттік жер пайдаланушыларда жер телімдері тұрақты жер пайдалану құқығында болады. Мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға жер телімдері уақытша жер пайдалану құқығымен, көбінесе уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен, яғни жалдау құқығымен берілген.

2017-2021 жылдардағы жекелеген жер санаттарын республика бойынша жер телімдерін нысаналы пайдалану, меншік және жер пайдалану түрлері бойынша бөлу 64-кестеде көрсетілді.

2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансының деректері бойынша республикада жеке меншікте 3 502,3 мың жер телімі бар, оның 85,3%-ы елді мекендердегі азаматтардың меншігінде. Есепті жылы олардың саны елді мекендерде 164,0 мың га, басқа мақсаттарға арналған жер телімдері есебінен 3,9 мың га, сондай-ақ, жеке тұрғын үй құрылысы және жеке қосалқы шаруашылық мақсатындағы телімдер Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған жүйесінің (МЖК ААЖ) деректері бойынша мәліметтерді нақтылауға байланысты 160,1 мың га ұлғайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамында азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар меншігінде 1423,2 мың га жер бар, бұл осы санаттағы барлық жердің 1,2%–ын құрайды, шаруа қожалықтары мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылардың уақытша жер пайдалануындағы жерлер – 110,8 млн. гектарды (98,4%), мемлекеттік заңды тұлғалардың тұрақты жер пайдалануындағы жерлер – 882,6 мың гектарды (0,8%) құрайды.



## Азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке меншігіне берілген жер көлемінің динамикасы

Жер санаттары, жер телімдерінің нысаналы мақсаты	2003 г.		2019 г.		2020 г.		2021	
	жер телімдерінің саны, мың	көлемі, мың га	жер телімдерінің саны, мың	көлемі, мың га	жер телімдерінің саны, мың	көлемі, мың га	жер телімдерінің саны, мың	көлемі, мың га
<b>1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер</b>	<b>771.1</b>	<b>83.0</b>	<b>544.4</b>	<b>1 472.7</b>	<b>261.1</b>	<b>1 426.1</b>	<b>228.1</b>	<b>1 423.2</b>
оның ішінде:								
бау-бақша және саяжай құрылысы	771.1	83.0	515.5	66.1	232.2	36.4	199.2	33.5
шаруа және фермер қожалығы	-	-	27.7	951.0	27.7	957.6	27.7	957.6
тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісі	-	-	1.2	455.6	1.2	432.1	1.2	432.1
<b>2. Елді мекендер жері</b>	<b>2 262.2</b>	<b>315.9</b>	<b>2 977.0</b>	<b>1 066.8</b>	<b>3 383.9</b>	<b>1 071.5</b>	<b>3 260.7</b>	<b>1 290.5</b>
оның ішінде:								
өзіндік қосалқы шаруашылық	1 725.0	227.4	1 554.2	279.6	1 558.4	264.8	780.3	284.1
жеке үй құрылысы	401.4	46.8	1 070.6	105.0	1 097.0	103.9	2035.2	288.0
басқа мақсаттар үшін	135.8	41.7	352.2	682.2	441.3	702.8	445.2	718.4
<b>3.Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер</b>	<b>9.4</b>	<b>48.8</b>	<b>18.4</b>	<b>89,7</b>	<b>13.5</b>	<b>90.7</b>	<b>13.5</b>	<b>90.7</b>
<b>4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер</b>								<b>0.5</b>
<b>5. Орман қорының жері</b>								<b>0.1</b>
<b>Барлығы</b>	<b>3 042,6</b>	<b>447,7</b>	<b>3 566.9</b>	<b>2 887.9</b>	<b>3 539.8</b>	<b>2 588.3</b>	<b>3 502.3</b>	<b>2 805.0</b>

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатында жеке меншікте 90,7 мың га (4,1%), мемлекеттік емес заңды тұлғалардың уақытша жер пайдалануында – 1 480,1 мың га (66,1%), мемлекеттік заңды тұлғалардың тұрақты жер пайдалануында – 746,9 мың га (33,3%) жер есептеледі.

Нысаналы мақсаты бойынша жеке жер қорының құрамындағы жер телімдерінің негізгі көлемі:

шаруа және фермер қожалығын жүргізу үшін	-	34,1%
тауарлы ауыл шаруашылығын жүргізу үшін	-	15,4%
бау-бақша шаруашылығы мен саяжай құрылысы үшін	-	1,2%
өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін	-	10,1 %
жеке үй құрылысы үшін	-	10,3 %
елді мекендерде, басқа, негізінен кәсіпкерлік мақсаттар үшін,	-	25,6%
өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерде өнеркәсіп және басқа мақсаттар үшін пайдаланылады.	-	3,2 %

Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жер санаттары және нысаналы пайдалану түрлері бойынша жеке меншігіндегі жер көлемі 2021 жылғы 1 қарашаға облыстар бойынша 65-кестеде көрсетілген.

Жеке меншіктегі жерлердің негізгі алқаптары Алматы – 716,1 мың га (25,5%), Жамбыл – 314,7 мың га (11,2%), Түркістан – 313,6 мың га (11,2%), Қызылорда – 271,3 мың га (9,7%), Шығыс Қазақстан – 207,5 мың га (7,4%), Ақмола – 180,0 мың га (6,4%), Маңғыстау – 145,4 мың га (5,2%) Қостанай – 114,0 мың га (4,1%), және Қарағанды облыстарында – 96,6 мың га (3,4%) есептеледі.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатындағы жеке қордың ең үлкен көлемі Алматы облысында – 598,0 мың гектарды, бұл республикадағы осындай жерлер көлемінің 42,0%-ын, сондай-ақ Қызылорда облысында – 226,8 мың гектарды (15,9%) құрайды.

**Жердің жекелеген санаттары мен жер телімдерін нысаналы пайдалануды меншік нысандары бойынша бөлу**

Жер санаттары, жер телімдерінің нысаналы мақсаты	2020 жыл		2021 жыл	
	жер телімдерінің саны, мың	жер көлемі, мың га	жер телімдерінің саны, мың	жер көлемі, мың га
1	2	3	4	5
<b>1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер</b>	<b>466.0</b>	<b>108562.7</b>		<b>113961.4</b>
оның ішінде: жеке меншікте	<b>261.1</b>	<b>1426.1</b>	<b>228.1</b>	<b>1423.2</b>
соның ішінде				
бау-бақша және саяжай құрылысы	232.2	36.4	515.5	33.5
шаруа және фермер қожалығы	27.7	957.6	27.7	957.6
тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісі	1.2	432.1	1.2	432.1
<b>жер пайдалануда</b>	<b>201.8</b>	<b>104511.3</b>	<b>201.8</b>	<b>112538.2</b>
оның ішінде: жерді пайдалану кезінде	201.2	103666.0	201.1	110832.5
шаруа және фермер қожалықтарын жүргізу үшін	189.5	62718.7	189.5	69227.3
шөп шабу, мал жаю және бау-бақша өсіру	3.1	2625.3	0.2	823.1
мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғалары	11.7	40947.3	11.6	41605.2
мемлекеттік заңды тұлғалардың тұрақты жер пайдалануында	0.6	845.3	0.5	882.6
<b>2. Елді мекендер жері</b>		<b>24190.3</b>		<b>24288.7</b>
оның ішінде азаматтардың меншігінде	3383.9	1071.5	3260.7	1290.5
оның ішінде: жеке қосалқы шаруашылықтарды жүргізу үшін.	1558.4	264.8	780.3	284.1
жеке тұрғын үй құрылысы	1097.0	103.9	2035.2	288.0
басқа мақсаттар үшін	441.3	702.8	445.2	718.4
<b>3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін және ауыл шаруашылығына жатпайтын өзге де мақсаттағы жерлер</b>	<b>22.7</b>	<b>2209.0</b>	<b>22.7</b>	<b>2239.1</b>
оның ішінде: жеке меншікте	13.5	90.7	13.5	90.7
мемлекеттік емес заңды тұлғалардың уақытша жер пайдалануында	5.0	1423.8	22.3	1480.1
мемлекеттік заңды тұлғалардың тұрақты жер пайдалануында	40.2	694.5	40.2	746.9
<b>4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер</b>				
оның ішінде: жеке меншікте	0.4	7705.7	0.4	7810.7
тұрақты жер пайдалануда				0.5
мемлекеттік заңды тұлғалар	0.4	7705.7	0.4	7810.2
<b>5. Орман қорының жерлері</b>	<b>0.1</b>	<b>22398.3</b>	<b>0.1</b>	<b>22435.3</b>
оның ішінде:				
жеке меншікте		0.1		0.1
тұрақты жер пайдалануда				
мемлекеттік заңды тұлғалар	0.1	22398.2	0.1	22435.2
<b>Жеке меншіктегі жер, барлығы</b>	<b>33371.3</b>	<b>2588.4</b>	<b>3818.6</b>	<b>2805.0</b>

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер санатында Қарағанды, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі сауықтыру және демалыс орындарының қарамағында 0,5 мың га жер бар.

Ақмола облысының Ақкөл ауданында жеке орман өсіру мақсатында орман қоры жерлерінің санаты 0,1 мың га құрайды.

Жер балансының деректері бойынша 2021 жылдың 1 қарашасына елді мекендер жері санатында жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, жеке тұрғын үй құрылысы және басқа да мақсаттар үшін берілген, азаматтардың жеке меншігіндегі 1290,5 мың га (жер санаты көлемінің 5,3%) жер есепте тұр.

## 2021 жылғы 1 қарашадағы облыстар бойынша жеке меншіктегі жер көлемі

Облыстар атауы	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер				Елді мекендер жері				Өнеркәсіптік, көліктік және басқа да ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер	Ерекше қорғалатын аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	Орман қорының жерлері	Жеке меншіктегі жалпы жер
	барлығы	соның ішінде:			барлығы	соның ішінде:						
		бау-бақша шаруашылығы мен саяжай құрылысы үшін	шаруа және фермер қожалығы үшін	мемлекеттік емес заңды тұлғалардың тауарлы а/ш өндірісі үшін		барлығы	жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін	жеке тұрғын үй құрылысы үшін				
Ақмола	86.5	3.7	40.6	42.2	83.1	12.3	28.0	41.9	10.3	-	0.1	172.5
Ақтөбе	14.4	-	9.6	4.8	32.7	0.1	24.9	7.7	0.2	-	-	35.2
Алматы	598.0	13.6	361.5	222.9	95.7	-	56.3	39.4	22.4	-	-	671.1
Атырау	60.0	0.3	45.0	14.7	14.7	5.3	9.3	0.1	4.0	-	-	78.0
Ш. Қазақстан	61.4	2.4	52.2	6.8	139.8	50.6	32.3	56.9	6.2	0.1	-	165.7
Жамбыл	124.3	0.8	111.4	12.1	178.7	0.9	48.0	129.8	11.7	-	-	297.7
Б. Қазақстан	29.8	5.7	23.5	0.6	12.6	-	9.0	3.6	-	-	-	44.8
Қарағанды	37.5	0.6	24.9	12.0	45.1	7.8	9.4	27.9	13.7	0.3	-	100.2
Қызылорда	226.8	1.2	158.2	67.4	43.9	11.4	7.4	25.1	0.6	-	-	1065.6
Қостанай	40.5	0.9	14.7	24.9	72.2	14.3	2.5	55.4	1.3	-	-	1040.5
Маңғыстау	75.2	0.1	75.1	-	64.0	0.9	6.4	56.7	6.2	-	-	146.2
Павлодар	6.4	3.0	3.1	0.3	42.6	7.9	5.8	28.9	9.3	-	-	56.9
С. Қазақстан	6.2	-	3.1	3.1	23.9	16.4	1.0	6.5	1.2	-	-	34.1
Түркістан	55.8	0.7	34.7	20.3	154.1	142.6	26.8	84.7	3.6	0.1	-	217.2
Шымкент қ.	-	-	-	-	37.7	10.0	10.2	17.5	-	-	-	68.3
Алматы қ.	-	-	-	-	68.8	2.6	8.2	58.0	-	-	-	80.9
Нұр-Сұлтан қ.	0.4	0.4	-	-	80.9	0.1	2.5	78.3	-	-	-	37.5
<b>Барлығы</b>	<b>1423.2</b>	<b>33.5</b>	<b>957.6</b>	<b>432.1</b>	<b>1290.5</b>	<b>284.1</b>	<b>288.0</b>	<b>718.4</b>	<b>90.7</b>	<b>0.5</b>	<b>0.1</b>	<b>4312.4</b>

### 3.2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді шаруашылық жүргізу нысандары бойынша бөлу

2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республиканың аграрлық секторында 212,7 мың шаруа және фермер қожалықтары есепте тұр, оларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы 70,2 млн.га (62,3%) жерлер, 1 852 өндірістік ауыл шаруашылығы кооперативтеріне 2,6 млн. га (2,3%) жер, барлық нысандағы 9 031 шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдарға 38,3 млн. га (34,0%) көлемде жер бекітілген. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 0,88 млн.га немесе ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің 0,8%-ын алады (23-сурет).

23-сурет

#### 2021 жылғы 1 қарашадағы аграрлық секторда жерді шаруашылық жүргізу нысандары бойынша бөлу (бекітілген жер көлемінің %)



Республиканың ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалар нәтижесінде, қазіргі уақытта аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізудің негізгі нысаны шаруа немесе фермер қожалықтары болып табылады, олардың пайдалануында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің жартысынан астамы бар.

Аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамы мен динамикасы 66-кестеде көрсетілген.

## Аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамы мен динамикасы

Шаруашылық жүргізуші субъектілер санаттары	1991 ж.			2020 ж.			2021 ж.		
	саны	көлемі		саны	көлемі		саны	көлемі	
		мың га	%		мың га	%		мың га	%
<b>1. Шаруа және фермер қожалықтары</b>	<b>2 480</b>	<b>1 615,1</b>	<b>0,7</b>	<b>215 806</b>	<b>66 207.3</b>	<b>61.7</b>	<b>212 760</b>	<b>70 184.9</b>	<b>62.3</b>
<b>2. Мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғалары – барлығы</b>	<b>548</b>	<b>15 560,5</b>	<b>7,1</b>	<b>11 099</b>	<b>40 282.4</b>	<b>37.5</b>	<b>11 613</b>	<b>41 605.6</b>	<b>36.9</b>
оның ішінде:									
- ұжымшарлар	416	15 284,7	7,0	-	-	-	-	-	-
- шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар	-	-	-	8 675	37 051.5	34.5	9 031	38 331.6	34.0
- ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері	132	275,8	0,1	1 782	2 559.2	2.4	1 852	2 634.3	2.3
- мемлекеттік емес басқа ұйымдар	-	-	-	642	671.7	0.6	730	639.7	0.6
<b>3. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы ұйымдары – барлығы</b>	<b>3 640</b>	<b>201 200,2</b>	<b>92,2</b>	<b>610</b>	<b>845.3</b>	<b>0.8</b>	<b>525</b>	<b>882.6</b>	<b>0.8</b>
оның ішінде:									
- кеңшарлар	2 094	195 322,7	89,4	-	-	-	-	-	-
- ҒЗИ мекемелері мен оқу орындары	273	2 304,4	1,1	314	560.8	0.5	306	559.8	0.5
- қосалқы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	1 003	1 911,7	0,9	117	15.5	-	114	15.3	-
- мемлекеттік басқа ұйымдар	270	1 661,4	0,8	179	269.0	0.3	105	307.5	0.3
<b>Барлығы</b>	<b>6 668</b>	<b>218 375,8</b>	<b>100</b>	<b>227 515</b>	<b>107 335.0</b>	<b>100</b>	<b>224 898</b>	<b>112 673.1</b>	<b>100</b>

Есепті жыл ішінде республикада шаруа және фермер қожалықтарының саны 3 046 шаруашылыққа азайды, ал шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың саны 356-ға және ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтердің саны 70-ке шаруашылық жүргізуші субъектілерге көбейді.

Агроқұрылымдар санындағы өзгерістер келесілерге байланысты болды:

жаңа шаруашылық жүргізуші субъектілер ұйымдастырылды;

агроқұрылымдар ыдырады немесе шаруашылық жүргізудің жаңа түрлеріне қайта құрылды;

шаруашылық жүргізуден бас тартты.

2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша агроқұрылымдар құрамы мен оларға бекітіліп берілген жерлер көлемі облыстар бойынша 67-кестеде көрсетілген.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің өңірлер бойынша орналасуына жасалған талдау көрсеткендей, шаруа және фермер қожалықтарының негізгі саны Түркістан облысында – олардың республикадағы жалпы санының 36,6%-ы, Алматы (27,2 %), Жамбыл (8,7 %) және Шығыс Қазақстан облыстарында (6,3 %) саналады. Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерінің ең көп саны Түркістан (62,0 %), Алматы (7,7 %) және Шығыс Қазақстан (5,9%) облыстарында есептеледі.

Республиканың аграрлық секторында әр түрлі 9 031 шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі Түркістан – 2 614 (28,9 %), Алматы – 1 423 (15,8%), Ақмола – 1 183 (13,1 %), Солтүстік Қазақстан – 837 (9,2 %), Шығыс Қазақстан – 667 (7,4 %) және Қостанай – 550 (6,1 %) облыстарында құрылған.

Жоғарыда айтылғандай, жалпы республика бойынша шаруа және фермер қожалықтарына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің 62,3%-ы бекітілген.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің шаруа қожалықтарындағы үлесі облыстар бойынша едәуір ауытқиды. Мысалы, Ақтөбе облысында 93,1% және Батыс Қазақстан облысында осы шаруашылық жүргізуші субъектінің жер пайдалануында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер 92,5%, Шығыс Қазақстан облысында – 87,5%, Қарағанды облысында – 89,1% болса, ал Солтүстік Қазақстан облысында – 23,2%, Ақмола облысында – 23,5%-ды құрайды.



**2021 жылғы 1 қарашадағы аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің облыстар бойынша құрамы**

Облыстар атауы	Шаруа және фермер қожалықтары		Мемлекеттік емес кәсіпорындар						Мемлекеттік ауыл шаруашылығы ұйымдары	
			шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар		ауыл шаруашылығы кооперативтері		мемлекеттік емес басқа ұйымдар			
	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га	саны	көлемі, мың га
Ақмола	4 291	2 539.1	1 183	8 219.2	48	79.8	20	11.3	30	20.0
Ақтөбе	4 794	9 938.2	263	2 189.0	89	340.1	87	51.7	21	33.6
Алматы	57 885	5 545.8	1 423	2 488.4	144	339.6	52	27.3	59	9.1
Атырау	3 599	2 195.2	46	587.2	9	194.3	72	33.6	12	9.6
Шығыс Қазақстан	13 329	9 685.3	667	2 002.2	110	282.2	11	49.7	77	16.3
Жамбыл	18 604	3 409.6	243	863.0	38	86.7	65	135.5	65	197.4
Батыс Қазақстан	5 302	6 511.6	313	1 062.4	82	91.1	24	45.9	37	34.0
Қарағанды	7 580	15 515.3	373	4 096.0	49	320.7	25	37.0	17	56.7
Қызылорда	5 637	2 111.6	164	693.6	76	18.7	218	62.8	30	18.4
Қостанай	4 741	4 498.9	550	6 258.4	6	6.5	16	68.8	12	4.5
Маңғыстау	2 788	2 095.7	41	1 203.4	7	31.6	7	0.5	19	91.0
Павлодар	3 380	3 933.5	314	2 027.5	18	95.1	7	3.1	12	375.2
Солтүстік Қазақстан	2 933	1 671.7	837	5 480.4	27	66.3	4	1.8	25	8.9
Түркістан	77 896	2 333.4	2 614	1 160.9	1 149	681.6	121	110.3	109	7.7
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>212 759</b>	<b>70 184.9</b>	<b>9 031</b>	<b>38 331.6</b>	<b>1 852</b>	<b>2 634.3</b>	<b>729</b>	<b>639.3</b>	<b>525</b>	<b>882.6</b>

Шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай облыстарының аграрлық секторындағы негізгі шаруашылық жүргізудің нысаны болып табылады. Оларда осы облыстарда есепте тұрған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің 76,9%-дан 59,3%-ға дейінгі мөлшері шоғырланған. Батыс Қазақстан облысында шаруашылық серіктестіктердің үлесіне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің шамамен 15,1%–ы, Жамбыл облысында – 18,7%–ы, Шығыс Қазақстан облысында – 18,1%–ы, келеді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдаланудағы өндірістік кооперативтердің үлесі Қостанай облысында 0,062 %-дан , Маңғыстау облысында 0,6%-дан, Қызылорда және Ақмола облыстарында 0,7%-дан, Солтүстік Қазақстан облысында 0,9%-дан, Түркістан облысында 16,2%-ға дейін болады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерге бекітілген жер көлемінің орташа мөлшерлері облыстар бойынша қатты өзгеріп отырады. Мәселен, шаруа немесе фермер қожалығының орташа көлемі Түркістан облысында – 30,0 га – дан және Алматы облысында – 99,3 га-дан Ақтөбе облысында – 2 073,0 га-ға, Қарағанды облысында – 1 783,0 га-ға, Батыс Қазақстан облысында- 2128,1 га-ға, Павлодар облысында-1 163,8 га-ға дейін құрайды, республика бойынша орташа көрсеткіш 329,9 га. Жалпы республика бойынша шаруашылық серіктестіктердің орташа көлемі 4 271,1 га тең және ол Түркістан облысында 447,8 гектардан Маңғыстау облысында – 23 635,3 гектарға дейінгі аралықта ауытқиды. Басқа агроқұрылымдардың алқаптары да айтарлықтай шектерде өзгеріп отырады (68-кесте).

Атап өту қажет, республикада аграрлық сектордың шаруашылық жүргізуші субъектілерін қалыптастыру процесі жалғасуда. Жаңа шаруашылық жүргізуші субъектілерді құрумен қатар, бұрын құрылған шаруашылық субъектілері таралып және қайта құрылып жатыр.

Жер реформасы барысында жүргізілген шаруа, фермерлік шаруашылықтар мен шаруашылық жүргізудің басқа да нысандарын ұйымдастыру үшін көптеген ұсақ жер телімдерін бөліп берумен бірге, ірі жер пайдалануды реформалау процесі, жерде нақты меншік иесінің қалыптасуы бойынша оңтайлы функцияны орындай отырып, ауыл шаруашылығы өндірісі тиімділігінің деңгейіне, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге кері ықпал ететін бірқатар кемшіліктерді анықтады. Нәтижесінде кейбір шаруашылық

жүргізуші субъектілер өзінің шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қабілетсіз болып шығады.

## Аграрлық сектордағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің облыстар бойынша орташа өлшемдері

га

Облыстар атауы	Шаруа және фермер қожалықтары		шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар		ауыл шаруашылығы кооперативтері		мемлекеттік емес басқа ұйымдар		Мемлекеттік ауыл шаруашылығы ұйымдары	
	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Ақмола	571.1	591.1	7 304.5	6 947.8	1 626.5	1 662.5	563.6	565.0	666.7	666.7
Ақтөбе	1 945.2	2 073.0	8 545.1	8 323.2	4 232.5	3 821.3	366.7	594.3	825.2	1600.0
Алматы	96.3	99.3	1 651.9	1 748.7	2 402.9	2 358.3	172.5	525.0	164.7	154.2
Атырау	572.8	609.9	16 076.3	12 765.2	21 588.9	21 588.9	661.6	466.7	400.0	800.0
Шығыс Қазақстан	584.2	726.6	3 417.9	3 001.8	2 651.7	2 565.5	5 477.8	4 518.2	209.8	211.7
Жамбыл	183.3	183.3	3 601.2	3 551.4	2 281.6	2 281.6	2 084.6	2 084.6	3036.9	3036.9
Батыс Қазақстан	1 202.3	1 228.1	3 571.5	3 394.2	1 220.9	1 111.0	1 912.5	1 912.5	918.9	918.9
Қарағанды	1 730.9	1 783.0	9 565.1	10 981.2	6 845.5	6 544.9	1 438.5	1 480.0	3329.4	3335.3
Қызылорда	382.8	374.6	4 142.1	4 229.3	246.1	246.1	351.4	288.1	681.5	620.0
Қостанай	874.8	948.9	11 494.3	11 378.9	1 433.3	1 083.3	4 553.3	4 300.0	384.6	375.0
Маңғыстау	782.6	751.7	23 635.3	29 351.2	4 514.3	4 514.3	8 970.0	71.4	120.0	4789.5
Павлодар	1 128.7	1 163.8	6 631.5	6 457.0	5 429.4	5 283.3	344.4	442.9	31258.3	31266.7
Солтүстік Қазақстан	574.8	570.0	6 990.2	6 574.7	2 344.0	2 455.6	975.0	450.0	360.0	360.0
Түркістан	27.4	30.0	447.8	441.1	604.7	593.2	853.5	911.6	71.6	70.6
<b>Республика бойынша орта есеппен</b>	<b>306.8</b>	<b>329.9</b>	<b>4 271.1</b>	<b>4 244.4</b>	<b>1 436.1</b>	<b>1 422.4</b>	<b>1 046.3</b>	<b>877.0</b>	<b>1 385.7</b>	<b>1 681.1</b>

### 3.3. Жер нарығын дамыту және жер үшін төлемдер

Жер нарығын қалыптастыру және дамыту – Қазақстандағы жер реформасының, азаматтар мен заңды тұлғалардың жер телімдеріне меншік құқығын нақты қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі. Ақылы жер пайдаланудың негізгі тетіктеріне мыналар жатады: жердің нормативтік бағасы немесе оның кадастрлық құны, жердің нарықтық құны, жер салығы, жалдау ақысы, сервитуттар үшін төлем, жер телімдерінің кепілді құны және нарықтық айналымның басқа да реттеуіштері.

Жер нарығын қалыптастырудың негізі, онда сатып алу-сату мәмілелерін еркін жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады. Қазақстанда жер нарығы екі бағыт бойынша қалыптасады:

мемлекеттің жер телімдерін мемлекеттік меншіктен жеке меншікке нормативтік құн бойынша сатуы – жердің бастапқы нарығы;

азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі және жер пайдалануындағы жер телімдерімен әртүрлі мәмілелер жүргізу – кейінгі нарық.

Қазақстан Республикасында нормативтік баға ретінде жер телімдерінің кадастрлық (бағалау) құны – мемлекет жер телімін немесе оны жалдау құқығын сатқан кезде қолданылатын, инфляцияның жалпы деңгейі туралы ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес кезең-кезеңімен нақтыланатын, жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкалары және оларға түзету коэффициенттері негізінде айқындалатын жер телімінің есепті құны алынады. Мемлекеттің жеке меншік құқығын өтеулі бергені (сатқаны) үшін және жер телімдеріне жалдау құқығын сатқаны үшін төлем, кадастрлық құн негізінде есептеледі. Төменде атқарушы және өкілетті органдардың бірлескен шешімдерімен бекітілген және Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 10-бабына сәйкес қолданысқа енгізілген, Қазақстан Республикасының облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкалары келтіріледі (69-кесте). Аталған кестелерде берілген, елді мекендер бойынша жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкаларын мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін ұйым мен оның филиалдары, жер және өзге де жылжымайтын мүлік нарығындағы мәмілелер туралы ақпаратты пайдалана отырып, кешенді салыстырмалы тәсіл негізінде әзірледі. Бағалау процесінде жер телімдерінің сапасы

мен орналасқан жерін, аумақты әлеуметтік жайластыру мен инженерлік-көліктік қамтамасыз ету деңгейін және т. б. қоса алғанда, рента құрушы факторларға талдау жүргізілді.

69-кесте

**Облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларындағы жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкалары туралы ақпарат**

р/т №	Қалалар	Базалық ставка-лар тг/ш.м.	Бекітіл-ген жылы	Негізі
1	2	3	4	5
1	Нұр-Сұлтан	6683	2012	Бірлескен Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 79 қаулысы және Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 523/75-IV шешімі
2	Алматы	6200	2015	Бірлескен Алматы қ. әкімдігінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 3/464 қаулысы және Алматы қ. мәслихатының V-ші шақырылымының XI-ші сессиясының 2015 жылғы 23 шілдедегі № 355 шешімі
3	Ақтау	1815	2012	Бірлескен Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы № 307 қаулысы және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 7/92 шешімі
4	Ақтөбе	1287	2013	Бірлескен Ақтөбе облысы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қазандағы № 328 қаулысы және Ақтөбе облысы мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 415 шешімі
5	Атырау	2240	2014	Бірлескен Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 10а қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 11-V шешімі
6	Қарағанды	1984	2016	Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 24/07 қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 30 шешімі
7	Қостанай	1357	2011	Бірлескен Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 3 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 452 шешімі
8	Көкшетау	1050	2015	Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № А-10/480 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 қазандағы № 5С-42-3 шешімі
9	Қызылорда	1230	2008	Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 667 қаулысы және Қызылорда облысы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 65 шешімі
10	Павлодар	950	2013	Павлодар облысы әкімдігінің 2012 жылғы 14 қаңтардағы № 1 қаулысы және Павлодар облысы

				мәслихатының 2012 жылғы 14 қаңтардағы № 413/41 шешімі
11	Петропавловск	1270	2015	Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы N 485 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы N 40/8 шешімі
12	Тараз	1040	2015	Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 79 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-10 шешімі
13	Талдықорған	1311	2019	Алматы облыстық мәслихатының 2019 жылғы 31 шілдедегі № 51-259 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 тамыздағы №333 қаулысы
14	Орал	1560	2017	Бірлескен Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы № 31 қаулысы және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-4 шешімі
15	Өскемен	2114	2015	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 88 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 27/336-V шешімі
16	Шымкент	1275	2012	Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 2/16-V шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 15 наурыздағы № 90 қаулысы

Жердің бастапқы нарығы жер телімдерін мемлекеттік меншіктен жеке меншікке біржолғы сату, не бөліп төлеу арқылы өтеулі негізде беру, сондай-ақ жер пайдалану құқығын өтеулі негізде (ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер телімдеріне жалдау құқығын сату) сату жөніндегі операцияларды қамтиды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдері жеке меншікке ақылы негізде, оларды аграрлық секторда пайдалану үшін, ал елді мекендердің жері мен өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған басқа да жерлер – кәсіпкерлік және өзге де мақсаттар үшін беріледі. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы, бағбандықты дамыту үшін жер телімдері Қазақстан Республикасының азаматтарына жер заңнамасында белгіленген нормалар шегінде тегін беріледі. Қосымша, жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін жер телімдері, белгіленген тегін беру нормаларынан тыс, ақылы негізде де беріледі.

«Жер заңнамасының жекелеген нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы №248

Жарлығы қолданысқа енгізілгеннен кейін, мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді сатуы 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті сайтының деректері бойынша жер салығынан бюджетке түсетін түсімдердің жыл сайын өсуі байқалады. Егер жалпы республика бойынша 2016 жылы түсімдер 15 255,1 млн.теңге болса, 2017 жылы - 15 353,3 млн. теңге, 2018 жылы – 16 875,8 млн. теңге, 2019 жылы - 18 712,2 млн. теңге, 2020 жылы – 17 087,5 млн. теңге, ал 2021 жылдың 10 айында түсімдер 13 105,0 млн. теңгені құрады. Өңірлер бойынша жерді пайдаланғаны үшін ең үлкен салықтық түсімдер 2021 жылы Алматы қаласы (3 103,6 млн.теңге) және Қарағанды облысы (1 836,8 млн. теңге) бойынша тіркелді.

Жер салығының түсуі жөніндегі деректер 70-кестеде келтірілді.

70-кесте

**2015-2021 жылдардағы облыстар бойынша жер салығының түсімі**

млн. теңге

Облыстар атауы	жылы						
	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021 (10 айы)
Ақмола	392,0	283,7	364,0	443,2	525,0	424,8	319,9
Ақтөбе	595,8	518,3	428,3	531,5	562,8	537,1	380,0
Алматы	773,7	829,5	675,2	886,7	876,9	857,5	555,1
Атырау	481,6	499,9	499,0	576,1	610,0	581,2	445,1
Шығыс Қазақстан	1 350,4	1 364,1	1 466,0	1 372,3	1 587,6	1 515,2	1 134,7
Жамбыл	354,8	361,2	311,9	375,0	425,5	404,3	289,8
Батыс Қазақстан	182,0	180,4	161,2	181,3	249,4	202,2	127,4
Қарағанды	2 475,2	2 475,0	2 512,9	2 579,4	2 708,2	2 314,8	1 836,8
Қызылорда	273,1	290,3	312,7	347,1	324,2	358,6	225,1
Қостанай	612,7	377,3	351,0	372,5	561,8	425,2	230,4
Маңғыстау	570,6	489,7	532,4	516,4	709,1	463,2	365,3
Павлодар	1 885,9	1 776,4	1 792,5	1 967,0	2 039,9	1 928,8	1 372,9
Солт. Қазақстан	288,9	262,1	254,3	301,9	380,9	305,1	208,9
Түркістан	948,9	1 132,8	1 052,3	1 609,1	619,8	648,1	355,5
Шымкент қ.	-	-	-	-	895,2	1 214,8	796,8
Алматы қ.	2 540,4	3 032,6	2 980,3	3 412,0	3 983,6	3 313,3	3 103,6
Нұр-Сұлтан қ.	1 209,1	1 247,5	1 659,2	1 404,5	1 652,4	1 593,4	1 357,6
<b>Барлығы</b>	<b>14 935,1</b>	<b>15 255,1</b>	<b>15 353,3</b>	<b>16 875,8</b>	<b>18 712,2</b>	<b>17 087,5</b>	<b>13 105,0</b>

**Ескерту:** Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті сайтының деректері.



Жер телімдерін жалға алғаны үшін төлемдер түсімі 71-кестеде көрсетілген. Жер телімдерін жалға беруден бюджетке түсетін түсімдердің артуы байқалады. Егер жалпы республика бойынша 2015 жылы түсім 14 304,5 млн. теңгені құраса, 2016 жылы - 14 873,1 млн. теңге, 2017 жылы – 16 224,0 млн. теңге, 2018 жылы – 16 452,0 млн. теңге, 2019 жылы – 18 813,9 млн. теңге, ал 2020 жылы – 18 520,1 млн. теңге, 2021 жылдың он айында – 15 411,2 млн. теңгені құрады.

2021 жылы өңірлер бойынша ең көп түсімдер Қарағанды облысы (3 117,0 млн.теңге) және Қостанай облысы (2 267,4 млн. теңге) бойынша тіркелді.

71-кесте

### Жерді жалға алғаны үшін төлемдер түсімінің динамикасы

млн. теңге

Облыстар атауы	Жылы						
	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021 (10 айы)
Ақмола	1 048,5	1 107,1	1 119,6	1 130,4	1 205,0	1 156,7	1 009,8
Ақтөбе	457,7	455,8	541,2	559,2	648,7	903,6	908,2
Алматы	193,7	211,5	206,7	199,4	232,8	423,3	54,8
Атырау	320,5	367,8	388,2	440,6	427,5	495,0	407,1
Шығыс Қазақстан	763,5	794,3	850,0	934,1	911,4	969,2	845,3
Жамбыл	190,3	207,4	199,6	230,5	257,3	234,2	255,3
Батыс Қазақстан	230,4	248,1	248,9	258,9	260,2	277,5	239,8
Қарағанды	2852,0	3 027,2	3 130,2	3 251,4	3 371,3	3 681,2	3 117,0
Қызылорда	123,7	134,4	127,8	131,9	145,9	166,5	139,5
Қостанай	1684,1	1 668,8	2 085,5	1 920,1	2 031,7	2 601,9	2 267,4
Маңғыстау	694,4	674,6	733,4	764,2	2 821,7	879,9	839,8
Павлодар	2249,0	2 306,5	2 382,2	2 431,8	2 493,1	2 446,9	1 921,7
Солт. Қазақстан	1482,2	1 479,6	1 736,0	1 676,7	1 547,1	1 534,0	1 241,9
Түркістан	323,9	354,5	386,7	382,3	226,9	279,7	209,7
Шымкент қ.					244,3	346,2	280,4
Алматы қ.	744,2	823,9	1 004,5	1 034,9	872,0	1 040,7	771,6
Нұр-Сұлтан қ.	946,4	1 011,5	1 073,4	1 105,4	1 117,1	1 083,4	902,0
<b>Барлығы</b>	<b>14 304,5</b>	<b>14 873,1</b>	<b>16 224,0</b>	<b>16 452,0</b>	<b>18 813,9</b>	<b>18 520,1</b>	<b>15 411,2</b>

Ескерту: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтынан алынған деректер.

Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қою кезінде ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуден түсетін төлемдердің түсімдері туралы ақпарат 72-кестеде көрсетілген.

72-кесте

**Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алып қою кезінде ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуден түсетін төлемдер**

Жыл	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Ш-Қазақстан	Жамбыл	Б-Қазақстан	Қарағанды	Қызылорда	Қостанай	Маңғыстау	Павлодар	С-Қазақстан	Түркістан	Шымкент қ.	Алматы қ.	Нұр-Сұлтан қ.	Барлығы
2016	548,4	399,7	220,8	53,6	187,9	20,9	223,4	182,4	132	384,3	42,7	128,3	42,8	217,5		1,3	-1,4	2 784,5
2017	844,4	175,8	458,6	88,0	132,5	99,5	64,1	143,3	86,2	102,8	21,6	190,2	12,6	192,7		4,6	28,5	2 645,3
2018	120,3	193,0	386,8	66,1	82,6	69,1	142,1	199,2	45,5	104,0	141,1	70,8	123,9	117,9		33,4		1995,9
2019	290,4	187,3	166,5	54,6	110,6	79,6	225,8	321,0	115,2	552,3	60,5	59,5	79,5	49,1	16,2	4,3	46,3	2 418,7
2020	664,0	120,5	222,3	90,9	75,6	252,4	75,3	647,1	17,0	882,8	56,3	74,2	49,1	74,1	79,4	3,6	1,2	3385,8
2021 (10 айы)	176,3	238,2	97,6	203,6	194,8	107,2	160,0	372,4	33,0	248,1	100,2	73,3	20,6	195,5	90,5	25,1	4,3	2340,7

Ескерту: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтынан алынған деректер.

## **4. ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

### **4.1. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу**

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастры мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды жер және жекелеген жер телімдері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және оны дамытуға қабылданған Қазақстан Республикасының орталық уәкілетті органдарының нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады, олар мемлекеттік жер кадастрының мазмұнын ақпараттық жүйе ретінде айқындайды және құрылған объектілерді мемлекеттік тіркеу және жер телімдерін кадастрлық есепке қою қағидаттарын белгілейді. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті жүзеге асырады, ал тікелей кадастрды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы елдің бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша жүргізеді және жер телімдері туралы мәліметтерді жинау, құжаттау, жинақтау, өңдеу, есепке алу және сақтау жөніндегі дәйекті жұмыстарды жүзеге асырады. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады.

Республикада жер телімдері мен олардың субъектілері туралы деректер банкін жинақтау, өңдеу және жүргізу үнемі жүргізіледі. Барлық рәсімделген жер телімдеріне кадастрлық нөмірлер берілген және меншік иесі немесе жер пайдаланушы ауысқан кезде қолданыстағы кадастрлық істерге қажетті өзгерістер енгізіледі. Жер-кадастрлық ақпаратты электрондық тасығыштарға (нұсқаларға) ауыстыру жалғасуда, жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жетілдірілуде (МЖК ААЖ).

Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру топографиялық-геодезиялық, жерге орналастыру, топырақ, геоботаникалық зерттеулер мен іздестірулерді, топырақты бонитеттеуді уақтылы жүргізумен, кадастрлық карталарды дайындаумен, басқа да жер-кадастрлық жұмыстармен қамтамасыз етіледі.

Есепті жылы 259 «Жер ресурстары туралы ақпаратқа қол жетімділікті арттыру» бағдарламасының 100 «Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қалыптастыру» бюджеттік ішкі бағдарламасына сәйкес, 7,2 млн. га жерде жерді паспорттау үшін топырақты зерттеу және топырақ материалдарын жаңарту, 7,3 млн. га жерде – геоботаникалық зерттеу, 7,5 млн. гектарда – топырақты бонитеттеу және паспорттау мақсатында топырақтың бонитетін анықтау бойынша жұмыстар кешені орындалды. Елді мекендер жерінде құрылған есептік кварталдардың 150 электрондық жер-кадастрлық картасы жасалды. 10 млн. га жерге мониторинг жүргізу жүзеге асырылды.

2021 жылдың қаңтарынан желтоқсан айы аралығында 6391 дана жер-кадастрлық жоспарлар және 400666 дана жер телімдеріне сәйкестендіру құжаттары дайындалды. Сәйкестендіру құжаттарын дайындау мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі стандарттарда белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар мен мүдделі жеке және заңды тұлғаларға жер-кадастрлық мәліметтерді беру туралы ақпарат «Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» бөлімінде толығырақ баяндалған.

Жер заңнамасының талаптарына сәйкес, жер-кадастрлық құжаттаманың нысандарын, мазмұнын, оны жасақтау тәртібі мен жүргізу әдістемесін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жер телімдеріне құқықтарды кейіннен мемлекеттік тіркеу және Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарына мәліметтер беру үшін, жер телімдерін және олармен тығыз байланысты жылжымайтын мүлік объектілерін сәйкестендіру мен дараландырудың барлығы үшін бірыңғай қағидалары мен технологиялары бойынша, жер телімдерін мемлекеттік кадастрлық есепке алудың бірыңғай тетігін құру өзекті міндет болып қалып отыр.

#### **4.2. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі**

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (әрі қарай – МЖК ААЖ) 2021 жылдағы басты міндеті, оны графикалық мәліметтермен толықтыруды арттыру, топологиялық қателіктерді жою, МЖК ААЖ дерекқорының өзектілігі мен сенімділігін арттыру, рұқсат етілмеген

өзгертулерден МЖК ААЖ мәліметтерін қорғауды күшейту, кадастрлық мәліметтерді енгізудің форматты-логикалық бақылауын күшейту болып табылды. Өзірленген МЖК ААЖ модульдері мен ішкі жүйелеріне жалпы техникалық қолдау көрсету және пайдалану бойынша кеңестік қызметтер көрсетілді.

Бұдан басқа, ақпараттық жүйелермен ақпараттық өзара іс-қимыл сервистері іске асырылды:

ИСЖ АЖ-мен өзара әрекеттесу бөлігінде «Пайдаланушылармен жұмыс» ішкі жүйесін түрлендіру (модификациялау) (МЖК ААЖ жағында орындалған жұмыс).

«Электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша интеграциялық өзара іс-қимыл қызметтерін түрлендіру (іске асыру сатысында).

Сонымен қатар, жер балансын қалыптастыру және жүргізу бойынша бизнес-процестерді түрлендіру жөніндегі жұмысты іске асыру сатысында. Ағымдағы жылы «Электрондық үкімет» порталында МЖК ААЖ деректер қорын пайдалана отырып, жеке және заңды тұлғаларға кадастрлық мәліметтерді беру бойынша электронды түрдегі мемлекеттік қызметтердің келесі саны ұсынылды (73 кесте).


2012 жылдан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін ХҚКО арқылы «Электрондық үкімет» порталында МЖК ААЖ дерекқоры арқылы электрондық форматта көрсетілген қызметтер саны 24-суретте көрсетілген.

73-кесте

**2021 жылы ХҚКО «Электрондық үкімет» порталы арқылы кадастрлық ақпарат беру бойынша көрсетілген қызметтердің (ақысыз көрсетіледі) саны туралы ақпарат**

р/т №	Тізілім бойынша №	Қызмет атауы	ЭҮП қызметін іске қосу күні	Көрсетілген қызметтер саны
1		Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен мәліметтер беру	30.12.2021 ж.	0
<b>Барлығы</b>				<b>0</b>

**МЖК ААЖ арқылы «Электрондық үкімет порталында»  
2012 жылдан 2021 жылдар аралығында электрондық форматта  
көрсетілген қызметтер саны**



2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша МЖК ААЖ Республикалық деректер базасында тарихи жер телімдерін қоса алғанда 6,72 млн. жер телімдері, атрибуттық деректер бойынша жұмыс істеп тұрған 5,046 млн. жер телімі және графикалық деректер базасында 5,012 млн. жер телімі бар, олардың облыстар бөлінісінде болуы 74-кестеде берілген.

**2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша МЖК ААЖ Республикалық дерекқорнда  
жер телімдері және олардың меншік иелері / жер пайдаланушылары туралы мәліметтің болуы**

№	Код	Облыс/аудан/қала	Жер телімдерінің саны				Құқықтық қатынастар саны	
			Атрибуттық		Графикалық		Барлығы	Соның ішінде қолданыстағы
			Барлығы	Соның ішінде қолданыстағысы	Барлығы	Атрибуттық деректер қорындағы қолданылатын жер телімдерінің %-ы		
1	01	Ақмола	399253	327950	328362	99,3	685705	361113
2	02	Ақтөбе	302108	242474	244423	100,0	525446	288220
3	03	Алматы	1088186	883462	882892	99,8	1903868	966438
4	04	Атырау	232999	200982	205538	99,6	358332	205361
5	05	Шығыс Қазақстан	525077	464241	463847	99,5	1059877	550077
6	06	Жамбыл	391674	305685	306114	98,8	678733	330541
7	08	Батыс Қазақстан	292461	226461	226119	99,0	522298	247925
8	09	Қарағанды	400162	302674	306211	100,0	696970	355737
9	10	Қызылорда	238305	187331	181543	97,1	374286	200332
10	12	Қостанай	397122	275880	276077	99,8	642049	308667
11	13	Маңғыстау	201620	159676	159999	99,8	360972	183829
12	14	Павлодар	292410	240031	240055	98,3	483384	258850
13	15	Солтүстік Қазақстан	285530	245893	248481	99,5	461098	278380
14	19	Түркістан	1254004	812231	741127	99,2	1913612	870329
15	20	Алматы	243815	186956	187053	98,7	745350	295566
16	21	Нұр-Сұлтан	136779	75691	75643	100,0	366319	107650
17	22	Шымкент	48104	46418	46105	97,2	68373	59854
		<b>Барлығы</b>	<b>6729609</b>	<b>5184036</b>	<b>5119589</b>	<b>99,3</b>	<b>11846672</b>	<b>5868869</b>

2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша МЖК ААЖ Республикалық дерекқорының атрибуттық және графикалық деректерінің толтырылуы 99,3%-ды құрайды.

25-суретте МЖК ААЖ Республикалық дерекқорының атрибуттық және графикалық деректерінің жылдар бойынша толтырылу графигі көрсетілген.


Мемлекеттік жер кадастры туралы ақпараттың негізгі пайдаланушылары мемлекеттік органдар мен мекемелер болып табылатындығын ескерсек, олар үшін қазіргі уақытта бүкіл Қазақстан бойынша on-line режимінде [www.aisgzk.kz](http://www.aisgzk.kz) сайты арқылы жер кадастрының мәліметтерін – жер телімдерінің нақты иелері (пайдаланушылары), сонымен қатар меншік иелерінің тобы туралы ақпарат алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

2007 жылдан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік органдар мен мекемелердің **1230** қызметкеріне МЖК ААЖ Республикалық дерекқорына [www.aisgzk.kz](http://www.aisgzk.kz) Интернет-сайты арқылы тікелей кіруге рұқсат берілді, оның ішінде:

- Жергілікті атқарушы органдардың – 938 қызметкері;
- ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің – 39 қызметкері;
- ҚР ҚМ Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің – 41 қызметкері;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, соттардың және құқыққорғау органдарының – 61 қызметкері;
- ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің – 134 қызметкері;
- Әділет министрлігінің – 17 қызметкері.




**2009 жылдан 2021 жылдар аралығы кезеңіндегі  
МЖК ААЖ Республикалық деректер қорының атрибуттық және графикалық деректерін толықтыру динамикасы**



2021 жылы (2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша) [www.aisgzk.kz](http://www.aisgzk.kz) сайтына кірген адамдар саны 554815 мың болды, сайтқа кірушілердің бір айдағы орташа саны 50 437 адам. (26-сурет), ал сайтқа жүгінулердің жалпы саны – 2 481 мың (27-сурет).


26-сурет

**2021 жылы [www.aisgzk.kz](http://www.aisgzk.kz) сайтына кірушілер саны**  
(2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша)




27-сурет

**2021 жылғы [www.aisgzk.kz](http://www.aisgzk.kz) сайтына жүгінгендер саны**  
(2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша)



2021 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша [aisgzk.kz](http://aisgzk.kz) сайтындағы «Ақпараттық анықтама» арқылы on-line режимінде МЖК ААЖ республикалық деректер базасына 834 мың сұрату жолданып, өңделді (28-сурет).

**2008 жылдан 2021 жылғы 1 желтоқсан аралығында сайт сервистеріне жасалған сұратулар саны (пакеттік және ақпараттық анықтамаларды пайдалану)**



Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 158-бабына сәйкес мемлекеттік органдарға жер кадастры туралы ақпараттар беру осы мақсаттарға қарастырылған бюджет қаражаты есебінен ақысыз негізде жүзеге асырылады.

Мәселен, 2021 жылғы 1 желтоқсанға мүдделі мемлекеттік органдарға және мекемелерге мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін қағаз нұсқада беру бойынша атқарылған жұмыстардың нақты көлемі 665,03 мың мәліметті құрады, бұл ретте облыстар бойынша 2021 жылға арналған жұмыстың бұл түрін мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру қарастырылмаған (75-кесте).

Осы кезең ішінде азаматтар мен заңды тұлғаларға жер телімдері туралы 76 мың мәлімет берілді (76-кесте).

**2021 жылғы 1 желтоқсандағы Мемлекеттік органдар мен мекемелерге мемлекеттік жер кадастры туралы берілген ақпарат**

№ п/п	Облыстар атауы	Мем.бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, 2021 жылға арналған жоспар		Мемлекеттік органдар мен мекемелерге МЖК ААЖ берген мәліметтер саны			
		Барлығы:		Барлығы, дана:	Оның ішінде:		
		дана	мың тенге		ҚР салық комитеттеріне	жергілікті атқарушы органдарға	басқа
							дана
				мемлекеттік органдар мен мекемелерге			
1	Ақмола			20 165	6	190	19 969
2	Ақтөбе			5 999	1 966	4 021	12
3	Алматы			24 794	1 154	2 184	21 456
4	Атырау			273	0	258	15
5	Шығыс Қазақстан			36 225	0	31 375	4 850
6	Жамбыл			0	0	0	0
7	Батыс Қазақстан			0	0	0	0
8	Қарағанды			0	0	0	0
9	Қызылорда			63 369	47 563	2 757	13 049
10	Қостанай			125	72	0	53
11	Маңғыстау			0	0	0	0
12	Павлодар			0	0	0	0
13	Солтүстік Қазақстан			428 284	0	0	428 284
14	Түркістан			7 000	0	1 500	5 500
15	Нұр-Сұлтан қ.			14 242	7 758	3	6 481
16	Алматы қ.			26 034	0	7 665	18 369
17	Шымкент қ.			38 520	0	38 000	520
	<b>Барлығы:</b>			<b>665 030</b>	<b>58 519</b>	<b>87 953</b>	<b>518 558</b>

Жұмыстың құны ҚҚС-пен теңгемен көрсетілген.

## 2021 жылғы 1 желтоқсандағы жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік жер кадастры туралы берілген ақпарат

№ р/с	Облыс атаулары	Тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен берілген МЖК ААЖ мәліметтер саны						МЖК ААЖ ақпаратты сұратулар / пайдаланушылар саны, барлығы
		Барлығы:		Оның ішінде:				
		дана	мың теңге	жеке тұлғалар үшін		заңды тұлғалар үшін		
				дана	мың теңге	дана	мың теңге	
1	Ақмола	1 031	863,7	769	644,2	262	219,5	442
2	Ақтөбе	2 859	6 276,8	83	1 138,4	2 776	5 138,4	116
3	Алматы	11 553	34 784 138	4 675	17 392 069	6 878	17 392 069	1 545
4	Атырау	30	22,7	27	20,5	3	2,2	0
5	Шығыс Қазақстан	13 067	69 565,5	7 156	37 964,4	5 911	31 601,1	9 683
6	Жамбыл	2 302	7 713,573	2 292	7 680,065	10	33,508	2 302
7	Батыс Қазақстан	7	2 468 417,45	3	116 708,25	4	2 351 709,2	7
8	Қарағанды	232	20 765 915,17	66	1 610 279,77	166	19 155 635,40	232
9	Қызылорда	222	1 155 691	191	933 104	31	222 587	198
10	Қостанай	80	66,89	79	66,05	1	0,84	80
11	Маңғыстау	946	908 114,12	431	532 386,23	515	375 727,89	510
12	Павлодар	10 439	8 409,329	7 263	5 666,514	3176	2 742,815	10 439
13	Солтүстік Қазақстан	74	387,043	0	0	74	387,043	65
14	Түркістан	19 530	57 563,3	15 030	49 563,3	4 500	8 000	19 530
15	Нұр-Сұлтан қаласы	10 446	40 257	4 492	17 310,5	5 954	22 946,5	10 446
16	Алматы қаласы	985	533 830,52	673	364 739	312	169 091,52	985
17	Шымкент қаласы	2 144	3 815,15	1 849	2 945,96	295	869,19	2 144
	<b>Барлығы:</b>	<b>75 947</b>	<b>60 811 047,245</b>	<b>45 079</b>	<b>21 072 286,139</b>	<b>30 868</b>	<b>39 738 761,106</b>	<b>58 724</b>

**2015 жылдан 2021 жылдар аралығында МЖК ААЖ арқылы әзірленген  
сәйкестендіру құжаттарының саны**

р/т № №	Аймақ коды	СҚ атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1	01	Ақмола	17 372	18 370	19354	18 640	20 976	26508	28027
2	02	Ақтөбе	16 897	15 576	18946	21 749	21 660	31238	24798
3	03	Алматы	65 269	62 680	67231	69 217	65 208	99055	54158
4	04	Атырау	7 736	9 282	14103	10 293	11 793	25638	20862
5	05	Шығыс Қазақстан	26 064	25 081	25946	25 251	24 715	41503	36369
6	06	Жамбыл	18 617	17 240	17202	18 415	20 907	33259	21710
7	08	Батыс Қазақстан	15 177	14 967	14208	14 383	16 742	20291	15436
8	09	Қарағанды	17 029	15 611	19185	18 207	18 038	30836	20838
9	10	Қызылорда	11 889	12 281	17701	14 421	12 787	22867	15789
10	12	Қостанай	12 832	12 840	13771	13 285	12 926	18746	12844
11	13	Маңғыстау	15 455	16 718	16581	13 249	14 145	21107	16281
12	14	Павлодар	10 597	11 063	11359	10 018	11 398	19706	12453
13	15	Солтүстік Қазақстан	6 913	6 697	7673	6 799	8 359	13553	7506
14	19	Түркістан	66 263	61 954	58436	61 473	52 088	79506	63780
15	20	Алматы	44 911	20 275	16410	14 052	17 179	21696	20237
16	21	Нұр-Сұлтан	8 983	10 009	8433	8 605	10 055	9980	8834
17	22	Шымкент	-	-	-	-	9 329	32770	20744
		<b>Барлығы</b>	<b>362 004</b>	<b>330 644</b>	<b>346 539</b>	<b>338 057</b>	<b>348 305</b>	<b>548259</b>	<b>400666</b>

### 4.3. Жерге орналастыру



Қазақстан Республикасындағы жерге орналастыру – жер қатынастарын реттеуге, жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды ұйымдастыруға бағытталған жер заңнамасының сақталуын қамтамасыз ететін шаралар жүйесі. Есепті жылы жер кадастрлық жұмыстардың жалпы көлемі 15,75 млрд.теңгені құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 3,01 млрд.теңгеге немесе 3,0% -ға аз.

Республикада жерге орналастыру жұмыстары атқарушы органдардың шешімі бойынша республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен де, мүдделі жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өтініші бойынша солардың есебінен де жүзеге асырылады.

**Республикалық бюджет есебінен** есептегі жылы 259 «Жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру» бағдарламасы бойынша 6,84 млрд. теңге сомасында жобалау-зерттеу жұмыстары жүргізілді, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 0,57 млрд. теңгеге аз. Жұмыстардың жалпы көлеміндегі республикалық бюджет есебінен орындалатын жұмыстардың үлес салмағы 32,7% құрайды (29-сурет).

29-сурет

#### 2021 жылы қаражатты жобалау-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көздері бойынша бөлу, %



2021 жылы топырақ және геоботаникалық зерттеулер, жерді мемлекеттік есепке алу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы топырақ бонитетін анықтау, есепті кварталдардың электронды жер-кадастрлық карталарын жасау, мемлекеттік жер

кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер қорын жаңарту, мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін беру, жер мониторингін жүргізу, шаруа қожалықтарының жер телімдерін паспорттау жұмыстары жалғастырылды.

Жобалау-зерттеу жұмыстарының түрлері мен көлемі 78-кестеде келтірілген.

78-кесте

### 2021 жылғы мемлекеттік тапсырыс жұмыстарының түрлері мен көлемі

р/т №№	Жұмыстардың атаулары	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштер	
			көлемі	құны, мың теңге
1	Топырақ зерттеу	мың га	6838	2490427.64
2	Геоботаникалық зерттеу	мың га	6800	630821.42
3	Жерді мемлекеттік есепке алу	мың га	243007	22698.19
4	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы топырақ бонитетін анықтау	мың га	6322	2479771.41
5	Шаруа қожалықтарының жер телімдерін паспорттау	дана	-	-
6	Жерді паспорттау үшін топырақ материалдарын жаңарту	мың га	603	203193.70
7	Паспорттау мақсатында топырақ бонитетін анықтау	мың га	930	364526.75
8	Жер мониторингін жүргізу	мың га	8507	87378.50
9	Топырақ карталарын электронды түрде жасау	мың га	7186	175500.00
10	Геоботаникалық карталарды электронды түрде жасау	мың га	7300	54098.32
11	Есептік кварталдардың электронды жер-кадастрлық карталарын жасау	есептік кварт.	121	383431.45
12	МЖК ААЖ дерекқорын актуализациялау	телім	-	-
13	Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін беру	дана	-	-
14	«Мұрағат» МЖК ААЖ жүйе тармағын пайдаланып жер-кадастрлық істерді сканерлеу	іс	98682	55970.44
<b>Барлығы:</b>				<b>6 947 818</b>

259 мемлекеттік бағдарламасы бойынша барлық жұмыстар, есептеулер мен жұмыс жоспарларына сәйкес, уақытында, нақты және ақшалай түрде аяқталды. 2021 жылы жұмыстың жекелеген түрлеріне мемлекеттік тапсырыстың орындалуы осы есептің «Жер ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету» 4-тарауының тиісті бөлімдерінде толығырақ сипатталған.



Есепті жылы жерге орналастыру үшін республикалық бюджеттен басқа жергілікті бюджеттен 3 808,93 млн. теңге бөлінді, бұл жобалау-зерттеу жұмыстарының жалпы құнының 17,9%-ын құрайды және 2020 жылмен салыстырғанда 1 315,7 млн. теңгеге артық. Есепті жылы Қарағанды, Павлодар облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласын және АТЗжКІЖД (Алматы қ.) қоспағанда, республиканың барлық облыстарында жобалау-зерттеу жұмыстарына жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді.

Қаражаттың ең көп көлемі Қостанай (500,6 млн.теңге), Ақмола (497,5 млн. теңге), Солтүстік Қазақстан (540,6 млн. теңге) облыстары, Нұр-Сұлтан қаласы (579,9 млн. теңге) және АТЗжКІЖД (Алматы қаласы) (918,8 млн. теңге) бойынша жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық зерттеу департаменттеріне бөлінді.

Жергілікті бюджет қаражатын пайдалану негізінен келесідей өзекті жұмыс түрлеріне бағытталды:

- жаңа жер пайдаланулар құру және бұрынғыларын реттеу үшін шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау: Қарағанды, Павлодар облыстары мен Нұрсұлтан қаласынан және АТЗжКІЖД-дан (Алматы қаласы) басқа, барлық облыстарда;

- жер телімдерін бөліп беру және орналасқан жерінде шекараларын белгілеу: Қарағанды, Павлодар облыстары мен Нұрсұлтан қаласынан және АТЗжКІЖД-дан (Алматы қаласы) басқа, барлық облыстарда;

- жер телімдеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындау: Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан Қызылорда, Ақтөбе облыстары мен Шымкент қаласында;

- елді мекендердегі бағалау аймақтары шекарасының схемасын жасау: Ақтөбе, Маңғыстау, Ақмола, Қостанай, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында;

- жер телімдерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау: Нұрсұлтан қаласынан және АТЗжКІЖД-дан (Алматы қаласы) басқа, барлық облыстарда;

- жердің жағдайы және пайдаланылуы туралы кадастрлық карталар мен атластарды жасау: Маңғыстау, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында;

- мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру: Ақтөбе облысына, Нұрсұлтан қаласынан және АТЗжКІЖД-дан (Алматы қаласы) басқа, барлық облыстарда;

- жер телімдері меншік иелерінің жер көлемін есепке алу: Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында;

- елді мекендердің орналасқан жерінде шекарасын (шегін) белгілеу: Маңғыстау, Қарағанды, Жамбыл, Ақмола облыстары мен Шымкент қаласында.

Тапсырыс берушілердің қаражаты республикада жерге орналастыруды жүргізудің негізгі көзі болып табылады, есепті жылы бұл қаражаттың көлемі «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ бөлімшелері орындаған барлық жер-кадастрлық жұмыстардың жалпы көлемінің жартысынан азырағын (49,4%) немесе 10,48 млрд. теңгені құрады.

Тапсырыс берушілер есебінен келесі жұмыс түрлері орындалды:

- жаңа жер пайдалануларды құру және қолданыстағыларын реттеу бойынша шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау: Алматы, Маңғыстау облыстары мен Нұрсұлтан, Шымкент қалаларынан басқа, барлық облыстарда;

- топырақты зерттеу: жұмыстар Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласында және АТЗжКІЖД-да (Алматы қ.) жүргізілді;

- топырақты бонитеттеу: Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар облыстарында;

- жер телімдеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындау, жер телімдерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау, мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін беру: Нұрсұлтан қаласынан және АТЗжКІЖД-дан (Алматы қаласы) басқа, барлық облыстарда;

- жергілікті жерде жер телімдерінің шекарасын белгілеу: Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларынан басқа, барлық филиалдарда;

- жер ресурстарының жағдайы мен пайдаланудың кадастрлық карталарын және атластарын жасау: Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар облыстарында;

- жер телімдеріне жер кадастрлық пландар жасау: Жамбыл, Ақмола облыстары мен Нұрсұлтан қаласынан және АТЗжКІЖД-дан (Алматы қаласы) басқа, барлық облыстарда;

- ауыл шаруашылығы жерлерін ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын анықтау: Түркістан, Қызылорда облыстары мен Нұрсұлтан, Шымкент қалаларынан және АТЗжКІЖД-дан (Алматы қаласы) басқа, барлық облыстарда.

- жерге орналастыру жобаларын, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да жобаларды (СҚА, жерді қалпына келтіру және т.б.) әзірлеу: Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстары мен АТЗжКІЖД (Алматы қаласы);

- шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобаларын әзірлеу: Павлодар, Түркістан облыстары мен АТЗжКІЖД;

- жер телімдерінің орналасқан жерінің МЖК ААЖ мәліметтеріне сәйкес келетіндігі бойынша жерге орналастыру жобасын келісу – барлық облыстарда.

Есепті жылы республикада орындалған жер кадастрлық және жобалық-ізвестіру жұмыстарының барлық кешені жер заңнамасының сақталуына, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталды. Жерге орналастыру жұмыстары, жердің тиістілігіне және ондағы шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан, барлық санаттағы жерлерге жүргізілді.

Жерге орналастыру жұмыстарын одан әрі дамыту, бір жағынан, жер кадастрын жүргізу мақсатында жер телімдерінің иелері мен жер пайдаланушыларды есепке алуды жақсартуға, екінші жағынан, жерді тиімді пайдалану мен қорғаудың тетіктерін қалыптастыруға, жоғары тиімді, экологиялық тұрғыдан бейімделген жер пайдалануды қалыптастыруға байланысты.

Болжамдар мен бағдарламаларды, жер ресурстарын пайдалану мен қорғаудың республикалық және аймақтық схемаларын, ауылшаруашылық кәсіпорындардың кооперациясы, шаруашылықтар аумағын ұйымдастыру жобаларын, мелиоративті және жерлерді қалпына келтіру жобаларын, ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобаларын әзірлеудің проблемалық міндеттері күн өткен сайын айқындалуда.

#### 4.4. Жер мониторингін жүргізу

Жер ресурстарын тиімді пайдалануға жер қорының және оны пайдаланудың сандық және сапалық жағдайына бақылау жасамайынша және бақылаудың тұрақты жүйесінсіз, яғни, жер мониторингінсіз қол жеткізу мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі № 956 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану қағидаларына сәйкес жер мониторингін жүргізуді жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ұйымдастырады, ал республиканың бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша мониторинг жүргізуді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалдары – Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаменттері жүзеге асырады.

Жердің меншік нысанына, нысаналы мақсатына, құқықтық режиміне, пайдалану сипатына және мерзіміне қарамастан республиканың бүкіл жер қоры жер мониторингінің объектісі болып табылады.

Жер мониторингінің құрылымы нысаналы мақсатына және аумақтық қамтумен анықталады.

Жер мониторингінің мазмұны стационарлық нүктелерде жүйелі бақылаудың, топырақ, геоботаникалық зерттеулердің материалдарын, сондай-ақ өзгерістерді анықтауға, оларды бағалауға және тиісті болжам жасауға мүмкіндік беретін басқа да материалдарды құрайды.

Жер мониторингі міндеттерінің тізіміне: жер қоры құрылымының және жер жағдайының өзгерістерін уақытында анықтау, оларды уақытында бағалау, жағымсыз процестердің алдын-алу және жою жөніндегі ұсыныстарды болжау және әзірлеу; мемлекеттік жер кадастры мен жерге орналастыруды ақпараттық қамтамасыз ету, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау және жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың өзге де функцияларын жүргізу кіреді.

Мониторинг жердің нысаналы мақсаттарының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады және жер санаттарына сәйкес ішкі жүйелерге бөлінеді.

Аумақтық қамтуға байланысты республикада республикалық, аймақтық және жергілікті жер мониторингі жүргізіледі. Мемлекеттік тапсырысқа сәйкес 2021 жылы егістік және ауыл шаруашылығының басқа да жерлеріне мониторинг жүргізу

жұмыстары жүргізілді.

Жердің сапасына әсер ететін даму процестерінің сенімді сандық сипаттамаларын алу мақсатында республикада стационарлық экологиялық алаңдар (СЭА) мен жартылай стационарлық экологиялық алаңдардан (ЖСЭА) тұратын бақылау пункттерінің мемлекеттік аумақтық-аймақтық желісі құрылған. Тиісті телімдерді топтастыру топырақтың аймақтары мен аймақ аралықтары ескеріле отырып, облыстарда, аудандарда, кадастрлық кварталдарда топырақтардың көп кездесетін сорттары бойынша жүргізіледі.

Стационарлық экологиялық телімдерде байқау жердің сапасына, олардың агроөндірістік құндылықтарына әсер ететін топырақ параметрлерінің өзгерістері үшін жүргізіледі. Сонымен қатар жел (дефляция), су эрозиясы, топырақтың сортаңдану және тұздану, жердің улы заттармен ластану процестерінің, қарашірік қордасының, азоттың, фосфордың, калийдің, микроэлементтердің динамикасы мен топырақтың физикалық-химиялық қасиеттерінің дамуына ықпал ететін антропогендік және табиғи факторлар зерттеледі.

Бақылау жиілігі бақыланатын көрсеткіштердің динамикасына байланысты - СЭА үшін - 1-3 жылды, ЖСЭА үшін - 5 жылды құрайды.

Әр телім үшін төлқұжат, параметрлердің өзгеріс кестесі, жерді пайдалану бойынша нақты ұсыныстары бар түсіндірме жазба жасалады.

2021 жылы жер мониторингі бойынша жұмыстар «Жер ресурстары туралы ақпараттың қол жетімділігін арттыру» 259 бағдарламасының «Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін қалыптастыру» 100 республикалық бағдарлама трамақшасына сәйкес жүзеге асырылды. Мемлекеттік тапсырыстарға сәйкес мониторинг көлемі 10,0 млн. га болатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жүргізілді.

Орналасқан жердің жай-күйіне көп жылдық бақылау жүргізу үшін Маңғыстауды қоспағанда, барлық облыстардың аумақтарына стационарлық экологиялық алаңдар (СЭА) және жартылай стационарлық экологиялық алаңдар (ЖСЭА) салынды.

Қазіргі таңда республиканың аумағында барлығы 1184 бақылау пунктері салынған, соның ішінде СЭА - 638, ЖСЭА – 546. Олардың облыстар бойынша бөлінуі 79-кестеде көрсетілген.

Стационарлық пункттердің қолданыстағы аумақтық-аймақтық желісі

республиканың барлық табиғи ауылшаруашылық аймақтарындағы топырақтың жай-күйін бақылауды белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етеді.

Стационарлы алаңдардағы бақылаулар топырақтағы кері процестердің даму бағыты мен қарқындылығын, топырақтың антропогендік әсерге тұрақтылығын, қолданылатын жер өңдеу жүйесінің және табиғатты қорғау шараларының тиімділігін көрсетеді, егжей-тегжейлі топырақты зерттеудің қажеттілігі мен басымдылығын негіздейді.

79 кесте

### Облыстар бойынша жер мониторингі пунктерінің аумақтық-аймақтық желісі

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың атаулары	01.01.2021 ж. қолданыстағысы		Есептегі жылы жаңадан салынғаны		2021 жылдың соңында болды		2021 ж. қайта бақылау жүргізілді	
	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА	СЭА	ЖСЭА
Ақмола	39	122	-	-	39	122	4	17
Ақтөбе	40	23	-	-	40	23	6	-
Алматы	-	71	-	-	-	71	-	7
Атырау	1	22	-	-	1	22	-	-
Шығыс Қазақстан	9	46	-	-	9	46	2	6
Жамбыл	14	23	-	-	14	23	9	1
Батыс Қазақстан	4	19	-	-	4	19	-	3
Қарағанды	7	55	-	-	7	55	-	8
Қызылорда	38	-	-	-	38	-	6	-
Қостанай	59	73	-	-	59	73	4	6
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	7	37	-	-	7	37	2	4
Солтүстік Қазақстан	14	55	-	-	14	55	2	10
Түркістан	86	-	-	-	86	-	6	-
Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	-	-
Алматы қ.	200	-	-	-	200	-	-	-
Нұр-Сұлтан қ.	120	-	-	-	120	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>638</b>	<b>546</b>	-	-	<b>638</b>	<b>546</b>	<b>41</b>	<b>62</b>

Мониторингтің аумақтық-аймақтық бақылау желісіндегі жүргізілген бақылау нәтижелері келесі көрсеткіштермен сипатталады.

**Ақмола облысында** 2021 жылы 11 жартылай стационарлық және 1 стационарлық экологиялық алаңда қайта мониторингтік бақылау жүргізілді.

Шортанды ауданының Пригородный ауылдық округінде 12 ЖСЭА-да 2000 жылдан бастап 2021 жылға дейін қара қоңыр топырақты жұқа орташа құмбалшықты тәлімі егістікте қарашірінді мөлшері 2,03-тен 1,75% - ға дейін 13,8%-ға, 0-30 см қабатта 2,02-ден 1,73% - ға дейін 14,4% - ға азайды. Егістік қабатындағы жалпы азот мөлшері 0,12-ден 0,11% - ға дейін, ал жалпы фосфор 0,10-дан 0,05% - ға дейін азайды. Апах қабатында азоттың жылжымалы түрлерімен қамтамасыз етілуі 2,8-ден 1,69 мг/100г топыраққа, жылжымалы фосформен 2,97-ден 2,28 мг/100г топыраққа азайды. Жылжымалы калий салыстырмалы түрде тұрақты, 36,1-ден 53,5 мг/100г топыраққа дейін өзгереді, бұл дәнді дақылдар үшін жоғары мазмұнға сәйкес келеді. Жоғары егістік қабатындағы физикалық саз бөлшектерінің мөлшері 40,3-тен 34,9%-ға дейін 13,4%-ға төмендеді, бұл дефляциялық процестермен және лай бөлшектерінің профиль бойынша шайылуымен байланысты екені анық. Егістік қабатының тығыздығы 1,15 г/см<sup>3</sup> құрайды, ал жер асты қабатында ол қазірдің өзінде 1,35 г/см<sup>3</sup> жетіп, орташа тығыздыққа жақындады.

Целиноград ауданының Нүресіл ауылдық округінде 13-СЭА-да қара қоңыр карбонатты орташа қуатты ауыр құмбалшықты топырақтарда 2000 жылдан 2021 жылға дейін егістік қабатындағы қарашірінді мөлшері 2,93-тен 1,94% - ға дейін 33,8% - ға, 0-30 см қабатында 2,80-ден 1,86% - ға дейін 33,6% - ға азайды. Апах қабатындағы жалпы азот мөлшері 0,19-дан 0,14% - ға дейін 26,3% - ға, 0-30 см қабатта 0,18-ден 0,12% - ға дейін 33,3 %, ал жалпы фосфор апах қабатында 27,3% - ға және 0-30 см қабатта 0,11-ден 0,08% - ға дейін азайды. Апах қабатында фосфордың жылжымалы нысандарымен қамтамасыз етілуі 11 жыл ішінде 2,19-дан 1,35% - ға дейін азайды, 2008 жылдан бастап ол тұрақты төмен күйінде қалып отыр, бұл органикалық және минералды тыңайтқыштарды енгізудің болмауына байланысты. Жоғарғы қарашірік қабатында гидролизденетін азотпен қамтамасыз ету 4,6-дан 3,22 мг/100 г топыраққа дейін төмендеді. Алмасатын калиймен қамтамасыз ету тұрақты жоғары болып қалады және 60,0 мг/100 г топырақты құрайды. Апах қабатындағы физикалық саздың құрамы 62,1-ден 54,0% - ға дейін төмендеді. Егістік қабатының тығыздығы 1,18 г/см<sup>3</sup> құрайды, ал жер асты қабатында ол 1,38 г/см<sup>3</sup> -ке жетеді, бұл орташа тығыздыққа сәйкес келеді және оны босату шараларын қажет етеді.

Атбасар ауданының Шұңқыркөл ауылдық округінде 33-ЖСЭА-да қара қоңыр карбонатты орташа қуатты жеңіл құмбалшықты топырақтарда 2004 жылдан 2021 жылға дейін 0-30 см қабатта қарашірінді мөлшерінің 2,70-тен 2,34%-ға дейін 13,3% - ға, жалпы азоттың 15,1% - ға 0,146-дан 0,124% - ға дейін, жалпы 0,144-тен 0,136% - ға дейін фосфордың 5,6% - ға азаюы орын алды. 0-30 см қабаттағы фосфордың жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі күзде негізгі өңдеуге 100 кг/га аммофос енгізу есебінен 2,03-тен 3,19 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды. Жылжымалы калийдің болуы жоғары болып қалады және топырақта 58,0 мг/100 г құрайды.

Шортанды ауданының Дамса ауылдық округінде 34-СЭА-да 2003 жылдан бастап 2021 жылға дейін орташа қуатты карбонатты, әлсіз қарашірікті ауыр құмбалшықты оңтүстік қара топырақты жерлерде егістік қабатындағы қарашірінді мөлшері 3,65-тен 3,05% - ға дейін 17,2% - ға, 0-30 см қабатта 3,62-ден 3,02% - ға дейін 16,6% - ға азайды. Егістік қабатындағы және 0-30 см қабаттағы жалпы азот мөлшері 0,25-тен 0,20% - ға дейін, ал жалпы фосфор 0,15-тен 0,10% - ға дейін азайды. Апах қабатында азоттың жылжымалы түрлерімен қамтамасыз етілуі минералды тыңайтқыштарды енгізудің болмауына және егінмен қоректік заттардың алынуына байланысты 4,2-ден 1,98 мг/100 г топыраққа, жылжымалы фосформен 3,83-тен 2,25 мг/100 г топыраққа дейін азайды. Жылжымалы калий салыстырмалы түрде тұрақты, көктемде 48,8-ден 90,4 мг/100 г-ға дейін өзгереді, бұл топырақтың жақсы ылғалдануы кезінде оның ерігіштігімен байланысты және дәнді дақылдар үшін жоғары мазмұнға сәйкес келеді. Жоғарғы егістік қабатында физикалық саз бөлшектерінің мөлшері 61,2-ден 47,0%-ға дейін 23,2%-ға төмендеді, бұл дефляциялық процестермен және лай бөлшектерінің профиль бойынша шайылуымен байланысты екені анық. Егістік қабатының тығыздығы 1,21 г/см<sup>3</sup> құрайды, ал жер асты қабатында ол қазірдің өзінде 1,38 г/см<sup>3</sup> жетеді және орташа тығыздыққа сәйкес келеді. Бұл егістік қабатын босату шараларын қажет етеді.

Шортанды ауданының Андреев ауылдық округіндегі 36-ЖСЭА-да 2005 жылдан 2021 жылдар аралығында, ауыр құмбалшықты аз қарашірікті орташа қабатты карбонатты оңтүстік қара топырақты тәлімі егістікте қара шірінді мөлшері 3,30-дан 2,68% - ға дейін 18,8% - ға, 0-30 см қабатта 3,19-дан 2,59% - ға дейін 18,8% - ға азайды. Апах қабатындағы және 0-30 см қабаттағы жалпы азот мөлшері өзгеріссіз қалды, ал жалпы фосфор 0,14-тен 0,13% - ға дейін төмендеді. Фосфордың



жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі барлық бақылау кезеңі бойы орташа болып қалады және Апах қабатында 2,17 мг/100 г топырақты құрайды. Апах қабатында гидролизденетін азотпен қамтамасыз етілуі 2021 жылы орташа дәрежеден өте төмен деңгейге дейін жылдар бойынша ауытқиды және жоғарғы қарашірік қабатында 2,14 мг/100 г топырақты құрайды. Алмасатын калиймен қамтамасыз ету тұрақты жоғары болып қалуда және 2021 жылдың көктемгі кезеңінде 75,7,0 мг/100 г топырақты құрады, ал күзгі кезеңде әдетте аз, бұл қуаңшылыққа байланысты болып отыр. Апах қабатындағы физикалық саздың мөлшері 56,0-ден 47,4% - ға дейін төмендеді. Кальций карбонатының мөлшері жылдар мен жыл мезгілдеріне байланысты өзгереді. Құрғақ кезеңде Апах қабатындағы кальций карбонаттары 4,36% - ға дейін артады. Көктемде топырақ ылғалданады және сәйкесінше  $\text{CaCO}_3$  1,56% дейін төмендейді. Сіңірілген негіздердің сомасы 16 жылдық бақылау кезеңінде өзгеріссіз қалады.

Жарқайың ауданының Шойындыкөл ауылдық округінде 43-ЖСЭА-да 2009 жылдан 2021 жылға дейін тәлімді егістік алқаптарында орташа қуатты карбонатты жеңіл құмбалшықты топырақтағы тәлімді егістікте жалпы азот және фосфор бойынша елеулі өзгерістер болған жоқ. Калийдің жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі жоғары болып қалады және 69,31 мг/100 г топырақты құрайды. 0-30 см қабаттағы фосфордың жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі 1,06-дан 3,27 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды, ал гидролизденетін азот 7,96 мг/100 г топырақты құрады, бұл күзде негізгі өңдеуге 100 кг/га аммофос енгізуге байланысты болып отыр.

Жақсы ауданының Терісаққан ауылдық округінде 44-ЖСЭА-да 2009 жылдан 2021 жылға дейін тәлімді егістік алқаптарында орташа қуатты карбонатты жеңіл құмбалшықты топырақтағы тәлімді егістікте жалпы азот және фосфор бойынша елеулі өзгерістер болған жоқ. Калийдің жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі жоғары болып қалады және 0-30 см қабатта 64,93 мг/100 г топырақты құрайды. 0-30 см қабаттағы фосфордың жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі 1,11-ден 4,30 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды, бұл себу кезінде көктемде 100 кг/га аммофос енгізуге байланысты болып отыр.

Егіндікөл ауданының Армавир ауылдық округінде 44-ЖСЭА-да 2006 жылдан 2021 жылға дейін тәлімді егістікте орташа қуатты ауыр құмбалшықты қара қоңыр карбонатты топырақтарда қарашіріктің жоғарғы қабатындағы физикалық саздың

құрамы 64,5-тен 49,0% - ға дейін азаюын қоспағанда, байқалатын топырақ параметрлерінің елеулі өзгерістері болған жоқ, бұл нөлдік өңдеуді қолдану және дефляциялық процестердің көрінісі салдарынан лай бөлшектердің жуылуымен байланысты екені анық.

Егіндікөл ауданының Ұзынкөл ауылдық округінде 50-ЖСЭА-да 2007 жылдан 2021 жылға дейін тәлімді егістікте орташа қуатты ауыр құмбалшықты карбонатты кара қоңыр топырақтарда қарашірінді бойынша жалпы азот мөлшері, сіңірілген негіздер мөлшері байқалған жоқ 14 жыл ішінде 0-30 см қабаттағы жалпы фосфор мөлшері 0,16-дан 0,14% - ға дейін 12,5% - ға азайды. 0-30 см қабаттағы жылжымалы фосформен қамтамасыз ету 2,35-тен 1,85 мг/100 г топыраққа дейін төмендеді. 2021 жылғы көктемгі кезеңде кальций карбонаттарының құрамы 0-30 см қабатта 2,22 %, ал 2007 жылғы күзгі кезеңде 5,41% құрады, бұл көктемгі кезеңде неғұрлым қатты ылғалданумен және қар ерігеннен кейін профильдегі карбонаттарды шаюға байланысты.

Егіндікөл ауданының Ұзынкөл ауылдық округінде 51-ЖСЭА-да 2007 жылдан 2021 жылға дейін тәлімді егістікте орташа қуатты ауыр құмбалшықты карбонатты кара қоңыр топырақтарда қарашірік бойынша, жалпы азот мөлшері, сіңірілген негіздер мөлшері байқалған жоқ 14 жыл ішінде 0-30 см қабаттағы жалпы фосфор мөлшері 0,15-тен 0,13% - ға дейін 13,3% - ға азайды. Жер асты қабатының қосылу тығыздығы 1,38 мг/см<sup>3</sup>-ге жетті, бұл орташа тығыз қабатын босату шараларын қажет етеді. 2021 жылғы көктемгі кезеңде кальций карбонаттарының құрамы 0-30 см қабатта 2,57%, ал 2007 жылғы күзгі кезеңде 4,78% құрады, бұл көктемгі кезеңде неғұрлым қатты ылғалданумен және қар ерігеннен кейін профильдегі карбонаттарды шаюға байланысты.

Егіндікөл ауданы Алакөл ауылдық округі бойынша 52-ЖСЭА-да жаңбырлы егістік алқаптарындағы орташа қуатты ауыр құмбалшықты кара қоңыр топырақтарда 2007 жылдан 2021 жылға дейін Апах қабатында және 0-30 см қабатта қарашіріндінің мөлшері, жалпы азот және сіңірілген негіздердің мөлшері пайда болмады.

Егіндікөл ауданы Алакөл ауылдық округінде 52- ЖСЭА-да 2007 жылдан 2021 жылға дейін Апах қабатында және 0-30 см қабатта орташа қуатты ауыр құмбалшықты карбонатты кара қоңыр топырақтарда тәлімі егістікте қарашірінді бойынша жалпы азот және сіңірілген негіздер мөлшері байқалған жоқ.. 14 жыл

ішінде 0-30 см қабаттағы жалпы фосфор мөлшері 0,15-тен 0,12% - ға дейін 20,0% - ға азайды. 0-30 см қабаттағы жылжымалы фосформен қамтамасыз етілу 0,62-ден 1,12 мг/100 г топыраққа, жылжымалы, жылжымалы калиймен 60,80-ден 71,80 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды. Бұл 2007 жылдың күз кезеңімен салыстырғанда көктемгі кезеңде жылжымалы элементтердің көбірек ерігіштігімен байланысты болып отыр.

Егіндікөл ауданы Буревестникс ауылдық округінде 53-ЖСЭА-да 2007 жылдан бастап 2021 жылға дейін 0-30 см қабатында орташа қуатты ауыр құмбалшықты карбонатты қара қоңыр топырақтарда қарашірінді мөлшері 2,04-тен 2,02% - ға дейін, жалпы азот 0,16-дан 0,15% - ға дейін, жалпы фосфор 0,14-тен 0,13% - ға дейін азайды, бұл олардың елеусіз өзгергенін көрсетеді. Гидролизденетін азотпен қамтамасыз ету 0-30 см қабатта 4,16-дан 2,92 мг/100 г топыраққа, ал жылжымалы фосформен қамтамасыз ету керісінше 0-30 см қабатта 0,61-ден 1,16 мг/100 г топыраққа, жылжымалы, жылжымалы калиймен 58,2-ден 69,8 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды. 0-30 см қабаттағы кальций карбонаттарының саны 6,2-ден 3,15% - ға дейін азайды. Бұл 2021 жылдың көктем кезеңінде 2007 жылдың күз кезеңімен салыстырғанда карбонаттардың көп шаюлуымен байланысты.

Шортанды ауданының Петровка ауылдық округінде 65-СЭА-да 2007 жылдан бастап 2021 жылға дейін орташа қуатты әлсіз қарашірікті орташа құмбалшықты карбонатты оңтүстік қара топырақты тәлімді егістікте, егістік қабатының қарашіріді мөлшері 2,87-ден 2,76% - ға дейін 3,8% - ға, 0-30 см қабатта 2,79-ден 2,66% - ға дейін 4,7% - ға азайды. Егістік қабатындағы және 0-30 см қабаттағы жалпы фосфор мөлшері 0,13-тен 0,08% - ға дейін азайды, ал жалпы азот өзгеріссіз қалды. Апах қабатындағы азоттың жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі 5,38-ден 1,94 мг/100 г топыраққа, ал жылжымалы фосформен қамтамасыз етілуі 1,17-ден 1,89 мг/100 г топыраққа, ауыспалы калиймен 54,7-ден 81,1 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды. Жоғары егістік қабатындағы физикалық саз бөлшектерінің мөлшері 51,0-ден 33,4%-ға дейін 34,5%-ға төмендеді, бұл дефляциялық процестердің көрінісімен және лай бөлшектерінің профиль бойынша шайылуымен байланысты. Егістік қабатының тығыздығы 1,21 г/см<sup>3</sup> құрайды, ал жер асты қабатында ол 1,36 г/см<sup>3</sup>-ке жетеді және жер асты қабатын қопсыту шараларын қажет ететін орташа тығыздыққа сәйкес келеді.

Целиноград ауданының Мәншүк ауылдық әкімшілігінде 76-ЖСЭА-да 2009 жылдан бастап 2021 жылға дейін орташа қуатты ауыр құмбалшықты карбонатты қара қоңыр топырақтарда егістік қабатында және 0-30 см қабатта байқалған топырақ параметрлерінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Целиноград ауданының Шалқар ауылдық округінде 87-ЖСЭА-да 2009 жылдан 2021 жылға дейін апах қабатында және 0-30 см қабатта орташа қуатты ауыр құмбалшықты карбонатты қара қоңыр топырақтарда қарашірік бойынша жалпы азот және алмасу калийінде елеулі өзгерістер болған жоқ. Жалпы фосфор мөлшері 0,15-тен 0,13% - ға дейін 13,3% - ға азайды. Апах қабатында гидролизденетін азотпен қамтамасыз ету 4,72-ден 2,52 мг/100 г топыраққа, ал жылжымалы фосформен қамтамасыз ету керісінше 0,5-тен 1,57 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды. 0-30 см қабаттағы кальций карбонаттарының саны 6,8-ден 3,28% - ға дейін азайды. Бұл 2021 жылдың көктем кезеңінде 2009 жылдың күз кезеңімен салыстырғанда карбонаттардың көбірек шаюлуына байланысты. Егістік қабатының қосылу тығыздығы 1,25 г/см<sup>3</sup> құрайды, ал жер асты қабатында ол 1,44 г/ г/см<sup>3</sup> -ке жетеді және жер асты горизонтын қопсыту шараларын қажет ететін орташа тығыздыққа сәйкес келеді.

Есіл ауданының Интернациональный ауылдық округінде 104-ЖСЭА-да 2014 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде тәлімі егістікте орташа қуатты жеңіл құмбалшықты карбонатты қара қоңыр топырақтарда қарашіріктің құрамы 0-30 см-ден 3,18-ден 2,85% - ға дейін 10,4% - ға, жалпы азоттың құрамы 0,207-ден 0,143% - ға дейін 30,9% - ға, жылжымалы фосфордың құрамы 13,8% - ға 0,94-тен 0,81 мг/100 г топырақ, сіңірілген негіздер мөлшері 35,16-дан 26,85 мг-экв/100 г топырақ 23,6% - ға төмендеуі байқалды.

Жарқайың ауданының Костычев ауылдық округінде 105-ЖСЭА-да 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде орташа қуатты жеңіл құмбалшықты карбонатты қара қоңыр топырақтарда тәлімі егістікте қарашірік құрамы 0-30 см қабатта 2,35%-дан 2,02% - ға дейін 14,0 %-ға, жалпы азот мөлшері 0,15% - дан 0,108% - ға дейін 28,0% - ға азайды. Егістік қабатының тығыздығы 1,15 г/см<sup>3</sup> құрайды, ал жер қойнауының қабаты қазірдің өзінде 1,38 г/см<sup>3</sup> жетеді және орташа тығыздыққа сәйкес келеді, бұл жер қойнауының қабатын қопсыту шараларын қажет етеді.

Шортанды ауданының Новоселов ауылдық округінде 114-ЖСЭА-да 2010 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде орташа қуатты әлсіз қарашірінді ауыр құмбалшықты карбонатты оңтүстік қара топырақты жерлердегі тәлімді егістікте, егістік қабатында жалпы фосфордың 0,15% - дан 0,13% - ға дейін,  $\text{CaCO}_3$  55,1% - ға 4,99-дан 2,24% - ға дейін азаюы байқалды, ал қалған бақыланатын топырақ параметрлері елеулі өзгерістерсіз қалды. Егістік қабатының тығыздығы  $1,19 \text{ г/см}^3$  құрайды, ал жер асты қабатында ол  $1,37 \text{ г/см}^3$  -қа жетеді және жер асты горизонтын қопсыту шараларын қажет ететін орташа тығыздыққа сәйкес келеді.

Целиноград ауданының Жаңаесіл ауылдық округінде 129-СЭА-да 2011 жылдан бастап 2021 жылға дейін орташа қуатты ауыр құмбалшықты карбонатты қара қоңыр топырақтарда егістік қабатындағы қарашірінді мөлшері 2,56-дан 2,18% - ға дейін 14,8% - ға, 0-30 см қабатында 2,43-тен 2,12% - ға дейін 12,8% - ға азайды. Апах қабатындағы жалпы азот мөлшері 0,17-ден 0,14% - ға дейін 17,6% - ға, 0-30 см қабатта 0,17-ден 0,13% - ға дейін 23,5% - ға, ал жалпы фосфор Апах қабатында 50,0% - ға және 0-30 см қабатта 0,14-тен 0,07% - ға дейін азайды. Апах қабатында азоттың жылжымалы түрлерімен қамтамасыз етілуі 10 жыл ішінде 5,03-тен 2,97% - ға дейін азайды. Фосфор мен калийдің жылжымалы түрлерінің болуы өзгеріссіз қалды. Егістік қабатының тығыздығы  $1,38 \text{ г/см}^3$  және жер қойнауы қабаты  $1,40 \text{ г/см}^3$  құрайды, бұл топырақты нөлдік өңдеуге байланысты тығыздаудың орташа дәрежесін және оларды қопсыту шараларының қажеттілігін көрсетеді.

Целиноград ауданының Тасты ауылдық округінде 138-ЖСЭА-да 2016 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде орташа қуатты төмен қарашірікті ауыр құмбалшықты карбонатты оңтүстік қара топырақты тәлімді егістікте кальций карбонаттары мен қосу тығыздығын қоспағанда, байқалатын топырақ көрсеткіштерінде елеулі өзгерістер болған жоқ. Апах қабатындағы кальций карбонаттары 4,96-дан 2,02% - ға дейін төмендеді, бұл олардың профильден төмен шаюлуына байланысты. Егістік қабатының тығыздығы  $1,11 \text{ г/см}^3$  құрайды, ал жер асты қабатында ол  $1,36 \text{ г/см}^3$  жетеді және жер асты қабатын қопсыту шараларын қажет ететін орташа тығыздыққа сәйкес келеді.

Жақсы ауданының Жаңақима ауылдық округінде 28-ЖСЭА-да 2001 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде орташа қуатты ауыр құмбалшықты қара қоңыр топырақтарда тәлімі егістікте қарашіріктің 0-30 см қабатында 2,94% - дан 2,39% - ға дейін, жалпы азоттың 0,190-дан 0,127% - ға дейін 33,2% - ға азаюы болды.

Фосфордың жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі 2,12-ден 1,50 мг/100 г топыраққа дейін 29,2% - ға азайды. Калийдің жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі өзгерген жоқ және жоғары болып қалады (36,31 мг/100 г топырақ). Егістік қабатының тығыздығы 1,16 г/см<sup>3</sup> құрайды, ал жер асты қабатында ол 1,42 г/см<sup>3</sup> жетеді және жер асты қабатын қопсыту шараларын қажет ететін орташа тығыздыққа сәйкес келеді.

**Ақтөбе облысының аумағында** 2021 жылы 6 стационарлық экологиялық алаңда қайталама мониторингтік бақылау жүргізілді.

Мәртөк ауданының Құрмансай ауылдық округінде 42-СЭА-да фосфоритті ауыр құмбалшықты қара қоңыр топырақтарда 2009-2021 жылдар аралығында Апах қабатында және 0-30 см қабатта, сәйкесінше, телім шамамен 5 жыл бойы тыңайған күйде болғанына қарамастан 4,59%-дан 3,91%-ға дейін 14,8%-ға және 4,44%-дан 3,80%-ға дейін 14,4%-ға қарашіріктің төмендеуі байқалды. Апах қабатында топырақ құнарлылығын қалпына келтіру процестеріне байланысты жылжымалы фосфор мөлшері 5,01-ден 5,38 мг/100 г топыраққа дейін ұлғайды. Сіңірілген негіздердің мөлшері 25,20-дан 29,80 мэкв/100 г топыраққа дейін ұлғайды.

Хромтау ауданының Құдықсай ауылдық округінде 47-СЭА-ға 2009-2021 жылдар кезеңінде карбонатты орташа қуатты жеңіл құмбалшықты қара қоңыр топырақтарда қарашіріктің 0-30 см қабатында 2,17% - дан 2,62% - ға 25,8% - ға дейін ұлғаюы байқалды. Бұл егістіктің тыңайған күйде болуына байланысты болып отыр. Апах қабатындағы жалпы және жылжымалы саны тиісінше 0,11-ден 0,07% - ға дейін 36,3% - ға және 2,70-тен 2,16 мг/100 г-ға дейін 20,0% - ға азайды. Калийдің жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі 36,00-ден 32,92 мг/100 г топыраққа дейін төмендеді, бұл 2021 жылдың құрғақ болуына байланысты жылжымалы элементтердің ерігіштігінің төмендеуімен байланысты болып отыр.

Мәртөк ауданының Родниковка ауылдық округінде 51-СЭА-да 2009 жылдан 2021 жылға дейін аз қарашірікті ауыр құмбалшықты оңтүстік қара топырақтарда, Апах қабатында және 0-30 см қабатта қарашірінді мөлшері тиісінше 5,00-ден 4,77% - ға дейін 4,6% - ға және 4,91-ден 4,65% - ға дейін 5,3% - ға, Апах қабатындағы жалпы фосфор 0,20-дан 0,19% - ға дейін 5,0% - ға, жалпы азот 0,17-ден 0,14% - ға дейін 17,0% - ға төмендеуі байқалды. Фосфордың жылжымалы формаларымен қамтамасыз етілуі егістік қабатында органикалық және минералды

тыңайтқыштарды енгізудің болмауына байланысты.4,70-тен 2,07 мг/100 г топыраққа дейін 56,0% - ға төмендеді.

Мұндай жағдайда төрт жыл ішінде республиканың дамыған және қарқынды егіншілік аумағы жаңартылған ауыл шаруашылығы карталарымен қамту 100% – ға қамтамасыз етіледі, бұл республиканың бүкіл аумағында цифрлық ауыл шаруашылығы карталарының дерекқорын құруға ғана емес, оларды құрудың технологиялық процесін үш жылдан бір жылға дейін едәуір қысқартуға және соның салдарынан-жұмыстарды қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Мұндай технологияларды әлемнің АҚШ, Канада, Германия, Франция, Ұлыбритания, Вьетнам және Австралия сияқты дамыған елдері қолданған, қазіргі уақытта бұл елдерде ауыл шаруашылығы алқаптарын зерттеу оларды пайдалану мониторингімен және жер телімдерін кезеңді түрде қайта бағалаумен табысты ауыстырылады.

### **5.3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын демаркациялау**

2021 жылы Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасымен, Ресей Федерациясымен мемлекеттік шекарасын демаркациялау және Қытай Халық Республикасымен шекараны қайта белгілеу (ремаркациялау) жөніндегі жұмыстарды жалғастырды.

2021 жылы Өзбекстан Республикасымен Қазақстан Республикасының Түркістан және Маңғыстау облыстарының жекелеген телімдерінде Қарақалпақстан Республикасымен, Өзбекстан Республикасының Ташкент, Сырдария және Жизак облыстарымен шектесіп далалық демаркациялық жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ өзара өтемақы негізінде "Сырдария өзені" телімдеріндегі шекараның делимитациялық сызығы реттелді, қорытынды құжаттар дайындалуда.

Қытай Халық Республикасымен Мемлекеттік шекараны қайта белгілеу (ремаркациялау) шеңберінде ITRF-2000 ашық координаттар жүйесінде және шекаралық бағаналардың биіктіктерінде шекара белгілерінің координаттары мен биіктіктерін өлшеу бойынша жұмыс орындалды.

Ресей Федерациясымен Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарының телімдерінде шекара белгісін орната отырып, мемлекеттік шекараны демаркациялау бойынша дала жұмыстары орындалды. Сонымен қатар, масштабы 1:50 000 топографиялық карталар жасау бойынша жұмыстар орындалды.

## **6. ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ**

Облыстардың жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органдарының (бұдан әрі – жер инспекциялары) деректері негізінде жасалған 1-ЗЕМ есебіне сәйкес, 2021 жылы, республика бойынша, жалпы көлемі 151,1 мың га,



жер қатынастары субъектілеріне жер заңнамасын сақтау тұрғысынан 1727 тексеру жүргізілді.

Жүргізілген тексерулер барысында 77,5 мың га алаңда 877 бұзушылық анықталды, олар үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде қарастырылған. Заң бұзушыларға қатысты 877 әкімшілік іс қозғалды, 195 жағдайда жер заңнамасын бұзушыларға жалпы сомасы 136,4 млн. теңгеге айыппұл түрінде әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылды, 13 жағдайда ескерту түрінде, 7 жағдайда сот немесе жоғары тұрған органмен қаулылардың күші жойылды.

Салынған айыппұлдардың жалпы сомасынан 101,9 млн. теңге төленді. Республика бойынша айыппұлдарды өндіріп алу көрсеткіші 74,6%-ды құрады.

1,7 млн.теңге сомасына 14 айыппұл бойынша материалдар мәжбүрлеп өндіріп алу үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына берілді.

Тексерулердің ең көп саны Алматы қаласында, мұнда жер инспекциясы – 203 тексеру жүргізсе, ең азы – Шымкент қаласының жер инспекциясы - 19 тексеру жүргізді.

Салынған айыппұл сомасы бойынша Маңғыстау облысы жер инспекциясының көрсеткіші жоғары – 27,5 млн.теңге, ең төмен көрсеткіш Жамбыл облысы бойынша – 0,2 млн. теңге.

2021 жылы анықталған бұзушылықтарды талдау көрсеткендей, олардың 55,6%-ы жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзуға тиесілі. Республика бойынша жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзғаны үшін жалпы сомасы 70,6 млн. теңгеге айыппұлдар қолдана отырып, 488 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Аталған бұзушылықтардың басым бөлігі Түркістан облысында – 124 бұзушылық немесе бұл – жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзудың анықталған жалпы мөлшерінің 14,1%-ы.

Жер инспекциялары анықтаған бұзушылықтардың жалпы санының, бүгінгі күні, 66,3 мың га болатын 195-і жойылды.

Осылайша, республика бойынша бұзушылықтарды жою көрсеткіші 22,2%-ды құрады.

жер теліміне мемлекеттік меншік құқығын бұзу – 488;

арнайы белгілерді жою – 12;

жерге келтірілген залал – 82;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдалану немесе пайдаланбау – 38

жер телімдерін өзге мақсаттарға пайдалану – 67;

уақытша басып алынған жерлерді одан әрі пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру жөніндегі міндеттемелерді орындамау – 10;

жер телімдерін беру туралы өтініштерді қараудың белгіленген мерзімдерін бұзу – 136;

жерді пайдаланудың экологиялық режимінің талаптарын сақтамау – 1.

Бұл ретте 2021 жылғы есеп көрсеткіштерін өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы талдау тексерулер санының артқанын, сәйкесінше анықталған бұзушылықтардың пайызы да артқанын көрсетті.

Салыстыру үшін, 2020 жылы республика бойынша жер инспекциялары жер қатынастары субъектілерінің жер заңнамасының сақталуына 2269 тексеру жүргізіп, нәтижесінде 1220 жер заңнамасын бұзушылық (53,7%) анықталды.

Ағымдағы жылы 1727 тексеру жүргізіліп, 877 заң бұзушылық немесе 50,7% анықталды.

## **7. ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРІН БАҚЫЛАУ**

Қазақстан Республикасының Жер кодексі және Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ Мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің заңдылығын бақылауды жүзеге асыру мақсатында 2021 жылы 175 жоспардан тыс тексеру шаралары жүргізілді, оның ішінде 169 арыз-шағымдар, прокуратураның және басқа да органдардың ұсыныс хаттары негізінде жүргізілсе, 6 бақылау тексеру жүргізілді.

Жалпы, 2021 жылы тексерулермен республикалық маңызы бар 3 қала (Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент), облыстық маңызы бар 21 қала (Орал, Жаңаөзен, Ақтөбе, Петропавл, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Кентау, Семей, Ақсу, Өскемен, Екібастұз, Павлодар, Арқалық, Талдықорған, Қостанай, Тараз, Жезқазған, Сатбаев, Қапшағай) қамтылды.

Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-ның (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Павлодар, Ақмала облыстары мен Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары бойынша филиалдарына қатысты тексерулер жүргізілді.

Облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне қатысты жүргізілген тексерулердің нәтижелері жергілікті атқарушы органдар мен оның құрылымдық бөлімшелері (жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы жөніндегі уәкілетті органдар) тарапынан жер телімдерін беру және алып қою кезінде жер заңнамасының нормалары мен талаптарын бұзушылықтардың, ал Мемлекеттік корпорацияға қатысты Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережелерін бұзушылықтардың болғандығын көрсетті.

Жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талдау көрсеткендей, құқық бұзушылықтардың негізгі үлесін жер телімдеріне құқық беру кезінде заңмен белгіленген мерзімдерді бұзу (жеке және заңды тұлғалардың жер телімдеріне құқық беру туралы өтініштерін қарау мерзімдерін бұзу, жер телімдерін беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылдау, сатып алу-сату немесе уақытша өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу мерзімдерін бұзу), сауда-саттықтан тыс жер телімдерін беру (конкурстар, аукциондар), сондай-ақ жер телімдерін беру мен олардың нысаналы мақсатын өзгерту тәртібін бұзу алады.

Жер телімдерін беру кезінде заңмен белгіленген мерзімдердің бұзылуы тексеру жүргізілген барлық әкімдіктерде анықталған.

Жер телімдерін беру туралы өтініштерді қараудың, жерге орналастыру жобаларын бекітудің және жер телімдеріне құқық беру туралы шешімдер қабылдаудың заңда белгіленген мерзімдерін жергілікті атқарушы органдардың сақтамауы, әкімдіктер мен олардың уәкілетті органдарының өтініштерді қарау кезінде бюрократтыққа, әуре-сарсаңға салуларының салдары болып табылады және бұл халық тарапынан

негізді наразылықтар туғызып, әкімдіктердің лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне көптеген шағымдардың түсуіне әкеледі.

Жүргізілген тексерулердің қорытындысы бойынша, жер заңнамасының нормалары мен талаптарын бұзушылықтардың ең көп саны, солар бойынша тексерулер жүргізілген жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті органдардың барлық қызметінде анықталды.

Тексеру қорытындысы бойынша заңдылықты бұзуға жол берген кінәлі лауазымды тұлғаларға қатысты 55 әкімшілік іс қозғалды және әкімшілік жауапкершілікке тарту және әкімдіктер мен олардың уәкілетті органдарының лауазымды тұлғаларына айыппұл салу туралы 4 қаулы шығарылды, оның ішінде қысқартылған өндіріс тәртібінде айыппұлдардың жалпы сомасы 656,3 мың теңгені құрады, 100% төленді.

Тексеру барысында Мемлекеттік корпорация мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан анықталған бұзушылықтар – олардың, сондай-ақ олардың жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы жөніндегі уәкілетті органдарының өз функцияларын тиісінше орындамауы, олардың арасында тиісті өзара іс-қимылдың болмауы, аталған органдар мамандарының заңда белгіленген нормалар мен талаптарды, өздерінің лауазымдық міндеттерін білмеуі және орындамауы, сондай-ақ басшылық тарапынан тиісті бақылаудың болмауының салдары.

Бақылау объектісіне (субъектісіне) бару арқылы жүргізілген профилактикалық бақылау мен жоспардан тыс тексерулер қорытындылары бойынша, жергілікті атқарушы органдардың атына орындау үшін, анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың заңсыз қабылдаған шешімдерінің күшін жою, заңға сәйкес келмейтін қаулыларды қолданыстағы заңнама нормаларына келтіру және алдағы уақытта аталған бұзушылықтарға жол бермеу туралы тиісті 138 нұсқама енгізілді.

Тексерулермен қатар, Басқарма мамандары аталған мемлекеттік органдар қозғаған қылмыстық істердің материалдары бойынша қорытындылар дайындау үшін Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттіктері мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық

органдарының тексеру іс-шараларына тартылған мамандар ретінде жыл бойы қатысып отырды.

## **8. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Қазақстан Республикасы 2021 жылғы 14 қазанда, бейне – конференц-байланыс форматында Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Жер ресурстары жөніндегі мемлекеттік Агенттік Төрағасының төрағалығымен өткен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңесінің XLIII сессиясына қатысты.

Шара барысында Мемлекетаралық кеңес мүшелері келесі мәселелерді талқылады:

1. Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау жөніндегі Мемлекетаралық кеңестің XLIII сессиясының шешімдерін орындау туралы, сондай-ақ ТМД – ға қатысушы мемлекеттердің сессияаралық кезеңдегі картографиялық-геодезиялық қызметтерінің қызметі туралы;

2. Сессияаралық кезеңдегі Мемлекетаралық Кеңес Хатшылығы мен жұмыс топтары қызметінің нәтижелері туралы;

3. Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласында кадрлар даярлау бойынша ТМД – ға қатысушы мемлекеттердің базалық ұйымы- Мәскеу мемлекеттік геодезия және картография университеті қызметінің нәтижелері туралы;

4. Мемлекетаралық кеңес қызметі шеңберінде жобалар паспорттарын қарау;

5. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы негізгі ғылыми-техникалық ұйымы туралы ереженің жобасы туралы;

6. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, геоақпараттық технологиялар, Жерді қашықтықтан зондтау, кадастр және құқықтарды тіркеу саласындағы ынтымақтастығының 2025 жылға дейінгі Тұжырымдамасы және мемлекетаралық кеңес қызметінің 2025 жылға дейінгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары ("жол картасы") туралы;

7. ТМД-ның 30 жылдығына орай Мемлекетаралық кеңестің қызметі аясында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің картографиялық-геодезиялық қызметтерінің жұмысы туралы кітапша әзірлеу туралы;

## **9. ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДІ ЖӘНЕ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ**

Құқықтық базаны жетілдіру үшін 2021 жылы Қазақстан Республикасының жер қатынастары мен жерге орналастыру мәселелерін реттейтін кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олардың негізгілері:

*1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 59-VII ҚРЗ.*

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының [Жер кодексіне](#):

1) бүкіл мәтін бойынша "сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды)", "сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар)", "сауда-саттыққа (конкурстарға, аукциондарға)", "сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда)", "сауда-саттықты (конкурсты, аукционды)", "сауда-саттық (конкурстар, аукциондар)", "Сауда-саттық (конкурстар, аукциондар)", "сауда-саттықтардың (конкурстардың, аукциондардың)" деген сөздер тиісінше "сауда-саттықты (аукциондарды)", "сауда-саттығын (аукциондарын)", "сауда-саттыққа (аукциондарға)", "сауда-саттықта (аукциондарда)", "сауда-саттықты (аукционды)", "сауда-саттық (аукциондар)", "Сауда-саттық (аукциондар)", "сауда-саттықтың (аукциондардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) [12-бапта](#):

[8-1\) тармақшаның](#) екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жерге орналастыру жобасының құрамы мен мазмұны осы Кодекске сәйкес қабылданған нормативтік-құқықтық актілер негізінде белгіленеді;"

[13-1\) тармақша](#) алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

"36-1) орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) – жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, орталық уәкілетті орган ведомствосының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшелері;"

3) [14-бапта](#):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Орталық уәкілетті органның, орталық уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті";

[1-тармақта](#):

[3\) тармақша](#) алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 4-5), 4-6), 4-7), 4-8), 4-9), 4-10), 4-11), 4-12), 4-13), 4-14) және 12-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын белгілеу және өзгерту жөніндегі жобаларды жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-2) жер телімдерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-3) шаруашылық ішілік және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4-4) Қазақстан Республикасы табиғи жем-шөп алқаптарының ірі масштабты (1:1000 – 1:100 000) геоботаникалық іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-5) жердің ірі масштабты топырақ іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-6) жерге мониторинг жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-7) электрондық жер-кадастрлық карталарды жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

4-8) мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізуді ұйымдастыру;

4-9) цифрлық ауыл шаруашылығы карталарын жасау кезіндегі фотограмметриялық жұмыстар жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-10) жерге орналастыру, жерді мемлекеттік есепке алу және жер кадастры мақсаттары үшін 1:10 000, 1:25 000 және 1:50 000 масштабтарында цифрлық ауыл шаруашылығы карталарын жасау үшін аэрофотосуреттер шифрын ашу жөніндегі әдістеме мен шартты белгілерді әзірлеу және бекіту;

4-11) электрондық топырақ карталарын жасау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-12) топырақты бонитирлеуді жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

4-13) электрондық геоботаникалық карталар жасау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

4-14) жер пайдалану құқығын иеліктен шығарған кезде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартын қайта ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

"12-1) жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;"

[14\) тармақша](#) алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Орталық уәкілетті органның ведомствосы өз қызметін орталық уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

4. Аумақтық бөлімшенің құзыретіне:

1) жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) орындау үшін міндетті, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар немесе нұсқаулар беру;

4) осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер теліміне құқық ауыртпалығын белгілеу үшін Мемлекеттік корпорацияға Қазақстан



Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама және оны тоқтату туралы хабарлама жіберу;

5) жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

6) осы Кодекстің [148-бабы](#) 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап қоюды дайындау және беру;

7) мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан және игерілмеген не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер телімдерін анықтау және алып қою;

8) егер құрылыс, пайдалы қазба кен орындарын әзірлеу, объектілерді пайдалану, геологиялық барлау және басқа да жұмыстар Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылып жатса, сондай-ақ егер бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізіліп жатса, оларды тоқтата тұру;

9) орталық уәкілетті органға осы Кодекстің [92](#) және [93-баптарына](#) сәйкес соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жер телімдері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар туралы ақпарат беру жатады.";

4) [14-1-бапта](#):

[3-тармақ](#) мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) осы Кодекстің 33-бабы 1-тармағы алтыншы бөлігінің 5-1) тармақшасында көзделген жағдайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартын қайта ресімдеу;"

[4-тармақ](#) алып тасталсын;

5) 17-баптың [2-1\)](#), [2-2\)](#) және [8-3\) тармақшалары](#) алып тасталсын;

6) 18-баптың [2-2\)](#), [2-3\)](#) және [8-3\) тармақшалары](#) алып тасталсын;

7) [19-баптың](#) 4-1) тармақшасы, 5) тармақшасындағы "жариялау;" деген сөз "жариялау жатады." деген сөздермен ауыстырылып, [6\)](#) және [7\) тармақшалары](#) алып тасталсын;

8) [23-баптың](#) 4-тармағының төртінші бөлігіндегі "(акционерлері)" деген сөз "(акционерлері, мүшелері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) [24-бапта](#):

[1-тармақ](#) мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некеде тұрған (ерлі-зайыпты) Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке меншікке және жер пайдалану құқығымен беруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен неке қиған (ерлі-зайыпты болған) кезде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдеріне жеке меншік немесе жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес иеліктен шығарылуға жатады.";

[6-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық аймағы шегінде орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдері Қазақстан Республикасының азаматтарына, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына уақытша жер пайдалану құқығымен беріледі.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы баптың 1-тармағының нормалары орман өсіру мақсаттары үшін берілген (берілетін) жер телімдеріне қатысты да қолданылады.";

10) 26-баптың [3-тармағында](#):

екінші абзацтағы "жайылымдық және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 7-1) тармақшасында көрсетілген жайылым алқаптары жеке меншікке және жер пайдалануға берілмейді және жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халық мұқтажына ғана пайдаланылады.";

11) [33-бапта](#):

[1-тармақтың](#) алтыншы бөлігі мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығарған кезде талап етілмейді.

Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару жер пайдалану құқығы берілген кезден бастап бес жыл жалға алу мерзімі өткеннен кейін азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығаруды жасаған жер пайдаланушы азаматтық-құқықтық мәміле жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жер телімі орналасқан жердегі ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органын хабардар етуге міндетті.

Хабарлама тиісті азаматтық-құқықтық мәміленің нөмірі мен күні көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығы иеліктен шығарылған кезде уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартын ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жаңа жер пайдаланушыға орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бастапқы жалға алу мерзімі өткенге дейінгі мерзімге қайта ресімдейді.

Жер пайдаланушы ауысқан кезде жер теліміне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шарты талаптарының өзгерістері тіркелген кезден бастап туындайды.

Көрсетілген жағдайларда жер теліміне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығына ие болған жер пайдаланушы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шарты бойынша жалға берушінің алдында жауапты болады.

Бұл ретте шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасы азаматының, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің жалпы жиынтық мөлшері осы Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген жер телімдерінің шекті (ең жоғары) мөлшерінен аспауға тиіс.

Көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда, уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы осы Кодекстің 66-бабының нормаларына сәйкес қайта ресімделуге немесе иеліктен шығарылуға жатады;"

[2-тармақтың](#) 7) тармақшасы алып тасталсын;

12) [37-бапта](#):

[3-тармақтың](#) бірінші бөлігінде:

"осы баптың 5-тармағында аталғандардан басқа" деген сөздер "осы баптың 5-тармағының 3) – 7) тармақшаларында аталғандардан басқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(немесе олардың бір бөлігін)" деген сөздерден кейін ", ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

[5-тармақ](#) 5) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларына он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге беріледі." деген сөздер "– Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларына он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) орман өсіру мақсаттары үшін – Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге;

7) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда беріледі.";

13) [43-бапта](#):

[1-1-тармақ](#) мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы органдар бос жер телімдері мен жоспарланып отырған сауда-саттық (аукциондар) жөніндегі ақпаратты мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында, өздерінің интернет-ресурстарында және халыққа қолжетімді жерлердегі арнаулы ақпараттық стендтерде деректерді тоқсан сайын жаңартып отыру кезеңділігімен орналастыруға міндетті.";

[2-тармақта](#):

төртінші бөліктегі "қорытындысы шығарылған күннен бастап" деген сөздер "хаттамалық шешіміне шағым жасау мерзімі өткеннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма бірінші – жиырма үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер комиссиясы қорытындысының бір данасы қол қойылған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге (оның өкіліне) мынадай тәсілдердің бірімен:

қолма-қол;

табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында;

электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжатпен; өтініш берушінің электрондық пошта мекенжайы бойынша табыс етіледі (жіберіледі).

Өтініш беруші жер комиссиясының хаттамалық шешіміне оны алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағым жасай алады.

Өтініш беруші жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде жерге орналастыру жобасын дайындайды.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жер комиссиясының жұмыс органы жер комиссиясының хаттамалық шешімдерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын орналастыруға міндетті.

Осы тармақтың ережелері осы бапта және осы Кодекстің 44 және 45-баптарында көзделген тәртіппен берілетін жер телімдеріне қолданылады.";

6-1-тармақта:

"Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер телімдерін қоспағанда, жер" деген сөздер "Жер" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда)", "сауда-саттықты (конкурсты, аукционды)" деген сөздер тиісінше "сауда-саттықта (аукциондарда) және

конкурстарда", "сауда-саттықты (аукционды) және конкурсты" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1 және 11-1-тармақтармен толықтырылсын:

"7-1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер теліміне құқық беру туралы шешімінің жобасында:

жер теліміне құқық берілетін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе заңды тұлғаның атауы;

жер телімінің нысаналы мақсаты;

жер санаты;

жер телімінің алаңы;

жерге құқық түрі, ауыртпалықтар, сервитуттар;

жер комиссиясы хаттамалық шешімінің нөмірі мен күні;

жер телімдерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларының нөмірі мен бекітілген күні;

жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін берілетін жер телімінің түрі;

жер телімі төлемақыға берілетін жағдайда жер телімі немесе жер пайдалану құқығын сатып алу бағасы;

жер телімін сатып алу-сату шарттары мен жалға алу шарттарын жасасу мерзімдері;

жер телімдерінің сәйкестендіру сипаттамалары көрсетіле отырып, осындай жер телімдерін алып қою, мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүргізілетін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе заңды тұлғаның атауы;

жер телімінің бөлінетіндігі (бөлінбейтіндігі) туралы мәліметтер;

жер телімін берумен байланысты өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.";

"11-1. Мемлекеттік органдардың шешімімен елді мекендердің әкімшілік-аумақтық құрылысы өзгерген кезде немесе шекаралары (шектері) өзгерген жағдайда жер телімдері елді мекендер шегіне қосылған кезде жер телімдерінің

сәйкестендіру құжаттарын ауыстыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мұндай құжаттарды ауыстыру жер теліміне құқықтарды қайта ресімдеу жағдайлары туындаған не азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалған кезде немесе өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.";

14-тармақта:

бірінші бөліктегі "жалға алу мерзімін" деген сөздер "жалға алу мерзімін, ал шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдері бойынша заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірін де" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген деректер мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастырылады.";

14) 43-1-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі "уәкілетті органы" деген сөздерден кейін "осындай жер телімдерін беруге бұрын келіп түскен өтінімдерді ескере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса шығарылатын жер телімдерінің ең жоғары мөлшері жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімдерімен айқындалады.

Бұл ретте көрсетілген мөлшерлер осы Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес белгіленген жер телімдерінің шекті (ең жоғары) мөлшерінен аспауға тиіс.";

14-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жер телімін алу кезінде

олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша балл беру түрінде артықшылық беріледі.";

15) 44-баптың [6-1-тармағындағы](#) "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер телімдерін қоспағанда, жер" деген сөздер "Жер" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 44-1-баптың [4-1-тармағындағы](#) "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер телімдерін қоспағанда, жер" деген сөздер "Жер" деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 45-баптың [3-тармағындағы](#) "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер телімдерін қоспағанда, жер" деген сөздер "Жер" деген сөзбен ауыстырылсын;

18) [48-бапта](#):

[1-тармақтың](#) екінші бөлігі алып тасталсын;

[3-тармақтың](#) бесінші абзацындағы "сауда-саттыққа" деген сөздер "сауда-саттыққа (аукционға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

[5-тармақтағы](#) "сауда-саттық нысанасының" деген сөздер "сауда-саттық (аукцион) нысанасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

[6-1-тармақтағы](#) "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер телімдерін қоспағанда, жер" деген сөздер "Жер" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші сөйлемі ", бұл облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын орналастырылады" деген сөздермен толықтырылсын;

19) [64-баптың](#) 1-тармағының 7) тармақшасы ", сондай-ақ осы Кодекстің 33-бабы 1-тармағы алтыншы бөлігінің 5-1) тармақшасында көзделген тәртіппен және шарттарда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердегі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару" деген сөздермен толықтырылсын;

20) [66-бап](#) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар осы Кодекстің талаптарын бұза отырып жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелер жарамсыз болады.";

21) [84-баптың](#) 2-тармағының 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:



"4-1) "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 7-1) тармақшасында көрсетілген жайылым алқаптарына халық мұқтажын қанағаттандыру;"

22) [92-бапта](#):

[3-1-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Осы баптың 2-тармағында көзделген, жер телімі мақсаты бойынша пайдаланылмаған кезеңге:

белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы құжаттамасы (бас жоспарлар, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобалары, аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобалары), сондай-ақ инженерлік желілерге қосылу мүмкіндігі болмаған;

жер телімі еңсерілмейтін күш немесе осындай пайдалануды болғызбайтын өзге де мән-жайлар салдарынан мақсаты бойынша пайдаланыла алмаған уақыт кірмейді.

Жер телімінің мақсаты бойынша пайдалануды болғызбайтын өзге де мән-жайларға белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы құжаттамасын (бас жоспарлар, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобалары, аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобалары) өзгерту, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын лауазымды адамдарының меншік иелері мен жер пайдаланушылардың сәулет-жоспарлау тапсырмаларын алуға арналған өтінімдерін қараудағы және табиғи монополиялар субъектілері лауазымды адамдарының меншік иелері мен жер пайдаланушылардың инженерлік желілерге қосуға техникалық шарттарды және объектілерді салу кезінде көзделген өзге де келісу рәсімдерін алуға арналған өтінімдерін қараудағы әрекетсіздігі (егер мұндай әрекетсіздік сотта дәлелденсе) жатады.";

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Осы баптың 3-тармағында көзделген, жер телімі мақсаты бойынша пайдаланылмаған кезеңге жер телімін еңсерілмейтін күш салдарынан мақсаты бойынша пайдаланыла алмаған уақыт кірмейді.";

23) 93-баптың [4-тармағындағы](#) "анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 94-баптың [2-тармағында](#):

бірінші бөліктегі "жер телімінің мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін жер телімінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға берілген" деген сөздер "жер телімінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға берілген Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Жер телімінің мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "Нұсқама" деген сөз "Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) [96-1-бапта](#):

[1-тармақтағы](#) "жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті орган, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы орган, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы" деген сөздер "аумақтық бөлімше" деген сөздермен ауыстырылсын;

[2-тармақтың](#) бірінші бөлігінің бірінші абзацында:

"Жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті орган, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы орган, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы" деген сөздер "Аумақтық бөлімше" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

26) [97-бапта](#):

[3-тармақ](#) мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер телімдерінде ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты объектілер салынған кезде және шаруашылық жүргізуші субъектінің ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген кезде мұндай жер телімдерінің нысаналы мақсатын өзгерту талап етілмейді.";

3-2-тармақ "жеке қосалқы шаруашылық жүргізу" деген сөздерден кейін ", бақ шаруашылығы және саяжай құрылысы" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 102-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін берілетін жер телімінің түрі кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер теліміне құқық беру туралы шешімінде және жер теліміне арналған сәйкестендіру құжатында көрсетіледі.";

28) 145-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды орталық уәкілетті орган, аумақтық бөлімшелер және өзге де мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.";

5-тармақ алып тасталсын;

6-тармақтағы "және аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің" деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзушылықтардың іс жүзінде жойылуына, сондай-ақ жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың нұсқаулары мен Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларын жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың орындауына бақылауды жүзеге асырады.";

29) 146-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "инспекторлар;" деген сөз "инспекторлар жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

## 2-тармақта:

екінші бөліктегі "Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың" деген сөздер "Аумақтық бөлімшелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың, аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы органдардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздер "аумақтық бөлімшелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

### 30) 147-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"147-бап. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық уәкілетті органның, орталық уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің функциялары";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық уәкілетті орган осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзыреті шегінде жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

2. Аумақтық бөлімшелер жердің пайдаланылуы мен қорғалуына, атап айтқанда:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласында қабылдаған шешімдерінің заңдылығына;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарының жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша қабылдаған шешімдерінің заңдылығына;

3) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығына;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық

округтер әкімдерінің жер телімін алған тұлғалардың тізімдері бар ақпаратты уақтылы орналастыруына;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің сауда-саттықты (аукциондарды) және конкурстарды уақтылы өткізуіне;

6) мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер телімдерінің нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;

7) жер телімдерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуіне;

8) жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар құқықтарының сақталуына;

9) жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман-мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;

10) жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың мемлекеттік органдарға жердің бар-жоғы, жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді уақтылы ұсынуына;

11) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуына және салынуына;

12) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясын, сортаңдануды, батпақтануды, су басуды, шөлейттенуді, құрғап кетуді, тығыздалуды, қоқыстануды, ластануды және жердің тозуын туғызатын басқа да процестерді болғызбау және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;

13) азаматтардың өздеріне жер телімдерін беру туралы өтініштерін (өтінішхаттарын) қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуына;

14) межелік белгілердің сақталуына;

15) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары,

аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері уақытша жер пайдалануға берген жерлердің уақтылы қайтарылуына;

16) бүлінген жерлердің рекультивациялануына;

17) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыдырып алынуына, сақталуына және пайдаланылуына;

18) жердің пайдаланылуы мен қорғалуы жөніндегі жерге орналастыру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды жүргізеді.";

[2-1](#) және [2-2-тармақтар](#) алып тасталсын;

31) [148-баптың](#) 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға;

3) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаулылар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген залалды өтеу, мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан және игерілмеген не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер телімдерін мәжбүрлеп алып қою, жер телімдерін беруге, нысаналы мақсатын өзгертуге, алып қоюға, мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты құқыққа сыйымсыз шешімдердің күшін жою, сондай-ақ жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайларда оларды орындау және жеке тұлғалардан, лауазымды адамдар мен заңды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу мәселелері бойынша сотқа талап қоюды дайындауға және беруге;

5) ұйымдарға кедергісіз кіруге, меншіктегі және жер пайдаланудағы жер телімдерін зерттеп-қарауға, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер алып жатқан жер телімдерін – Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік

кодексінің 147-бабының 3-тармағында көзделген құжаттарды көрсеткен кезде оларға барудың белгіленген режимін ескере отырып, зерттеп-қарауға;

б) жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдарына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы орындау үшін міндетті нұсқамалар беруге;"

32) 158-баптың [3-тармағындағы](#) "(жоспарлармен)" деген сөз алып тасталсын.

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының [Орман кодексіне](#):

1) мазмұны алып тасталсын;

2) [4-баптың](#) 38) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"38) орман иеленушілер – мемлекеттік орман қоры телімдері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес жекеше орман қоры телімдері меншігінде болатын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары;"

3) [6-баптың](#) 4-тармағының бірінші абзацындағы "жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) [8-баптың](#) 3-тармағының бірінші абзацындағы "жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) [23-баптағы](#) "жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың" деген сөздер "Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасы мемлекеттік емес заңды тұлғаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) [84-бапта](#):

тақырыптағы және 1-тармақтағы "Жер телімдерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға", "заңдарында белгіленген тәртіппен жер телімдерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға" деген сөздер тиісінше "Орман иеленушілерге және (немесе) орман пайдаланушыларға", "заңнамасында белгіленген тәртіппен орман иеленушілерге және (немесе) орман пайдаланушыларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жер телімдерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар" деген сөздер "орман иеленушілер және (немесе) орман пайдаланушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) [112-2-баптағы](#) "Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының [Су кодексіне](#):

1) мазмұны алып тасталсын;

2) [119-баптың](#) 2-тармағындағы "органы, жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "орган, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының [Кәсіпкерлік кодексіне](#):

[282-баптың](#) 8-1-тармағының бірінші бөлігі "өзірлейді" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының [Заңына](#):

1) [5-баптың](#) 2-тармағындағы "және телерадио хабарларын таратуды техникалық қолдап отыру саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер ", телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) [5-1-бапта](#):



1-тармақ "саласындағы уәкілетті орган" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "операторлары" деген сөзден кейін "мен дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушылар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "Қазақстан" деген сөз "осы баптың 2-тармағының 3) және 5) тармақшаларында және осы Заңның 8-бабының 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

Егер көрсетілетін қызметті алушы жер телімдері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімінде тұрған немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайларда жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды және жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетке хабарламаны жолдайды;

3) жер қатынастары жөніндегі және сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органдар 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өтініш келіп түскен сәттен бастап

сұралып отырған жер телімін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс дайындайды, оған жер телімінің схемасын қоса береді және материалдарды жер комиссиясына енгізеді;

4) жер комиссиясының қорытындысы жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган жер комиссиясына сұралып отырған жер телімін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсынысты берген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында үш данада жасалады;

5) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның қызметкері жер комиссиясының оң шешімі болған жағдайда, 1 (бір) жұмыс күні ішінде жерге орналастыру жобасын дайындауы үшін жер комиссиясының оң қорытындысының бір данасын көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды, жер комиссиясының теріс қорытындысы болған жағдайда – мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері шешім (өкім) қабылдаған жағдайда, жер комиссиясының қорытындысы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жіберіледі.

Екінші кезең: жер теліміне құқық беру туралы шешім шығару –бекітілген жерге орналастыру жобасы келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның қызметкері бекітілген жерге орналастыру жобасы келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жер теліміне құқық беру туралы шешім жобасын дайындауды және келісуді қамтамасыз етеді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде жер теліміне құқық беру туралы шешімге қол қояды;

3) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері 15 (он бес) минут ішінде қол қойылған сәттен бастап жер теліміне құқық беру туралы шешімді портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы

қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды."

*12. «Басқа санаттардағы жерді орман қоры жеріне ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № 364 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 174 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 маусымда № 22963 болып тіркелді.*

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Басқа санаттардағы жерді орман қоры жеріне ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № [364](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15901 болып тіркелген, 2017 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Басқа санаттағы жерді орман қорының жеріне ауыстыру [қағидаларында](#):

[4-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ені 10 метр және одан да көп, алаңы 0,05 гектар және одан да көп табиғи және (немесе) жасанды жолмен өскен ормандар көмкерген басқа санаттағы жерлер мемлекеттік орман қоры жерлеріне ауыстырылуы, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға орман шаруашылығының мұқтаждары үшін, оның ішінде орман өсіру мақсаттары үшін тұрақты жер пайдалануға берілетін орман емес жерлер ауыстырылуы мүмкін;"

[13-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Басқа санаттардағы жерлер орман қоры жерлеріне ауыстырылғаннан кейін жергілікті атқарушы орган қаулы қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны мынадай құжаттарды қоса бере отырып, орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға жібереді:

- 1) телімді таңдау туралы акт;
- 2) орман мекемесі басшысының жазбаша келісімі;
- 3) орман мекемесі қарамағындағы мемлекеттік органның жазбаша келісімі;
- 4) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің жазбаша келісімі;
- 5) комиссияның оң қорытындысы;
- 6) басқа санаттағы жерлерді орман қоры жерлеріне ауыстыру туралы жергілікті атқарушы орган қаулысының көшірмелері.";

[14-тармақ](#) алынып тасталсын.

*13. «Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер телімдерін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»*

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 143 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 22658 болып тіркелді.*

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер телімдерін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 194 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16949 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

[кіріспесі](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 509-бабының [4-тармағына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзыла отырып пайдаланылатын жер телімдерін анықтау [қағидаларында](#):

[1-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер телімдерін анықтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 509-бабының [4-тармағына](#) сәйкес әзірленді және объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер телімдерін анықтау тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың ережелері екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға және оның еншілес компанияларына қолданылмайды.";

[3-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер телімдерін анықтау:

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 14-1-бабы [3-тармағының](#) 12) тармақшасына сәйкес объектілер салуға арналған жер телімдерінің иелерін (жер пайдаланушыларды) есепке алу (бұдан әрі – жер телімдерін есепке алу);

объектілер салуға арналған жер телімдерін игеру, оларды Қазақстан Республикасының жер заңнамасын сақтай отырып тиісті мақсаттарда пайдалану үшін Кодекстің [92-бабында](#) белгіленген мерзімдердің орындалуын мониторингтеу (бұдан әрі – мониторинг);

объектілер салу үшін берілген жер телімдерінің иелерін (жер пайдаланушыларды) мұндай телімдердің тиісті мақсаттарда пайдаланылуы (пайдаланылмауы) немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасы сақтала

(бұзыла) отырып пайдаланылуы фактілерін растау тұрғысынан тексеру жолымен жүргізіледі.";

[8-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Тізбенің негізінде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган объектілер салу үшін берілген және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер телімдерін анықтау мақсатында меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) тексеруді жүзеге асырады.

Объектілер салу үшін берілген жер телімдерін тиісті мақсаттарда пайдаланбау немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұза отырып пайдалану фактілері расталған жағдайда, мұндай жер телімінің иесіне (жер пайдаланушыға) "Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 437 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17878 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқама (бұдан әрі – нұсқама) тапсырылады.

Нұсқама осы Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларды тіркеу журналына тіркелуі тиіс."

***14. «Жер телімін сатып алу-сатудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 наурызда № 22445 болып тіркелді.***

БҰЙЫРАМЫН:



1. "Жер телімін сатып алу-сатудың үлгілік шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19436 болып тіркелген, 2019 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жер телімін сатып алу-сатудың үлгілік [шартында](#):

7-тармақтың [12\) тармақшасы](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"12) осы Шарттың [4-тармағында](#) белгіленген мерзімде берілген жер теліміне төлем жасау жөніндегі міндет орындалмаған жағдайда, Сатып алушы телімге төлем жасалған күнге дейін жер телімі үшін сома төленуі тиіс күннен бастап мерзімі өткен мерзімге өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) күнтізбелік 30 күн ішінде төлеуге міндетті.

Өсімақы сомасы (тұрақсыздық айыбы) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есептеледі.

Жер телімі бөліп төлеуге сатылған жағдайда 12) тармақша мынадай редакцияда жазылады:

"12) жер телімі үшін ай сайынғы төлемді кешіктірген жағдайда Сатып алушы Сатушыға жер телімінің төленбеген құнынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді;"

***15. «Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдеріне құқықтар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 255 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 қаңтарда № 22122 болып тіркелді.***

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдеріне құқықтар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 255 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10871 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

[кіріспесі](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабының 1-тармағы [16-5\) тармақшасына](#) сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдеріне құқықтар беру [қағидалары](#) осы бұйрыққа [қосымшаға](#) сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2021 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 15 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 27 наурыздағы  
№ 255 бұйрығымен  
бекітілген

## **Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдеріне құқықтар беру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдеріне құқық беру [қағидалары](#) (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 14-бабы 1-тармағының [16-5\)](#)

[тармақшасына](#) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдеріне құқықтар беру тәртібін айқындайды.

2. Жеке тұрғын үй құрылысына бөлуге арналған алаңдардағы елді мекендер шекараларының шегінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімі олардың бас жоспарларына, жоспарлау мен құрылыс салу жобаларына және аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес, ал белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарлар болмаған кезде тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерде – аталған елді мекенді дамыту мен салудың бас жоспарының жеңілдетілген схемасына немесе белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы құжаттамасына сәйкес беріледі.

3. Тұрғындарының есептік саны жиырма мың адамнан асатын елді мекеннің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы немесе бас жоспарлары және тұрғындарының саны жиырма мың адамға дейінгі елді мекеннің егжей-тегжейлі жоспарымен біріктірілген бас жоспарлары (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың оларды алмастыратын схемасы) болмаса, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдерін беруге жол берілмейді.

4. Кодекстің 48-бабы [1-тармағына](#) сәйкес сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сатуға ұсынылатын жер телімдерінің тізбесіне енгізілгендерді қоспағанда, жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдері Қазақстан Республикасының азаматтарына 0,10 гектар мөлшерде жеке меншікке тегін беріледі.

Кодекстің 94-бабы [4-тармағында](#) көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жер телімдерін аталған мақсаттар үшін қайталап тегін беруге жол берілмейді.

5. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін жеке меншікке тегін беру жер телімдері игерілгеннен кейін жүргізіледі. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдерін игеру кезеңіне беру Кодекстің [92-бабына](#) сәйкес осындай жер телімдерін игерудің шарттары мен мерзімдері белгілене отырып, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен жүргізіледі.

Ауылдық елді мекендер аумағында бос жерлер болған кезде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдері жеке тұрғын үй құрылысы үшін көзделген жер телімдерінің нормалары шегінде бірыңғай алап болып беріледі.

2-тарау. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер теліміне құқық беру тәртібі

6. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары "Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген) бекітілген "Елді мекен шегінде объект салу үшін жер телімін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес өтініш береді.

7. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жер теліміне құқық беру туралы келіп түскен өтінішті жер телімі орналасқан жердегі тиісті жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне бір жұмыс күні ішінде жолдайды.

8. Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі бекітілген қала құрылысы құжаттарына сәйкес жеті жұмыс күні ішінде ахуалдық схемасы бар жер телімін таңдау актісін, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, техникалық шарттарды алу үшін сауалнама парағын, топографияны дайындайды және оларды бір мезгілде барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, тиісті қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілеріне, мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы не келісуші органдарда осы жүйелер болмаған кезде қағаз жеткізгіштерде жолдайды.

Жер телімін таңдау актісінде қазіргі бар инженерлік коммуникациялар көрсетіледі, ал қажет болған жағдайда, инженерлік коммуникацияларды берілетін жер телімінің шекарасынан тыс жерге көшіру көзделеді.

9. Мүдделі мемлекеттік органдар, тиісті қызметтер, табиғи монополиялар субъектілері, Мемлекеттік корпорация он екі жұмыс күні ішінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін беру мүмкіндігі туралы тиісті қорытындыны ұсынады.

Табиғи монополиялар субъектілері техникалық шарттарды алу үшін сауалнама парағын, ахуалдық схеманы және топографияны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде инженерлік желілерге қосуға арналған техникалық шарттарды дайындайды және ұсынады.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорацияның қорытындысына сұратылып отырған телім жөніндегі мәліметтер және жер-кадастрлық жұмыстарға смета қоса беріледі.

10. Сұратылып отырған жер телімі бос болмаған жағдайда, мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорация жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне жер теліміне құқық беруден бас тартуға негіз болатын тиісті ақпаратты үш жұмыс күні ішінде жібереді.

Жер теліміне құқық беруден бас тарту жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің қорытындысымен ресімделеді және өтініш берушіге үш жұмыс күні ішінде жолданады.

11. Оң қорытындылар келіп түскен жағдайда, жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі бес жұмыс күні ішінде сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосуға арналған техникалық шарттарды және топографияны қоса бере отырып, жер телімін түпкілікті таңдау актісін дайындайды және жолдайды.

12. Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі түпкілікті таңдау актісін өтініш берушімен "электрондық үкімет" веб-порталы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы хабарлама жолдау жолымен келіседі.

Өтініш берушімен түпкілікті таңдау актісін келісу және оның жер-кадастрлық жұмыстар қызметтеріне ақы төлеуі үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Өтініш берушімен келісілмеген таңдау актісінің қолданылу мерзімі он жұмыс күнін құрайды.

Өтініш беруші түпкілікті таңдау актісін келіскеннен кейін оған қол қою үшін уақытша жер пайдалану шартын алу күні туралы хабарлама беріледі.

13. Қол қойылған материалдар жер-кадастрлық жоспар дайындау үшін мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорацияға келіп түседі.

14. Жер-кадастрлық жоспар үш жұмыс күні ішінде бекітіледі және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер теліміне құқық беру туралы оң шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

15. Жергілікті жердегі жер телімінің шекараларын белгілеу жер-кадастрлық жоспар бекітілгеннен кейін бір ай ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер теліміне құқық беру туралы шешім қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

16. Жер телімінің шекараларын белгілеу жөніндегі жерге орналастыру жұмыстары және жер теліміне жер-кадастрлық жоспарды дайындау жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімі берілетін тұлғаның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

17. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімінің жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер теліміне құқық беру туралы шешімі жер-кадастрлық жоспар бекітілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер теліміне құқық беру туралы шешімінің жобасы:

жер теліміне құқық берілетін жеке тұлғаның атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда), тегін;

жер телімінің нысаналы мақсатын;

жер телімінің алаңын;

жер теліміне құқық түрін, шектеулерді қамтуға тиіс.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімінің жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдеріне құқық беру туралы шешімінің көшірмесі, жер-кадастрлық жоспар уақытша жер пайдалану шартын дайындау үшін жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға бір жұмыс күні ішінде жолданады.

Жер-кадастрлық жоспар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі шешімінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол болмаған кезде, шешім жарамсыз болып есептеледі.

18. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі шешімінің көшірмесі және жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган қол қойған уақытша жер пайдалану шарты Мемлекеттік корпорация немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш берушіге қол қою үшін жіберіледі.

Өтініш беруші хабарламаны алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уақытша жер пайдалану шартына қол қояды.

Жер теліміне құқықты растайтын құжаттарды алғаннан кейін өтініш беруші "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу" Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20610 болып тіркелген) [бұйрығына](#) сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге өтініш береді.

19. Бұрын жеке тұрғын үй құрылысы үшін және уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілген жер телімін жеке меншікке сатып алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары сұралып отырған жер телімі

орналасқан жер бойынша жеке меншік құқығымен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін беру туралы өтінішті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне береді. Өтінішке жер телімінде салынған жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі қоса беріледі.

20. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің тұрғын үйге қызмет көрсету үшін жер теліміне жеке меншік құқығын беру туралы шешімі жер пайдаланушы өтініш және салынған жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылдау актісін берген күннен бастап бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде қабылданады, ол сәйкестендіру құжатын дайындау және беру үшін негіз болып табылады.

***16. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті әзірлеген жер балансы бойынша ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 25 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 қаңтарда № 22053 болып тіркелді.***

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті әзірлеген жер балансы бойынша ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 25 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20112 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы



Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 18 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың [кіріспесі](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының [8\) тармақшасына](#), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің [17-тармағының](#) 24) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**".

*17. «Жер құқығы қатынастары, жерді пайдалану мен қорғау, геодезия және картография, мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 3 қарашадағы № 318 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 4 қарашадағы № 100 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25040 болып тіркелді.*

#### **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Жер құқығы қатынастары, жерді пайдалану мен қорғау, геодезия және картография, мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 [бірлескен бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18000 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

[кіріспесі](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының [3-тармағына](#) және 143-бабының [1-тармағына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығы үшін жер құқығы қатынастары саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау [өлшемшарттарында](#):

[1-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығы үшін жер құқығы қатынастары саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы [3-тармағына](#) және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.";

[4-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бақылау субъектілері объективті өлшемшарттар бойынша екі тәуекел тобына бөлінген:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, кенттер мен қала маңындағы ауылдық округтерінің әкімдері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жер қатынастары басқармалары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жер қатынастары бөлімдері және көрсетілген жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандар - ауыл және ауылдық округтардың әкімдері.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізілмейді.";

[1-қосымша](#) осы бірлескен бұйрыққа [1-қосымшаға](#) сәйкес жана редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген жер құқығы қатынастары субъектілері жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау [өлшемшарттарында](#):

[1-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жер құқығы қатынастары субъектілері жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының [3-тармағына](#) және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу бойынша субъектілердің қызметі үшін мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау [өлшемшарттарында](#):

[1-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу бойынша субъектілердің қызметі үшін мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының [3-тармағына](#) және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 [бұйрығына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.";

[2-тармақтын](#) 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бақылау субъектілері – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) және оның облыстардағы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын филиалдары;"

[4-тармақ](#) мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бақылау субъектілері объективті өлшемшарттар бойынша екі тәуекел тобына бөлінген:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – Қоғамның облыстардағы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын филиалдары;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған – Қоғамның орталық аппаратының мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі.";

[1-қосымша](#) осы бірлескен бұйрыққа [2-қосымшаға](#) сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа [5-қосымша](#) осы бірлескен бұйрыққа [3-қосымшаға](#) сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа [8-қосымша](#) осы бірлескен бұйрыққа [4-қосымшаға](#) сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

## **10. ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Мемлекет басшысының 2016 жылғы Жарлығымен енгізілген Жер кодексінің кейбір баптарының қолданылуына мораторий 2021 жылғы желтоқсанда аяқталуына

байланысты 2021 жылы жер мәселесі Қазақстанның ақпараттық күн тәртібінде тағы да өзекті болды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншіктің өткір мәселелерімен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары мен жұртшылық жер заңнамасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және жер ресурстарын бөлу кезінде атқарушы билікке бақылаудың жоқтығына қанағаттанбаушылықты атап өтті.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жерге орналастыру саласындағы мемлекеттік аудит жүргізді, оның барысында жерге орналастыру саласындағы мемлекеттік саясаттың теңгерілмегендігі анықталды.

Жерді бөлу және оларды пайдалану кезінде басымдықтарды айқындау бөлігінде есеп комитеті ЖАО-ның қызметі дербес және орталық мемлекеттік органдардың, оның ішінде Жер ресурстары саласындағы уәкілетті органның бақылауында емес екенін, бұл БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) ұсынымдарына қайшы келетінін атап өтті. (БҰҰ: - жергілікті мекемелер орталық басшылықтың бақылауында болуы керек. Еуропадағы Жер ресурстарын басқару, даму тенденциялары мен принциптері, ЕСЕ / НВР/140/2005).

Жер телімдерін беру үшін жария карта жасау мақсатында ЖерҒӨО функцияларын және МЖК ААЖ (Жер кадастры) жүргізуді «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-ға берумен (БМЖН) жағдай қиындай түсті.

Есеп комитетінің аудиторлық қорытындысына сәйкес осы саланың (КЕАҚ) ұйымдастырушылық (АШМ ЖБК) және іске асыру функциялары арасында сәйкессіздік бар (Конституциялық заңнамаға сәйкес жария-құқықтық сипаттағы мемлекеттік функцияларды азаматтық-құқықтық сипаттағы функциялармен қоса атқаруға жол берілмейді). Осыған байланысты бұл мәселе Үкіметтің бақылауында.

Жұмыс әртүрлі мемлекеттік органдар бойынша өзара байланысты функциялардың бытыраңқылығы, олардың қызметін үйлестірудің және жер қатынастарында туындайтын проблемалық мәселелерді шешуде кешенді тәсілдің болмауы, сондай-ақ заңнамалық нормаларды жетілдіру салдарынан орталықтандырылмаған.

Шетелдіктер бойынша мораторий нормаларына келетін болсақ, Мемлекет басшысы түпкілікті саяси шешім қабылдады және 2021 жылғы 13 мамырда шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беруге және сатуға толық тыйым салуды көздейтін Қазақстан Республикасының тиісті Заңы қабылданды.

Қазақстандықтарға қатысты мораторий нормалары бойынша, сондай-ақ жер заңнамасын жетілдіру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында Жер реформасы жөніндегі Комиссия құрылды.

Жер реформасы жөніндегі комиссияның жұмысы көпшілік алдында жүргізілді, оның барлық отырыстары онлайн режимінде көрсетілді, соның ішінде әлеуметтік желілерде жарияланды. Кез келген ниет білдіруші Жер комиссиясы отырыстарының барысын қарап, Жер реформасы жөніндегі комиссияның штабына сұрақтар мен ұсыныстарды жолдауға мүмкіндік алды.

Жер реформасы жөніндегі Комиссия 25 наурызда жұмысқа кірісіп, ағымдағы жылдың 24 сәуірінде жұмысын аяқтады.

Жер реформасы бойынша комиссияның 5 отырысы өткізіліп, онда 120-дан астам ұсыныс көтеріліп, жер заңнамасын жетілдіру бойынша бірқатар жүйелі ұсынымдар әзірленді.

Жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсынымдарын іске асыру мақсатында 2021 жылы 30 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Заңның негізгі өзгерістері мен толықтырулары:

- Қазақстандықтарға және Қазақстандық заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 49 жылға дейін ұзақ мерзімді жалға беру, оның мерзімі өткеннен кейін жаңа мерзімге жалға алу мерзімін ұзартуға басым құқық беру;

- мемлекеттен сатып алмай жер пайдаланушылар арасында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер пайдалану құқығын иеліктен шығару. Бұл ретте оларды пайдалану мерзімі кемінде 5 жыл, сондай-ақ жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органды хабардар ету міндетті шарт болады;

- орталық уәкілетті органның ведомствосына жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау функцияларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық бөлімшелерін құра отырып қайтару;

- шартты жер үлестері есебінен қалыптастырылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімін кепілге салуға осындай үлестер иелерінің келісімімен ғана рұқсат беру;

- «бақша шаруашылығы» және «саяжай құрылысына» ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нысаналы мақсатын өзгертуге тыйым салу;

- жер комиссиясының хаттамалық шешіміне шағымдану мерзімін белгілеу бойынша нормаларды нақтылау;

- жайылымдарды басқару жоспарын белгілей отырып, жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге байланысты жеке қосалқы шаруашылықтың ауылшаруашылық жануарларын жаюға халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жайылым аумақтарын анықтау;

- уақытша жер пайдалану құқығына берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдері туралы ақпаратты Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (МЖҚ ААЖ) интернет-ресурсында жалпыға ортақ пайдалануда орналастыру;

- Қазақстандықтарға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеке меншікке беруге мораторийдің қолданылу мерзімін 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ұзарту.

Заң арқылы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау функцияларын ЖАО-дан қайтару жүзеге асырылды, осылайша уәкілетті органдар бір мемлекеттік органның құрамына кіргендіктен, жер қатынастары саласында жинақталған мәселелерді шешу және тәртіпке келтіру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға аса маңызды қадам жасалды.

Осылайша, жер беру жөніндегі функциялар әкімдіктерде қалды, ал әкімдіктердің жерді беруі мен пайдалануын және жер иелерінің/жер пайдаланушылардың жерді пайдалануын бақылау жөніндегі функциялар аумақтық департаменттерді құру арқылы ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетіне берілді.

Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды күшейту Жер ресурстарын басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, ол пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін анықтаудың ғарыштық мониторингін енгізу, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін мәжбүрлеп алып қою мерзімдерін қысқарту және рәсімін оңайлату, жосықсыз жер пайдаланушыларға қатысты шараларды уақтылы қабылдау, меншік иелері мен жер пайдаланушыларды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалануға ынталандыру жөніндегі шараларды қамтиды, жер телімдерін беру жөніндегі сауда-саттықты уақтылы жүргізбегені үшін әкімдіктердің лауазымды адамдарының әкімшілік жауаптылығын енгізу туралы шешім қабылдайды.

2021 жылы Қазақстан Республикасының барлық аумағында ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланудың ғарыштық мониторингін жүргізу әдісі енгізілді.

Жалпы алғанда, космомониторинг пайдаланылмайтын жерлерді немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланылатын жерлерді анықтау бойынша өзінің тиімділігін көрсетті, өйткені ол республиканың барлық ауыл шаруашылығы жерлеріне талдау жүргізуге мүмкіндік береді, визуалды қарау және пайдаланбау фактісін тіркеу арқылы физикалық баруды болдырмайды, нәтижесінде уәкілетті органдардың уақыт және материалдық шығындарын үнемдейді.

Осылайша, космомониторинг қорытындысы бойынша 3,2 млн. га пайдаланылмаған жер ерікті түрде қайтарылды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сауда дүңгіршектерін заңсыз құруы және ауыл шаруашылығы жерлерін қазіргі меншік иелері мен жер пайдаланушылар пайдаланбаған жағдайда жергілікті тұрғындарға шаруа қожалығын жүргізу үшін жер телімдерінің болмауы қатты алаңдатады.

Жоғарыда аталған заң бұзушылықтарға жол бергендердің жазасыз қалуы халықтың наразылығын туғызуда.

Мемлекет басшысының кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерге мораторий енгізу туралы Жарлығын бұза отырып, мұндай субъектілерге қатысты тексерулер жүргізу және шаралар қолдану мүмкін емес.

Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 26 шілдедегі №223 бұйрығымен Жарлықтың қолданылу кезеңінде ауыл



шаруашылығы жерлерін пайдаланбау немесе тиімсіз пайдалану мәселелері бойынша тексерулер жүргізу үшін "жаппай қауіп" ұғымын айқындау жөніндегі ұсынымдары бекітілді.

2015 жылдан бастап Салық кодексіне сәйкес, мәслихаттардың шешімдері негізінде пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемелері 10 еседен артық аспайды.

Жер инспекторлары жер пайдаланушыға жазбаша ескерту берген күннен бастап жоғары базалық мөлшерлемені мемлекеттік кіріс органдары есептейді.

Көбінесе, жер пайдаланушылар ескертуді тапсырған сәттен бастап пайдаланылмай жатқан жерлерге жоғары салық төлемеу үшін жер телімінен өз еркімен бас тартады, сонымен қатар, салықтың жоғарылауына қарамастан жерді пайдалануға кіріспейтін және мәселені сот талқылауына жеткізетін жер пайдаланушылар да аз емес.

Жосықсыз жер пайдаланушылардың пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерінен өз еркімен бас тартуына экономикалық мәжбүрлеуді қалыптастыру мақсатында 2020 жылғы желтоқсанда Салық кодексіне пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлері үшін салық мөлшерлемесін 10 еседен 20 есеге дейін арттыруды көздейтін түзетулер қабылданды.

2018 жылы жер телімдерін беру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында Жер кодексіне әкімдіктерге жер телімдерін беру туралы өтініштер қабылданған күннен бастап тоқсан күн (90) ішінде аукционға шығаруды міндеттейтін өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, әкімшілік жауапкершіліктің жоқтығынан әкімдіктер жер телімдерін аукционға шығару талаптарын орындамай, мерзімін айтарлықтай бұзуға жол беріп жатады.

Осыған байланысты, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жер телімдері бойынша сауда-саттық жүргізбегені немесе уақытылы өткізбегені үшін әкімдіктердің лауазымды тұлғаларына әкімшілік айыппұл салу бөлігінде толықтырулар енгізу бойынша заң жобасы әзірленді.

Осы норманы қабылдау ЖАО-ның Кодекс талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді, олардың жауапкершілігін арттырады, сондай-ақ жер телімдерін беру процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

Жер заңнамасына сөзсіз қабылданған түзетулер және жер ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды күшейту жөніндегі шаралар агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамыту үшін берік негіз жасауға өз үлесін қосады, бірақ сонымен қатар, шартты жер үлестерін, кепіл жерлерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің шекті ең жоғары мөлшерлерін пайдалану мәселелері, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларда шешілмеген мәселелер болып қала береді. Үкімет тиісті жұмыстар жүргізіп жатыр.